

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

---

Ә. О. Ыбырайым

# СТИЛИСТИКА ЖӘНЕ РЕДАКЦИЯЛАУ

Оқулық

Алматы, 2014

ӘОЖ 81'38 (075.8)  
КБЖ 81.2 Каз - 5 я 73  
Ы 15

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің  
«Оқулық» республикалық ғылыми-практикалық орталығы бекіткен*

***Пікір жазғандар:***

**Уәли Н.М.** – филология ғылымдарының докторы, профессор;  
**Боранбаев С.Р.** – филология ғылымдарының докторы, доцент;  
**Мұқашев Т.Ә.** – филология ғылымдарының кандидаты, доцент.

**Ыбырайым Ә.О.**

**Ы 15**      **Стилистика және редакциялау:** Оқулық. – Алматы: ЖШС  
РПБК «Дәуір», 2014. – 240 б.

**ISBN 978-601-217-461-8**

Оқулықта стилистика мен мәтінді әдеби редакциялау мәселелері қарастырылады. Оқулық жоғары оқу орындарының журналистика, филология мамандықтарында оқитын студенттеріне, магистранттарына, жалпы осы бағыттардағы ізденушілерге арналған.

**ӘОЖ 81'38 (075.8)**  
**КБЖ 81.2 Каз - 5 я 73**

ISBN 978-601-217-461-8

© Ыбырайым Ә.О., 2014  
© ҚР Жоғары оқу орындарының  
қауымдастығы, 2014

## АЛҒЫ СӨЗ

«Стилистика және редакциялау» пәні – сипаты жағынан қолданбалы, мақсаты жағынан практикалық, құрылымы жағынан кешенді болып табылады. Мұнда бұқаралық ақпарат құралдары редакцияларында жүзеге асырылатын қолжазбамен танысу, оны бағалау, талдау, баспасөзде, радио мен теледидарда жариялауға әзірлеу, яғни редакциялау процесі ғылыми-әдістемелік негізде қарастырылады. Демек, бұл пән болашақ БАҚ қызметкерлерін даярлауда негізгі пәндердің бірі болып табылады. Ал, пәннің басты мақсаты – студенттерді оқырманға арнап жарияланатын материалдарды стилистикалық тұрғыда сараптап, талдау мен бағалау және өңдеудің теориясы мен әдістемелігімен қаруландырып, тәжірибелік жағынан машықтандыру. Бұл мақсатқа жету төмендегідей міндеттерді қамтиды:

– білімгерлердің стилистика және редакциялаудың теориясымен, әдістемесімен қаруланып, тәжірибе жинақтауларына мүмкіндік жасау;

– БАҚ материалдарының тілдік, стильдік ерекшеліктерін сараптап, оларды қолдана білуге білімгерлерді баулу, машықтандыру;

– білімгерлердің тіл мәдениетін арттыру мәселесіне айрықша көңіл бөлу;

– автор мен редактордың арасындағы шығармашылық түсіністікке қол жеткізудің жолдарын үйрету;

– автор материалдарын стилін сақтай отырып редакциялаудың және оған өзіндік бақылау орнатудың мән-маңызына тоқталу, оны іс жүзіне асыруға машықтандыру.

Баспасөз тілінің мәдениеті алдымен оның сауаттылығымен өлшенсе керек. Баспа орындарынан шығатын газет, журнал, кітаптар мәдениетті оқырман қауымға арналатындықтан, олар

қай жағынан болса да, әсіресе, орфографиялық, пунктуациялық, стилистикалық қателерден аулақ болғаны жөн. Бұқаралық ақпарат құралдары жылдан-жылға бұл жағынан да өз жұмысын жақсартып келгені белгілі. Сонда да баспа орындары әлі де қатеден арыла алмай келеді. Оны күнделікті газет-журналдардан, кітаптардан байқау да қиын емес.

Қолжазбаның тілін, стилін түзету, жақсарту, редакциялау ісі редактордың ана тілі мен оның стилистикалық, грамматикалық, дыбыстық, орфографиялық, пунктуациялық заңдылықтарын жетік білуін талап етеді. Қолтуманың тілін, стилін грамматикалық, орфография-пунктуациялық ережелерге сай келтіру, сөйлемнің, сөз тіркесінің халыққа, оқырманға неғұрлым түсінікті, ұғымды, анық болуын қамтамасыз ету, тіл мен стильде ұзақ, шұбалаңқы, түсініксіз, т.т. тіркестер болдырмау, олардың оралымды, мейлінше жатық, майда, әсерлі болу жағын қарастыру, әдетте, редактордан, автордан тіл мен стильге шығармашылық зейін салуды талап етеді. Бұл аталғандар «Стилистика және редакциялау» пәнін оқытудың өзектілігі мен маңыздылығын арттыра түседі.

Стилистика тілдік құралдардың қарым-қатынастың мақсатына сәйкес орынды қолданылуын қарастырады. Ол тілдік құралдардың мағыналық және экспрессиялық қыры мен түрлі мағыналық реңктерін қолдануға талдау жасайды, олардың берілген ойды дәл, анық та айқын жеткізуде қаншалықты дұрыс та тиімді екенін анықтайды. Тілдік құбылыстардың қатынасын бағалау стилистика пәніне өзгешелік сипат береді, оның негізгі мақсаттарының бірі – синонимдік қатарлардың ішінен автор ойын дәл жеткізуге қолайлы сөздерді тауып қолдануға көмектесу.

Оқулықты әзірлеу барысында В. В. Виноградов, Л. Г. Барлас, Д. М. Н. Кожина, Д. Э. Розенталь, т.б. орыс ғалымдарымен қатар, Ә. Бектемісов, Ә. Ыдырысов, Р. Сыздықова, М. Серғалиев, Б. Шалабай, Г. Смағұлова, Б. Момынова, Қ. Тұрсын, Д. Әлкебаева, С. Әлісжанов сияқты т.б. қазақ ғалымдарының еңбектері мен проф. В. И. Максимовтің редакциялығымен шыққан «Стилистика и литературное редактирование» (М., 2004) оқулықтары басшылыққа алынды.

## **БІРІНШІ БӨЛІМ**

# **СТИЛИСТИКА ПӘНІ ЖӘНЕ ТІЛДІК ҚҰРАЛДАРДЫҢ СТИЛИСТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ**

### **1.1 Стилистика пәнінің зерттеу нысаны мен бағыттары**

Соңғы жылдары әлемдік және отандық тіл білімінде «қозғалыстағы тілді», яғни тілдің қолданыстағы ерекшеліктерін зерттеуге ерекше мән берілуде. Бұл тілдің «адам қатынасының аса маңызды құралы» ретінде қоғамдық табиғаты мен мәнін толық ашуға мүмкіндік береді. Тілдің коммуникативті-қолданыстық (коммуникативно-деятельностном) аспектісін толық және жүйелі қарастыратын ғылыми пәндердің бірі – стилистика. Стилистика кез келген дамыған тілдің «жаны» деп саналып, оған «тіл туралы ғылым ретінде де және көркем әдебиет туралы ғылым ретінде де маңызды орын беріледі» [1,101].

Лингвистикалық стилистиканың пәні – тілдің мәнерлегіш құралдары, түрлі функционалды стильдерде сөйлеудің ең мақсатты құралдарын таңдап алу мен пайдалана білу, сондай-ақ қоғамдық-өндірістік қатынастың белгілі бір салаларында қолданылатын функционалды стильдерді сөйлеудің типтік бөлшегі ретінде қарастыру.

Стилистиканы барлық деңгейдің (фонетикалық, лексика-фразеологиялық, морфологиялық, синтаксистік) тілдік құралдары қызықтырады. Ол тілдің функционалды-стильдік және эмоционалды-экспрессивтік элементтерімен қатар стилистикалық бейтараптық элементтерін де қамтиды. Стилистикалық бейтарап құралдар стилистикада ешқандай бояулы тұлғасы жоқ бірлік ретінде қарастырылады.

Тілдің өмір сүру ортасы сан қырлы және тарихи өзгергіш. Бұл жағдай оның өзгеруіне, түрленуіне немесе саралануына әкеліп соқтырады. Қолданылу шартына бейімделуін туғызатын факторларға байланысты тілдің түрленуінің немесе саралануының төрт түрін көрсетуге болады: уақытша, кеңістік, әлеуметтік, функционалды-стильдік.

1. Тілдің уақытша (временное) өзгеруі оның түрлі әлеуметтік-тарихи типтерін береді: тайпалар тілі (диалект), халықтық тіл, ұлттық тіл; олар бір-бірінен қоғамдық қызметінің жүйелі кенесі мен құрылымдық жетілуімен ерекшеленеді. Тілдің әлеуметтік-тарихи типтерінің өзгеруін тіл тарихы туралы ғылым қарастырады.

2. Тілдің кеңістік (географиялық, ареалдық) әртектілігі оның аймақтық ерекшеліктерінен туындайды: жергілікті диалектілер, говорлар. Олар аймақтық диалектологияның зерттеу нысаны.

3. Тілдің әлеуметтік әртектілігі оның өмір сүруінің функционалдық және қоғамдық теңсіздік формаларынан нақты көрінеді: әдеби тіл, түрлі әлеуметтік диалектілер, салттық лексика және т.б. Әлеуметтік-сословиелік, кәсіби және жас ерекшелігіне байланысты саралану – әлеуметтік лингвистиканың нысаны.

4. Функционалды-стильдік саралануы тілді әртүрлі қоғамдық-өндірістік қатынас салаларында (тұрмыстық, қоғамдық-саяси, ғылыми, т.б. қатынастар) қолданудан пайда болады. Тілдің мұндай саралануының нақты көрінісін ұлттық тілдің ең бай да, ең жетілген түрі әдеби тілдің функционалды стильдерінен, шағын стильдерден, сондай-ақ олардың жанрлық формаларының ерекшеліктерінен табамыз. Функционалды стильдер, олардың сөйлеуді жүзеге асыруының шарты мен формасы, стильдердің құрылымдық-тілдік белгілері және оларды қолданудың заңдылықтары – лингвистикалық стилистиканың негізгі зерттеу нысаны болып табылады [2,10-11].

Қазіргі стилистика – тілдің функционалды-стильдік саралануы, қатынас барысындағы қолайлы коммуникативтік эффектілерге жетудің құралдары мен тәсілдері туралы ерекше тармақталған ғылым. Стилистиканың зерттеу материалы, проблематикасы, пәндік саласы, аспектілері, сондай-ақ зерттеудің ең жиі қолданылатын әдістері мен тәсілдеріне қарай ерекшеленетін бірнеше бағытын атауға болады. Бұл бағыттарды өзара сыңарлап қарама-қарсы қою арқылы сипаттау ыңғайлы.

1. Ең бірінші, тілдің стилистикалық құралдары немесе ресурстарын, екінші функционалды стильдерін ажыратады. Бірінші стилистика өз назарын тілдің негізгі және аралық дең-

гейінің стилистикалық басымдықтарын талдауға аударады (бұдан стилистиканың төмендегідей бөлімдерін ажыратамыз: фонетикалық стилистика, лексика-фразеологиялық стилистика, грамматикалық (морфологиялық, синтаксистік) стилистика, сөзжасам стилистикасы), екіншісі – тілдің қатынастың түрлі сфералары мен жағдайларында қолданылуына бағыттайды (оның негізгі нысаны функционалды стильдер, шағын стильдер мен тілдің (сөйлеудің) басқа да ішкі ерекшеліктері болып табылады).

2. Көркем сөйлеу стилистикасы мен «көркем емес сөйлеу», яғни – ресми-іскерлік, ғылыми, публицистикалық, тұрмыстық-сөйлеу сияқты коммуниктивтік стильдерді қарама-қарсы қою арқылы олардың ерекшеліктерін анық көруге болады.

3. Жеке алынған әдеби тілдердің (орыс, украин, қазақ, өзбек, т.б. тілдер) стилистикалық құрылымын жеке немесе ішкі (тілішілік) стилистика және салыстырмалы стилистика (кейде оны контрастивті деп атайды) зерттейді

Салыстырылатын тілдердің стилистикалық құрылымдарының қалыптасуымен айналысатын салыстырмалы стилистика жалпы (инвариантты) да, тілдің стилистикалық құрылымының ұлттық ерекшеліктерін де: функционалды стильдеріндегі алшақтықтарды, олардың арасындағы өзгешеліктерді, стильдер мен шағын стильдердің әрі қарай саралану деңгейін көрсетеді.

Жекелеген тілдердің стилистикасын зерттеу барысында ғалымдарға теориялық мәселелерді де (стиль, стильдік бояу мен оның түрлері, стильдік сипат (черта) дегеніміз не, т.б.) шешуге тура келеді, олар, әсіресе, екі не одан көп тілдердің (туыс немесе туыс емес тілдер) стилистикалық ерекшеліктерін салыстыру барысында ерекше көбейеді. Түрлі тілдердің стилистикасын салыстырумен айналысатын зерттеушілер жалпы стилистиканың негізін қалыптастырады. Жалпы стилистика – қазіргі стилистиканың ең маңызды бағыттарының бірі.

4. Сөйлеу актісіне қатысушылардың рөлін ажыратудың психоллингвистикалық қырын қамтитын сөйлеуші (автор) стилистикасы мен тыңдаушы (оқырман) стилистикасының қарама-қарсылығы да анық көрінеді. Сөйлеуші стилистикасын әдетте кодтау (кодирования) стилистикасы, ал тыңдаушы стилистика-

сын декодтау стилистикасы (декодирования) деп атайды. Бұл стилистикалардың нысанына көркем әдебиет тілі жиі ілінеді. Кодтау стилистикасында зерттеушілердің назары «жазушының шығармашылық процесінің жылжымалы күшіне», декодтау стилистикасында – «оқырманға тікелей жол табатын мәтінге», оның қабылдануы мен интерпретациясына бағытталады.

5. Лингвистикалық зерттеулер тіл стилистикасын сипаттауда оның синхрондық қырын да, оған қарама-қарсы оның тарихи дамуының талдауын да қамтиды. Бірінші жағдайда синхрондық стилистиканы, яғни тілдің өмір сүру кезеңдерінің біріне (қазіргі орыс тілі стилистикасы, қазіргі қазақ тілі стилистикасы, т.б.) арналған стилистиканы, екіншісінде – диахроникалық немесе тарихи стилистиканы көреміз.

6. Ғылыми және оқу әдебиеттерінде стилистикалық зерттеулердің салалары мен аспектілерін білдіретін басқа да терминдерді кездестіруге болады: мәтін стилистикасы (мәтін лингвистикасының бір саласы), поэтикалық стилистика (көркем сөйлеу мен поэтикалық стилистиканың бір құрамды бөлшегі), тіл стилистикасы, сөйлеу стилистикасы (тіл мен сөйлеуді қарама-қарсы қоятын концепцияларда) және т.б.

7. Стилистиканы тағы да – теориялық және практикалық стилистика деп бөлуге болады. Дегенмен, бұл жіктеме өзін-өзі толық ақтаған жоқ. Өйткені кез келген практикалық стилистика ғылыми тұжырымдарға, яғни теорияға негізделуі тиіс [2, 12-15].

Стильдердің лингвистикалық табиғаты туралы мәселелер – стилистика теориясының ең күрделі мәселелерінің бірі. Тілге (тар мағынасында) немесе сөйлеуге стильдер қатысты ма? Егер тілге қатысты болса, онда тілдің стильдері немесе тілдік стильдер туралы айту керек, егер сөйлеуге қатысты болса, онда сөйлеудің стильдері немесе сөйлеу стильдері туралы айту керек. Мүмкін, тіл стильдері де, сөйлеу стильдері де болатын шығар? Олай болса, олардың арасындағы айырмашылық неде? Олардың бір-бірімен арақатынасы қандай?

Бұл сұрақтар тілдің стилистикалық ерекшеліктері мен оның қызметтерін зерттеуші әрбір ғалымның алдынан шығатыны сөзсіз. Бұл сұрақтарға берілетін жауаптардың әртүрлі болатынын



алдын ала да болжауға болады. Өйткені, стильдің түрлі – функционалды, жанрлық, экспрессивті типтері туралы айтуға болады, ал «тілдік» және «сөйлеу» стильдерінің көрінісі бұл типтердің барлығында бірдей емес екені анық. Егер зерттеушіні стильдің тыңдаушыға әсер етуші сипаты, мысалы стильдің ұстамдылығы (салқындық, құрғақтық) немесе эмоционалдылығы, сондай-ақ сырластығы, сатиралығы, юморлығы қызықтырса, онда әңгіменің экспрессивті стильдер туралы болатыны белгілі және олардың тілдік мәні туралы мәселелер жанрлық және функционалды стильдерге қарағанда мүлдем басқаша шешіледі.

Ғылыми және оқу әдебиеттерінде «тіл» – «сөйлеу» және функционалды стильдер аспектісінде қарау мен топтауға ұмтылыс байқалады. Мысалы, А. К. Панфилов В. В. Виноградовтың ізімен «тілдің функционалды стильдері мен сөйлеу стильдерін» ажыратып, соңғысын жанрлық-жағдаяттық (жанрово-ситуативными) стиль деп атайды [3, 30-31].

Тіл стильдері мен сөйлеу стильдерін бұлайша түсінетін болсақ, біріншісін – негізгісі, базалық деп, ал екіншісін – оның жалғасы, нақтылаушысы ретінде қабылдау керек. В. В. Виноградов: «Тілдік стильдер сөйлеу қатынасының (речевого общения) көптеген және әрқырлы формаларының дифференциациялануы үшін база (негіз) болып табылады», – деп көрсетеді [4,13].

Басқа авторлар функционалды стильдердің өзіне тән сөйлеу табиғаты туралы айтады. Мысалы, К. А. Долинин: «функционалды стильдер сөйледі, сөйлеу узусын (речевой узус), белгілі бір әлеуметтік жағдайлардағы сөйлеу әрекетінің нормаларын бейнелейді, демек функционалды стилистика – ол сөйлеу стилистикасы (стилистика речи)», – екенін айтады [5, 63].

Функционалды стильдерді тілдік немесе сөйлеу категориялары ретінде ғана түсінбей, ол екеуін де қабат, яғни тілдік-сөйлеу категориясы деп түсіну дұрыс болар еді. Тіл мен сөйлеудің күрделі, диалектикалық тұтастық сипаты, сондай-ақ стильдердің табиғаты туралы В. В. Виноградов: «Сөйлеу стилистикасы тіл стилистикасына негізделеді (базируется). Тілдік жүйе сөйледі «туғызып» қана қоймайды, ол онымен молаяды, оның күшті әсерімен қолданылады», – деп тұжырымдайды [6, 14].

Тілде сөйлеуге тән көптеген стилистикалық қасиеттер «бейрілген». «Сөйлеудің функционалды-стилистикалық бояуы тілдің функционалды-стилистикалық бояуының элементі ретінде, бейтарап элементтердің контексте де, жеке де ерекше тіркесімділігі ретінде қолданылу нәтижесінде туындайды» [7, 8].

Сонымен функционалды стильдердің тілдік-сөйлеу табиғаты болады: оларда тілдің дайын стилистикалық бейімделген құралдары ғана қолданылмайды, сонымен қатар өзінің сөйлеу жүйелілігімен стильдік бояуы қалыптасады. Алайда, ғылыми және оқу-әдістемелік еңбектерде «тіл стилі» мен «сөйлеу стилі» терминдері кең қолданылып жүргендіктен, біз де оларды: біріншіден, қажеттілікке қарай функционалды стильдердің негізгі құралдарының өзіндік құрылымдық-тілдік табиғатын атап көрсету үшін; екіншіден, қажет болғанда оның өзіндік сөйлеу заңдылығы мен ерекшеліктерін көрсету үшін қолданамыз.

## **1.2 Стилистиканың негізгі ұғымдары мен категориялары**

Стилистика – тіл білімінің тілдік тәсілдер жүйесін синхрондық және диахрондық жағдайда зерттейтін тіл ғылымының саласы. Стилистиканың қарастыратын мәселелері әртүрлі деңгейдегі тілдік құралдардың мәнерлегіштік мүмкіндіктері, олардың стилистикалық мәні мен бояулары, сондай-ақ қарым-қатынастың сан алуан аялары (сфера) мен жағдайларындағы сөздердің қолданылу заңдылықтары, әр аяға байланысты қолданыс тілін пайдалану, ең бастысы – тілдің қолданылуының коммуникативтік заңдылығы мәселелері болып табылады [8,370].

Стилистиканың ғылым ретінде өзіндік ұғымдар жүйесі бар. Кейбір ұғымдар мен категориялар негізгі, басты болып табылады, ал кейбірі – солардан тарайды, үшіншісі жеке сипатта болады.

Стилистиканың негізгі ұғымдары: 1) тілдің стилистикалық құрылымы; 2) стиль (функционалды стиль); 3) стилистикалық бояу; 4) стильдік сипат (стилевая черта); 5) синонимия, тілдік құралдардың арақатыстылығы мен вариативтілігі; 6) стилистикалық норма және оның функционалды-стильдік түрлері [2, 16].

Тілдің стилистикалық құрылымы – бұл бейтарап және стилистикалық мәні бар тілдік құралдардың қолданылуы, ол тілдің деңгейлік құрылысы бар жалпы жүйесіне негізделеді және коммуникативтік қызметтен басқа, тілдің негізгі қоғамдық функциясын қамтитын функционалды стильдер мен оның шағын стильдерін орындайды.

Тілдің жеке қызметіне қатынас, хабарлау, әсер ету, экспрессивті, эмотивті (қоздыру қызметі), волонтеративті (ырзалық білдіру қызметі) және т.б. жатады.

Тілді стилистикалық қолдану оған нақты-сөйлеу функциясын (белгілі бір функционалды стиль арқылы) – репрезентативті (ойдың пәніне бағыттау), байланыс орнату (сөйлеу актісіне қатысушыларға, олардың арасында байланыс орнатуға бағыттауды) және тілдің т.б. жекелеген бірліктерінің көпқырлы стилистикалық қызметін орындауға мүмкіндік береді.

Стиль – стилистиканың кез келген саласындағы кез келген бағытының негізгі ұғымы. Стильдің ерекшеліктеріне: а) тілдік құралдардың қолданылу нормасына сай таңдап құралуы; ә) шектелген және арнаулы лексикалық құрам; б) өзіне тән сөздердің мағыналық реңктері мен сөзжасам элементтері; в) өзіне тән фразеология; г) өзіне тән синтаксистік құрылымдар; ғ) әр стильге лайық мәнерлегіш құралдардың құрамы мен қызметі жатады [8,371].

Стиль – тілдің қоғамдық саналы қабылданған түрі. Ол құралдардың жиынтығымен, оларды таңдау мен жүйелі-сөйлеу ерекшеліктерімен сипатталады, қоғамдық қатынастың белгілі бір саласында қолданылады және басқа да қоғамдық-коммуникативтік сфераның ұқсас түрлерімен байланысады.

Стилистикалық бояу – тілдік бірліктердің – сөздердің, фразеологизмдердің, сөз тіркестерінің, синтаксистік құрылымдардың, кейбір морфологиялық категориялар мен формалардың, сондай-ақ жекелеген сөйлемдер мен көлемі үлкен аяқталған мәтіндердің бояуларының түрлі топтарын қамтитын түпкі ұғым.

Тіл білімінде ұзақ уақыт бойы стилистикалық бояу термині «стилистикалық мағына» мәнінде де, яғни тілдік бірліктердің стилистикалық бояуы оның нағыз стилистикалық мағынасы

ретінде танылып келді. Стилистикалық бояудың екі түрі бар: 1) жеке стилистикалық бояу; 2) экспрессивті бояу [2, 18].

Жеке стилистикалық бояу – бұл тілдің жекелеген бірліктерінің немесе оның тұтас қабаттарының, оларды түрлі салаларда қолданумен, сондай-ақ тілдік қатынастың формасымен байланысты бояуы. Сөздерде, фразеологизмдерде, грамматикалық формалар мен құрылымдарда стилистикалық бояу болады. Олардың стилистикалық бояуы өздерімен мағыналас бейтарап құралдармен қатар келгенде анық көрінеді. Мысалы: Аңқау – стилистикалық бейтарап болса, алаңғасар – ауызекі сөйлеу тілінің лексикасы; Ар, ұждан, намыс – поэтикалық сөздер болса, ұят, шам – қарапайым сөздер. Соқыр – бейтарап сөз, зағип, көр – поэтикалық сөз, т.б.

Жеке стилистикалық бояу таза күйінде сирек кездеседі. Көбіне оның бойында экспрессивтілік, эмоционалдылық, бағалауыштық бояулар болады.

Экспрессивті бояу – бұл аталмыш құбылыстың (объект, жақ, әрекет, жағдай, т.б.) сапалық және сандық белгілерінің айтылу сипаты мен дәрежесін білдіретін стилистикалық бояудың бір түрі. Экспрессивтілік – сөздің таза мағынасына жамалатын өзіндік қоспа. Салыстырыңыз: Көп – заттың мөлшерін жай ғана білдіріп тұрса, оның синонимдері: көл-көсір, ағыл-тегіл, ұшан-теңіз, телегей-теңіз, аспа-төкпе, ұлан-асыр, аста-төк, шылқыма сөздерінің бойында күшейту, үдемелі қарқындылық пен қосымша сандық-сапалық реңктерді көруге болады. Әдетте сөздің экспрессивтілігі туралы айтылады. Алайда, ол фразеологизмдерде (ала тайдай бүлінді, ботадай боздады, жер қапты т.б.) де, тілдің ірі бірліктері – сөйлемдерде, күрделі синтаксистік тұтастықта және т.б. да болады.

Экспрессивтіліктің де екі түрі бар: 1) эмоциясыз және 2) эмоциялы [2,19]. Бұл екі бояудың көрінісін төмендегі эмоционалды-экспрессивті сөздердің бойынан байқаймыз: Ұсқын – бет, жүз: Еркебұланның ұсқынын көріп, жаны ашып кетті (Ә.Тарази). Сиық – бет, жүз. Қазір адам қызығарлықтай сиық қалды ма бізде (Б.Тілегенов).

Қазақ тіл білімінде де стилистикалық мағынаны эмоционалды-экспрессивтік мағынамен тығыз бірлікте қарастырады. «Қазақ тілінің стилистикасы» авторлары «экспрессивтік бояудың» жеке сөздерге де, фразеологиялық орамдарға да, сөз формаларына да, синтаксистік құрылымдарға да тән сипат екенін көрсете отырып, оны екі тұрғыдан сөз ету керек деп есептейді: «біріншіден, лексикалық мағынасы әуелден экспрессияға бейім тұратын сөздер, екіншіден, қолданылу процесінде жүре келе экспрессивтік бояу алатын есімдер мен етістіктер» [9,58]. Тіл білімі сөздігіндегі экспрессивтілікке төмендегідей анықтама берілген: «Экспрессивтілік – тіл единицаларының семантикалық-стилистикалық белгілерінің жинақталған түрі. Ол сөйлеп тұрған адамның сөз мазмұнына немесе сол сөз арналған адамға (адресатқа) деген өзіндік көзқарасы мен қатынасын көрсететін құрал ретінде қолданылады. Оның фонетикалық, морфологиялық, лексикалық, синтаксистік құралдары бар. Осы құралдар арқылы сөз сөйлеушінің психикалық, эмоционалдық күйін көрсете алатын қабілетке ие болады. Экспрессивтілік айтылған сөзді эмоционалдық (сезімдік), айшықты (аффекті) сөз ретінде жеткізеді» [10, 430-431].

Эмоционалды бояу – «бұл сөз мағынасынан құралған ерекше мағыналық мазмұннан пайда болған бағалау (жағымды немесе жағымсыз) жағдайы» [11, 35]. И. Р. Гальперин эмоционалды бояу мен эмоционалды мағынаны ажыратуды ұсынады: «Бұл екі ұғымның арасындағы айырманы белгілеу кейде өте қиын бола тұра, эмоционалды мағына мен эмоционалды бояудың арасында өте нәзік кейбір айырма бар. Эмоционалды мағына – бұл сөзге тән сезім, қатынас, бағалау мәндері. Кейде бұл эмоционалды мағына заттық-логикалық мәнмен бірлесе отырып, айтушының осы соңғы мағынадағы түсінікке қатынасын білдіреді. Эмоционалды мағына, әсіресе, сөз бойындағы жалғыз мағына (мысалы, одағайлардағы сияқты) болған жағдайда ерекше анық көрінеді.

Эмоционалды бояу – бұл эмоционалды мағынаның бастамасы ғана. Бұл бояу интонация арқылы көрінуі мүмкін, ол белгілі контекстерде жиі қолданылу нәтижесінде ассоциативті байланыс арқылы пайда болуы ықтимал. Мысалы, сезімді білдіретін

сөздер (егер олар ғылыми шығармаларда тек термин ретінде қолданылмаса) әрдайым эмоционалды бояумен көмкерілген» [12,118]. Н. М. Разинкина да осы идеяны дамытып, тереңдете отырып, эмоционалды мағынаны білдіретін сөздегі бағалаудың үш белгісін көрсетеді: 1) бұл бағалаудың өте субъективті сипаты; 2) эмоционалды әсер етудің орасан күші; 3) белгінің дифференциацияланбаған таңбасы.

Сонымен, сезімге тікелей қатысты түсініктерді білдіретін сөздер эмоционалды мағынаға ие болады; эмоционалды бояу «сөз бойында сөз мағынасының заттық-логикалық ерекшелігіне байланысты жанама пайда болады да, оның айналасына субъективті-сезімдік қатынас (жағымды немесе жағымсыз) қалыптастырады» [11, 36].

Кейбір авторлар: а) эмоционалды-экспрессивті бояу; б) тілдік бірліктердің функционалды-стильдік бояулары; в) олармен үйлесетін бірліктердің сипаты; г) бояудың айтушының қатынасы мен коммуникативтік мақсатымен екі жақтан да қатысты болуы сияқты – факторлардың әсерінің жиынтығы стилистикалық мағына ретінде анықтауға болатын қажетті стилистикалық эффектін жасайтынын көрсетеді [13, 82].

Сөз бойындағы экспрессивтілік пен эмоционалдылыққа жағымды – жағымсыз бағалауыштық бояу жамалуы да мүмкін: тамақ іш – атауыңды іш; бет, жүз – сиық, пошым; ұят – шам; аласа – қортық, мәстек, мыртық; жеңілтек, ұшқалақ – шошақай, тұштақай. Міне, осылайша, аталмыш үш компоненттің бір күрделі бояуға құйылуынан эмоционалды-экспрессивті-бағалауыштық сөз пайда болады.

Сөздің бағалауыштық, эмоционалды-экспрессивтілік сипаттары стилистикалық жіктелуге жиі ұшырайды. Мысалы, жағымды бояу көбіне кітаби стильдерге тән болса (көмектесу – үлесін қосу, от – жалын), жағымсыз бояу ауызекі сөйлеу тілінде (тұштақай, мәстек, сиық, т.б.) көбірек кездеседі. Эмоционалды-экспрессивті сөздер қалжың, қалжың-кекесінді, мақұлдамау, еркелету, көтеріңкі және т.б. сипатқа ие бола алады. Бұл реңктер, әсіресе, айтылу барысында интонация арқылы ерекше көрінеді.

Тіпті экспрессивті-стилистикалық сипаты жағынан бейтарап сөйлемдердің өзі түрлі реңктерге ие болуы мүмкін.

Стилистикалық бояулы құралдардың ішінен белгілі функционалды стильдерде үнемі қолданылатын кейбір тілдік бірліктерді көрсетуге болады. Мысалы: ресми-іскерлік стильдегі: тапсырылсын, назарға алынсын, талап етілсін, таныстырылсын, сөгіс берілсін, шара қолданылсын, т.б.; газеттік-публицистикалық стильдегі: Отан, патриотизм, ұлтшылдық, жолдау, еңбек вахтасы, т.б.

Стилистикалық бояу тілдік (тілдік бірліктерге тән) және сөйлеу (речевая) (сөйлеу барысында, контексте туындайтын) болып бөлінеді. Сөйлеу бояуын қалыпты мағынасынан тыс, жаңа мағынада (сөздердің ауыспалы мағыналары, бір морфологиялық тұлғаның орнына басқа тұлғаны пайдалану, т.б.) қолданылған бейтарап құралдар қабылдай алады.

Стильдік сипат (стилевая черта) – бұл белгілі бір функционалды стильдің ерекше-сапалық белгісі, оның айырым белгілерінің бірі. Стильдің сапалық белгісін түрліше атайды: стильдік сипат (стилевая черта), стилистикалық сапа, сөйлеу стилінің белгісі және т.б. Стильдерді сипаттау, әсіресе, оларды салыстыру барысында мынадай стильдік сипаттарды (стилевая черта) қарама-қарсы қою жиі қолданылады: образсыздық (ол ресми, ісқағаздар стиліне тән) – образдылық (көркем әдебиеттің айырым белгілерінің бастысы); эмоционалдылық (публицистикалық стиль) – эмоциясыздық немесе тиімділік (ғылыми стиль, әсіресе, математика ғылымы); дәлдік – дәлсіздік, логикалылық – логикасыздық, стандарттылық – даралық және т.б.

Кейбір стильдік сипаттар бір емес, бірнеше (екі-үш) стильге ортақ болып келеді, алайда олардың әрқайсысы сол стильдерде өзіндік ерекшелікке, өзіндік функционалды-стильдік сапаға ие болады. Мысалы, дәлдік ауызекі сөйлеу стилінен басқа стильдердің барлығына да тән. Бірақ, ресми-іскерлік құжаттардың дәлдігі, математикалық баяндау дәлдігі, көркем бейнелеу дәлдігі біркелкі емес.

Тіл білімінде көпке дейін жеке тілдік бірліктердің стилистикалық мағынасы туралы айтылып келді. Олардың басым бөлігі

синонимиялық қатынасқа түсіп, өз қолданылу саласында өзіндік стилистикалық бояуымен ерекшеленетін стилистикалық синонимдер тобын құрайды. Ондай синонимдік қатарлар, әсіресе, лексикада кең таралған. Мысалы, ауру, сырқат, науқас деген синонимдік қатарды салыстырып көріңіз. Ауру сөзі ауызекі сөйлеу тілінің элементі болса, науқас сөзі медициналық термин ретінде көбірек қолданылады, ал сырқат сөзі негізінен көркем әдебиет стиліне тән. Мұндай стилистикалық бояуды қойшы (ауызекі сөйлеу стилі) мен шопан (көркем әдебиет, публицистика) синонимдік қатарынан да анық көруге және оған тілімізден көптеген мысалдар келтіруге болады. Сондай-ақ, стилистикалық синонимдерді синтаксистік құрылымдардан да кездестіреміз. Мысалы: Науқас өте нашар; Науқас өзін нашар сезінеді; Науқастың жағдайы нашарлауда. Әртүрлі стилистикалық формалардан құралып, бір ғана мазмұнды білдіретін бұл қатарлар өзіндік парадигма құрайды. Сөйлеушіге таңдау құқын ұсынатын синонимиялық қатарлар тілдік құралдардың мағыналық-стильдік мүмкіндіктерін толық ашады. Стилистика үшін тілдік құралдардың жекелеген мағыналары ғана емес, сонымен қатар олардың белгілі желілік байланыста (синтагматикалық) көрінетін мағыналары да маңызды.

Әдеби тіл стильдері – қоғамның белгілі бір сатысында қолданып, тарихи қалыптасқан тілдік құралдар жүйесі. Проф. Б.Шалабай әдеби тілдің нормаларына тән белгілер ретінде жүйелілік, реттілік, баршаға міндеттілік, функционалды-стильдік жіктелісті көрсетеді [14, 31]. Осы тұрғыдан әдеби норманы функционалды стиль нормаларының біріккен жүйесі деп қарасақ, стилистикалық норманы әдеби норманың функционалды стильге қатысты көрінісі деуге болады. Осыған орай, әдеби норманы жалпы норма және жеке, функционалды-стилистикалық норма деп екіге бөледі. Жалпы норма тұтастай әдеби тілге тән, тілдік деңгейлердің барлық қабатын тұтастай қамтиды. Жеке норма стилистикалық бояуға ие тілдік құралдарды қамтиды [14, 31]. Стилистикалық норма тіліміздегі барлық стильдерде бірдей бола бермейді, бір стильге норма болып табылатын өлшем, екінші стильге мүлдем сәйкес келмейді. Мәселен, ресми-іскерлік стиль-



ге стандарттық, құжатқа тән қатаң үлгілер норма болса, бұл өлшемдер көркем әдебиет стилі үшін еш қиыспайды. Стиль – белгілі бір қатынас түрінде тілдік бірліктерді сұрыптап пайдалану арқылы, ойды жеткізу мәнерінің көрінісі. Сөйлеу стилі – адамдардың бір-бірімен күнделікті қатынасында пайдаланылатын, коммуникативтік функциясы басым стиль түрі болып табылады.

Тілдік норма тілдің ішкі заңды жүйелері негізінде дамып қалыптасады, солар сұрыпталған, ұтымды орайында, жалпыға бірдей ортақ түрінде жұмсалады. Қорыта келгенде, тілдік норма дегеніміз – тілдегі бірізділік, тіл материалдарын нормалау деген сөз, белгілі бір тәртіп, заңдылыққа бағындыру.

Соңғы жылдары лингвистика ғылымында коннотация ұғымы жиі қолданылып жүр. М. Н. Кожина коннотация терминінің «стилистикалық мағына», «стилистикалық бояу» ұғымдарына қарағанда жалпы және олардың барлығын жинақтап атайтынын көрсетеді [27]. Бұл пікір қазақ тіл білімінің зерттеушілерінен де қолдау тауып отыр. Д. Әлкебаева стилистикалық коннотацияға – «заттық-логикалық, грамматикалық мағыналарға қосымша жұмсалынатын экспрессивтік және стилистикалық қасиеттер, ол – стилистикалық коннотацияның көрінісі», – деп анықтама бере келе, стилистикалық коннотацияның бойынан табылатын қасиеттерді көрсететін стилистикалық бояу, стилистикалық норма, стилистикалық мағына, стилистикалық тапсырма деген атаулардың қолданылуын заңды құбылыс ретінде таниды. Стилистикалық мағынаға айрықша экспрессивтік бояуға ие болатын тілдік бірліктердің қатарын жатқызады.

Коммуникативтік тапсырманы орындау іс-әрекетінде тілдегі көркемдік сипатты ашатын тілдік амал-тәсілдер стилистикалық мағына болып есептелінеді. Стилистикалық мағына стилистикалық тапсырманы орындауға жұмсау үшін алдын ала ойластырылған немесе жоспарланған адресаттың көркемдеп сөйлеуі, адресаттың қабылдауына күшті әсер туғызады. Осы тұрғыдан келгенде, Д.Әлкебаева стилистикалық мағына, стилистикалық тапсырма мен стилистикалық әсерді коннотацияның негізгі арқауы болатын үш аспекті ретінде көрсете

отырып, «қазіргі лингвистикалық әдебиеттерде стилистикалық мағына термині стилистикалық бояу терминімен синонимдес, ол жалпы стилистикалық коннотация деп те алына береді», – деген тұжырым жасайды [15,30-32].

Сөз, морфологиялық форма, синтаксистік құрылым сияқты т.б. тілдік бірліктер сөйлеу барысында қосымша функционалды-стилистикалық мағынада қолданылады. Бұл тілдік бірліктер функционалды-стилистикалық мағынадан басқа қосымша экспрессивті-эмоционалды мағынаға да ие бола алады. Оның бойынан сөйлеушінің бағалауын, хабарламаның мазмұнын, сондай-ақ, тыңдаушының назарын аударуға тырысуды көруге де болады. Сөздердің экспрессивті-эмоционалды мағынасы жақсы таныс. Мәселен, тілімізде кішірейту, еркелету, менсінбеушілік, ұнату, сүйсіну сияқты т.б. мағыналық реңктерді білдіретін лексикалық бірліктер жеткілікті екені белгілі. Стилистикалық мағынаның екі басты типі болып табылатын функционалды-стилистикалық мағына мен экспрессивті-эмоционалды мағына бір-бірімен өте тығыз байланысты бола тұра, бір-бірінен мүлдем бөлек ұғымдар.

Функционалды-стилистикалық мағына функционалды шектеулі қолданыстағы тілдік бірліктерге тән. Мұндай тілдік бірліктер өз қолданылу саласында жоғары мәнерлі-экспрессивті мәнге ие бола алмайды. Бұған ресми-іскерлік стильдегі жарлыққа сәйкес, қаулы бойынша, еңбек тәртібіне сәйкес, т.б. стандартты формаларды, ғылыми стильдегі терминдер мен жайылма есімді тіркестерді, ауызекі сөйлеу стиліндегі кең қолданыстағы «өзіндік» лексикалар мен ерекше синтаксистік құрылымдарды жатқызамыз.

Экспрессивті-эмоционалды бояуы бар тілдік құралдарды айтушының дербестігі көрінетін, сөйлеу белгілі тыңдаушы мен әңгімелесушіге ашық бағытталған кез келген жерден көруге болады. Сөйлеудің қызметі ресми-іскерлік стиль мен ғылыми стильдегі сияқты хабарлауға бағытталған тілдік сфераларда экспрессивті құралдар сирек, тек хабарламадағы негізгі жағдайларды ерекшелеу, көңіл аудару мақсатында ғана қолданылады. Сөйлеудің мақсаты тек хабарлаумен шектелмей, публицистика мен көркем әдебиеттегі сияқты ықпал етуге бағытталғанда, олардың

рөлі ерекше арта түседі. Дегенмен, экспрессивті құралдардың әңгімелесушілер арасындағы тікелей тілдік қатынаста көрінетін ауызекі сөйлеу стилінде өте кең қолданылуы табиғи заңдылық.

### **1.3 Фонетиканың стилистикалық қызметі**

Функционалды стильдерді жіктеу сөйлеудің ауызша және жазбаша формаларымен тікелей қатысты. Функционалды стильдер мен сөйлеу формалары – бір-бірімен тығыз байланысты, ұштасып жатқан, алайда әртүрлі ұғымдар. Расында да, функционалды стильдер мен сөйлеу формалары арасында жақын ұқсастықтар бар: біріншіден, екеуі де қатынас саласына тәуелді болғандықтан, стилистикалық категориялар болып табылады; екіншіден, стильдер мен сөйлеу формалары араласып жатады: стильдің басым бөлігі жазбаша формада берілсе, ауызекі сөйлеу стилі – ауызша формада беріледі. Алайда, функционалды стильдер мен сөйлеу формалары басқа да әртүрлі негіздерге сүйеніп айқындалады: ең алдымен, ол қоғамдық қызметтің түрі мен таным формасы, екіншіден, сөйлеу актісінің жағдайы.

Сөйлеудің ауызша формасы жазбаша формасынан екі негізгі өлшеммен ажыратылады. Бірінші ерекшелік – қатынастың материалдық құралдарында. Ауызша сөйлеу – үнді, айтылатын сөйлеу, ол дыбыстар арқылы жүзеге асырылады; жазбаша сөйлеу – жазылатын, ғаріппен бекітілген форма, ол әріптер арқылы беріледі. Ауызша сөйлеуде интонация ерекше мәнге ие болады, сөйлем мағынасының құбылысы, оның тоналдылығы мен эмоционалдық бояуы интонацияға бағынышты болады. Бір фразаның интонация арқылы қарама-қарсы екі мағына беруі мүмкін. Бұл туралы Бернард Шоу өзінің таңдамалы пьесаларына жазған алғы сөзінде тамаша айтқан: «Есть пятьдесят способов сказать слово «да» и пятьдесят способов сказать слово «нет», а для того, чтобы написать эти слова, есть только один способ».

Жазбаша сөйлеуде интонация тікелей көрінбейді. Ол сөйлемнің құрылымы, сөздердің орын тәртібі, тыныс белгілері, лексика арқылы беріледі, дегенмен оны дәл түсіну әрдайым мүмкін бола бермейді де, ол жанды және мәнерлі сипатынан айырыла-

ды. Ауызша сөйлеуде интонация ой мен сезімнің нәзік реңктерін жеткізе алады: «Вся сложность, тонкость, все разнообразие чувств, внутренних переживаний, намерений и настроений имеет свое внешнее выражение в интонациях человеческого голоса» [16,72].

Ауызша сөйлеудің жазбаша сөйлеуден екінші айырмашылығы қабылдаудың түрлі мүмкіндіктеріне байланысты көрінеді. Жазбаша мәтінді түсіну үшін оны бірнеше мәрте оқып шығуға болады, ал ауызша мәтін айтылу барысында бірден қабылданылуы тиіс. Бұл – ауызша сөйлеудің заңы. Тіпті, кейін қайта тыңдау үшін магнитофон таспасына жазып алу да бұл заңды жоя алмайды.

Ауызша сөйлеудің қолданылу аясы өте кең. Ол тек тұрмыстық қатынаспен шектелмейді, үгіт-насихаттық (ақпараттар, сұхбаттар, лекциялар және т.б.), ресми-өндірістік (нұсқаулар, тапсырмалар, мәлімдемелер, есептер, міндеттемелер, т.б.), қоғамдық (есептік мәліметтер, жарыссөздер, т.б.), ғылым (баяндамалар, сөз сөйлеулер), оқу (лекциялар, түсіндірулер, жауаптар, т.б.), театр мен эстрада (спектакльдер, оқулар), мәдени-танымдық және ойын-сауықтық салаларда да жиі қолданылады. Ауызша сөйлеу формасы, әсіресе, радио мен теледидарда жанжақты көрінеді. Бұлар ауызша сөйлеудің қолданылу аясына емес, одан жоғары тұратын категория, өйткені олар жоғарыда аталған салалардың көпшілігін бірден қамтиды. Радио мен телевидениенің арқасында: «...не только передала письменную по возможностям фактического распространения, но и приобрела перед ней преимущество – моментальность...передачи информации...» [17,5-8].

Тіл дыбыстарының стилистикалық ресурстарын қарастыруды үш бағытта жүргізуге болады: 1) дыбыстау стилі; 2) дыбыстардың стилистикалық қызметі; 3) дыбыстық символизм және дыбыстың поэтикалық қызметі. Сондай-ақ, Л.Г.Барлас дыбыстаудың үш негізгі стилін де көрсетеді: жоғары, бейтараптық, ауызекі сөйлеу [18, 185]. Бұл функционалды-сөйлеу тұрғысынан емес, тілдің фонетикалық парадигматикасына байланысты тілдік жіктеу болып табылады. Сахна тілі бұл стильдер-

ге карағанда ерекше, өйткені театр дыбыстау нормаларына қатаң қарайды, тарихи қалыптасқан нормаларды бекем ұстайды және сөйлеушілердің тікелей қоғамдық практикасында дыбыстаудың біртіндеп қалыптасатын жаңалықтарын қабылдамайды. Р. И. Аванесов бейтараптық стильді екі түрге бөлгенді дұрыс санайды: қатаң, бұл – толық нормаланған стиль және жартылай нормаланған еркін стиль [19, 21].

Көркем әдебиетте ерекше стильдік бояуға ие болатын тілдік бірліктердің бірі – дыбыстар. Әдеби шығармада дыбыстар қайталанып келуі арқылы түрлі стилистикалық бояулар, эмоционалды-экспрессивтік реңктер, бағалауыштық мәндер жасауда жиі қолданылады.

Дыбыстық қайталамалардың өнімді қолданылатын жері – поэзиялық шығармалар. Қарасөз шеберлеріне карағанда ақындар өз шығармаларында дыбыстың көркемдік мүмкіншілігін барынша пайдаланады. Әдетте, поэтикалық мәтіндегі дыбыстар стильдік қызмет атқарып, көркемдегіш құралға айналуы үшін олар белгілі дәрежеде қайталанып қолданылуы шарт. Дыбыстың қайталануы сөзге әсерін тигізіп, соның нәтижесінде олардың арасында тығыз байланыс орнайды. Дыбыстық қайталаманың негізгі стильдік мақсаты мәтіннің жағымды естілуімен ғана шектелмейді. Поэтикалық мәтіннің ұқсас дыбыстар арқылы берілуі оның эмоционалды бояуын әрлендіріп, өлең өрімінің мәнерлілігін де арттыру қызметін атқарады.

Дыбыстық қайталамаларды қарастырған еңбектердің басым көпшілігі оларды поэзиялық шығармалар тіліне тән тәсіл ретінде алады. Алайда, дыбыстардың қайталануы көркем прозада да, публицистикада да бар. Әрине, олардың қолданылу жиілігін өлең өрімімен салыстыруға болмайды. Дыбыстық қайталаманың озық үлгілерін қазақ ертегілерінен, шешендік сөздерден, мақал-мәтелдерден, қазіргі қазақ прозасының аға буын өкілдері Ә. Кекілбаев, М. Мағауин, Ә. Тарази, Д. Исабеков, О. Бөкей және т.б. жазушылардың шығармаларынан көптеп кездестіре аламыз. Мұның өзі дыбыстық қайталаманың жанрлық сипатының шектеусіз екендігін және олардың қазақ қарасөзінде де толық орныққан тәсіл екендігін растайды.

Тіл білімінде дыбыстық қайталамалар *ассонанс, аллитерация, дыбыстық анафора, ұйқас, ырғақ, консонанс, ішкі ұйқас* сияқты бірнеше түрлерге бөлінеді де, көркем шығармаларда, әсіресе, поэзияда жиі қолданылады. Енді солардың бір-екеуіне тоқтала кетсек. Дыбыстық қайталамалардың көпшілікке танымал түрі – аллитерация мен ассонанс. *Аллитерация* өлең жолдарының бірдей дауыссыз дыбыстармен қайталанып басталуы болса, *ассонанс* – бірыңғай дауысты дыбыстармен қайталанып басталуы. Өлең ырғақ арқылы жасалып, аллитерация мен ассонанс арқылы әшекейленіп, бейнелі түрге енеді. Өлеңнің музыкалық шығармадай құлаққа жағымды естілуі оның мәтіндегі дыбыстық қайталаманың осы түрлерімен тығыз байланысты.

Аллитерация мен ассонанс дыбыстық қайталамалардың басқа да түрлері секілді поэзиялық мәтіндерде еркін қолданылып, осы жанрдағы көркемдік әдіс ретінде кеңінен таралған. Олар тұрмыс-салт жырларында, батырлар жырында, XV-XVII ғасыр ақын-жыраулары поэзиясында, одан кейінгі дәуірдегі ақындардың өлеңдерінде, әсіресе, Абай мен оның дәстүрін жалғастырушы ақындар шығармаларында кеңінен қолданыс тапқан. Мысалы:

*Самородный сары алтын,  
Саудасыз берсең алмайды,  
Саудыраған жезіне.  
Саудырсыз сары қамқаны,  
Садаға кеткір сұрайды,  
Самарқанның бөзіне.  
Кеселді түйін шешілсе,  
Кердең мойын кесілсе,  
Келмей кетпес кезіне (Абай).  
Қара басқан, қаңғыған,  
Қас надан нені ұға алсын?  
Көкірегінде оты бар  
Құлағын ойлы ер салсын (Абай).*

*Немесе:*

*Атаны бала аңдиды, ағаны – іні,  
Ит қорлық немене екен сүйткен күні?  
Арын сатқан мал үшін антұрғанның*

*Айтқан сөзі құрысын, шыққан үні.  
Алыс, жақын қазақтың бәрі қаңғып,  
Аямай бірін-бірі жүр ғой аңдып (Абай).*

Кейбір өлең шумақтарында дауысты немес дауыссыз дыбыстар тіркес күйінде абсолют позицияда қайталанып келетін кезі болады. Бұл қолданысты *дыбыстық анафора* деп атайды [20,17].

Дыбыстық анафораның озық үлгілерін Абай өлеңдерінен мынанан кездестіруге болады. Мысалы:

*Сені жақсы көрмесе,  
Сенер ме еді сөзіңе? (Абай).  
Ақ тамақ, қызыл жүз  
Қарағым, бетіңді аш!  
Қара көз, имек қас,  
Қараса жан тоймас (Абай).  
Жайнаған туың жығылмай,  
Жасқанып жаудан тығылмай,  
Жасаулы жаудан бұрылмай,  
Жау жүрек жомарт құбылмай,  
Жақсы өмірің бұзылмай,  
Жас қуатың тозылмай,  
Жалын жүрек суынбай,  
Жан біткеннен түңілмей,  
Жағалай жайлау дәулетің –  
Жасыл шөбі қуармай,  
Жарқырап жатқан өзенің –  
Жайдақ тартып суалмай,  
Жайдары жүзің жабылмай,  
Жайдақтап қашып сабылмай,  
Жан біткенге жалынбай,  
Жақсы өліпсің, япырмай (Абай).*

Бұл өлең жолдарында *сен, қара, жа* дыбыстар тіркесімін түрлі стильдік бояулармен шебер қиюластырылған.

**Дыбыстық эпифора** – сөйлемнің әсерлілігін күшейту үшін белгілі бір сөз, сөз тіркесі жол (тармақ) аяғында қайталанады. Мысалы:

*Мұнар да, мұнар, мұнар күн  
Бұлттан шыққан шұбар күн.  
Буыршын мұзға тайған күн,  
Бура атанға шөккен күн.  
Бұлықсып жүрген ерлерден  
Бұрынғы бақыт тайған күн, –*

деген өлең жолдарында Махамбет қайталаудың анафора мен эпифора түрлерін бір-бірімен шебер қиюластырып, айтар ойына оқырман (тыңдарман) көңілін еріксіз аудартып тұр.

Поэтикалық мәтінде ұқсас дыбыстардың бірдей позицияда қайталанып берілуі олардың семантизациялануына себепші болады. Оны фоностилистикада паронимиялық аттракция деп атайды. Паронимиялық аттракция – дауыссыз дыбыстардың позициялық қайталануы. Екінші сөзбен айтар болсақ, паронимиялық аттракция – параллелизмнің фонетикалық деңгейдегі көрінісі.

#### **1.4 Лексикалық синонимдердің стилистикалық сипаты**

Тілдегі синонимдер – сөз қорының асыл қазынасы. Әрбір тілдің қандай дәрежеде жетілгендігі оның байлығы мен оралымындағы синонимдердің молдығы арқылы көрінеді.

Синонимияның сөздің мағыналық қасиетімен байланысты құбылыс екендігі белгілі. Бұл жүйедегі басты объект – сөз болса, олардың мағыналық теңдігі мен жақындағы мағыналық сәйкестіктердің бір ұғым төңірегінде ұштасуымен анықталады. Сондықтан синонимдер, ең алдымен әрбір тілдің дамуы мен өркендеуіндегі ең маңызды да күрделі құбылыс, әрбір тілдің дамығандығын, оралымдылығын сипаттайтын лексикалық категория болып табылады [21, 6].

Стилистика тілдегі сөздердің стильдік-бағалауыштық сапасын жинақтай отырып, олардың мағыналық дамуы мен өзгеруі негізінде сөздердің функционалды-стилистикалық типтерін белгілейді, соған орай олардың атқаратын қызметін, қолданылу өрісі мен экспрессивті-эмоционалды қасиетін анықтайды. Әсіресе, стилистикада синонимдердің рөлі ерекше екені анық,



яғни: «Сөйлеу құралдарының синонимиясы – стилистиканың басты проблемасы» [22, 7].

Тіліміздегі синонимдерді жетік меңгеру өз ойыңды неғұрлым дәлме-дәл етіп көрсетуге мүмкіндік береді. Тіл білімінде синоним мәселесі өте күрделі және әлі толық шешімін таба қойған жоқ. Оны оған берілген анықтамалардан-ақ байқауға болады. Кейбір ғалымдар «тепе-тең сөздерді» синоним деп таныса, енді біреулері тіркесу теңдігін негізгі белгі ретінде ұсынады. Ал үшіншілері тіпті синонимдерді варианттылықпен тең категория ретінде қарастырады.

Қазақ тілі синонимдерге саны мен көлемі жағынан да, синонимдік қатарлардың көптігі жағынан да өте бай тіл. Олардың тіліміздегі сан алуан қырлары мен бояуларын, қолданылу аясы мен мүмкіншіліктерін көруге болады. Қазіргі кездегі тіліміздегі синонимдер мән-мағынасы мен қолданылу өрісіне қарай сан-салаға бөлініп, саралана бастады. Олардың қолданылу ерекшеліктері өте кең, ойды жеткізу барысында белгілі бір ойды барынша жан-жақты құлпыртып, тілді оралымды етеді.

Проф. Ә. Болғанбаев лексикалық синонимдерді мағыналарының тиянақты және тиянақсыз болып келуіне байланысты тұрақты синонимдер және контекстік синонимдер деп екі топқа бөліп қарастырады. Кейбір ғалымдар контекстік синонимдерді стилистикалық синонимдер деп те атап жүр. Тұрақты синонимдер қолданылу өрісі мен мағыналық реңктеріне қарай мағыналық синонимдер, стильдік синонимдер мен мағыналық-стильдік синонимдер деп бөлінеді [23, 117]. Алғашқысы тілдің стилистикалық құралдарының бірі ретінде қарастырылады. Сөйлеу мәдениеті барысында сөйлеу стилінің сапасы туралы сөз болғанда, синонимдердің мағыналық айырмашылығын ескеру ерекше мәнге ие болады. Дегенмен стилистиканың синонимиядағы негізгі ресурсы стильдік синонимдер болып табылады. Яғни, олардың мағыналары өте жақын немесе тепе-тең бола тұра, стилистикалық (экспрессивтік) бояуы мен қолданылу өрісіне қарай мағыналары ерекшеленеді. Әдетте, стилистикалық ерекшелік мағыналық реңктерден көрінеді. Сонымен, стильдік синонимдер дегеніміз – мағына жағынан ұқсас, тең бола отырып,

бір-бірінен стильдік бояуы арқылы өзгешеленетін мәндес сөздер тобы [23, 123].

Сөздердің стилистикалық реңктері олардың неше алуан функционалды стильдерде қолданылуымен тығыз байланысты. Тілдегі синонимдер – қоғамдық-әлеуметтік факторларға байланысты өзгеріп отыратын құбылыс. Әрбір тілдің қаншалықты дамығандығы сол тілдің стильдік жүйесінің көпқырлылығымен де, сапалық көрсеткіштерімен де өлшенеді. Жазба әдеби тілі ерте дамыған тілдердің стильдік белгілері айқын сараланып, бір-бірінен ара жігі бөлініп тұрады. Қазақ тіліндегі сөздердің стильдік белгілері мен жігі енді-енді ғана саралана бастады. Сондықтан оның нақтылы саны мен түрін кесіп-пішіп, үзілді-кесілді жүйелеп, таратып айтып беру әзірге қиын. Дегенмен, тіліміздегі синонимдердің төмендегідей реңктерін көрсетуге болады: а) қадір тұтып сыйлағандықты білдіретін реңктер (есім – ат, ақсақал – қария); ә) салтанат құру, көтеріңкі түрдегі реңктер (жүлде – бәйге, мерекелеу – тойлау, азамат – жігіт); б) поэтикалық реңктер (асқар – биік, қол – әскер, шапақ – арай); в) дөрекілік мәндегі реңктер (бет – сықпыт, ерке – шолжың, ақсақ – шойнақ); г) кекесін, мысқыл түрдегі реңктер (қожаңдау – қодыраңдау, қораздану – қоқилану, еліру – желпілдеу, жеңілтектену – тұштандау); д) кеміту, менсінбеушілік мәндегі реңктер (көлік – бұт артар, еркек – бөрік киген, адам – тірі жан) [24, 14]. Синонимдердің мұндай стилистикалық бояулары синонимдік қатардың доминанты болып табылатын бейтарап сөздермен қатар қойылып, ажыратылады. Кейде бір синонимдік қатардан (доминант сөзбен салыстырғанда) жоғарыда көрсетілген мағыналық реңктердің бірнешеуін бірден байқауға болады. Мысалы: Аласа сөзі бейтарап мағыналы сөз болса, оған синонимдік қатар құрайтын төмендегі сөздерден түрлі мағыналық реңктерді көреміз: 1. Тапал, тәпелтек, пәс деген сөздердің бойынан кеміту, менсінбеушілік мәндегі реңктер байқалады. Мысалы: Қаперімде түк жоқ, кабинетімде отыр едім, бір тәпелтек кісі кіріп келді (Ә. Нұршайықов). Комиссионка магазинінің алдында шикіл сары, шашын келте қырқып бұйралаған бір тапал әйел тап болды (К. Тоқаев). Мамалап жылап терезеге барып еді, пәс салынған

пәкене үйдің терезесінен қызыл ай үңіле қарап тұр екен (Ә.Тарази). 2. Қортық, мыртық, мыртесе сөздерінің бойынан дөрекілік, жақтырмаушылық мәнді көреміз. Мысалы: Дүйсебайдың баласы да Бибажарға тең емес, бір қортық көрінеді (Сейфуллин). Жоғал, ақымақ мыртесе! – деген аудармада жазушы тағы да бір сөзді тірілтті. (М. Әуезов). Ол мыртықты біліп қайтесің, есімін атауға тұрмайтын бір жасық, – деп қолын бір-ақ сілтеді (К. Тоқаев).

Биік сөзі бейтарап мағыналы сөз болса, оған синонимдік қатар құрайтын төмендегі сөздерге талдау жасап көрейік: 1. Заңғар, асқар, зәулім сөздерінің бойында поэтикалық реңк бар: Ақ мұнар ішінде Баянауылдың заңғар тау шыңдары біз мұндамыз деп тұр (Д. Әбілев). Ақ басты Алатаудың асқар шыңдары кімдердің көкейіне сұлу жыр түсірген жоқ (С.Бақбергенов). Зәулім Алатау шыңдары, тау етегін қуалай самсаған ақ үйлер айқын көрінеді (Ә. Нұршайықов). 2. Сұңғақ, бойшаң сөздерінің бойынан қадір тұтып сыйлағандықты білдіру реңкін көреміз: Бойшаң Жаншаның қасында Халел ұсақ көрінеді (Х. Есенжанов). Сұңғақ бойлы, қара торы қыз назарын бірден аударды (Т. Ахтанов). 3. Сырықтай сөзі кекесін, мысқыл мәнді реңкті білдіреді. Сырықтай ұзын болғандықтан ба, ол екі жағына теңселе басып жүреді (А. Жақсыбаев).

Әдетте, сөз бойындағы көтеріңкі стилистикалық бояулар салтанатты, шешендік, поэтикалық сипаттағы кітаби лексикадан алынса, төмендеткіш стилистикалық бояулар ауызекі-сөйлеу тілінің қарапайым, жаргон, кәсіби, тіпті диалекті сөздерінен құралады. Бұлардың бойынан тұрпайылық, келемеждеу, кеміту, жек көру, жаратпау, қоштамау сияқты экспрессивті бояулармен қатар, тілектестік білдіру, еркелету мәндерін де кездестіруге болады.

Синонимдер жоғарыда көрсетілген стилистикалық реңктермен қатар, белгілі бір функционалдық стильдерде қолданылу бейімділігіне қарай да стилистикалық ерекшеліктерге ұшырайды. Бұл ерекшелік те синонимдік қатардағы жалпылама қолданылатын доминант сөздің стилистикалық бейтараптығымен салыстырыла анықталады. Түрлі функционалдық стиль-

дерде синонимдерді қолдану біркелкі емес: біреуінде синонимдер барынша кең қолданылса (мысалы, көркем әдебиет стилі), екіншісінде синонимдерді жасау мен қолдану мүмкіндігі мейлінше шектелген (ғылыми стиль, ресми-іскерлік стиль). Бұл түрлі қатынас саласындағы талаптардың ерекшеліктері мен басқа да экстралингвистикалық факторларға байланысты. Мысалы, ресми-іскерлік стильге (әсіресе, заңшығарушылық стиль) баяндаудың жоғарғы дәлдігіне ұмтылу мен әлеуметтік-қоғамдық терминдердің кең қолданылуы тән. Ал терминдер бір мағыналы және оларға синонимдік қатар қосуға жол берілмейді. Бұл синонимдердің қолданылуын біршама шектейді, тіпті қатынастың осы түрінде олардан бас тартуға тура келеді, өйткені синонимдер сөйлеуде әрдайым мағыналық реңктердің өзгеруіне соқтырады. Ғылыми мәтіндерде де баяндаудың ең жоғарғы дәлдігіне, терминдердің кең қолданылуына ұмтылу қасиеті басым, сондықтан онда синонимдердің қолданылуы ресми-іскерлік қатынастарға қарағанда молырақ кездескенмен, синонимдер ғылыми стильге тән емес.

Ал публицистикада, әсіресе, газеттік публицистикада жағдай мүлдем басқаша. Баяндаудың экспрессивтілігін мақсат ету, сөйлеуді түрліше құбылтуға ұмтылу, жалықтыратын сөз қайталауларға жол бермеу – публицистерді синонимдердің барлық ресурстарын мүмкіндігінше кең қолдануға міндеттейді. Сондай-ақ, жалпыхалықтық қолданыстағы сөздер мен терминдерге балама ретінде жаңа контекстік синонимдер, түрлі бейнелі сөздер (перифразалар) пайда болып, қалыптасады. Мысалы: көмір – кара алтын, мақта – ақ алтын, дәрігерлер – ақ халатты абзал жандар, *т.б.* Кейде бір мәтіннің ішінен тізілген синонимдік қатарды да көруге болады. Ол тек лексикалық синонимдерден ғана емес, сонымен бірге фразеологиялық және бейнелі оралымдардан тұруы мүмкін. Мысалы: Астана – бас қала, Елорда, Сарыарқаның төрі, Есіл жағалауы; Алматы – оңтүстік астана, Қазақстанның екінші астанасы, мәдениет-өнер ошағы, *т.б.*

Ауызекі сөйлеу стилінде синонимдердің қолданылуы сөйлеушінің жеке басының шеберлігіне байланысты. Бұл қатынас дайындықсыз, табан астында жасалатындықтан, онда синоним-

дер көп қолданыла бермейді. Ал қолданылған синонимдер көбіне жоғары экспрессивті, көпэлементті, қарапайым болып келеді. Мысалы: Бет – ұсқын, сықпыт, пошым, сиық, т.б.; тырысу – тыраштану; шаршау – діңкелеу, өліп-талу; сұрау – тілеу; мүсәпір – байғұс, бейбақ, мүскін.

Синонимдік қатарларды қолдану мен дамыту қатынастың эстетикалық саласында ерекше басымдыққа ие. Көркем әдебиет стилі тіліміздегі синонимдердің бар байлығын қамтумен қатар, оның мағыналық-стистикалық сапасын жетілдіреді, сөйлеудегі қолданылу тәсілдерін кеңітеді және жалпытілдік синонимдерді жаңа элементтермен байытады.

Көркем әдебиеттерде жеке-авторлық, контекстік синонимдер жиі қолданылады. Әдеби тілімізде синонимдік қатар құрай алмайтын сөздердің мағыналық және стилистикалық жағынан жақындап, синоним ретінде қолданылуы жеке-авторлық немесе контекстік синонимдер деп аталады. Олардың бойындағы бейнелі ауыс мағыналар белгілі бір контексте жалпы халықтық сөздермен синоним ретінде жұмсалуына мүмкіндік береді. Мысалы: Өтті, өлді, тағдыр жоқ қайта келмек, – деген өлең жолдарындағы өлді мен өтті сөздерін тек осы контексте ғана синонимдік қатар деп тануға болады, әйтпесе өткеннің бәрі өлгендік емес қой. Сол сияқты, Сайра да зарла, қызыл тіл, Қара көңілім оянсын – дегеніндегі етістіктер де екі түрлі қимыл атаулары болғанмен, бұл контексте мағыналары жуықтатылған қолданыстар [25, 86]. Сондай-ақ кілт, тетік, тағдыр сөздері жалпытілдік синонимдер қатарына жатпайды. Алайда, «Шығармашылық еңбектің табысты болуының тетігі (кілті, тағдыры) ізденуде, талпынуда деп білем» – деген сөйлемде олар мағыналық жағынан жақындап, мәндес ұғымды білдіріп, осы контексте синонимдік қатар құрап тұр.

Тіліміздегі жалпы стилистикалық құрылым тұрғысынан келгенде, синонимдердің басым көпшілігін бейтарап мағыналы сөздер құрайды. Бейтараптық мағынаны синонимдік қатардың мағыналық тұтқасы болып табылатын доминант сөзден басқа сөздер де беруі мүмкін. Сондай-ақ, синонимдік қатар түрлі бейнелі сөздермен – кітаби, ауызекі сөйлеу, тіпті қарапайым

сөздермен толықтырылуы мүмкін. Мәселен, жоғарыда келтірілген бет сөзінің синонимдік қатарын бейтарап мағыналы жүз сөзімен, сөйлеу тіліне тән сыық, пошым, нысай, сықпыт, сұрық, ұсқын, бәден, кітаби сипаттағы жамал, көне сүдін сөздерімен толықтыруға болады.

Мұндай қатардағы синонимдердің өзара айырмашылығы өз бойындағы стилистикалық және эмоционалды-экспрессивтік сәттерінде емес, олардың жеке стиль түрлерінде қолданылу жиілігіне байланысты. Жоғарыда берілген бет, жүз сөздерінің қолданылу жиілігі бәден, нысай, сықпыт, жамал, сүдін сөздеріне қарағанда әлдеқайда кең.

Тіл – қоғамдық құбылыс. Ол қоғамдағы түрлі лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлардың әсерінен үнемі даму, өзгеру процесінде болады. Тілдік құбылыс ретінде синонимдер де тілдің дамуы барысында түрлі өзгерістерге ұшырайды. Сол өзгерістердің бірі – тіліміздегі синонимдердің қолданылу өрісіне қарай түрлі функционалды стильдерге саралана бастауы. Бір синонимдік қатардағы сөздердің бірі көркем шығармаларда қолданылуға бейім болса, екіншісі ауызекі сөйлеу стиліне тән, ал үшіншісі, тіпті, терминдік сипатқа ие болып, ғылыми және ресми мәтіндерде жиі кездесетіні байқалады. Мысалы: Ауру, науқас, сырқат, дімкәс немесе бақталастық, күндестік, бақастық, бәсекелестік деген синонимдік қатарларды алсақ, ондағы ауру, бақталастық, күндестік сөздері бейтарап мағынаны білдіріп, барлық стиль түрлерінде қолданыла беретін болса, науқас (мед.), бәсекелестік (экон.) сөздері терминдік сипатқа ие болып, ресми және ғылыми стильге бейімделуде, ал дімкәс, бақастық сөздері ауызекі сөйлеу стиліне тән. Мұндай стильдік саралануды кемшілік (бейтарап), ақау (тех.тер.), кінарат (поэт.), шіркеу (сөй.) немесе халық, ел, жұрт (бейтарап), әлеумет (тер.), жамағат, қауым (поэт.), жаран (сөй.) синонимдік қатарларынан да көреміз.

Стилистикалық қатар, оның құрылымы мен семантика-стилистикалық мазмұнының проблемалары синонимдердің функцияларымен тығыз байланысты. Тіл білімінде синонимдердің үш негізгі қызметі көрсетіліп жүр: а) ауыстыру қызметі, бұл –

бәрінен бұрын белгілі бір лексикалық бірліктердің қайталана беруіне жол бермеуге ұмтылуымен байланысты; б) айтушы мен жазушының ойды дәл жеткізуге тырысуымен байланысты нақтылау қызметі; в) түрлі бейнелі бағалауды жеткізумен байланысты экспрессивті-стилистикалық қызметі [26,6]. Дегенмен, сөйлеудегі синонимдердің ең басты қызметі – дәлдік қызметі. Тіл синонимдердің осы қызметі үшін оларды жинақтайды, синонимдік қатар мен парадигмасында олардың арасында нәзік қатынас орнатады. Сөйлеудің мағыналық дәлдігі мен экспрессивті-стилистикалық қырының дәлдігін ажырата білу орынды. Бұл жағдайда синонимдердің нақтылау қызметі (түсініктің белгілі бір реңкіне басымдық беретін) мен стилистикалық қызметі де негізгі болып табылады, ол тілдің лексикалық синонимдерін сипаттайды және негіздейді. Атап айтқанда, олар тілдің лексикалық жүйесіндегі мағыналары тепе-тең және жақын сөздердің арасындағы қатынас пен ерекше байланысты белгілейді. Синонимдердің оларға тән белгілер ретінде көрсетіліп жүрген барлық басқа қызметтері осы екеуінен туындайды.

Синонимдердің қызметтері сөйлеуде, оның ауызша және жазбаша формаларында, оның стильдерінде пайда болады. Әрбір стиль өзіне ең тиімді синоним түрлерін жинақтаумен және синонимдер қызметін өзінше жүзеге асыруымен ерекшеленеді. Тілдің стильдік жүйесінің тұтастығы көп жағдайда әртүрлі стильдер мен стильдің көптеген ішкі жанрлары мен формаларында, синонимдік қатарлардың жылжымалы да бейімді құрылымы мен оған кіретін элементтердің жалпылық қызметімен қамтамасыз етіледі.

Синонимдердің реңктік ерекшеліктері ойды әсерлі, көркем жеткізуге мүмкіндік береді және қолданылу өрісін кеңейтеді. Синонимдердің сөйлеу барысындағы қолданылу деңгейі біркелкі емес. Сондықтан жазушылардың контекстік синонимдерді орынды қолдана білуі, олардың мағыналық жақтан дамып, өзгеріп, синонимдер қатарын қалыптастыруға ықпал етеді және сөздік қорды байытып отырады.

## **ЕКІНШІ БӨЛІМ**

### **ФУНКЦИОНАЛДЫ СТИЛИСТИКА**

#### **2.1 Функционалды стилистиканың жалпы мазмұны**

Функционалды стилистикадағы негізгі ұғым сөйлеудің функционалды стильдері болып табылады. Функционалды стильдер өте күрделі типтердің жиынтығы, сондықтан оның белгісінің толық санын айқындау қысқаша сипаттаманы талап етеді. Бұл стильді сипаттау барысында ұғымды нақтылаудың жүйелі сатысын анықтап алу орынды болмақ. Функционалды стильдердің ең жалпы да жеткілікті анықтамасын тілші-ғалым М. Н. Кожинадан табамыз: «Функциональный стиль – это определенная социально осознанная разновидность речи, соответствующая той или иной сфере общественной деятельности и форме сознания, обладающая своеобразной стилистической окраской, создаваемой особенностями функционирования в этой области языковых средств и специфической речевой организацией (структурой), имеющая свои нормы отбора и сочетания языковых единиц, определяющиеся задачами общения в соответствующей сфере» [27, 13].

Функционалды стилистика қоғамдық практикада коммуникацияның адамзат әрекетінің білгілі бір саласындағы ерекше міндеттері мен мақсатының негізінде пайда болды. Алайда, ол лингвистикалық мәнге ие. Ол ойдың мәні мен сөйлеудің мақсатына толық та дәл сәйкес келетін тілдік құралдардың қолданылуын қамтамасыз ететін әдеби тілдің ерекше ішкі жүйесін қамтиды.

Функционалды стильдерді жіктеу олардың екіжақтылық табиғатына сәйкес – экстралингвистикалық және лингвистикалық негізге сүйенеді. Кейбір лингвистер қоғамдық әрекеттің белгілі бір саласы мен түріне тән қатынас саласы, коммуникация мазмұнының типтік ерекшеліктері, қатынастың мақсаты мен мәні, қоғамдық сананың формасы, ойлау типтері сияқты тілден тыс факторлардың көлемді жиынтығын еске-



ре отырып, экстралингвистикалық негізді басты, айқындаушы принцип деп есептейді. Кейбіреулері экстралингвистикалық негіздің маңыздылығын мойындай отырып, лингвистикалық негіздерге: стилистикалық бояулы құралдарға, олардың бейтарап құралдармен қатынасына, тілдік бірліктердің және тұтас стильдің ерекше функцияларына, типтік стильдік сипатына және т.б. басымдық беруге тырысады. Академик В. В. Виноградов тілдің негізгі функцияларын (қатынас, хабарлау, әсер ету) ескере отырып, алты функционалды стильді көрсетеді: «Тілдің қатынас, хабарлау, әсер ету сияқты қоғамдық маңызды функцияларын бөлу барысында төмендегідей стильдерді ажыратуға болады: күнделікті-тұрмыстық (обиходно-бытовой) (қатынас функциясы); күнделікті-іскерлік (обиходно-деловой), ресми-құжаттық (официально-документальный) және ғылыми (хабарлау функциясы); публицистикалық және көркем-беллетристикалық (әсер ету функциясы)» [6,6]. Бұл стильдердің барлығы да қатынас барысында екі формаға ие: жазбаша және ауызша. Сөйлеу формасы стильдерге әсер еткенмен, олардың мәнін өзгерте алмайды. Мысалы, ғылыми стиль – лекция, ғылыми баяндама, әңгімелесу сияқты ауызша формаларында да ғылыми стиль ретінде қалады, сонымен қатар бұл форма оған өз түзетулерін де енгізеді. Сөйлеу стилі өзіне тән басымдықтары мен кемшіліктерін қамти отырып ауызша формада жүзеге асырылатыны белгілі. Сондай-ақ, ол жазбаша формада (тұрмыстық, бейресми хат алмасулар), магнитофондық ленталарда немесе грамжазбаларда қолданылуы мүмкін.

Бұдан, стильдерді жіктеу барысында тілдің бір ғана маңызды функциясына сүйенудің, сондай-ақ басқа да лингвистикалық және экстралингвистикалық көрсеткіштерді қамтымаудың жеткіліксіздігін, тіл функциясының стильдің санынан аз екенін көруге болады. Сонымен қатар белгілі бір стильде тілдің көрсетілген «қоғамдық маңызды функциясының» біреуінің ғана қатысуы да сенімсіз. Әдетте әртүрлі деңгейде болса да, олардың барлығы бірдей қатысады. Кез келген стильдің мәтіні бір нәрсені хабарлайды және белгілі бір деңгейде тыңдарман мен оқырманға әсер етуге тырысады.

Стилистика тілдік құралдардың қарым-қатынастың мақсатына сәйкес орынды қолданылуын қарастырады. Ол тілдік құралдардың мағыналық және экспрессиялық қыры мен түрлі мағыналық реңктерін қолдануға талдау жасайды, олардың берілген ойды дәл, анық та айқын жеткізуде қаншалықты дұрыс та тиімді екенін анықтайды. Тілдік құбылыстардың қатынасын бағалау стилистика пәніне өзгешелік сипат береді, оның негізгі мақсаттарының бірі – синонимдік қатарлардың ішінен автор ойын дәл жеткізуге қолайлы сөздерді тауып қолдануға көмектесу.

Стилистика тілдік қатынастың (сөйлеу тілі) іске асуымен және әдеби тіл мен оның нормаларымен тығыз байланысты. Бұл екі проблеманы, тілдік қатынастың (сөйлеудің) өзгешелігін және әдеби тіл мен оның нормасын анықтауды шешу – стилистиканың ғылыми пән ретінде қалыптасуына негіз болды. Стилистиканы лингвистикалық тұрғыдан мәнгерлеп сөйлеу құралдары және тілдің қолданылу заңдылығы деп екі түрге бөлуге болады. Мұндағы тілдің қолданылу заңдылығы орынды мақсатпен пайдаланылған тілдік бірліктің пікір айтудағы мазмұнына, мақсатына, жағдайына және қатынастың өрісіне байланысты болады. Ондай типтік қатынастың өрісі ең алдымен – іскерлік, ғылыми, көркем, публицистикалық, күнделікті болып бөлінеді. Осыған сәйкес функционалды стильдер де ажыратылады. Олар ең әуелі ауызекі сөйлеу стилі және кітаби-жазба стильдер деп екі түрге жіктеледі. Кітаби-жазба стильдер мазмұны мен қызметіне қарай бірнеше түрге бөлінеді: ғылыми стиль, ресми-іскерлік стиль, публицистикалық стиль және көркем әдебиет стилі. Кітаби-жазба стильдердің бұлайша бір-бірінен ажыратылып, бөліне басталуы қоғамдық ой сананың жоғарылағанынан болады. Бұл стильдер қатынастың жазбаша формасында жиі қолданылатындықтан, мұнда ғылым, заң жобалары, ісқағаздары, ресми құжаттар мен басқа да осылар сияқты әлеуметтік қоғамдық маңызды мәселелер жан-жақты толық қамтылып, нақтылы, дәл жазылуы тиіс, мұндай талап кітаби-жазба стильдердің барлығына да қойылады. Бірақ ол стильдердің қатынастың қай саласында жұмсалатыны, қандай қызмет атқаратыны қатал ескеріліп, өздеріне тән сөз қолдану заңдылықтары сақталады.

Мысалы, ісқағаздар мен ресми құжаттар белгілі бір қалыптасқан үлгіде жазылса, ғылыми стильде арнайы терминдердің қолданылуы басым болады, ал публицистикада әлеуметтік-саяси мәнді сөздердің жиі қолданылуы заңды құбылыс. Осындай ерекшеліктермен қатар, бұл стильдердің ортақ белгілері де бар. Ол, әсіресе, ресми-іскерлік, ғылыми және публицистикалық стильдерден байқалады. Оларда тілдік құралдар тек әдеби нормаға сай қолданылады.

Ауызекі сөйлеу стилі қатынастың күнделікті тұрмыстық саласында қолданылады. Мұнда әдеби нормаға жатпайтын сөздердің қолданылуы аясы еркін болады. Сөйлеу тілі мен кітаби жазба стильдер өзара тығыз байланыста болады.

Функционалды стилистика қарым-қатынастың дәстүрлі және әлеуметтік өріс саласына қатысты тілдік құралдарды, сұрыптап қолдануды қарастырады. Әрбір стильдің мақсаты мен қызметіне сәйкес өзіндік сөз қолдану тәсілдері мен сөз тіркестері қалыптасады.

Функционалды стиль – қоғамдық қызметінің белгілі бір қатынас өрісіне сай келетін сөйлеу түрі. Оның міндетіне қатынастың мақсаты мен қызметіне, мазмұны және әлеуметтік өрістегі түрлі жағдай ерекшеліктеріне қатысты тілдің стилистикалық мүмкіндіктерін қолдануды оқыту кіреді. Ал зерттеу пәні тілдің қолданылуы болып табылады.

Қазақ әдеби тілінің функционалды стильдерінің құрылысы, саны, сипаты және иерархиялық сатысы (қайсысы басым болғаны) барлық дәуірде бірдей болмағаны анық.

Қазақ жазба әдеби тілінің ұлттық кезеңіне дейін жартылай ғылыми әдебиет стилі, ресми ісқағаздар стилі және эпистолярлық (хат-хабарлар) стильдері болды. Жартылай ғылыми стиліне жазба шежірелері мен мұсылманша діни әдебиеттер жатса, ресми құжаттар стиліне әр алуан қағаздардың – өкіметтің басқару органдары тарапынан берілетін түрлі бұйрық-жарлықтар, ережелердің тілі жатады. Эпистолярлық стильді хаттар немесе біреуге арналып жіберілген жазбалар тілі танытады.

Қазақ тілінің осы күнгі стильдік саралануының басы XIX ғасырдың II жартысына тура келеді. Бұл тұста қазақ тілінде мер-

зімді баспасөз пайда болды, соған орай әдебиеттің қоғамдық-публицистикалық жанрының іргетасы қалана бастады. Бұл жанр қазақша публицистикалық стильдің алғашқы үлгілерін туғызды. XIX ғасырдың соңғы онжылдықтарынан бастап, қазақ тілінде көпшілікке арналған жартылай ғылыми әдебиет жанры жанданды. Көркем әдебиет стилінің проза жанры да осы тұста дами түсті. Бұған Ыбырай мен Абай шығармалары үлкен себепші болды. XX ғасырдың басы – қазақ көркем әдебиет стилінің бірсыпыра күшейген, өз ішінен тарамдалған тұсы. Осы кезеңде проза, драматургия жанрларына сай белгілер пайда болып, әрі қарай дамыды, стильдер жігі айқындала түсті.

Әдетте функционалды стильдердің бес түрі көрсетілетіні жоғарыда айтылды: ғылыми, ресми-іскерлік, публицистикалық, көркем әдебиет және ауызекі сөйлеу стильдері. Олар да өз ішінде сөйлеудің нақты міндеттері мен қатынас жағдайының көрінісіне, функционалды-стилистикалық ерекшеліктердің жеке сипатының түріне (индивидтің сөйлеуі) байланысты түрлі топтарға жіктеледі. Жекелеген сөйлеу немесе тұтас мағыналы шығармалардың бір функционалды стильді таза, қатаң және тұтас күйде көрсетуі міндетті емес.

Сөйлеудің жалпы стилистикалық ерекшеліктері, ең әуелі, қатынастың қай саласында: ғылыми, ресми, эстетикалық, құқықтық, т.б. – қолданылуына байланысты қалыптасады. Белгілі бір саладағы қатынастың міндеттері осы бағыттағы сөйлеудің негізгі, іргелі ерекшеліктерін белгілейді. Мысалы, ғылыми қатынас шегіндегі кез келген сөйлеу өз бойында ғылыми стильдің қырларын қамтиды, оның функционалды-стилистикалық нормалары мен белгілеріне бейімделеді. Сондай-ақ, бұл сөйлеуде тұтас алғанда осы функционалды стильге тән емес белгілердің де болуы мүмкін. Сөйлеу стиліне коммуникацияның қандай екпінде (қалыпты хабарлау немесе қақпайлау) айтылуы оған арнайы ерекшеліктер жамайды. Сөйлеудің стилистикалық бояулары оның тақырыбынан, зерттеудің таңдалған ғылыми әдісінен, талдау мен жинақтау дәрежесінен, сөйлеудің басым функционалды-мағыналық типтері – хабарлау, талқылау, сипаттаудан да көрінеді. Алайда ғылым саласындағы сөйлеу бәрібір ғылыми стильдің

негізгі талаптарына сәйкес келеді, оның бойынан осы функционалды стильдік басты өзіндік ерекшеліктері табылады, өйткені ол терең стильдік қабатты, іргетасын құрайды.

Сонымен, кез келген нақты сөйлеу белгілі бір функционалды стильдің нормаларына сәйкес жүзеге асырылады және сол стильге тән екенін көрсетеді. Дегенмен, оның осы стильдік қырларының көрінуімен шектелмеуі де мүмкін. Тіпті, барлық «үстеме» белгілер негізгі белгілермен қарама-қайшы келмей, бір тұтастықты құрауы мүмкін. Бұл сөйлеу бойында бірнеше стильдік белгілердің болуына жетелейді. Демек, функционалды стиль күрделі – «көпқабатты» және тармақты бола тұра, өз тұтастығын да сақтай алады.

Әрбір функционалды стильдің өзіндік белгілері болады, олар тілдік бірліктердің белгілі бір түрлерінен және сол стильдің өзіне тән жүйелік ерекшеліктерінен құралады. Алайда, ол ерекшеліктер көп емес және кейбір жақтарынан бірнеше стильге ортақ та болып келеді. Функционалды стильдерге тән стильдік белгілерге дұрыстық, дәлдік, бейнелілік, қисындылық, анықтық, мәнерлілік, дерексіздік, көп мағыналылық, бір мағыналылық, стандарттылық жатады. Бұлардың кейбірі қай стильге жататынына қарамастан жалпы нормативтік сипатқа ие. Мысалы, кез келген сөз дұрыс, анық, қисынды, дәл, белгілі дәрежеде мәнерлі болуы тиіс. Бұлар – жалпы әдеби тіл нормасына қойылатын талаптар. Бірақ олардың кейбірінің мәні функционалды стильдердің түрлеріне қатысты бірдей сипатта түсіндірілмейді, бір стильдегі бір белгі екінші стильдегі сол белгіге сәйкес келмейді. Басқаша айтқанда, әр стильдің өзінің дәлдігі, өзінің қисындылығы, өзінің бейнелілігі бар, белгілі дәрежеде олар бір-біріне қарама-қарсы да қойыла алады.

Мысалы, көркем сөз стиліндегі дәлдікті ісқағаздарындағы дәлдікпен бірдей деп қарауға болмайды. Көркем сөздегі дәлдік – образды бейнелеудегі дәлдік, бұл тұста ол шеберлікпен астасып жатады. Көркем шығармадағы сөз мазмұнын әр оқырман өзінше түсініп жатуы қалыпты жағдай, тіпті, мұны сол сөздің көркемдігі деуге болады. Ал, ісқағаздарындағы дәлдік – бұл сөздің бәріне ортақ бір ғана мағынада жұмсалуды. Мысалы, заң мәтінінде

сөзді өзге мағынада түсіну немесе түсіндіру адам тағдырын шешуде зардабы ауыр жағдайларға әкеліп соқтыруы мүмкін. Сол сияқты ғылыми стильдің де өзіндік дәлдігі бар. Мысалы, белгілі бір ғылыми теорияны әртүрлі көзқарастағы адамдар әртүрлі түсіндіреді. Ғылымда ғылыми зерттеулердің нәтижелерін сыни көзқараспен қабылдап, оны тәжірибе арқылы сынақтан өткізу, содан кейін бұлтартпас қағида ретінде ұсыну қажет.

Стильдік белгі ретіндегі қисындылықты да әртүрлі түсінуге болады. Жалпы, қандай сөз болмасын қисынды болу керектігі түсінікті, алайда көркем сөзде бұған қарама-қарсы келетін жағдайлар да болуы мүмкін, мұндағы қисындылық тағы да көркем бейнемен, оның сомдалуындағы қисындылықпен, шеберлікпен байланысты. Ал, ғылыми шығарманың қисындылығы бұлтартпас дәлелге, бірінен бірі туындап отыратын шындыққа құрылатындықтан, ғылыми мәтіннің тілдік құрылымы да соған сәйкес келетін лексикалық, синтаксистік бірліктерден таңдалып, сұрыпталып алынады. Іс-қағаздарына келетін болсақ, оның мазмұны талқылауға, дәлелдеуге емес, орындалуға тиіс талап-тілектерге, міндеттілікке құрылатындықтан, ондағы қисындылық та мазмұны жағынан болсын, бейнелеу тәсілдері жағынан болсын басқаша сипатта болады.

Бейнелілік туралы да осыны айтуға болады. Көркем сөздің бейнелілігі – эстетикалық сипаттағы, дараланған, ешқашан қайталанбас нақты бейнелілік. Ғылым тіліндегі бейнелілік пен көркем әдебиеттегі бейнелілік табиғаты мен қызметі жағынан екі түрлі. Ғылыми танымға бейнелілік о бастан тән, бейнелі ойлау – ғылыми шығармашылықтың айнымас қасиеті. Алайда, көркем сөздегі бейнеліліктің ерекшелігі – ол типтенген, жалпыланған, дерексізденген сипатқа ие. Қоғам мен табиғаттағы жалпы заңдылықтарды ашатындықтан, ғылым тіліне нақтылық, жекелік, даралық сияқты белгілер тән емес, бұл – ғылыми стильдің ерекшелігін құрайды. Әрине, әртүрлі ғылым салалары өкілдерінің ішінде тілі даралық сипатқа ие, бейнелі, көркем тілде жазатын ғалымдардың да болатынын айту керек. Ол ғалымдардың өздерінің мүмкіндіктеріне байланысты.

Әдетте, функционалды стильдер жоғарыдағы белгілердің бірінде бар, бірінде жоқ болуымен, олардың бір-біріне қарама-қайшы қойылуымен сипатталады, соған орай бір-бірінен ерекшеленеді. Сонымен қатар, функционалды стильдердің ерекшеліктері стильдік белгілердің иерархиялық қатынасымен, бастапқы және кейінгі, негізгі және қосымша дәрежелі болу сипаттарымен анықталады. Мысалы, іс-қағаздарында дәлдік, міндеттілік сипат негізгі де алғашқы белгілердің қатарында болса, шаблонға құру, тұрақтылық, маңыздылығы кем болмағанмен, екінші дәрежелі стильдік белгі. Соңғысы қоғамдық сана ретіндегі іс-қағазы түрінің өзіне тән емес, бірақ оның пайда болуының алғышарты ретінде қаралады. Өйткені стандарттылық, тұрақтылық ісқағаздарын жүргізуді жеңілдетеді, сондықтан ол қажеттіліктен пайда болған. Осы жағдай ісқағаздары мәтінінің тілдік ерекшеліктерін де қалыптастырған.

Жоғарыда айтылған жайлар әр стильге тән тілдік белгілерді, бір жағынан, тілден тысқары жағдайлармен, екінші жағынан, оларды белгілеуші тілдік құралдармен байланыстыра қарау қажеттігін көрсетеді.

## **2.2 Ресми-іскерлік стиль**

### **2.2.1 Ресми-іскерлік стиль, оның даму, қалыптасу кезеңі**

Тілдік стильдер өзінше ерекшеленетін және сонымен қатар олардың кейбірінің басқа стильдерде де қолданылатын белгілердің жиынтығымен сипатталады. Қазіргі әдеби тіліміздегі өзіндік дербес стилистикалық-функционалдық ерекшеліктерімен қатар, басқа стильдермен ортақ белгілері де бар стильдің бір түрі – ресми-іскерлік стиль. Ол қоғамдық әрекеттегі әкімшілік-құқықтық қатынастарды қамтамасыз етіп, заң, бұйрық, жарлық, өкім, жарғылар, келісімдер, кесімдер мәтіндерінде, түрлі құжаттарда (анықтамалар, куәліктер, сенімхаттар және басқалар), мекемелердің іскерлік хат алмасуларында қолданылады. Орыс тілінде «официально-деловой стиль» [27;28] деген терминге ие бұл стиль қазіргі қазақ тіл білімінде түрліше атаулармен беріліп жүр: іс-қағаздары стилі мен ресми стиль [9], кітаби-жазбаша

стиль (іс-қағаздары мен ресми құжаттар) [29], ресми стиль [30], ресми-іскерлік стиль [15]. Біз осы аталғандардың ішінен бұл стильдің функционалдық-тілдік қызметіне, мағыналық-құрылымдық сипатына ресми-іскерлік стиль деген атау тура келеді деп есептеп, осы терминді қолдануды жөн санадық.

В.В.Виноградов тілдің қатынас, хабарлау, әсер ету сияқты маңызды қоғамдық қызметтерін ескере отырып, функционалды стильдердің өзіндік жіктемесін ұсынады: күнделікті-тұрмыстық стиль (қатынас қызметі), күнделікті-іскерлік, ресми-құжаттық және ғылыми стильдер (хабарлау қызметі), публицистикалық және көркем-беллетристикалық стиль (әсер ету қызметі) [31, 21]. Сондай-ақ, орыс тіл білімінен іскерлік сөйлеудің тілдің екі – ақпараттық (хабарлау) пен волонтеративті (бұйыру) функциясын жүзеге асыратынын да көреміз. Мысалы, анықтамаларда ақпараттар қамтылған болса, бұйрықтарда, қаулыларда – бұйыру, ал хаттамаларда – ақпарат та (тыңдалды, атқарылды), бұйыру да (қаулы етті, шешім қабылдады, ескерілсін, міндеттелсін, т.б.) кездеседі [32, 169].

Есеп беру мен құжаттауды талап ететін әкімшілік-құқықтық, әкімшілік-шаруашылық әрекеттердің саласында, сот істерінде сөйлеу екі жақты сипатқа ие болады да, оған мазмұнның нақтылығы мен сөйлеу құралдарының дерексіздігі (абстрактілік) тән.

Жазбаша ресми-іскерлік стильдің әлеуметтік қызметі аса маңызды және сан қырлы: ресми сөйлеу адамдардың қоғамдық қатынастарын қамтамасыз етеді, билік органдарының халықпен байланысын, мекемелердің, ұйымдар мен жекелеген әлеуметтік топтардың өзара әрекеттесімін, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени қатынас саласындағы халықаралық байланысты жүзеге асырады.

Мемлекеттік мекемелердің қаулылары, шешімдері, өкімдері, кәсіпорындар мен түрлі қоғамдық ұйымдардың кез келген құжаттары ресми стильдің талаптарына сәйкес жасалады. Бұл стиль, сондай-ақ қаржылық және материалдық құндылықтардың есебін, еңбек, өндіріс пен сауда саласындағы қатынастардағы өзара міндеттемелерді де қамтиды. Ресми-іскерлік стиль



басқару саласына қызмет етеді. Бұл – мемлекеттің өз азаматтарымен қатынасы немесе өздері белгілеген ресми құқықтар мен міндеттемелерге негізделген «лауазымдардың қатынастары» [28, 58]. Ол тілден біркелкі атаулар мен сөйлеудің дәлдігін, мағыналардың абстракциялануын, сөйлеудің бұлтартпау мен хабарлау міндеттемелерін, толық объективтілікті, эмоциясыздықты, жанама императивтілікті талап етеді. Бұл сөйлеудің тек жазбаша формасының басымдығы мен оның салдарынан туындайтын ерекше іскерлік терминдерді кең қолданудан, сөйлеу құрылысындағы талдаудың үстемдегінен, логикалық синтаксисінің күрделілігінен, сөйлеудің стандарттылығының белсенділігінен және т.б. белгілерінен көрінеді.

Ресми-іскерлік стиль адамның қажеттілігіне бүкіл ғұмыр бойы, дүниеге келгеннен бастап өмірден өткенге дейін қызмет етеді. Адам өмірге келгенде – алғашқы құжат, туу туралы куәлік беріледі. Ары қарай – жеке куәлік, орталау, орта, арнайы-орта білім туралы куәлік, әртүрлі анықтамалар, т.б.

Ресми-іскерлік стильдің әлеуметтік қызметі аса маңызды, әр алуан. Ол азаматтардың қоғамдық қатынастарын, билік органдары мен халықтың, мекемелер, ұйымдар мен жеке топтардың өзара және көпшілікпен, халықаралық байланыс аясындағы саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени және т.б. байланыстарды реттейді. Мемлекеттер, мекемелер, азаматтар және азаматтар мен мемлекет арасындағы қоғамдық қатынастарды қамтамасыз ету барысында ресми-іскерлік стиль іскерлік келісімге қол жеткізуге мүмкіндік береді немесе әртүрлі мәселелер бойынша әр тараптың ұсынған бағытын білдіреді.

Ресми-іскерлік стильге мемлекеттік актілер, түрлі заңдар, жарғылар, үкімет орындарының қаулылары, Елбасының жарлықтары, халықаралық шарттар мен ноталар және әртүрлі мекемелерде жүргізілетін жазбаша құжаттар жатады (өтініш, сенімхат, қатынас қағазы, мінездеме, хаттама, анықтама, өмірбаян және т.б.). Өмірдің практикалық талаптарын қамтитын ресми-іскерлік стиль – құқықтық қатынас жүйесіне – ісқағаздарын жүргізу, сот ісін жүргізу және заң шығаруда қызмет етеді. Ол мемлекеттік

актілерді, халықаралық құжаттарды, іскерлік және ресми хат жазуларды тек қана жазбаша формада жүзеге асырады.

Тіліміздегі ресми-іскерлік стильдер өз бастауын XVII ғасырдағы қазақтың хан, сұлтан, билерінің орыс империясы мен басқа да көрші мемлекеттердің әкімшілік орындарына және бір-біріне жазысқан әрқилы сипаттағы қағаздары мен хаттарынан алады. Бұлар көбіне өтіну, ескерту, мәлімет беру сияқты құжаттар мен хаттар болып табылады. Тіл жағынан алғанда, бұл құжаттар арнаулы кеңсе тілінің үлгілеріне жатады. Мұнда татар тілінің элементтері басым болып, Орта Азия тілдеріне тән архаизмдер мен арабизмдер кең қолданылады. Аталмыш құжаттардағы сөздердің басым бөлігі қазақ тілінікі емес, онда ортаазиялық әдеби тіл мен татар тілінің элементтері қамтылады. Грамматикалық формалар да ортағасырлық түркі жазба тілдерінің нормаларына тән. Сондай-ақ, бұл құжаттардағы тағы бір стильдік белгі – әрбір сатыдағы әкімдерді дәріптеп атайтын тұрақты эпитеттердің қолданылуы шарт болды. Мысалы: бийук мартабалу, ғизатлу, хурматлу, шафағатлу, т.б. Дегенмен осы тұста көптеген жаңа ұғымдардың атаулары пайда болып, тұрақтана бастады. Мысалы: *саудагер – купец, мал – товар, елші – посланец, депутат, Сахара – степь, әкім – начальник, аманат – заложник, тұтқын – пленник және т.б.* [33, 240].

XIX ғасырдың II жартысында қазақша ресми-іскерлік стиль тілдік, стильдік жағынан біршама тұрақталып, өз алдына жеке дербес стиль болып қалыптасты. Ол бұрынғы ресми құжаттар мен ресми хат-хабарлар тілінің негізінде дамыды. Біраз өзгерістерге ұшырап стильдік жағынан жетілді. Ең алдымен, бұл стильді көрсететін үлгілердің түрлері мен адресаттары өзгерді. Бұрын сөз болып отырған жанр материалдары негізінен ресми хаттар, арыздар, шағымдар және патша өкіметі тарапынан жергілікті билеушілерге жіберілген бұйрықтар түрінде болса, енді бұл аталғандармен қатар патша өкіметі тарапынан жазылған бұйрық-жарлық, нұсқау, ереже, үндеу сияқты іс қағаздар үлгілері көбейе түсті және олардың барлығы дерлік аударма болып келді. Бұл ресми қағаздардың бірқатары хан, аға сұлтан сияқты жеке адамдарға емес, көпшілікке арналған мазмұнда болып келгендіктен,

олар мерзімді баспасөз бетінде немесе жеке басылым болып жарияланатын болды. Осы бағытта сол кезде шығып тұрған «Түркістан уалаятының газеті» мен «Дала уалаятының газеті» сияқты бұқаралық ақпарат құралдары ерекше рөл атқарады.

Академик Р. Ғ. Сыздықова осы кездегі ресми және іс қағаздар стиліндегі материалдарды мазмұны мен адресаттарына қарай бірнеше топқа жіктейді. Ең алдымен, патша үкіметі (ең жоғарғы органнан бастап жергілікті әкімшіліктерге дейін) тарапынан жазылған бұйрық-жарлықтар (указы, распоряжения, указы), ережелер (положения), екінші топты заң, сот істеріне байланысты ереже, бұйрық, анықтама, т.т. құрайды. Үшінші топта ресми орындарға жеке адамдар жазған арыз, хабарлау сияқты материалдар қаралуға тиіс [33, 245]. Бұл кездегі ресми іс-қатынас, кеңсе қағаздарының барлығына тән стильдік, тілдік ерекшеліктері қалыптасты. Олардың бірі – қазақ қолданысындағы осы стильдің бұрыннан келе жатқан дәстүрін сақтау, яғни ортаазиялық жазба тіл элементтерін кеңінен пайдалану болады. Мұндай «түркі» тіліндік сипат аталмыш стиль мәтіндердің орфографиясында, сөз таңдауда, морфологиялық тұлға-тәсілді пайдалануда, тіпті синтаксистік құрылымында да көрінеді.

XX ғасырдың басында қазақ мерзімді баспасөз құралдарының дамуына байланысты ресми-іскерлік стиль лексикасы, орфографиясы, морфологиялық құрылымы жағынан нормаланып, жетіле түсті. Дегенмен ортағасырлық түркілік элементтер әлі де болса негізгі қызмет атқарып келді. Тек Қазан төңкерісінен кейін ғана қазақ тілінде іс жүргізу қолға алынып, тіл тазалығы үшін үлкен күрес басталды. 1923 жылдың 22 қарашасындағы Орынборда жарияланған Тіл туралы декретте қазақ, орыс тілдеріне бірдей мемлекеттік тіл мәртебесі берілді. Қоғам қайраткері С.Оразалинов: «осы бір баптың кейіннен қазақ тілінің өрісін тарылтып, маңдайына сор болып жабысқанын», – ашына жазады. Бірақ бұл кездегі құжаттарда қазақ тілінің мәртебесін көтеретін көптеген шаралар да белгіленді. 1924 жылдың 26 маусымында Еңбек халық комиссариаты «орыс қызметкерлерін қазақ немесе қазақ тілі мен жазуын білетін қызметкерлермен алмастыру жөнінде» хат жіберіп, «Мемлекеттік мекемелер мен

кәсіпорындарда қазақ тілінде іс жүргізуде жұмысшылар мен қызметкерлердің санын молайту және қазақ тілі мен жазуын білетін мамандармен алмастырудың тәртібін күшейту жөнінде» қаулы қабылдайды. Сондай-ақ, БКП (б) Қазақ өлкелік комитеті 1933 жылдың 4 сәуірінде батыл қадамға барып, төмендегі жоғарғы мемлекеттік мекемелердің қазақ тіліне көшуін жоспарлайды:

- 1) ҚазОАК;
- 2) Ағарту халкомы;
- 3) Денсаулық сақтау халкомы;
- 4) Әділет халкомы;
- 5) Жұмысшы-шаруа милициясы.

Осы қаулыны жүзеге асыру барысында ҚазОАК мен ХКК түрлі ынталандыру шараларын да қолданған. Мәселен, қазақ тілінде еркін сөйлейтіндерге 10%, іс жүргізе білетіндерге 15% үстеме ақы төленсе, ал жоғары оқу орындарында қазақ тілінде дәріс оқитын оқытушылардың еңбекақысына 25% қосымша қосылған. Тіпті, 1934 жылы Орталық Атқару Комитетінің «Қазақ мектептерінен басқа мектептерде қазақ тілін міндетті түрде оқыту жөніндегі» қаулысы да шығады. Осы құжаттарды іске асыру барысында қыруар шаруа атқарылып, қазақ тілінде іс жүргізу қолға алынды. Қазақ тілі ортағасырлық түркілік элементтерден тазартылып, лексикалық тұрғыдан дамып, біраз терминдер атау ретінде қалыптасты. Сондай-ақ, морфологиялық тұлғалар мен синтаксистік құрылымы жағынан бір ізге түсіп нормаланды. Бұл тұрғыда, әсіресе, қазақ тіл білімінің алғашқы ғылыми негізін қалаған белгілі қоғам қайраткерлері А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, Х. Досмұхамбетұлы, т.б. сияқты тұлғаларды ерекше айтуға болады. Алайда бұл жұмыстар түрлі әлеуметтік-саяси себептердің салдарынан сыйыркұйымшақтанып, қазақ тілі ескерусіз қалды. 1941 жылы 1 тамызда жоғарыда аталған жеңілдіктерді қайтып алу жөнінде қаулы шықты. Осыдан кейін-ақ, қазақ тілінің көші түзеле қоймады. Қазақ тіліне төніп келе жатқан қауіпті алғашқылардың бірі болып, даңқты батыр Б.Момышұлы байқады. Батырдың қырағы көңілі мен көреген ақылы 1944 жылы елде болған аз ғана күнде осы қатерді нақ басып

тани білді және оған деген өз қарсылығын жариялап та үлгерді. Қазақтар арасындағы тілдік бөліну, міне, осы жылдардан-ақ бастау ала бастады.

Ал 1955 жылы 4 маусымда Министрлер Кеңесі Төрағасының Жарлығымен ҚазССР Оқу министрлігінде орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін міндетті түрде оқытудан босату жөнінде нұсқау берілген. Бұл онсыз да халі мүшкілге айнала бастаған қазақ тіліне шығарылған қатаң үкім еді. Осыдан кейін-ақ солтүстік облыстардағы мыңдаған қазақ мектептері жабыла бастады. Дегенмен, 1957 жылы ҚазССР Министрлер Кеңесі қазақ тілінде іс жүргізу жөнінде тағы да қаулы қабылдайды. Бұл іс те әуелде қызу қолға алынады да, кейіннен бәсең тартып, жетпісінші, сексенінші жылдары мүлдем тоқтап қалады. Оған қатал жүйе жүргізген, бұра тартқан солақай саясаттың ықпалы тимей қалмағаны анық.

Қайта құру жылдары елімізде қос тілділік саясаты белең алды. «Қос тіл – қос қанатың» деген жалған ұранды жалаулатқан біршама ресми құжаттар қабылданады. Мәселен, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Министрлер Кеңесі 1987 жылдың 3 наурызында орыс тілі мен қазақ тілін оқытуды жақсарту туралы екі қаулы мен 1989 жылдың 15 тамызындағы осы қаулылардың орындалуы туралы тағы екі қаулы қабылдайды. Алайда, бұл қаулылардың бойынан орыс тіліне деген басымдық пен ішбұрушылық айқын сезіліп тұрды. Үкіметтің бұл ашық ұстанымы қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтіп, өркендеуіне жол бермеді.

Міне, осындай ұзақ жылдарғы қара түнектен кейін қазақ тіліне деген жарық сәуле алғаш рет 1989 жылы түсті. Осы жылы 22 қыркүйекте «ҚазССР-індегі Тілдер туралы Заң» қабылданды. Көптеген айтыс-тартыстан, ұлтжанды азаматтарымыздың табанды талабынан кейін осы Заңда «Қазақ тілі – ҚазССР-нің мемлекеттік тілі» болып жарияланды. Бұл – ұлт жанашырлары мен халықтың сол кезеңдегі саяси-әкімшілік, психологиялық-моральдық жағынан үлкен жетістігі мен жеңісі және ірі қуанышы еді.

Осылайша шеттетіліп, қолданылуы жағынан шектеліп қалған тілімізге 1989 жылы мемлекеттік тіл мәртебесі берілгенімен, ана тіліміздің еңсесінің көтеріліп, мемлекетіміздің төріне шық-

қаны тек еліміздің тәуелсіздік алғанынан кейін болды. Еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін де ана тіліміздің мемлекеттік тіл ретінде дамуы мен нығаюына бағытталған көптеген ресми құжаттар қабылданды. Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы Тілдер туралы» Заңында (11 шілде 1997 ж.) «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі» деп атап көрсетілді. Сондай-ақ, қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесін нығайту мен дамыту мақсатында «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатының тұжырымдамасы» (4 қараша 1996 ж.) мен Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (7 ақпан 2001 ж.), Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (2011ж.) қабылданды.

Елбасы Жарлығымен 1997 жылдың 11 шілдесінде бекітілген Тіл туралы Заңның 4-бабында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және ісқағаздарын жүргізу тілі.

Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы», – деп, ана тіліміздің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесі құқықтық тұрғыдан толық негізделген.

Осы ресми құжаттардың нәтижесінде қазіргі кезде мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелерде мемлекеттік тілдің қолданылу аясының біршама өсіп келе жатқаны байқалады. Ата Заңымыз да мемлекеттік тілді құрметтеуге, оны еліміздің ішкі, сыртқы саясатында қолданысқа енгізуге және мемлекеттік тілде іс жүргізуге міндеттейді.

### **2.2.2 Ресми-іскерлік стильдің тілдік белгілері**

Ресми-іскерлік стиль қызметінің ерекшеліктеріне қарай оның тілдік ерекшеліктері қалыптасады. Оның мазмұндық-жанрлық жағынан сан қырлылығына қарамастан, ол стильге ортақ талап-

тар мен белгілер туралы да айта аламыз. Ресми-іскерлік стильдің басты белгілері – дәлдік, міндеттеу, ықшамдылық, нақтылық болып табылады. Ықшамдылық баяндаудың тұтастығынан, тілдік құралдарды тиімді пайдаланудан, ал нақтылық болған іс-әрекетті нақты, ешқандай эмоциясыз баяндаудан көрінеді. Әсіресе, заң мәтіндерінде қылмыс түрлеріне сәйкес қолданылатын жаза түрлері түсіндірілгенде, жаза белгілеудің қылмысқа қатысты шарты анық та нақты болуы тиіс.

Дәлдік барлық сөздердің тек тура мағынасына сәйкес қолданылуы арқылы жүзеге асады. Ол заң мәтіндерінің басқаша ұғынылуына жол бермейді. Дәлдік арнайы терминдерден және термин емес сөздердің мағыналық тұрақтылығы мен нақтылығынан көрінеді. Терминдер көбінесе мынадай ұғымдарды білдіреді: а) құжаттардың атын: қаулы, хабарландыру, хаттама, анықтама, т.б.; ә) жеке тұлғаның кәсібін, тұрмыс жағдайын, атқаратын қызметін, әлеуметтік дәрежесін білдіретін атаулар: сот, тергеуші, куәгер, директор, оқытушы, қорғаушы, айыпталушы, талапкер, студент, оқушы, азамат, т.б.; б) іс жүргізу қызметтерін: жауап алу, сараптау, тергеу, тінту, т.б. Дәлдікке ұмтылу синонимдік қатардың қолданылу мүмкіндігін шектейді, өйткені олар кейде мағыналық реңктердің өзгеруіне әкеп соқтырады. Сондықтан бір сөздің, әсіресе арнайы терминдердің жиі қайталануы іскерлік қатынасқа тән ерекшелік болып табылады. Құқықтық нормалар тұжырымдарының дәлдігі мен оларды түсінудің абсолютті бірізділігі – заң мәтіндерінің мұраты. Ол заңның реттеуші қызметінің еш кедергісіз орындалуына мүмкіндік береді. Керісінше, бұл тұжырымдардың көмескілігі, әртүрлі түсінуге жол берілуі оның беріктігі мен беделін төмендетеді. Мұның нақты мысалын «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Заңның кейбір баптарынан кездестіруге болады. Мысалы:

9-бап. Мемлекеттік органдар актілерінің тілі

Мемлекеттік органдардың актілері мемлекеттік тілде әзірленіп, қабылданады, қажет болған жағдайда, мүмкіндігінше, басқа тілдерге аударылуы қамтамасыз етіле отырып, оларды әзірлеу орыс тілінде жүргізілуі мүмкін.

10-бап. Құжаттама жүргізу тілі

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесінде. Ұйымдарында, меншік нысанына қарамастан, статистикалық-есеп, қаржы және техникалық құжаттама жүргізу мемлекеттік тілде және орыс тілінде қамтамасыз етіледі.

Бұдан, 9-баптағы кейбір тілдік құралдардың дұрыс қолданылмауынан көптеген қайшылықтарды көруге болады. Мәселен, аталмыш бапта «қажет болған жағдайда, мүмкіндігінше, басқа тілдерге аударылуы қамтамасыз етіле отырып» деген көсемшелі оралым бар, алайда оның қандай қажеттілік жағдай екені анық көрсетілмеген және мүмкіндік деңгейінің шегі де белгісіз, сондай-ақ, басқа тілдердің қандай тілдер екені нақтыланбаған. Егер әлемде бес мың тіл бар екені рас болса, сол тілдердің барлығына аудару қажет пе?

Ал 10-баптағы тілдік қолданыс кейбіреулерді «құжаттама жүргізу тілі екі тілде де (мемлекеттік және орыс тілінде) қатар болуы міндетті», – деген түсінікке жетелесе, енді біреулеріне «екеуінің бірінде (мемлекеттік тіл немесе орыс тілі) болса жеткілікті», – деген ұғымға жол береді, ал үшіншілері «құжаттама жүргізу тілі тек мемлекеттік тілде ғана жүргізіледі де, қажеттілік болған жағдайда ғана орыс тіліне аударылады», – деп түсіндіреді.

Біз бұл мысалдардан заң мәтіндеріне қойылатын талаптардың өрескел бұзылғанын көреміз. «Мүмкіндігінше», «мүмкін» деген сөздердің өзі екіұштылық реңкті білдіреді. Ал ол өз кезегінде экспрессивтілік пен субъективтілікті туғызады. Заң мәтіндерінде экспрессивтілік пен субъективтіліктің қандай да элементтері болған жағдайда заң бұрмалауға икемді болады.

Сондай-ақ, заң тілі міндеттеу, мәжбүрлеу қызметін де атқарады. Қатынастың бұл түрінде ерікті білдірудің тілдік тәсілдері мен құқықтың реттеушілік функциясының жүзеге асырылуы – ресми-іскерлік стильдің маңызды қасиеттерінің бірі. Императивтілік пен бұйрық-міндеттілік мағына да бұл салада қолданылатын кез келген тілдік бірліктерге тән сипат болып табылады.

Ресми құжаттардың тұжырымдылығы мен айқындылығы, нормалануы мен стандартталуы да міндетті. Аталмыш стильде сөйлеу құралдары жиі қайталануы мен біркелкілігімен сипат-



талады, ол сонысымен тілдік шаблондардың қолданылуының құнарлы ортасына айналады. Шаблондар мен стандарттар – ресми-іскерлік стильдерге тән сипат. Олар ресми сөйлеу тақырыптарының қатаң белгіленуіне, шектеулілігіне, оның қолданылуының салыстырмалы түрде мардымсыздығы мен біртектестілігіне байланысты туындайды. Шаблондар мен стандарттар атауы, формасы мен мазмұны бойынша ұқсас құжаттарды рәсімдеуде жиі қолданылады. «Шаблон» ресми-іскерлік құжаттарда тіл мәдениетінің жауы ретінде емес, керісінше «қажетті» элемент ретінде қабылданады. Өйткені ол ойды анығырақ, қысқарақ, тіпті, кейде жалпыға түсініктірек етіп жеткізуге көмектеседі. Сондай-ақ, стандарттар іскерлік қатынасты жеделдету мен жеңілдетуге мүмкіндік береді. Демек, «кеңселік штамп» ресми-іскерлік стильдің толық меншігі мен қажетті белгісі болып табылады. Мұны біз кеңсе құжаттарында жиі кездесетін төмендегі түрлі оралымдардан көреміз: заңға сәйкес, белгіленген тәртіппен, міндеттелсін, орындалсын, тиісті шара қолданылсын, тиісті органдарға ескертілсін, мерзімнің аяқталуына байланысты, заң талаптарына сәйкес, т.б.

Сондай-ақ, ресми-іскерлік стильдің дербестігі оның коммуникативтілік қырынан көрінеді. Оны негізгі екі түрге, жанрға бөлуге болады: «заң тілі» мен «іскерлік қағаздар тілі». Заң тілі көлемді коммуникативтік белсенділікке ие емес, ол бұқаралық қатынастың тұрақты құралы бола алмайды: адамдар заңдарды орындағанымен, оларды өте сирек оқиды. Әдетте, заң тілін салыстырмалы түрде қоғамның аз бөлігі ғана тұрақты қолданады. Оның үстіне, заң тілі коммуникативті тұрғыдан біржақты: ол қатынас тілі емес, хабарлау тілі. Оны қабылдайды, түсінеді, алайда өте сирек қолданады және ол тілде сөйлемейді.

Іскерлік қағаздар тілі (бұйрықтар, қаулылар, өтініштер, т.б.) бұқаралық қолданыс пен коммуникативті белсенділікке ие, адамдар одан ақпарат алып қана қоймай, онымен шын мәнінде қатынас жасайды. Алайда, бұл қатынас жекелеген «лауазымдардың қатынасына» ғана бағытталған және ол қатаң реттеліп, программаланған. Адамдарға сөйлеу мәтіндерінің үлкен бөлігі сырттан беріледі, ал қалған бөлігі алдын ала болжамның

мөлшерлі баламасына бағынады. Ресми-іскерлік қатынас белгілі бір бланкілерсіз сирек жасалады, бұл қоғамды өнімсіз еңбектің көлемді мөлшерінен құтқарады. Алайда, осы процесс тікелей сөйлеу қатынасын минимумға шектейді. Сондықтан А.Н.Васильева ресми-іскерлік стильді өзге стильдердің қатарына «коммуникативтілігі төмен» белгісімен қою керек деп есептейді [28,60].

Ресми-іскерлік стиль түрлі мемлекеттік және қоғамдық қызметтер саласындағы құжаттардың жанры мен мазмұнына тікелей қатысты болғандықтан, оның лексика-грамматикалық белгілері мүлде біркелкі бола бермейді. Әрбір әкімшілік, әрбір сауда мен өндіріс саласының өзіндік ресми терминологиясы бар. Бұл терминдердің табиғаты ғылыми терминдерге қарағанда басқашалау, олар күнделікті-тұрмыстық қатынаста жиі қолданылатын болғандықтан, түрлі әлеуметтік-тарихи факторлардың әсерінен өзгергіш келеді.

Әртүрлі іскерлік жанрлардың синтаксисі де өзіндік ерекшеліктерге ие. Сондықтан заң мәтіндерінің синтаксистік құрылымы халықаралық шарттардан, әскери жарғылардың тілінен, хаттамалар мен өтініштердің тілінен өзгеше болуы мүмкін. Ресми-іскерлік стильге жататын құжаттар қызметі, жанры мен мазмұны жағынан әртүрлі болып келгенімен, олардың барлығына ортақ жалпы тілдік сипаты болады. Бұл стильдің жоғарыда аталғандардан бөлек төмендегідей тілдік белгілерін көрсетуге болады:

1. Лексика-фразеологиялық құрамы саяси-публицистикалық сипатта, әкімшілік терминдер мен күрделі терминдер және қысқарған сөздер түрінде болып келеді. Мысалы: *2012 жылғы 4 желтоқсанда Ашхабадта жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украинаның Министрлер Кабинетінің арасындағы 2010 жылғы 14 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Украинаның Министрлер Кабинетінің арасындағы Қазақстан Республикасының Украинадағы және Украинаның Қазақстан Республикасындағы дипломатиялық өкілдіктерін орналастыру шарттары туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттама ратификациялансын («ЕҚ»).*

2. Диалекті, жаргон және қарапайым сөздер қолданылмайды.

3. Эмоционалды сөздер, экспрессивтік бояу мен реңк мәнді жұрнақтар, одағай сөздер стильдің бұл түріне тән емес. Дегенмен, құттықтау мәтіндерде осы аталған тілдік бірліктердің барлығы дерлік еркін қолданылады. Мысалы:

Қызметтес әріптестеріңіз Сізді терең біліміңіз бен біліктілігіңіз, талабыңыз бен танымыңыз, талғам-түсінігіңіз, ізденімпаздық қасиеттеріңіз, ел мұқтажына деген шынайы елгезектігіңіз үшін құрметтеп, қадір тұтады.

Ғұмырыңыздың басым бөлігін мемлекетіміздің мерейлі биіктерден көрінуіне арнаған Сіздің, дархан да дана, кемел де кеңпейіл халқымызға алдағы уақыттарды да қалтқысыз қызмет ете беретініңізге сеніміміз мол.

Қадірменді .... ..!

Азаматтың қайраткерлік келбетінің кемеліне келіп, кемеріне шығар шағына жеткен Сізге қашан да абырой биігінен көріне беруіңізге деген тілектестігімізді білдіремін. Денсаулығыңыз зор, ырыс-дәулетіңіз мол болып, шаңырағыңыздан шаттық арылмасын, ұрпағыңыздың қызығын көре беруіңізді тілейміз. Тойыңыз тойға ұлассын!

4. Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі қатаң түрде сақталады. Мысалы: Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарын сотпен қорғауға құқығы бар.

5. Автордың субъективтік көзқарасы, қатынасы көрінбейді.

6. Жай сөйлем бір-бірімен өзара байланысты фактілердің бағыныңқылық жүйелігін толық бере алмайды. Сондықтан бұл стильде күрделенген сөйлемдер мен құрмалас сөйлемдердің барлық түрі кең қолданылады. Мысалы: Прокуратура мемлекет атынан Республиканың аумағында заңдардың, Қазақстан Республикасының Президенті жарлықтарының және өзге де нормативтік-құқықтық актілердің дәлме-дәл біркелкі қолданылуын, жедел іздестіру қызметінің, анықтау мен тергеудің, әкімшілік және орындаушылық іс жүргізудің заңдылығын жоғары қадағалауды жүзеге асырады, заңдылықтың кез келген бұзылуын анықтау мен жою жөніндегі шаралар қолданады, сондай-ақ республика Конституциясы және заңдарына қайшы келетін заңдар мен басқа да құқықтық актілерге наразылық білдіреді.

7. Бұл стильде сөйлемнің баяндауыш формалары, тұжырымдылық пен нақтылықты білдіру үшін көбінесе ырықсыз етіс пен бұйрық рай формасында қолданылады. Мысалы: Орындалсын, міндеттелсін, қаралады, білдіріледі, көрсетіледі, жауапқа тартылады, т.б.

8. Бұл стиль хабарлау сипатында жазылатындықтан, онда сұраулы, лепті сөйлемдер мүлдем кездеспейді десе де болады.

Көрсетілген лексика-грамматикалық белгілер ресми-іскерлік стильдің функционалды стильдердің дербес түрі ретінде қалыптасуына негіз болды.

### **2.2.3 Іс-қағаздар мен құжаттар және олардың түрлері.**

Ресми-іскерлік стиль жанрлық жағынан да сан қырлы. Орыс тіл білімінде кейбір авторлар оны атқаратын қызметі мен мазмұнына қарай үш шағын стильге жіктейді: заңнамалық (заңдар, жарлықтар, қылмыстық және азаматтық актілер, жарғылар, т.б.), дипломатиялық (нота, меморандум, коммюнике, конвенция, халықаралық келісімдер), әкімшілік-кеңселік (кесімдер, өкімдер, бұйрықтар, өтініштер, өмірбаяндар, т.б.) [2, 169], екінші бір ғалымдар тақырыбы мен жанрларының әркелкілігін ескере отырып, оны екі түрге жіктейді: ресми-құжаттық стиль, күнделікті-іскерлік. Біріншісіне мемлекеттік органдардың қызметімен байланысты заң құжаттары мен халықаралық қатынаспен байланысты дипломатиялық актілердің тілі жатады. Күнделікті-іскерлік стильге мазмұны мен жанры және тілдік құралдардың қолданылуына қарай, бір жағынан, мекемелер мен ұйымдардың арасындағы хат алмасуларды, екінші жағынан жеке іскерлік құжаттарды жатқызады [32, 33]. Қазақ тіл білімінде Д. Әлкебаева ресми-іскерлік стильді төрт жанрға жіктейді: заңнамалық (заң, қаулы, нормативті акт, ереже, т.б.), құқықтық (сот ережелері, айыптау хаттамалары, тінту, т.б.), әкімшілік (ереже, бұйрық, нұсқау, қызметтік хаттар, т.б.), дипломатиялық (келісімшарт, нота, конвенция, коммюнике, т.б.) [15, 86]. Осы тұжырымдарды саралай келгенде, ресми-іскерлік стильді атқаратын қызметі мен мазмұнына қарай үш топқа жіктеуге болады: заңшығарушылық, дипломатиялық және әкімшілік-кеңселік. Олардың әрқайсысының өз жанрлары бар.

Заңшығарушылық жанрлар заң шығару, қылмыстық әкімшілік және азаматтық іс жүргізу актілерін қамтиды. Ол жеке тұлғалардың өзара және азаматтардың мемлекет пен мекемелер арасындағы құқықтық қатынасты реттейді. Сондай-ақ, заң тілі міндеттеу, мәжбүрлеу қызметін де атқарады. Іс жүргізу актілерінің мақсаты – қандай да іс-әрекетті, құбылысты анықтау, сондықтан онда констатация (айғақты белгілеу) негізгі баяндау тәсілі болып табылады.

Заң мәтіндері дәлдік пен объективтілікті талап етеді. Мұнда құжатты жүргізуші тұлғаның субъективті пікірін білдіруіне ешқандай жол берілмейді. Объективтілік өз кезегінде ресмилікті туғызады. Онда ешқандай эмоция, ауыспалы мағыналы сөздер мен жаргон, диалекті сөздер қолданылмайды. Заңшығарушылық жанрды түрі мен сипатына қарай бірнеше топқа бөлуге болады: заңдар, мемлекеттік бағдарламалар, әскери жарғылар, Елбасының заңдық күші бар жарлықтары және т.б.

Дипломатиялық стильдер мемлекеттер арасындағы қатынаста қолданылатын құжат үлгілерін қамтиды да, төмендегідей жанрларға бөлінеді: меморандум, нота, коммюнике, халықаралық шарттар, т.б.

Коммюнике – халықаралық маңызы бар айрықша мәселе жөніндегі ресми мәлімдеме.

Меморандум – халықаралық қатынаста дипломатиялық талқылауға жататын мәселелерді байымдаған хат, алайда, қол қойып, мөр басылмаған хат.

Нота – бір үкіметтің екінші бір үкіметке жолдаған дипломатиялық үндеуі.

Әкімшілік-кеңселік стильге түрлі мекемелерде жүргізілетін құжат үлгілері жатады. Құжаттар қызметіне қарай жалпы және арнайы құжаттар деп бөлінеді.

Құжаттың атқаратын жалпы қызметіне төмендегілер жатады:

- ақпараттық, яғни кез келген құжат тиісті хабарды сақтау немесе қағаз бетіне түсіру қызметін атқарады;
- әлеуметтік, яғни кез келген құжат тиісті әлеуметтік қажеттілікті өтеу үшін толтырылады;

- коммуникативтік, яғни құжат әртүрлі қоғамдық құрылымдар арасындағы байланыс құралы;

- мәдени, яғни түрлі мәдени дәстүрлерді бекіту мен тарату құралы болу;

Құжаттың арнайы қызметіне мыналар жатады:

- басқару, яғни құжат басқару құралы;

- құқықтық, яғни қоғамдағы құқықтық нормалар мен қатынастарды бекіту және өзгерту құралы;

- тарихи-дерекнамалық қызметі, яғни құжат қоғамның дамуы туралы тарихи оқиғалардың қайнар көзі [34, 5];

Әкімшілік-кеңселік стиль бірнеше жанрлық түрге бөлінеді: өмірбаян, өмірбаян-резюме, есеп, сенімхат, қолхат, өтініш, мінездеме, хабарландыру, мәлімдеме, хаттама, қатынас қағазы, түсініктеме, қызметтік хаттар және т.б.

Өмірбаянға байланысты өзіндік стиль бар. Өмірбаянның әдеби-публицистикалық, саяси-шығармашылық және кеңсе орындарында құжат етіп тапсыратын түрлері болады.

Әдеби-публицистикалық өмірбаян әдеби-көркем шығарма түрінде жазылады. Мысалы, Абай туралы М. Әуезов, Сұлтанмахмұт туралы Б. Кенжебаев, Сәкен туралы Т. Кәкішев пен С. Қирабаев жазса, С. Сейфуллин, С. Мұқанов, Б. Момышұлы өз өмірлері туралы өздері жазды.

Саяси-шығармашылық өмірбаянды сол өмірбаян иесі емес, басқа біреу жазады. Бұған қоғам, әдебиет, өнер қайраткерлерінің өмірі мен қызметі туралы өмірбаяндар жатады. Мысалы, Ш. Уәлиханов, М. Әуезов, М. Шоқай, А. Байтұрсынов, Кенесары, Абылай, Т. Рысқұлов, Д. Қонаев және т.б. туралы жазылған өмірбаяндар.

Өмірбаянның кеңсе орындарына құжат етіп тапсырылатын түрі түрлі мекемелерде іс жүргізу құжаттары ретінде қолданылады. Оның қалыптасқан үлгісі болады және онда түрлі теңеулер, ауыспалы, экспрессивті мағыналы сөздер қолданылмайды.

Қызметтік хаттар. Хат басқару байланысының негізгі құралы болып табылады. Хабар-ошар алысу мекеме құжаттарының

жалпы көлемінің 80%-ын құрайды. Маңызы мен мазмұнына қарай хаттар бастамалы (хат-талап, хат-шағым, хат-ескерту, хат-хабарлама, хат-циркуляр, ілеспе хат) және жауап хат (ақпарат-түсінік, өтініш білдіру, тыйым салу хаттары) болып екіге бөлінеді.

Жоғары мекемелер мен ұйымдардан шығатын хаттар, негізінен, тапсырма беру, хабардар ету, ескерту, түсіндіру, сұрау салу түрінде жиі кездеседі. Бағынышты мекемелер жоғарғы орган-дарға жауап қайтарып, хабар береді, өтініш жазады.

Басқару жүйесіндегі қолданылатын кейбір хаттарға тоқталып түсінік берейік:

Өтініш хатта адресат белгілі бір істің атқарылуын немесе оның тоқталуын талап етеді, алайда, ол жөнінде жауап қайтаруға міндеттемейді.

Сұрау салу хатында белгілі бір мәселені түсіндіріп немесе фактінің болған-болмағанын растап жауап берілуге тиіс.

Шағым хатта автор шартты міндеттемелердің орындалмауы салдарынан орын алған шығындарды өтеуді талап етеді.

Ескерту хаттар адресат өзі атқаруға тиісті міндетін уақтылы орындамаған кезде жазылады.

Циркуляр хат – ведомствалық жағынан бағынышты барлық мекемелерге бір мезгілде жөнелтілетін хат. Олар, негізінен, тапсырма беру сипатында болады.

Ақпарат-түсінік хаттары дегеніміз – бұрынғы тапсырылған міндетті түсіндіруге, оның кейбір мәліметтері мен фактілерін нақтылай түсу мақсатында жазылатын хаттар.

Тыйым салу хатында салынған сұрауға мәселенің шешілмегені туралы жауап жазылатын болса, шешім хаттарында – мәселенің дұрыс шешілгені жөнінде мағлұмат хабарланады.

Ілеспе хат адресатқа құжатпен бірге оны орындау жөніндегі қосымша түсінік беруді талап ететін жағдайда жазылады. Онда негізгі құжат не үшін жіберілді, онымен не істеу керек және оны қанша мерзімде орындау қажеттігі көрсетіледі [35,169].

Қазақ тіліндегі ресми-іскерлік стильдер туралы зерттеулер, негізінен, оның жоғарыда көрсетілген үш жанрының біреуін, әкімшілік-кеңселік стильді ғана қамтиды. Ол мемлекеттік мекемелердегі іс жүргізуді жүзеге асырады, ал еліміздегі жекеменшік

кәсіпорындар мен коммерциялық мекемелер, банктер, қызмет көрсету орындары іс жүргізуді әлі де орыс тілінде жүргізіп келеді. Тіпті кейбір қызмет салаларында мемлекеттік тілде жазылған дайын бланкілер де жоқ. Ал заң мәтіндеріне келсек, өкінішке орай ол тек аударма тіл есебінде қалыптасып келеді. Бүгінге дейін бірде-бір заң қазақ тілінде дайындалып, талқыланған емес, ол әуелі орыс тілінде дайындалып, сосын барып мемлекеттік тілге аударылады. Дипломатиялық стильдің жағдайы бұдан да төмен. Егер қазақша заң мәтіндері күнделікті тұрмыста, қоғамдық қатынастарда жиі қолданылатын болса, дипломатиялық стиль тек қағаз жүзінде қолданылып келеді. Соңғы кездері қазақ тіліндегі заң мәтіндерінің стилистикасы туралы ғылыми зерттеулер аз да болса жарық көре бастаса, дипломатиялық стильдің тілдік-жанрлық ерекшеліктері мен ғылыми-танымдық негіздері туралы мәселелер әлі де өз кезегін күтіп жатыр.

Ішкі істер органдарында жүргізілетін құжат үлгілері. Заңгерлердің тергеу мен сот істерін жүргізу саласындағы қызмет өрісі іс бойынша айқын шешімдер мен белгіленетін бағыттарды қамтитын іс жүргізу актілерін жасаумен тығыз байланысты. Тергеу мен сот қызметі ойлау анықтығы мен логикалық қорытындылардың негізділігін талап етеді.

Ішкі істер органдарында жүргізілетін құжат үлгілеріне қылмыстық процесті жүргізуші органдар мен ресми тұлғалар өз құзіреттері шегінде және Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінде айқындалған нысанда көрініс табатын қылмыстық іс жүргізу құқығы шегінде жүргізілетін ресми құжаттар жатады. Мысалы: хаттамалар, қаулылар, шешімдер, қорытындылар, айыптау қорытындылары, т.б.

Алдын ала тергеудің ең маңызды актілерінің бірі – айыптау қорытындысы. Онда айыпталушының қылмыстық әрекеттері мен сол әрекеттің құқықтық бағасы беріледі, айыпталушының кінәлілігі туралы қорытынды шығарылады. Әрбір сот мәжілісі айыптау қорытындысын оқудан басталады. Сондықтан тергеуші осы істі жүргізу актілерін жазу барысында, оның залдағы қатысып отырған азаматтарға тигізер психологиялық әсерін жә-



не соттың тәрбиелік қызметін іске асыруына көмектесуі туралы ойлауы тиіс.

Үкім – айыпталушының кінәлілігі мен кінәсіздігі және оған жаза қолдану немесе қолданбау туралы мәселе бойынша бірінші сатыдағы соттың сот отырысында немесе апелляциялық соттың талқылауында шығарылған сот шешімі. Сот үкімі айыптаушы немесе ақтаушы болуы мүмкін.

Үкім маңызды іс жүргізу актісі болып табылады. Оның мәні қылмыстық сот ісін жүргізу актілері жүйесінде үкімнің сапасына соттың ерекше жауаптылығын анықтайды.

Қаулы – соттың үкімнен басқа да әртүрлі шешімдері, анықтаушының, тергеушінің, прокурордың қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу барысында қабылданған шешімдері.

Ішкі істер органдарында қолданылатын құжат үлгілерінің бірі – хаттама. Хаттама – қылмыстық процесті жүргізуші орган жасаған іс жүргізу әрекеті көрсетілген құжат үлгісі. Оның төмендегідей түрлері кездеседі:

1. Жауап алу хаттамасы
2. Тергеу іс әрекетінің хаттамасы
3. Тінту немесе алу хаттамасы
4. Қылмыстық іс материалдарымен таныстыру хаттамасы
5. Эксгумацияның хаттамасы және т.б.

Әрбір хаттаманың қызметі мен мақсатына қарай өзіндік ерекшеліктері болады. Соған орай әр хаттамаға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінде көрсетіледі. Мысалы:

Тінту немесе алу хаттамасы:

1. Тінту немесе алу жүргізетін адам осы кодекстің 203-бабында көзделген талаптарды сақтай отырып хаттама жасайды.

2. Хаттамада заттар мен құжаттар қай жерде және қандай жағдайда табылғаны, олардың ерікті түрде берілгені немесе мәжбүрлеп алынғаны көрсетілуге тиіс. Барлық алынған заттар хаттамада саны, мөлшері, салмағы, өзіндік белгілері және мүмкіндігінше бағасы дәл көрсетіле отырып жазылуы тиіс.

3. Егер тінту немесе алу жүргізген кезде алынуға жататын заттарды немесе құжаттарды жою немесе жасыру әрекеттері

жасалған болса, бұл хаттамада қолданған шаралар көрсетіле отырып жазылуы тиіс.

4. Тінту немесе алу хаттамасының көшірмесі олар жүргізілген адамға не оның кәмелетке толған отбасы мүшесіне, ал олар болмаған жағдайда тұрғын үй пайдалану ұйымының немесе жергілікті атқарушы органның өкіліне олардан қолхат алынып тапсырылады. Егер тінту немесе алу ұйымда жүргізілсе, онда хаттаманың көшірмесі оның өкілдеріне қолхат алынып тапсырылады.

Ішкі істер органдарында жүргізілетін әрбір ресми құжат үш бөліктен тұрады: кіріспе бөлім, сипаттама бөлім және қорытынды бөлім. Кіріспе бөлім жағдайға кіру жолын, жайын, сипаттама бөлім істің жайымен, дәлелдермен таныстырады, ал қорытынды бөлімде тұжырым айтылып, белгілі шешімдер қабылданады. Осылайша мағыналық басқыш пайда болады. Қаулы, айыптау қорытындысы, үкім, тергеу, тінту хаттамалары сияқты қылмыстық іс жүргізу актілері осындай композициядан тұрады.

## **2.3 Ғылыми стиль**

**2.3.1 Ғылыми стильдің жалпы сипаты, қолданылу өрісі мен қызметі.** Ғылыми стиль – кітаби-жазба стильдердің бір түрі. Бұған әр салада жазылған ғылыми шығармалар жатады. Ғылымда белгілі ұғымдардың, құбылыстардың, процестердің, заңдылықтардың, т.б. қасиеттердің арақатынасын зерттеу нәтижесінде бұрын белгісіз жаңа ұғымдар дүниеге келеді. Ғылым күнделікті шынайы болмыстағы құбылыстардың, жаңа ұғымдардың, табиғаттың қыры мен сырын терең зерттеп, көпшілікке танытады.

Ғылыми стильде зерттеу нысаны болған зат не құбылыс ғылыми негізде сипатталып, белгілі теориялық негіздермен дәлелденіп, логикалық жағынан негізгі ой мен құбылыстың байланысы нақтыланып, белгілі жүйеге құрылған хабарлы, өзекті, дәлелді, ой қисыны қорытындыланған ғылыми тұжырым жасалынады. Деректі ғылыми пікір дұрыстығын дәлелдеу үшін ой бөліктерінің жиынтық операциясы құрастырылып, ол белгілі

ғылыми жүйемен сұрыпталып ойлау заңының негізгі анықтама байламы шығады. Сондықтан ғылыми стиль мәтіндерінің басты ерекшелігі – оның белгілі заңдар мен қағидаларға сүйеніп, белгілі шарттылық ұғымын қанағаттандыру идеясын қамтиды, яғни бұрынғы қарастырылып отырған зат пен құбылысты дамытуға, түрлендіруге, басқаша сипаттауға, толықтыруға, теңестіруге, қарсылық жасауға, т.б. ой мен тұжырым негіздерін басшылыққа алады. Осыдан келіп логикалық тепе-теңдік, қарама-қайшылық, терісті теріске шығаруы, т.б. заңдармен негізделіп жасалынады.

Ғылыми тіл ғылымға қызмет етеді және ол белгілі бір ғылым саласы бойынша дайындығы бар адамдарға арналады. Оның негізгі қызметі – зат пен құбылыс, болмыстың заңы мен идеясы туралы объективті білімді өңдейді, олардың заңдылығын ашады. Ғылыми қатынастың өрісі ойдың дәл, логикалы, бір мағыналы берілуін талап етеді. Ғылымның мақсаты – заңдылықты ашу, заттар мен құбылыстардың жалпы ерекшелігін тауып, мәлімет беру. Ғылыми қатынас саласы сөйлеудің біршама дәл, логикалық, бір мағыналы жеткізілу мақсатымен ерекшеленеді. Ғылым саласында ойлаудың басты формасы түсінік болып табылады, ал ойлаудағы нақты тілдік көрініс бірінен соң бірі қатаң логикалық жүйелілікпен жүретін байымдау мен ой қорытындылаудан көрінеді. Мұндағы ой қатаң деректемелерге негізделеді, логикалық ойлау барысы ерекше айқындалады. Бұдан ойлаудың жалпылау мен абстракциялау сипаты шығады. Мұнда, бір жағынан, ғылыми таным процесінің ішіндегі ойлаудың сипаты мен бағытын, екінші жағынан – ғылыми шығармалардағы ойлау нәтижелерінің іске асуын айқындау қажет. Ғылыми мәтіндерде зерттеу кезеңімен салыстырғанда, қосымша «рәсімдеу» міндеттері туындайды (дәлелдеу тәсілдері, баяндау немесе талқылау, тарата түсіндіру дәрежесі, т.б.). Осыған байланысты сыртқы және ішкі сөйлеу кезеңдерінің өз сөйлеу фактурасы бойынша тілдік көрініске ұқсас болуы міндетті емес. Ойлаудың аталған сатылары мен олардың тілдік көрінісі арасында айтарлықтай айырмашылық жоқ. Алайда, ойлаудың соңғы сатысы (ғылыми жағдайда) ішкі емес, тек сыртқы сөйлеу арқылы жүзеге асырылады.

Ғылыми стиль – ғылыми негізде жасалатын өзіндік қалыптасу ұстанымдары бар, стильдік өңі ерекше әдеби тілдің бір тармағы. Оның қалыптасып, дамуы ғылыми-зерттеу жұмыстарының жүргізілуіне және ғылыми әдебиеттердің жазылуына байланысты. Мұны белгілі бір ұғым, мәселе турасындағы логикалық жағынан тұжырымдалған толық хабарлама десек те артық емес.

Ғылыми стильдің қолданылу аясы өте кең. Қоғамда күн санап қаулап өсіп жатқан ғылыми-техникалық өрлеу тілдің сөздік құрамына жаңа сөздер мен жаңа тіркестерді енгізді. Ипотека, инвестор, тендер, фермер, электрондық пошта, интернет, факс, аукцион, мемлекеттік пакет, акция, т.б. толып жатқан жаңа терминдер бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тілдік қолданысқа енді.

Ғылым күнделікті объективтік болмыстағы құбылыстардың, жаңа ұғымдардың, табиғаттың қыры мен сырын терең танытады. Ғалым өз ойын, өз қорытындысын ғылыми стильмен баяндайды. Әр ғылымның өзіне тән стилі, баяндау әдіс-тәсілдері болады. Ғылыми тілдің өзіндік ерекшеліктері мен терминдері бар. Өйткені тілдің мемлекеттік мәртебеге көтерілуі, негізінен, ғылыми-техникалық прогреспен тығыз байланысты. Ендеше ғылымы дамыған елдің ғылыми тілі де, стилі де жетіле түспек. Қазақ ғылымының тілі әлі де даму, жетілу үстінде. Ұлттық ғылыми тіліміз қалыптаспай тұрып, ғылыми тілде сапасы жоғары еңбектер жазылуы мүмкін емес. Бұл үшін, алдымен, ғылыми тілдің танымдық қызметін ашып, оның ана тіліміздің негізі, жалпы рухани байлығымыздың басты қазынасы екендігін терең пайымдау қажет. Дегенмен ғылыми стильдің өзіне тән тілдік ерекшеліктері туралы айтуға болады. Ол ғылыми стильдің сөз қолданысынан, қолданылу өрісінен, функционалдық қызметінен және т.б. қасиеттерінен көрінеді.

Лексикографтардың бақылауы бойынша, бұрын түсіндірмелі сөздіктердің материалдары көбінесе көркем әдебиеттен, біразы публицистикалық шығармалардан алынса, кейінгі кезде әлем тілдерінің дамуын ғылым тілі мен оның қоғамдық өмірдегі қызметіне байланыссыз айту мүмкін емес.

Зерттеуге қатысты әдістер мен оның ұжымдық сипаты,

ғылыми ойлау ерекшеліктері, ғылыми емес зерттеу әдістерінен өз нысанын қорғау – міне, осының бәрі ғылым тілінің қалыптасуына ықпал етеді. Ондағы ой қорытындысының, дәлдіктің, қисындылық пен ақиқаттың орны зор.

Ғылыми ұғымдар, абстрактілі ойлар орасан, сондықтан да ғылым тілі кейбір қарапайым дәлдіктерден алыс. Бұл ретте ғылым тілін көркем әдебиет тіліне мүлде қарама-қарсы қойып салыстыру орынды болмақ. Ғылыми танымның интеллектуалдық сипаты ғылыми мазмұнның тұжырымы мен белгілі бір тәртіппен баяндалуы ғылым тілінің, ең алдымен, қатаң қисындылығын тудырады сөзсіз. Бұл арада ғылыми стиль басқа да кітаби стильдер сияқты сөйлеу стиліне мүлдем қарама-қарсы. Ғылыми зерттеулердің басты қасиеті оның ұжымдық сипатында. Өйткені ғылыми ізденіс өзіне дейінгі ғылыми жетістіктерге сүйене отырып, өз мақсаты мен міндеттерін айқындап тұрады. Мұнда да ғылым тілі боямасыз ақиқатты көрсетеді. Ғылымды зерттеп отырған ізденуші автор басқа стильдерге қарағанда, мәселен көркем әдебиет, публицистика, сөйлеу стильдеріндегідей емес, өзінің «менін» алдыңғы орынға шығармайды. Ізденуші немесе автор үшін ең бастысы – өзінің ғылыми нысаны туралы, жасаған тәжірибесі мен ой қорытындысын ортаға салу, баяндау тәрізді ғылыми хабарлама жасау. Ғылым тілінде автор өз ізденісіне қатысты кездескен түрлі қиындықтар мен сезімдік жайттарды тіпті жақша ішінде де көрсете алмайды.

Ғылыми мәтіннің авторы мәтін түзгенде оқырманды өз ойына ортақ етіп, өз пікірін қостатуды мақсат етеді де, ақыр аяғында оқырманға ықпал жасау осыған кеп саяды. Осындай прагматикалық мақсат барлық ғылыми мәтіндерге тән. Мәтіндердегі ғылыми ақпарат пен идеяларды дұрыс қабылдауға тиімді жағдай жасау үшін ғылыми жұмыстарды жазудың ұзақ тәжірибесі мен беделі, сондай-ақ баспа орындарының реттеу жұмыстарының арқасында ғылыми стильдің түрлі жанрларында белгілі бір құрылымдық үлгілердің қалыптасуына ықпал етті. Әр автор өз шығармасының ғылыми стиль талаптарына сай болуын, оқырмандардың соған сәйкес қабылдауын ойлайды. Бұл да – прагматикалық зерттеу аспектісі.

Ғылыми стильдің экстралингвистикалық белгілері – дәлдік, абстрактілік, логикалық пен объективтілік. Дәлдік ғылыми стильдегі термин сөздердің қолданысынан көрінеді. Онда ғылыми терминдердің қолданылу мүмкіндігінің барынша кеңеюі ғылыми стильдің негізгі функционалды-стильдік бояуы – терминологиялық лексиканы қалыптастырады. Ғылымда, әсіресе, халықаралық терминдер көп қолданылады. Терминологиялық лексикада халықаралық терминдердің ерекше басымдыққа ие болуы – бір жағынан, ғылым тілінің халықаралық стандартталуға ұмтылуын көрсетсе, екінші жағынан ұлттық ғылым тілінің дамымай, артта қалғандығын да білдіреді. Терминологиялық лексиканы көп пайдалану арқылы дәлдікке ұмтылу оның көпшілікке түсініктілігіне нұқсан келтіреді.

Ғылыми стиль ойлау стилінің негізінде жасалынады, осыдан оның екі бағыты шығады: біріншісі – дискретті-логикалық; екіншісі – психологиялық. Олар ғылыми баяндаудың ерекшеліктерін анықтайды, ғылыми мәтіннің прагмастилистикалық табиғатын толық ашуға мүмкіндік береді.

Ғылыми мәтінде ойлау стилі дискретті-логикалық және қисындылық-біліктілікті көрсете отырып, білімді ғылыми еңбектің негізінде қажетті танымдық пайымдау ретінде жүзеге асырады. Ғылыми мәтінде жаңадан жаңа тудырып отыру міндеті тұрады, бірақ оның өзі логикалық жағынан аяқталмағандықтан, кейде өзінің жалғасын күтеді. Ғалымның жеке стильдік ерекшеліктерін құрау алдын ала келісіп алынған жағдайда өтеді. Ғылыми стильде жеке ғалым дискретті-логикалық немесе психологиялық-логикалық ойлау стилі ғылыми мәтіндегі барлық әдіс-тәсілдерді түгел пайдаланады. Автор өзінің дара стилінде, ғылыми дискретті логикалық стилінде құрылымдық талдауға көп көңіл бөледі, терминдердің саралануына маңыз бере отырып, шындықтың, болмыстың бейнелену нәтижесі іспетті терминдерді қалыптастырады, белгілі категорияларға бөлу тәртібін өте анық құрастырады, тілдің логика-семантикалық жағына көңіл бөле отырып, кесте-таблица, диаграммаларды дұрыс құруды басшылыққа алады.

Автор психологиялық-танымдық ойлау стилі арқылы ғылыми мәтінді нақты жүйелілік сипатынан ажыратады, әрқайсысы жеке қарым-қатынасқа түсіп, кейбір терминдер концептуалды метафора құруға икемділік танытады [15, 62].

Қазақ тіліндегі алғашқы ғылыми-көпшілік шығармалар ХІХ ғасырдың ІІ жартысында баспасөз беттері мен жеке кітаптарда жариялана бастады. Зерттеуші Б. Әбілқасымов мұндай әдебиеттің тұңғыш үлгісі деп Н. И. Ильминскийдің «Самоучитель русской грамоты для киргизов» деген кітабының соңында берілген қазақша үлгілерді көрсетеді. Ол мәтіндер география, тарих, табиғаттану салаларынан мағлұмат береді. Бұл стиль үлгілерін шағын мақалалар түрінде сол кезеңдегі қазақша мерзімді баспасөз беттерінен де табамыз. Осы кезеңдегі медицина, мал ауруы, шаруашылық мәселелеріне арналған жеке кітапшалар да жанры жағынан ғылыми-көпшілік әдебиетке жатады.

Бұл стильдің алдында хат танитындар арқылы қалың көпшілікке білім-ғылымның әр саласынан хабар беру және оны сол кездегі жұрттың сауаттылығы, білім дәрежесімен санасып, түсінікті, жеңіл, «жалпақ» тілмен білдіру мақсаты тұрды. Қазақ тіліндегі алғашқы ғылыми-көпшілік әдебиеттің осы мақсаты оның тілі мен стиліне ерекше әсер етті. Мұнда баяндаумен қатар, түсіндіру сипаты кең орын алады. Түсініктеме мәтіннің өз ішінде түпнұсқада болуы мүмкін, сонымен бірге, кейбір зат, ұғым, құбылыстардың не мәнін ашып, не қазақша баламасын келтіріп түсіндіру де кездеседі.

Жартылай ғылыми-көпшілік әдебиет үлгілерінің бірқатары орыс графикасымен жарияланды, олар: «1897 жылға қазақ үшін шығарылған календарь» (158 бет), Қазан университеті басынынан шыққан медицина тақырыбындағы «Трахома деген жанман көз ауру» (1898), «Егіншінің қызмет аты жайында» (Орынбор, 1899) сияқты кітапшалар. Бұлар орыс жазуын қазақ тілінің фонетикалық жүйесіне мүмкіндігінше сәйкестендіріп қолдану принципін ұстады.

Қазақ тіліндегі ғылыми-көпшілік әдебиет өзінің қалыптаса бастаған кезінен-ақ өзге жазба стильдерге қарағанда (публицистика, ресми-қатынас, эпистолярлық стильге) бірден «қазақы»

сипат ала дамыды деуге болады, яғни оның лексика-грамматикалық құрылысы қазақ тіліне негізделді. Бұл стильдегі үлгілер қазақ түсінігіне бейтаныс ғылым-білім ұғымдарын атауда көбінесе қазақ сөздеріне жүгінді немесе оны қазақы таныммен түсіндіруге тырысты.

**2.3.2 Ғылыми стильдің жанрлары мен құрылымдық ерекшеліктері.** Ғылыми мәтіндерді әртүрлі белгілері бойынша жіктеуге болады. Солардың ішінде басымдық танытатын үш негізгі белгі мыналар: 1) шығарманың көлемі; 2) мәтіндегі баяндау типтері; 3) мәтіннің кімге арналғандығы (адресат сипаты) [36,49]. Сондай-ақ, ғылыми стильді жазылу мақсатына қарай да екі түрге бөлуге болады: 1) белгілі бір ғылым саласындағы мамандарға арнап мамандар жазған таза ғылыми зерттеулер: ғылыми мақалалар мен баяндамалар, баяндама тезистері, монографиялар, авторефераттар және т.б.; 2) ғылымның әртүрлі салаларындағы жетістіктермен маман емес адамдарды таныстыратын ғылыми-көпшілік шығармалар. Бұл жөнінде акад. Р.Сыздық былай дейді: «... ғылыми әдебиет те таза ғылыми, яғни белгілі бір ғылым саласының мамандарына арналған және ғылыми-көпшілік, яғни қалың оқырман қауымына ұсынылған болып ажыратылады. Алдыңғысында ғылыми терминдер, олардың ішінде көпшілікке түсініксіздері молынан қолданылатын болса, ғылыми-көпшілік қолды әдебиетте жалпыға түсініксіздеу терминдер суреттеме жолымен (тіркестермен) түсіндіріліп беріледі...» [37, 175].

Ғалым С.Әлісжанов жанр туралы айтылған коммуникативтік-прагматикалық аспектілерді жинақтап, ғылыми тұжырымдарды талдай келе, жанрдың мынадай белгілерін көрсетеді:

а) жанр сөйленісті ұйымдастыру барысында нақты өмір сүретін прагматикалық категория;

ә) жанр функционалдық стильмен тығыз байланысты, өйткені жанрлық парадигмалар стильдік байланыста болып келеді және стильдік белгілерді сол прагматикалық белгілердің негізінде саралайды;

б) жанрлық түрлер тарихи сипатта, ол түрлі уақыт кесінділерінде қолдану дәстүрінің кеңейе түсуі арқылы қалыптасады,



орнығып жүйеленеді; белгілі бір функционалдық стиль аясында жанрлық түрді таңдау үш түрлі фактор арқылы жүзеге асады: сөйлеуші интенциясы, мазмұнның тілдік-логикалық қатыстылығы, мазмұнның композициялық құрылымы (рәсімделуі) т.т. [36, 47].

Ғылыми стильдің өзіне тән құрылымдық жүйесі болады. Олар: ғылыми мәтін, олардың құрылысы, авторлық бағалау, ғылыми зерттеудің мақсаты мен міндеттері, ғылыми мәтіннің құрылысының сыртқы элементтері, кіріспе, негізгі бөлім, әр бөлімнің түйіндемелері, қорытынды сияқты белгілі жүйелілік сатыдан тұрады. Олар ғылымның саласына қарай жанрларға бөлінеді: заң, математика, химия, медицина, физика, тіл білімі, әдебиет және т.б. Осыған орай стильдің лексикалық, кейде тіпті басқа да тілдік ерекшеліктері (грамматикалық, функциялық) пайда болады. Сонымен қоса сөйлеу түріне жанр да біршама әсер етеді.

Ғылыми стильдің ірі және шағын жанрлары да болады. Ірі жанрларына жеке автордың және ұжымдық ғылыми еңбектер жатады: диссертация, энциклопедия, сөздік, оқулық, оқу құралы. Ғылыми стильдің шағын жанрларына мақала, реферат, тезис, рецензия, т.б. жатады.

Ғылыми еңбектердің мазмұндық, акпараттық, деректемелік, эпистемиялық формасын беретін жанрлық түрлері де аз емес. Ғалым Д.Әлкебаева олардың қатарына төмендегілерді жатқызады:

- академиялық еңбек, жеке ғылыми еңбектер, монография, мақала, диссертация, тезис, хабарлама, реферативтік-реферат, шолу, түйіндеме;

- анықтама-энциклопедия, энциклопедиялық сөздік, анықтама сөздіктер;

- ғылыми-бағалағыштық рецензия, пікір, эксперт қорытындылары;

- полемикалық сөз дискуссиялары, ғылыми оқулық, оқу құралы, оқулық, лекциялар жинағы;

- ғылыми-әдістемелік құралдар, оқу жоспарлары, ғылыми-іскери-авторлық куәлік, жарнамалық, патент;

- өзегі;
- шеткі;
- шекаралық.

Ғылыми стильдің барлық жанрларының негізгі өзегі мен шеткі аймақтарында стилистикалық категория мен стилистикалық норма өзара белгілі прагматикалық қызметімен көрінеді [15, 60].

Ғылыми стильдің негізгі өзегіне жататын монографиядан бастап, оның қарапайым үлгісі рефератқа дейінгі аралықта ғылыми стильдің стилистикалық тапсырмасы стандарттық тілдік бірліктері арқылы жүзеге асады, бұл ғылыми стильдің стилистикалық нормасын қамтамасыз етеді.

Монография – белгілі бір мәселе, жеке тақырып бойынша жазылған ғылыми еңбек. Монографиялық жанр коммуникативтік жағынан болсын, құрылымдық жағынан болсын ғылыми тілдің ең бір күрделі жанры болып табылады.

Монография ғылыми ойдың көп аспектілі мазмұнын құрайды, күрделі композициялық құрылымды, теориялық және эмпирикалық мазмұнының жанашылдығын меңгертеді.

Р. С. Аликаев мұны монографиялық макромәтіннің мазмұндық, құрылымдық күрделілігіне байланысты деп санайды. Зерттеушінің айтуынша, монографиялық макромәтін тақырып жағынан біріккен көптеген микромәтіндердің жиынтығынан тұрады, макромәтіндер өз кезегінде гипертемаларды бөлудің негізінде шығатын шағын темалардан құралады. Автор монографиялық жанрдың мынадай белгілерін көрсетеді:

- монографияның тақырыбы пәндік ғылымның өзекті мәселесін қарастыруды көрсетеді;

- мазмұндық күрделілігі жағынан сөйлесімнің иллокутивтік күші бір ғылыми саланың (пәннің) дамуына едәуір үлес қосады;

- құрылымы жағынан монография кіріспеден, зерттеудің негізгі тұжырымдарынан, тақырыпқа қатысы бар барлық мәселелер бірізділікпен қарастырырылатын бірнеше тараулардан немесе бөлімдерден, зерттеудің қол жеткізген нәтижелерін баяндайтын қорытындыдан тұрады [38,57].

Диссертация – ғылыми дәреже алу үшін диссертант көпшілік алдында қорғайтын ғылыми еңбек. Монографияға диссер-

тация типологиялық жағынан ұқсас келеді. Сонымен бірге бұл екеуінің арасында айырмашылықтары да кездеседі. Диссертация монографияға қарағанда неғұрлым қатаң формадағы макромәтін ретінде көрінеді. Егер монография көптеген бағдарды (хабарлау, сендіру, дәлелдеу, суреттеу, жинақтау, саралау, топтастыру, т.т.) есепке алып құрылса, диссертацияда солардың бәрі бір арнаға түсіріліп, мына сұлбада өрбиді: «Мәселенің ақиқаттығын дәлелдеу», «автор көзқарасының шүбәсіздігіне оқырманның көзін жеткізу». Әрине, көрсетілген бағдарлар диссертацияның монографиямен, сондай-ақ ғылыми мақалалармен ажырамас байланыста екенін жокқа шығара алмайды, небәрі диссертация жанрының кейбір ерекшеліктерін көрсетеді [36, 56].

Ғылыми тілдің ең бір дамыған және еркін жанры – ғылыми мақала. Оның еркіндік сипаты онда қамтылатын материал мазмұнының құрылымынан, мәтіннің логикалық ұйымдасу, коммуникативтік мүшеленуі тәртібінен, тақырыпты таңдаудан көрінеді. Осы орайда сөйлеу субъектісі қатаң формаға сүйенбейді, айталық диссертацияның құрылымынан орын алатын ресмилік оларда сақтала бермейді. Мұндай ерекшеліктер ғылыми мақалаларды түрлерге топтастыруда да көптеген көзқарастардың болуына әкеледі. Е. С. Троянская мақаланың жеті түрін көрсетеді: деректерді ықшам баяндау; ғылыми нәтижелерді кең баяндау; ғылыми-әдістемелік мақала; тарихи-ғылыми мақала; теориялық мақала; пікірталастық мақала; жарнамалық мақалалар [39].

Ю. А. Васильев мақала мазмұнының теориялық, практикалық және ақпараттық бағдарын ескере отырып, оларды негізінен мынадай түрлерге бөледі: теориялық, әдістемелік және техникалық мақалалар [40]. Келесі бір автор Р. С. Аликаев ғылыми мақалалардың аталған барлық түрлерін екіге бөліп қарайды: ақпараттық мақалалар және концептуалдық мақалалар [38].

Пікір ғылыми еңбектің мазмұнын қысқаша жүйелейді, зерттеудің негізгі проблемасына баса көңіл аударады, автордың мақсаты мен міндетін қайта қарайды, таза ғылыми стилистикалық норма қолданылады. Адресат (қабылдаушы) ғылыми рецензияда ерекше прагматикалық бағыт ұстайды, өзі пікір білдіріп отырған ғылыми еңбекке стилистикалық бағалау категориясын береді.

Қазақ тілінде оқу-ғылыми шағын стилі жақсы дамыған. Ғылыми стильдің бұл түрінің негізгі жанрлары – оқулық, оқу құралдары, оқу мақалалары. Бұл үшеуі бір-бірімен тығыз байланысты, өйткені прагматикалық мақсаттары ортақ. Олардың басты бағдарлары оқу процесінің немесе оқу коммуникациясының мақсаты «үйретумен» (оқытумен) байланысты. Бұл жалпы мақсат өз кезегінде көптеген шағын міндеттерді құрайды: ақпаратты жеткізу мен бекіту, игеру, яғни реципиентті оқу процесінің белгілі бір әрекетіне тарту, қабылдауды неғұрлым жеңілдету [36, 57].

Ғылыми стильдің жалпы ерекшелік белгісі ойлаудың абстрактілігі мен қатаң логикалылығынан туындайды; ол – мазмұндаудың дерексіз жинақтылығы мен ерекше логикалылығы. Олар өз кезегінде одан да терең стильдік қырларын, сондай-ақ, ғылыми стильдің сөйлеу жүйелілігінің ерекшелігін, осындағы қолданылған тілдік бірліктердің мағыналары мен тілдік бояуларын және қолданылу жиілігін анықтайды. Мағыналық дәлдігі (бір мағыналылық), бейнелі болмауы, эмоцияның көрінбеуі, баяндаудың объективтілігі, оның біршама құрғақтығы мен қатаңдығы және экспрессивтіліктің болмауы – ғылыми стильдерге тән ерекше белгілер. Бұл белгілердің көріну дәрежесі қатынастың жанры, тақырыбы, формасы мен жағдайына, авторлық даралық және басқа да факторларға байланысты болады.

Оқу басылымының аты оқу пәнінің немесе оның бір тарауының атауына сәйкес келуі тиіс. Оқу басылымдарын шығарманың көлеміне, ақпараттың баяндалу типтері мен мәтіннің өрісіне (адресат сипаты) қарай – оқу кітаптары, әдістемелік басылымдар және оқу-әдістемелік құжаттамалар деп үш топқа бөлуге болады.

Оқу басылымдарында белгілі көлемде арнайы іріктелген, оқу бағдарламаларына сәйкес және тиісті саласындағы ғылымның негізі мен практикалық әрекетін сипаттайтын мәліметтер беріледі. Жоғары оқу орындарындағы оқу басылымдарындағы мәтіндерге жалпы талаптар оқу процесінің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес анықталады. Оның негізгілері төмендегідей:

1. Оқу басылымының көлемі, құрылымы мен мазмұны төмендегі көрсетілген өлшемдерді қамтуға міндетті:

– пәннің оқу бағдарламасы мен сабақтың қазіргі талаптарына, білім көлеміне сәйкес келуге;

– оқу процесінің психология-педагогикалық ерекшеліктерін, білімгерлердің дайындық деңгейін игеруге;

– алдыңғы пәндерден алған білімдерін жалғастыруды, пәнішілік және пәнаралық байланыстарды қамтамасыз етуге.

2. Оқу басылымдары білімгерге пәнді оқу бойынша өз бетінше білім алуды ұсынуы тиіс:

– оқу басылымындағы мәтіндер жеңіл түсінілуі тиіс;

– пәннің мазмұны толық, сатылай және логикалы баяндалуы тиіс;

– оқу басылымдары мысалдарды, тапсырмаларды, бақылау сұрақтарын, анықтамалық-іздеу аппаратын (көрсеткіштер, сөздіктер, анықтамалық мәліметтер, библиографиялық тізімдер, т.б.) және заманауи ақпараттық технологияларды қолдану мүмкіндігі туралы мәліметтерді қамтуы тиіс.

Оқу кітаптарына көлемі 48 беттен асатын оқулық, оқу құралы, лекция мәтіндері, оқу-әдістемелік құрал, жаттығулар (тапсырмалар) жинағы сияқты басылымдарды жатқызуға болады.

Оқулық – оқу пәнінің жүйелі мазмұнын немесе оның тарауын, бөлімін қамтитын, оқу бағдарламасына сәйкес келетін оқу-теориялық басылым. Оқулықта белгілі бір ғылыми ақпарат негізінен, қарапайым тілмен баяндалады. Автор «ақпараттың берілуін» тыңдаушылардың оны қалай қабылдайтынына, ал «ақпараттың игерілуін» тыңдаушылардың оны қалай түсінетініне қарап түзеді [36,58]. Жалпы оқулықта автордың сөйлеу тақырыбына қатысты жеке субъективті көзқарасын білдіруге жол берілмейді, алайда кейбір авторлар бұл талапты үнемі сақтай бермейді.

Оқу құралы – оқулықты кейбір жағдайда ауыстыратын немесе оны толықтыратын және басылымның осы түрі ретінде ресми бекітілген оқу-теориялық басылым. Ол оқулыққа қосымша ретінде де шығарылады да, оқу курсының бағдарламасына толық немесе оның бір бөлігіне сәйкес келеді. Курс бойынша негізінен жаңа материалдарды қамтып, оқу бағдарламасында берілген,

оқулықта баяндалған білімді кеңіте, тереңдете түсуге және оны меңгертуді жетілдіре түсуге бағытталған.

Оқу-әдістемелік құрал – оқу пәні (оның бөлімі) бойынша теориялық материалдарды да, өздігінен үйрену әдістемесі бойынша материалдар мен практикалық меңгеруін де қамтитын оқу басылымы.

Лекция мәтіндері – оқу пәнінің (оның бөлімінің) мазмұнын қамтитын немесе оқу бағдарламасының шегіндегі және белгілі оқытушы оқитын материалдарды қамтитын оқу-теориялық басылым.

Әдістемелік басылымға – пәннің белгілі бір тақырыбы, бөлімі немесе сұрағы бойынша түсіндіруді қамтитын, көлемі 48 беттен аспайтын әдістемелік басылым жатады. Оларда жекелеген тапсырмаларды орындау әдістемесі көрсетіліп, белгілі бір жұмыстарды орындау барысындағы әрекеттердің сипаттары түсіндіріледі. Қажет болған жағдайда формулалар, кестелер, үлгі есептер де келтіріледі. Әдістемелік басылымдар төмендегідей бөлімдерден тұруы мүмкін:

- пәнді оқыту немесе жұмысты орындау мақсаты;
- пәнді оқыту немесе жұмысты орындау тәртібі;
- тапсырмалар нұсқасы;
- типтік есептер үлгілері;
- бақылау сұрақтары;
- есептің мазмұны (лабораториялық жұмыстар, оқу немесе өндірістік практикалар, т.б. туралы);
- әдебиеттер тізімі.

Оқу-әдістемелік құжаттамаларға оқу бағдарламалары, оқу жоспарлары, тапсырмалары кіреді. Бұл басылымдар көмекші құрал сипатында болып, оқу процесін қамтамасыз ету үшін қызмет етеді. Оқу бағдарламасы – белгілі бір пәннің мазмұнын, көлемін, оқыту мен зерттеу тәртібін белгілейтін оқу-бағдарламалық басылым.

Жоғары оқу орындарындағы ғылыми басылымдарды тіл орамдылығы жағынан зерделеу олардың қазақ ғылыми мәтіндерінің қалыптасуындағы орнын анықтай түседі. Тіл орамдылығы – сөйлемдер арасындағы логикалық байланыстың айқын

көрінуді, ғылыми ойдың композициялық қозғалысының мәтінде нақты бейнеленуі [36, 278]. Сонымен бірге ол – ғылыми тіл мәдениетін, ғылыми тілдің шынайылық дәрежесін толық танытатын мәтіндік сипаттағы санат.

Ғылым – адамның парасатты қызметінің аясына енеді. Ғылыми қарым-қатынас аясындағы адам әрекеті – менталды (ойлау) әрекет. Сондай әрекеттің жемісі ретінде негізгі тілдік өнім – мәтін пайда болады. Әрине, мәтін – адамның ойлау әрекеті мен тіл қызметінің бірлігі арқасында іске асады. Ғылыми мәтін – зерттеу нысаны сипатталған және ой операциялары жүйелі баяндау тәсілдері арқылы көрініс тапқан, бір-бірімен логикалық байланыстағы белгілі бір қорытындыларға жетелейтін баяндау. Қарым-қатынас аясы – ғылыми мәтіннің (тілдің) жасалуына ықпал ететін қоғамдық сананың түрі, ойлау типі, таным сабақтастығы тәрізді экстралингвистикалық факторлардың басын біріктіретін түпкі негіз.

Ғылым саласындағы қарым-қатынастың өзіндік үлгілерін анықтауда қарым-қатынас тақырыбы, тілдік құралдардың жұмсалыу тәртібі, әлеуметтік ұстаным, т.б. факторлар ерекше орын алады.

Ғылыми зерттеулер белгілі бір үлгіде жазылады. Бұл ғылыми стильдің барлық жанрларына тән, одан көп ауытқуға болмайды.

Ғылыми стиль сыртқы элементтері қалыптасқан арнайы тақырыптан тұрады. Онда ғылыми еңбектің жалпы мақсат-мүддесін анықтайтын мәліметтік, жарнамалық көкейтесті негізгі идеясын ашатын ғылыми ой-пікірдің негізі алынады. Ғылыми стильдің құрылымдық элементтері болады. Олар – атаулы, яғни ғылыми еңбектің тақырыбы: мәліметтік, хабарлау, ғылыми еңбектің негізгі тақырыбы (яғни, зерттелінген ғылыми құбылыстың аты жарнамалық сипатта да кездеседі) алынады. Кез келген ғылыми еңбектің тақырыптық атауы хабарлама түрінде баяндалады. Мысалы, қазақ тіл ғылымы туралы «Етістіктің грамматикалық категориялары» деген тақырып осы ғылыми зерттеудің негізгі мазмұнын ашады, етістіктің грамматикалық категориялары мәселесіне арналғанын бірден айқындап тұрады. Ғылыми стильдің тақырыбының өзі-ақ зерттелгелі отырған сол

ғылым саласының негізгі мазмұнының тақырыбын терминдік атау арқылы береді. Етістіктің грамматикалық категориялары қазақ тіл ғылымының зерттеу нысаны болғандықтан, өзіне тән ерекшеліктермен грамматикалық категория ретінде танылып, іштей құрамдық-құрылымдық, мағыналық тұрғыдан талданып, таратылып айтылады.

Ғылыми стильдің кіріспе бөлімінде ғылыми зерттеудің тарихын, жазылу себептерін, жаңалығын қысқаша баяндап береді. Ғылыми стильдің негізгі тарауы зерттеу нысанымен тікелей қарым-қатынасқа түседі. Тілдің лексикалық қабатының негізгі ғылыми стиліне тән сөздік қоры пайдаланылады. Ғылыми стильде жазылатын еңбек өзінің мағлұматтарын ғылыми тәжірибеден алады. Ғылыми стильде жазылған шығарманың толық тілдік құрылымға енуіне ойлаудың логикалық пен нысаналыққа, дәлдік пен нақтылыққа, жүйелілікке құрылуына тікелей байланысты болады. Ғылыми стильдің тарауларында зерттелінген құбылыс пен заттың жан-жақты тарихи мәні ғылыми тұрғыдан сараланып, толық мәлімет жинақталып, белгілі түйінмен тараудың негізгі мазмұнын логикалық жағынан аяқтап беріп отырады.

Ғылыми мәтіннің сыртқы элементтерінің бірі – қорытынды. Қорытынды бөлімде зерттеудің толық сипатын жан-жақты қорытындылап, зерттеудің негізгі мақсат-міндетінің нақты мәнін қысқаша мазмұндайды.

Ғылыми зерттеулердің жалпы мазмұны, оның әдіснамалық және әдістемелік негіздері Г. Г. Гиздатовтың көрсетуі бойынша шамамен төмендегідей интеллектуалды кезеңдерден тұрады:

1. Алынған тақырыптың өзектілігін негіздеу;
2. Зерттеудің мақсаты мен нақты міндеттерін қою;
3. Зерттеудің мақсаты мен пәнін анықтау;
4. Зерттеу жүргізудің әдісін (әдістемесін) таңдау;
5. Зерттеу барысын сипаттау;
6. Зерттеу нәтижелерін қорыту;
7. Қорытындыларды тұжырымдау және алынған нәтижелерді бағалау [41, 41].

Ғылыми зерттеудің бұл жүйелілігі өз кезегінде тікелей ғылыми шығарманың құрылысынан көрінеді. Әдетте әрбір ғылыми шығарма мынадай бөлімдерді қамтиды:



1. Кіріспе
2. Негізгі бөлім
3. Қорытынды
4. Библиография
5. Қосымша

Кіріспе шығарманың бастапқы бөлімі болып табылады да, оқырманды негізгі мәтінді игеруге дайындайды. Кіріспеде мынадай мәселелер қаралуы тиіс: 1) алынған тақырыптың ғылым мен практикалық әрекет үшін маңыздылығы мен өзектілігі; 2) ғылыми жұмыстың жаңалығы; 3) бұл мәселенің ғылымдағы зерттелу дәрежесі, бұл жерде ғылымда аз зерттелген немесе тіпті зерттелмеген даулы мәселелерді таңдап алуға тырысу керек; 4) зерттеу жұмысының әдісін (әдіснамасын) таңдау; 5) зерттеудің мақсаты мен міндетін анықтау; 6) зерттеу жұмысының нысаны мен пәнін анықтау.

Ғылыми жұмыстың негізгі бөлімінде зерттеу, жүйелеу, түсіндіру нәтижелерінде алынған мәліметтер қамтылады. Аталмыш бөлім зерттеудің нақты тақырыбына қатысты баяндау жоспарын қамтиды. Негізгі бөлімде жасалған ережелер дәлелдененді, түсіндіріледі, мағынасы ашылады, расталады немесе теріске шығарылады. Негізгі бөлім іштей тарауларға бөлінеді. Көбіне екі тараудан, кейде үш тараудан тұрады. Сирек те болса төрт тарау да кездеседі. Бірінші тарау теориялық сипатта болады да, онда зерттеу пәні анықталады, жұмыс арналып отырған мәселенің зерттелу тарихы қарастырылады, түрлі ғалымдар мен зерттеушілердің пікірлері салыстырылады, келесі тарауларда шешілетін даулы сұрақтар көрсетіледі. Ғылыми жұмыс анықтаудан мәлімдеуге, одан дәлелдеуге қарай жүргізіледі. Бірінші тарауда факті көрсетіліп, мәлімдеме беріледі. Кейінгі тарауларда автор өз көзқарасын нақты ғылыми фактілермен дәлелдейді.

Қорытынды бөлімде ғылыми жұмыстың нәтижелері мен жалпы тұжырымдар беріледі. Қамтылған мәселені шешуге байланысты ұсыныстар айтылуы да мүмкін. Қорытынды міндетті түрде ғылыми жұмыстың мазмұнымен сәйкес келуі керек және ол қысқа да ықшам тұжырымдамалардан тұруы тиіс.

Ғылыми жұмысты жазу барысында сілтеме беру ережесі мен дәйексөз беру этикасына ерекше мән беріледі. Дәйексөз беру этикасы зерттеу барысында өз мәтінінде басқа ғалымдардың пікірлерін пайдалану нормасын қарастырады. Әдетте, дәйексөз берудің үш негізгі түрі кездеседі: а) басқа біреудің ойын өз сөзімен беру; ә) төл сөз – автордың сөзі мен ойын бұлжытпай, өзгертпей келтіру; б) төлеу сөз – біреудің сөзінің автор тарапынан өзгертіліп берілуі.

Жұмыстың пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен библиографиясы белгіленген тиісті тәртіппен беріледі. Пайдаланылған әдебиеттер тізіміне автор сүйенген ғылыми еңбектер, ал библиографияға алынған тақырыпқа қатысты ғылыми еңбектердің толық тізімі жатады. Толық библиографиялық әдебиеттер қатаң түрде төмендегідей ақпараттар жиынтығын сақтайды:

– Автордың тегі толық, аты мен әкесінің атының алғашқы әріптері;

– Мақала аты (кітап, монография);

– Алынған кітап басылған қала мен баспаның аты;

– Басылған жылы;

– Томы (бөлімі, басылымы);

– Кітаптың (мақаланың) беттері;

– Әдебиет қай тілде қолданылса, сол тілдегі түпнұсқасында беріледі.

Мысалы:

1. Сыздықова Р. Г. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 320 бет.

2. Жұбанова Н.Б. Қылмыстың алдын алудағы құқық тәрбиесі // Правовое развитие Казахстана за десять лет государственной независимости. – Алматы: Академия МВД РК, 2001. Ч. 2. – С.440-444.

3. Ивакина Н. Н. Профессиональная речь юриста. – М.: БЕК, 1997. – С.333.

Қосымша бөлімде кестелер мен схемалар, кейбір қосымша мәліметтер мен түсініктер, түрлі сөздіктер (аударма, түсіндірме, этимологиялық және т.б.) және кейбір жинақтарда авторлар туралы деректер мен ақпараттар беріледі. Қосымша бөлімнің ғылыми шығармалардың барлығында бірдей болуы міндетті емес.

**2.3.3 Ғылыми стильдің тілдік белгілері.** Бүгінде ғылым саласын қазақ тілінде өркендету – еліміздегі тіл саясатының ең маңызды әрі түйінді тұсы болып отыр. Бұл қазақ тілінің ғылыми аяда қолданылуы жаңа қарқын алып, жандана бастауына өз ықпалын тигізді. Қоғамдық ғылымдар саласын айтпағанның өзінде жаратылыстану, техникалық әдебиеттерді ана тілінде жазу кең өріс алып отыр. Бұл олардың тілін лингвистикалық тұрғыдан қарастыруға негіз болады.

Ғылыми стильді зерттеушілер оның негізгі ерекшеліктері ретінде *нақтылық, дәлдік, реалдылық, бір мағыналық, объективтілік, жақсыз ғылыми баяндауыштық, бейнелілік пен эмоционалдықтың болмауын, т.б.* атап көрсетеді. Бұл ерекшеліктер ғылыми ойлау сипатымен, оның логика-мағыналық негізімен тығыз байланысты.

Ғылыми стильдің лексикалық ерекшеліктері. Басқа функционалдық стильдер сияқты ғылыми тіл тілдің ортақ лексикасын қолданады, ортақ грамматикалық заңдылықтарға бағынады, бірақ өзіне тән ерекшеліктері, өзіндік жүйесі мен құрылымы бар. Бүгінгі күні ғылыми стиль ұлттық әдеби тілдің қалыптасып тұрақтанған бір түрі болып табылады. Бұл стильде сөз тек өзінің негізгі мағынасында жұмсалады. Сөздің көп мағыналылығы, образды, эмоционалды-экспрессивті сөздер мұнда кездеспейді.

Ғылыми стильдің лексикасын алып қарағанда, басқа функционалдық стильдің өзіне тән белгілерін салыстыру арқылы оларға қатысты лексикалық нормалар межесін анықтау қажеттігі туындайды. Лексика саласындағы тілдік нормаларды зерттеушілер «үш салаға бөліп қарау керек» деген пікірді тілге тиек етіп жүр. Оның ең бастысы жалпы жазба әдеби тілдік сөз нормалары болып табылады, осы тұрғыдан келгенде ғылыми мәтіндерде лексикалық норманың өзіндік дербестігін танытатын стильдік ерекшелігімен өзгешеленетін стилистикалық нормаларын таңдап, толықтыру керек болады.

Ғылыми стильде ғылыми терминдердің мол қолданылатындығы, сөйлемнің анық, түсінікті болуы ғылыми жазбалардың стильдік белгілері болса, мұнда да жалпы тілдің ортақ нормаларымен қатар ғылыми стильдің стилистикалық нормалары

тұрақтанады. Стилистикалық норма ғылыми стильдің стилистикалық категорияларынан түзіледі.

Ғылыми стильге тән ең басты ерекшелік – ғылымның белгілі бір саласына қатысты арнаулы терминдер мен атаулардың кең қолданылуы. Мысалы: Істің мән-жайын әртүрлі әдістермен шешуге болады. Сұрау мен түсініктемелер алу үшін әртүрлі адамдар шақырылады, іс бойынша қажетті мәліметтер білетін адамдар болуы тиіс. Олар құқық бұзушылар, жәбірленушілер, куәгерлер, сарапшылар. Тергеудің субъектісі қажетті жағдайда сараптама тағайындауға құқылы және ұйымдардан қажетті құжаттар алынады.

Медицина саласында халықаралық терминдер өте көп қолданылады: аллергия, аналгин, антибиотик, аспирин, бронхит, гайморит, инсулин, диабет, пневмония және т.б.

Ғылым алға басып, дамып отыратыны белгілі. Ғылымның дамуымен бірге жаңа ұғымдар да туып отырады. Оны белгілейтін жаңа сөздер, неологизмдер, туады. Ғылымның белгілі бір саласында қолдану нәтижесінде пайда болған неологизмдердің өмірінің ұзақ, қысқа болуы ғылымның сол саласының өмірде алатын орнына, практикалық мәніне байланысты. Ғылыми стиль неологизмдердің пайда болу, өмір сүру ортасы болып табылады. Өйткені неологизмдердің көпшілігі осы стильде қалыптасады. Соңғы кездері, тек заң ғылымында ғана көптеген жаңа сөздер мен терминдер пайда болады. Мысалы: тәркілеу, құзірет, әлеует, (потенциал), әкімшілік, алқа, тапсырыспен кісі өлтіру, айғақ, сарапшы, сараптау, кеден, т.б.

Қазақтың ғылыми терминологиясы әлі даму, қалыптасу үстінде болғандықтан, кейде бір сөздің бірнеше мағынада қолданылуы да кездесіп қалады. Мысалы: алдын алу – предупреждения, профилактика; ақтау – оправдание, реабилитация; дәлел, дәлелдеме, айғақ, уәж – доказательство, аргумент және т.б.

Дерексіздік пен жинақылық әрбір ғылыми мәтіннің бойынан табылады. Бұл, әсіресе, әрбір сөздің жалпы ұғымның немесе абстрактілі заттың белгісі ретінде көрінуіне байланысты.

Ғылыми стильдің жинақылығы мен дерексіздігі онда бейнелі сөздердің қолданылу мүмкіндігін жоққа шығармайды. Нақты

ұғымдар мен құбылыстарды талдау ғылыми танымның құрамына енеді. Сөздің бейнелілігі ұғымды жеткізуге көмектеседі. Бейнелеу құралдарын қолдану автордың жеке қабілеті мен ғылым саласына байланысты. Мысалы, бейнелі сөздер кейбір гуманитарлық ғылымдар (әдебиеттану, тарих, философия) мен сипаттама жаратылыстану ғылымдарында (геология, химия, география және т.б.) нақты ғылымдарға қарағанда кең көлемде қолданылады.

Бейнелеу құралдарының ішінде, әсіресе, салыстырулар ғылыми стильде жиі байқалады, өйткені ол логикалық ойлаудың бір формасы ретінде көрінеді. Салыстыру сипатталатын құбылысты түсіндіруде көп қолданылады, мұнда оның экспресивтік мақсатта жұмсалуды міндетті емес.

Ғылыми стильдегі бейнелі сөздерді қолдану көркем әдебиетте қолданудан олардың сирек ұшырасуы мен міндетті еместігінен басқа да ерекшеліктерге ие: 1) бейнелі сөздер, әсіресе, метафоралар ғылыми сөйлеуде көпжақты емес, тек екіжақты сипатта ғана қолданыла алады; 2) метафоралар ғылыми сөйлеуде контекстік тар мағынада қолданылып, көркем сөйлеудегі жүйелі сипатқа ие бола алмайды; 3) ғылыми сөйлеу мен көркем сөйлеудегі бейнелі сөздердің функциялары әртүрлі болады [37,167]. Көркем шығармаларда метафора – ортақ тақырып пен идеяға біріккен образдардың жалпы жүйесіндегі аса маңызды элементтердің бірі, ал ғылыми мәтіндердегі бейнелі сөздер қосалқы түсіндіру, таратып айту, нақтылау сияқты қызметтерді ғана атқара алады. Сондықтан да, жалпы сөйлеу жүйесіне қатысы жоқ, өзінше бейнелеу түрі болып табылады.

Ғылыми стильде нормадан тыс тұратын сөздер қолданылмайды, сөздердің дәл (деноттаттық) мағыналарын жұмсау үстем болады, баяндау барысында синтаксистік нормалардың жалпы әдеби нормадағы варианттарына жол беріледі. Бұл стильде ғылыми терминдердің, оның ішінде мамандық терминдерінің қолданылуы ғылыми мәтіннің стильдік белгісі әрі стилистикалық нормасы болып табылады.

Ғылыми стильдің негізгі сөздік қоры – терминдер. Бір қоғамның, бір мемлекеттің ғылыми стилін толық қалыптастыру – ұлттық әдеби тілдің лингвистикалық белгілерінің көп қырлы

құбылыс екенін танып, оның функционалдық қызметін толық көрсету болып табылады.

Ғылыми стильдің терминдік атауларымен қатар сөздік қорында мағыналық ауысу баламасы табылған сөздер де кездесіп отырады. Ғылыми стильдің кейбір түрлерінде, мысалы ғылыми-публицистикалық стильде фразеологиялық, метафоралық сияқты ойлау қызметінің әмбебап механизмдері арқылы танылатын таным процесіне тікелей қатысты сөз оралымдары да кездесіп қалады. Ғылыми стильде ауызекі сөйлеу тілі мен эмотивті тілдік құралдар қатыспайды, бірақ оны мүлдем жоққа шығаруға болмайды, ғылыми-танымдық, ғылыми-көпшілік әдебиеттерде эмотивті тәсілдер қатыса алады.

Ғылыми стильдің негізгі тілдік бірлігі терминдер болғанмен, деректі-дерексіз уәж атаулары да жиі қолданылады. Мысалы: *өлең, тармақ, бунақ, шумақ, дыбыс, әріп, флекция, категория, көлем, мөлшер, үдеу, жылдамдық, т.б.* деректі зат есімдер жаратылыстану ғылымдарында көп кездеседі. Сын есім де жиі қолданысқа түседі, себебі ғылыми негізге алынған зат пен құбылыстың айрықша белгілері мен қасиеттерін анықтау үшін стилистикалық бағалау категориясы ретінде жұмсалады.

Ғылыми стильдің грамматикалық ерекшеліктері. Ғылыми стильде нормадан тыс тұратын сөздер қолданылмайды, морфологиялық тұлғалардың да жалпы тілдік грамматикалық варианттары жұмсалады. Сөйлем құрылысы да тілдік норманың қатаң тәртібін сақтайды. Ғылыми стильдің грамматикасының жазылу мәнерінің екі түрі бар. Бірі – стильдік мәнері толық қалыптасқан, екіншісі – ғылыми стильден ауытқушылығы басым келетін ғылыми шығармалар. Ғылыми стильдегі жазылған шығармаларда лексикалық-құрылымдық компоненттері дайын тілдік бірліктер кездеседі.

Ғылыми стильде етістіктерді қолдануда өзіндік ерекшеліктер байқалады. Көбінесе ғылыми мақалалар мен баяндамаларда етістік ырықсыз етіс формасында жұмсалады. Мысалы: Олардың құқықтық реттелуін жетілдірудің жалпы бағыттары көрсетіледі... Бұл жалпы процессуалдық шаралардың тек өздеріне ғана тән заңды табиғаттарымен ерекшеленетіндігі

пайымдалған... олардың қолданылу негіздері субъектілерімен байланыстырылған. Бұдан кейін әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама оқылады және жарияланады.

Жіктеу есімдігі I жақта көпше түрде қолданылады: біздің ойымызша, біздіңше, біздің есебіміз бойынша, біздің жорамалымыз бойынша және т.б. Мысалы: Жалпы біз оқыған қылмыстық істердің 43-інде ғана тінту жүргізілген. Біздің ойымызша, мемлекетіміз жезөкшелікпен күреспесе де, сол жезөкшеліктің нәтижесінде пайда тауып жүрген ұйымдасқан қылмыстық топпен күрес жүргізуді арттыра түсуі керек.

Ғылыми шығармалар III жақта жазылады. Мысалы: Занда көрсетілген суық қару түсінігінің анықтамасынан заттар мен құрылғылар өзіне нақтылы қасиеттер мен белгілерді жинақтаған. Құқық тәрбиесі тәрбие үрдісінің бір құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады.

Ғылыми еңбектерде бірдей қалыпта кездесетін *хабарлайды, зерттейді, баяндайды, сипаттайды, салыстырады, көрсетеді, анықтайды, жүйелейді, топтайды, топтастырады, пайымдайды, түсіндіреді, тұжырымдайды, санайды, есептейді, дәлелдейді, сөз етеді, салыстырып дәлелдейді, назар аудартады, тұжырымдауға болады, т.б.* сияқты дара, күрделі, құрама етістіктердің барлық ғылым салаларына арналған еңбектер тілінде жиі кездесуі, оның ғылыми ойды баяндауда, түсіндіруде, дәлелдеуде, тұжырымдауда ең маңызды қызмет атқаратындығын көрсетеді.

Ғылыми стильде рай категориясы стильдік мәнде көп қолданылады. Сөйлеушінің қимыл, іс-әрекетке көзқарасын, қимылдың, іс-әрекеттің шындыққа, болмысқа қатысын, модальдық мәнін білдіріп, белгілі парадигматикалық тұлғалар жүйесінен тұратын етістіктің грамматикалық категориясы рай категориясы болып табылады. Белгілі қимыл іс-әрекеттің іске асу-аспауы, көзқарасы, пікірі, бағасы, анықтығы, ақиқаттығы, шарттылығы рай категориясы арқылы жүзеге асады. Ғылыми стильде ашық рай – қимыл, іс-әрекет үш шақтың бірінде болу-болмауын білдіретін рай түрі. Ашық райдың басты семантикалық ерекшелігі мынада: іс-әрекеттің объективті шындыққа қатысты өту-өтпеуі шақпен

байланысты өтеді. Ашық рай шақ категориясымен бірлікте болғандықтан, ғылыми стильдегі құбылыс пен заттың толық жүзеге асуына негіз болып, оның ақиқат шындығын көрсету үшін жұмсалынады. Ғылыми стильде шартты рай тұлғасы жиі байқалады.

Ғылыми еңбектерде, монографияларда авторлар ойларын жүйелі баяндауда, тұжырымдарын жеткізуде, ғылыми қорытындылар жасауда қалыпты тілдік бірліктерді (шылаулар, қыстырма сөздер) қолданады. Әрине, бұл тілдік бірліктердің қолданылу жиілігі әр автордың жазу стилінің ерекшелігіне де байланысты болып келеді. Ғылыми еңбектердің барлығында қыстырма сөздер қолданылады. Бұл сөз тіркестерінің жиі қолданылуы автордың стиліне байланысты. Мысалы, *біздіңше, біздің пікірімізше, біздің айтуымызша, автордың пайымдауынша, басқаша айтқанда, сайып келгенде, соңғы айтатын мәселе, шын мәнінде, мұның себебі, солай десек те, оған қоса, соған қарамастан, түйіндеп айтар болсақ, бұл пікірге сүйінсек, ғылыми тұжырымдарға қарағанда, түптеп келгенде, өкініштісі, анығында, өкінішке орай, олай болса, олай дейтініміз, ең негізгісі, байқап қарасақ, жоғарыда тоқталып өткендей, осыған орай, осы орайда, шын мәнінде, қысқаша айтқанда, міне, бір сөзбен айтқанда, ең ақырында, бәлкім, демек, енді шолу жасасақ, мысалы, мәселен, т.б.*

Автор өз ойын басқа авторлардың пікірлерімен салыстыра отырып дәлелдеу барысында түрлі қарсылықты жалғаулықтарды да жиі қолданады.

Ғылыми шығарма синтаксисі логикалық жүйелілігі, ойды дәлелмен баяндаумен ерекшеленеді. Синтаксистік байланыс логикалық байланыстан туындайды. Сондықтан ғылыми еңбектердің синтаксисінде ойды байланыстыру, жүйелі баяндау үшін сөйлем мен сөйлемді мағыналық, логикалық байланыстырушы синтаксистік құралдар, шылаулар, қыстырма сөздер мен сөйлемдер, етістіктер маңызды қызмет атқарады, ал еңбектердің тақырыбы, тарау, бөлім, тыңдаушылардың аталуында номинативті сөйлемдер де қолданылады. Қазіргі ғылым тілі даму барысында күрделене түскенін байқау қиын емес.



Сондықтан кейінгі еңбектер тіліне сабақтас құрмалас, салалас құрмалас сөйлемдер жиірек қолданылады.

Ғылыми еңбектердегі ғылыми мәтін синтаксисіне көңіл бөлсек, алғашқы ғылыми еңбектердің сөйлемдер құрылысы қарапайым болып, жай сөйлемдер көбірек қолданылса, қазіргі еңбектерде жалпы жай сөйлемдер мен құрмалас сөйлемдер бірдей жиілікте қолданылады. Ғылыми мәтіндер тілінің әдебиет, публицистикалық еңбектердің тілінен ерекшелігі сөйлемдер бірінші жақ көпше түрде немесе үшінші жақта баяндалады. Сондықтан жақсыз сөйлемдер жиі кездеседі. Сөйлемдер толымды болып келеді. Ғылыми мәтіндерде берілетін мәліметтердің көптігі, күрделілігі құрмалас сөйлемдердің кеңінен қолданылуына әкеледі. Ғылыми еңбектердегі сөйлемдер хабарлау, жаңа ғылыми ақпарат беру сипатында болады. Сондықтан ғылыми тіл хабарлы сөйлемдер арқылы беріледі.

Ғылыми стильде жалпы жазу тіліне тән синтаксистік құрылыс пайдаланылады. Бұл стильдің негізгі ерекшелігі – мұнда ойдың күрделі баяндалып, анықтама, дәлелдеме және формулаларға негізделуінде. Соған орай құрмалас сөйлемдердің қолданылуы ерекше басымдық танытады. Бұл құрмалас сөйлемнің құрамында көсемшелі, есімшелі оралымдар арқылы жасалған күрделенген сөйлемдердің де қолданылуы жиі кездеседі. Мысалы: Бірақ, олар қызмет талабынан туындайтын, қарым-қатынас үстіндегі әсер ететін, қақтығыстыудыратын жағымсыз эмоциялар мен эмоцияның себептерінен туындайтын психикалық күйді реттеп, бақылап отыруға септігін тигізеді, өзін-өзі тәрбиелеуге, өз эмоциясын тежеуге, мінездің ұнамды жақтарын шыңдауға, қалыптастыруға бағыттайды, өйткені ішкі істер органдары қызметкерлерінің қарым-қатынас ауқымы кең, қызмет нәтижелеріне қойылатын талаптар қатаң көрсеткішті талап етеді.

Кейде ғылыми стильдегі сабақтас құрмалас сөйлемдердің бірінші сыңарының баяндауышы шартты рай формасы арқылы жасалып, екінші компоненті ойды тиянақтау, дәлелдеу, анықтау тәсілдеріне арналады. Мысалы: Егерде, бұл саусақ іздері қан дақтары тәріздес қалдықтармен жасалынса, онда алдымен осы іздерге бөтен органикалық немесе бейорганикалық сипа-

ты бар кіршік түсірмеу және оны бүлдірмеу мақсатында тиісті фотографиялық әдістермен бекітіліп, трасолог-сарапшылармен зерттеледі.

Ғылыми стильде хабарлы сөйлемдер кең түрде қолданылады. Мысалы: Тәрбие – әлеуметтік қарым-қатынастардың біртұтас жиынтығы. Ал құқықтық тәрбие беру – тәрбиешінің де, тәрбиеленушінің де құқықтық мәдениетінің жоғары болуын талап етеді.

Бұл стильде сұраулы, лепті сөйлем кездеспейді, егер кездесе, тек көпшілікке арналған ғылыми еңбектер мен оқулықтарда ғана күрделі мәселелерге ерекше назар аудартуды мақсат еткенде сұрақ қойылады. Мысалы: Демек, «заңмен тыйым салынбаған нәрсеге рұқсат» деген қағида туындайды емес пе? Бұған қарап біз бұл мәселені шешуден мемлекет өз еркімен бас тартты ма? – деген ойға қаламыз.

Ғылыми стильдің синтаксистік құрамына көп сыңарлы терминологиялық тіркестер, терминологиялық сипат алған анықтауыштар, бірыңғай мүшелер де енеді. Мысалы: *Грамматикалық мағына арнайы грамматикалық форма арқылы беріледі. Грамматикалық категория өзара тектес, мәндес, ыңғайлас болып келеді* (ғылыми оқулықтан). Көп сыңарлы терминологиялық тіркестер ғылыми стильдің синтаксистік құрылымдарын күрделендіріп жібереді. Орыс тілінен тікелей аударылған (кейбір терминдік атаулар дұрыс аударылмаған) ғылыми шығарманың тілі оның стилистикалық нормасының бұзылуына да әкеп соғады. Ғылыми стильдегі жай сөйлемнің күрделенген түрі бағалаушы сөздер ретінде қолданылатын *анықтайтын, бағалайтын, сипаттайтын, толықтыратын* деген сөздер жиі қолданылады.

Ғылыми құбылыстар негізделеді, түсіндіріледі, дәлелденеді немесе теріске шығарылады. Осының бәрі ойталқы мәтіндерінде көрініс алады. Көп зерттеушілер ойталқы мәтіндерінің мынадай негізгі бөліктерін көрсетеді: 1) негіздеу; 2) дәлелдеу; 3) ой қорытындысы; 4) түсіндіру немесе баяндау. Сондай-ақ, ғылыми мәтіндерде сөз болған баяндау тәсілдері таза түрде ғана емес, араласып та келеді. Бұл баяндау тәсілдерінің ұқсастық жақтарын көрсетеді.

Құрылымдық ұйымдасу ғылыми мәтіндерде баяндаудың анықтығына, дәлдігіне жету үшін керек. Сондықтан логикалық жағынан бірізділік, композициялық мүшеленудің жүйелілігі – кез келген ғылыми мәтінге тән. Бұлай болмаса мәтін көбінесе өз оқушыларына жетпей жатады, оның тілі түсініксіз, құрылысы болбыр, ақпараттың берілу формасы шұбалаңқы болып келеді. Осы орайда ғылыми шығармалар ғылыми мәтінді ұйымдастырудың өзіндік тетіктерін ескерген, семантикалық және синтаксистік жағынан бірлікте, соған сәйкес логикалық тұтастықта жазылған туындылар болып табылады.

Ғылыми-техникалық лексикография және қолданбалы лингвистика орталықтарын ұйымдастырып, тілді ғылыми тұрғыда терең зерттеу стилін жетілдіру – бүгінгі күнде негізгі мәселелердің бірі. Ғылымның қай саласы екенін терминдер арқылы анықтап, ғылыми стильдің жанрларымен ғылыми тұрғыда жан-жақты айналысу – заман талабы. Қазіргі кезде ғылым алдына, соның ішінде қазақ ғылымына аса зор ауқымды міндеттер қойылып отыр. Ғылыми-техникалық даму үрдісі белең алып отырған бүгінгі жағдайда мәселенің бұлайша қарастырылмауы мүмкін де емес. Өйткені терминологиялық лексика, әсіресе қоғамдық, жаратылыстану және техника ғылымдарының тілі өзгеше даму жолына түсіп, соған байланысты неше алуан күрделі проблемаларды алға тартады.

## **2.4 Көркем әдебиет стилі**

**2.4.1 Көркем әдебиет стилінің қызметі мен тілдік құрылымы.** Көркем әдебиет стилі немесе көркем сөз – ойды және сезімді образ арқылы бейнелейтін айрықша өнер. Ол әдебиеттің үш саласына – лирика, проза, драматургияға байланысты жетіледі. Осыдан келіп стильдік ерекшеліктері шығады – өлең стилі, көркем-проза, драматургия. Бұдан ары, жалпы стильдік ерекшеліктері мәтіннің қай жанрға жататындығына, бейнелеудің тәсіліне (романтизм, реализм), әдеби мектепке, шығарма әдісіне (баяндау, суреттеу) байланысты болады. Сонымен қатар, айтушының мінезіне, стильдің (белгілі бір

стильге салу) бар не жоқ болуына, идеясы мен тақырыбына, композициялық ерекшелігіне, образ құрылысына және өте үлкен дәрежеде авторлық даралыққа да қатысты болады. Бұл – көркем әдебиетті басқа кітаби-жазба стильдерден ажырататын басты белгісі.

Әдеби-көркем тілдің ерекше мәртебесі туралы атап айту керек. Кейбір зерттеушілер, мысалы, Л. Ю. Максимов, Н. А. Мещерский, Н. М. Шанский, Д. Н. Шмелев көркем тілдің «көп-стильді» сипатын негізге ала отырып (онда барлық стильдердің элементтері бар, рас өзгерген түрде), оны функционалды стильдер категориясына қосу мүмкіндігін ескермейді. Оған әдеби тіл құрамында ерекше орын береді. Көркем сөйлеуді олар стиль деп атамайды, көркем әдебиет тілі деп атайды. Басқа зерттеушілер (В. В. Виноградов, А. И. Ефимов, Р. А. Будагов) көркем әдебиет тіліне «көркем емес» стильдердің ешқайсысын теңестірмейді, сөйте тұра оны стиль, бірақ ерекше, жай емес, әлдеқайда жоғарырақ, эстетикалық-коммуникативті стиль деп таниды.

Б. Н. Головин, басқа да ғалымдар сияқты, стильдерді әлеуметтік әрекеттің типтеріне, сана (ойлау) жұмысының типтеріне, шындықтың функционалды аспектілеріне (тіл мен шындықтың өзара әрекеттесімі жағынан), қарым-қатынас жағдайларына, сондай-ақ сөйлеу құрылымдары мен стильдердің типтік ұйымдарына қатынасына қарай көркем әдебиет тілі «басқа стильдермен қатар», ол басқа стильдерді өзіне сіңіріп алмайды және әдеби тіл шегінен шықпайды деп есептейді [42, 115].

Ғалымдардың бір тобы көркем әдебиет тілінің басқа стильдермен салыстырғанда едәуір өзіндік ерекшелігінің бар екенін жоққа шығармайды. Алайда, бұл белгілер оны «тіл ішіндегі тіл» ретінде тануға жеткіліксіз. Сондықтан көркем әдебиет тілі стилистика курсына әдеби тілдің ерекше түрі мәртебесінде қаралады [2, 23].

Көркем сөздің стильдік құрылысының ерекше күрделілігіне, көп қырлылығына және авторлық даралықпен көрінуіне қарамастан, жалпы көркем әдебиет тілінің белгіленген стильдік бірлігі, тіпті жеке көркем шығарманың стильдік тұтастығы мен бірлігі туралы айтуға болады.

Ғалым Д. Әлкебаева көркем әдебиет стилінің тереңінде төмендегідей иерархиялық мағыналық деңгейлердің стилистикалық қабаттарының түзілетінін көрсетеді:

- заттық мағына (денотативті кеңістік);
- бейнелі мағына (көркем әдебиеттің эмоционалды-бағалауыштық кеңістігі);
- идеялық мағына (көркем әдебиет стилінің концептуалды кеңістігі) [15, 80].

Көркем әдебиеттің тілі – әдеби тіл мен жалпыхалықтық тілдің ең толық, ең жарқын көрінетін ортасы. Талантты жазушының қаламы тілді өнерге, көркем бейне жасау құралына айналдырады. Функционалды стильдер жүйесінде көркем шығарма тілінің ерекше орын алатыны даусыз. Егер ғылыми стиль, ресми-іскерлік стиль әдеби тілдің бір бұтағын, бір түрін қамтыса, ал көркем әдебиет тілі тек әдеби тілді ғана емес, тұтас ұлттық тілді қамтиды, сондай-ақ оның қазіргі әдеби тілдің нормаларымен шектелмей, көнерген тілдік бірліктерді қолданысқа енгізіп, сөйлеудің жаңа оккозионалды мәнерлегіш пен бейнелегіш құралдарын қалыптастырады.

Профессор. Б. Шалабай көркем шығарма тілін зерттеудің теориялық негіздерін жасау төмендегідей басты мәселелердің оң шешімін табуына байланысты болатынын көрсетеді: көркем әдебиет стилистикасының басқа ғылымдар (соның ішінде стилистика ғылымының) ішінде алатын орны; көркем әдебиет тілін зерттеудің қажеттілігін негіздеу; көркем әдебиет тілін зерттеудің қырлары (аспектілері) және солардың ішінде көркем әдебиет стилистикасына қатысты қыры; көркем әдебиет стилистикасының объектісі; бейне және бейнелік ұғымдарының мазмұны, оны жасауға тілдің қатысы; көркем шығарманың тілі мен оның идеялық-бейнелі мазмұны, жазушы көзқарасы арасындағы байланыс; көркем шығарма тілін ұйымдастырушы тұлға-бірліктер; көркем шығармадағы автор бейнесі және оның тілдік құрылымы; көркем шығарма тілін зерттеудің принциптері, жолдары, әдіс-тәсілдері [43,26]. Сондай-ақ, ғалым көркем әдебиет тілін зерттеудің үш қырын ұсынады:

1. Таза тілдік қыр. Қай шығарма болмасын, ол – өз тұсының тілдік бет-бейнесінің көрінісі. Сол сияқты көркем шығармада

тілдің әр деңгейіндегі құрал, амал-тәсілдерінің жүйесі таңбаланады. Онда тек қолданыс қана емес, тілдік жүйе, норма (узус) көрініс табады. Бұл орайда нормативті тіл ғылымы әбден тұрақталған қағидаларын дәлелдеу үшін мысалдарды көркем шығармадан алатыны да осыған байланысты.

2. Стилистикалық қыр: бұл жағдайда көркем сөздің әдеби тілдің функционалды стилі ретіндегі өзіндік сипат-ерекшеліктері ашылады. Бұл – көркем сөз стилистикасының (лингвистикалық стилистиканың бір саласы) зерттеу объектісі. Көркем сөздің өзіндік ерекшеліктерін ашатын болғандықтан, ол да тілдің поэтикалық (көркемдік) қызметінің мәнін анықтайды. Алайда, ол көркем тілді көркем шығарманың басқа құрылымдық элементтерінен, оның мазмұнымен кең түрдегі байланыста алып қарамайды, ол оның міндетіне кірмейді.

3. Көркем-эстетикалық қыр. Көркем шығарманың тілі сол шығарманың көркем бейнелі мазмұнын құрушы (ұйымдастырушы) эстетикалық категория ретінде анықталады. Бұл жағдайда тіл өзі жасайтын көркем бейнелермен бірлікте, көркем дүниені ұйымдастырушы (жасаушы) бір компоненті ретінде қаралады. Бұл тұрғыда алып зерттеу кезінде көркем идеяны беру үшін жазушының тілдік құралдарды ұйымдастырудағы эстетикалық мақсатты бағытталған жұмысы ашылады [43,29-30].

Көркем әдебиет стилі тілдік құралдар арқылы бейне (образ) жасау мақсатын көздейді. Соған орай, онда сөйлеудің көркемдік, экспрессивті-эмоционалдық бояулары кең қолданылады. Мысалы, автордың берілген ойға қатысын білдіретін лексика (масаттану, жаны ашу, жылылық, құрмет көрсету, әзілқойлық, жек көру, беделін түсіруге тырысу); реңк мәнді жұрнақтар; синтаксистік конструкцияда лепті сөйлемдердің жиі қолданылуы және т.б. Сонымен бірге, бұл стильге қарапайымдылық, табиғилық беретін және шынайы өмір мен терең де таза сезімдерді білдіруге көмектесетін ең дағдылы әрі көпшілік қолданатын сөздерді жиі пайдалану тән. Сөйлеудің жандылығы мен табиғилығына қол жеткізу үшін ауызекі сөйлеу тілінің элементтері де қолданылады. Керісінше, іскерлік салқынқандылық пен құрғақтықты білдіретін элементтер тіпті қолданылмайды. Мәселен, терминдер мүлдем ұшыраспайды десе де болады.

Көркем сөйлеуде түрлі тілдік бірліктердің метафоралығы мен бейнелілігі жиі байқалады да, онда синонимдердің, көпмағыналылықтың, лексиканың түрлі стилистикалық қабаттарының бар мүмкіндіктері жиі қолданылады. Мұндағы барлық құралдар, соның ішінде, бейтараптық құралдар да, жазушының поэтикалық ойын, образдар жүйесін жеткізуге қызмет етеді.

Әрбір нақты жағдайда бүкіл тілдік-стилистикалық құралдардың ішінен бір ғана құрал қисынды, осы контекске ең қажеттісі болып табылады. Образ бен оның анық ерекшелігін бейнелеуде көркем сөйлеудің жоғары сапасы түсінігі мен оның міндетті қасиетіне сөйлеудің қайталанбауы мен жаңашылдығы жатады. Сонымен қатар, көркем мәтін бейнелілігімен ғана емес, ашық эмоционалдылығымен де айқындалады. Д. Э. Розенталь көркем әдебиет тілінің төмендегідей ерекшеліктерін көрсетеді: 1) коммуникативтік және эстетикалық қызметтердің тұтастығы; 2) көпстильділік; 3) бейнелеуіш-мәнерлегіштік құралдардың кең қолданылуы; 4) автордың шығармашылық даралығының көрінуі [32, 50]. Бұл көрсетілген ерекшеліктердің ішінен тек эстетикалық қызметті ғана көркем әдебиет стиліне тән деп санауға болады, ал қалғандары белгілі бір деңгейде басқа стильдерде де кездеседі. Мысалы, тілдің бейнелеуіш-мәнерлегіштік құралдары публицистикалық стильдің көптеген жанрлары мен ғылыми-көпшілік стильдерде қолданылады. Автор баяндауының даралығын ғылыми және қоғамдық-саяси мәтіндерден де ұшырастырамыз. Әдеби тіл – бұл тек көркем әдебиет тілі ғана емес, сондай-ақ, ол – ғылым тілі, мерзімді басылымдар тілі, мемлекеттік мекемелер тілі, мектептер тілі және т.б. Оның дамуына ауызекі сөйлеу тілі ерекше ықпал етеді. Ауызекі сөйлеу стилі мен көркем әдебиет стилінің бірнеше жақындықтары бар. Олар: эмоционалдылықтың жоғары деңгейде көрінуі, тілдік бірліктердің модальдық реңктерінің көпқырлылығы және әдеби нормаларға қатысы, яғни әдеби нормадан тыс тілдік құралдардың қолданылу мүмкіндігінің жоғарылығы. Көркем шығарма ауызекі сөйлеудің лексикасы мен фразеологиясын ғана емес, сонымен қатар синтаксистік құрылымын да кең пайдаланып, соңғысын (синтаксистік құрылымды) белгілі бір деңгейде, әсіресе, ба-

яндауда әдеби нормаға жақындатады. Алайда көркем шығарма ауызекі сөйлеу тілінің ерекшеліктерін сол күйінде емес, белгілі бір дәрежеде іріктеп, өңдеп, ең бастысы, эстетикалық функцияға бағындырып қолданады [27, 200].

Жалпы әдеби тілдің бір бөлігі бола тұрып, көркем әдебиет тілі әдеби тіл нормаларының шегінен жиі шығып кетеді. Жергілікті кейіпкердің бар болмысын бейнелеу үшін диалекті сөздерді, әлеуметтік ортаның сөйлеу ерекшеліктерін көрсету үшін түрлі жаргондарды, кәсіби сөздер мен тілдік клишелерді жиі пайдаланса, түрлі стилистикалық мақсатта архаизм мен историзмдердің де қолданылу үрдісі жиі кездеседі. Олар тарихи дәуірдің ерекшелігін бейнелеумен қатар, кейде сөйлеуге салтанаттылық, масаттанушылық реңк үстесе, кейде иронияны, сатира мен пародияны білдіру үшін қолданылады.

Көркем әдебиет стилі, оны тілдік қатынас өрісінің басқа стильдерінен ажырататын өзіндік белгілері мен ерекшеліктерін әрқашан сақтайды. Бұл стильдік белгілер тілдік құралдарды сөйлеуде эстетикалық функциясында пайдаланумен байланысты. Тіл көркем шығармада ерекше эстетикалық қызмет атқарады. Көркем шығарманың өнер сияқты ерекше қасиетінен туындайтын эстетикалық қызметі тілдік құралдардың байлығына, кеңдігіне, көпқырлылығына негізделеді.

Тіліміздегі басқа стильдерге қарағанда, көркем сөз стилінің аясы кең. Мұнда барлық стильдердің элементтері кездеседі. Тілдік тәсілдер көркемдік мақсатта жұмсалады. Образды сөздер жиі қолданылады. Әр жазушының өзінің талғамына қарай тіл ерекшелігі, сөз қолдану тәсілі болады. Ол ерекшеліктердің бәрі бір-бірімен арақатынаста болып, көркем әдебиет стилінің басқа стильдерде қайталанбайтын, айрықша жүйесін жасайды.

Көркем әдебиет тілін екі негізгі түрге бөлуге болады: проза және өлең тілі [18, 123]. Проза – бұл «естественная форма организованной человеческой речи» [44, 10]. Өлең тілі жалпыхалықтық тіл заңдарымен қатар, өзіне ғана тән сөйлеудің «табиғи формасына» едәуір шектеу қоятын заңдарға да бағынады. Өлең тілінің құрылымындағы ең бастысы – оның ерекше ырғаққа ие болуы, яғни сөйлеу бірліктерінің – екпін түсетін



немесе түспейтін буындардың заңды қайталануы. Өлең тілінде дыбыстардың қайталануы, дауыссыз (аллитерация), дауысты (ассонанс) дыбыстардың үндесуі ерекше орын алады. Дыбыстық қайталаулардың ішінде, әсіресе, өлең жолдарының соңында қайталануы өлеңді ерекше ырғаққа бөлейді. Өлең жолдарын компоненттерге бөлу прозалық шығармалардағыдан мүлдем бөлек. Прозалық шығармаларда сөйлеу компоненттері сөйлемдер (жай және құрмалас), сөз тіркестері, сөздер деп бөлінсе, поэзияда ол шумақтар мен өлең жолдарына бөлінуімен күрделенеді. Өлеңдерде «қалыпты» паузалардан бөлек, жолдар арасында кездесетін «өзіне тән жеке» тұрақты паузалар болады да, олар өлеңге ерекше эмоционалды-көркемдік реңк беріп тұрады. Сөздер прозаға қарағанда поэзияда көбірек дербестікке ие болады.

Өлең жолдарының ырғақ, ұйқас, интонацияның өзгешелігі, ассонанстар, аллитерациялар және тағы басқа осылар сияқты арнайы құралдары көркемдік мәнерлеудің қосымша тәсілдері болып табылады. Олар сөйлеудің негізгі, қарапайым құралдарымен, өздерінің көпмағыналылығымен, ассоциативтілігімен ерекшеленеді. Оларда алғашқы орында эмоционалдық реңк тұрады. Интонацияның өзгешелігімен, паузалармен жымдастырылған өлең жолдары белгілі бір көркемдік қызмет атқарады.

Көркем әдебиетке тән екі ерекше белгіні көрсетуге болады: өмірді бейнелеу сипаты және оқырманға қатынастың ерекшелігі. Бұл екеуі де бір-бірімен тығыз байланысты белгілер. Көркем әдебиет те, барлық өнер салалары сияқты, өмірді бейнелі түрде, сезімталдықпен бейнелейді де, соған орай оқырманның сезіміне әсер етеді [18, 127].

Жазушы өмірді тікелей емес, өзі жасаған шығарманың образдар жүйесі арқылы көрсетеді. Ол өмірдегі фактілерді өзінің өмірлік танымына, көзқарасына, эстетикалық талғамына, идеялық және көркемдік талаптарына (оның ішінде міндетті түрде оқырманға әсер ету де бар) сәйкес іріктейді, жинақтайды, толықтырады және біріктіреді. Көркем шығармаларда автор мен кейіпкерлердің бір-бірімен күрделі қатынаста бола-

тын бірнеше «көзқарас бұрыштары», бірнеше бағалауыштық-эмоционалдық және сөйлеу реңктері болады. Әрине, өмірдегі көптеген фактілер көркемдік модельден тыс қалады, бірақ басқа фактілер нақтыланады және ерекше жеткізіледі. Д. С. Лихачев: «Көркем шығарма әлемі шындықты бір бөлігі қысқартылған, шартты нұсқасында суреттейді», – деп жазады, алайда талантты жазушының қаламынан туындағын шығармаларда бұл сурет: «кейбір жағдайларда оның барынша қысқартылғанына, шарттылығына қарамастан, шын өмірдегіден әлдеқайда көпқырлы және кеңірек» болып келеді [45, 79].

Көркем әдебиет стилінің экспрессивті және эмоционалды болатынын жоғарыда айттық. Автор оқырманға көркем бейне арқылы әсер етуге тырысады. Тілдің көркемдік, бейнелегіштік құралдарын өзінше құбылтып, өз мақсаттарына сай пайдаланады. Көркем шығармада сөздерді түрлі-түрлі ауыспалы мағынада қолдану мен бейнелеуіш, суреттеме құралдары – теңеу, метафора, метонимия, синекдоха, эпитет, т.б. жиі ұшырасады. Сондай-ақ, тілдің көркемдегіш құралдары – градация, перифраз, қайталау, инверсия, антитеза, т.б. еркін пайдаланылады. Сөздер көркем әдебиетте екі қырынан көрінеді: номинативтік-коммуникативтік бірлік ретінде және көркемдік мәнерлеу мен бейне (образ) жасаушы құрал ретінде [32, 50].

Көркем әдебиет түрлерінің жанрлық жақтан топтастырылуы, олардың тілдік көркемдік ерекшеліктерімен сараланып жіктелуі, қазіргі таңда стилистикалық категориялар – мәтін стилистикасы – автор бейнесі – қабылдаушы категориясы деген ұстанымдарды қажет етеді. Көркем әдебиет стиліндегі шығармаларды тарихи шығармалар, эпопея, романдар, фантастикалық шығармалар, сатиралық туындылар, эсселер т.б. деген бөлініске бөлудің өзі осы бір стильдің көркемдік жағын тануда күрделі талдауды қажет ететінін танытады [15, 78].

Әдеби шығарманың негізгі құралы – тіл. Көркем бейне жазушының шеберлігіне, оның жалпыхалықтық тіл байлығын жетік меңгеріп, шұрайлы сөз образдарын қолданып шебер суреттей білуіне тікелей бағынышты. Ақын-жазушылардың өзіндік стиль ерекшеліктері, жазу мәнері жалпыхалықтық тілдің

негізінде қалыптасып жетіледі. Жазушының стиль ерекшелігі – жалпыхалықтық тілдің жалғасы ретінде дамиды әдеби тілдің маңызды бөлшегі.

Академик В. В. Виноградов: «Көркем шығарманың тілін зерттеу мәселесі тіл білімінен де, әдебиеттанудан да өз алдына айырмашылығы бар филология ғылымдарының айрықша бір бөлек саласы болуға тиіс», – деп есептейді.

**2.4.2 Көркем шығармадағы автор бейнесінің тілдік көрінісі.** Көркем әдебиет стиліндегі басты ұғым – бейне немесе бейнелілік. Бейненің стилистикада әбден қалыптасқан мәні – суреткер танып игерген шындықтың шығармада айқын, нақты формада көрініс алуы. Ол – жалпыланған, біртұтас, іштей аяқталған және ең бастысы, идеялық-эстетикалық мәнге ие.

Өнердің қай түрінде болмасын бейнелеудің (бейнені жарыққа шығарудың) өзіндік формалық құралдар жүйесі болады. Әдебиетте ол құрал – тіл. Басқа өнер түрлерінен айырмашылығы – тілдік құралдар арқылы жасалған бейне тікелей қабылданбай, екінші сигнал жүйесі арқылы сатылай қабылданады [43,34].

Әдеттегі (көркем емес, жай) қолданыста тілдің мазмұны, ол арқылы берілетін ой, идея тікелей, тура көрінсе, көркем шығармада идеялық мазмұн мен тілдің арасын бейнелі жүйе (образдар жүйесі) алып жатады. Тіл арқылы көркем бейнелер: ең кішісінен (сөз-бейне) күрделі түріне (адам, қоғам, уақыт бейнелері) дейінгі түрлері жасалады. Тұтас жүйе құрылымындағы солардың қарым-қатынасы, тоғысуы, дамуы арқылы жазушының (шығарманың) идеялық ой-түйіні қалыптасады. Әдеби шығарманың көркемдік-тілдік негізі көптеген түрлі компоненттердің – сөз бен грамматикалық формалардан бастап тұтас бағалауыштық-тілдік құрылымдардың бірлігінен тұрады. Оларды іріктеу, қалыптастыру, тіркестіру көркем шығарма тілінің эстетикалық қызметіне негізделеді. Бұлар шығарманың көркемдік-тілдік жүйесін құрайды да, оның барлық компоненттері бір-біріне ғана бағынышты емес, сондай-ақ олар тұтас жүйеге де байланысты болады. Сөздің көркем шығармадағы рөлін орыс зерттеушісі С.Антонов былай көрсетеді: «Сөз эстетикалық мағынаға тек шығарманың ішінде ғана ие болады. Ол мәтіннің ішінде сипа-

ты мен мәнін өзгертіп, бірде көне, бірде жана, бірде мейірімді, бірде мысқылды, бірде салтанатты, бірде күлкілі болады» [56, 3]. Тұтас шығарманың бейнелілігін жасауға, әрине, тілден басқа да компоненттер: композиция, сюжеттің дамуы, т.б. қатысады. Алайда солардың ішіндегі ең бастысы және бәрінің көрініс алатын материалы – тіл болып табылады.

Автор бейнесі термині өзара байланысты екі ұғымды білдіреді: «во-первых, это субъект произведения, творец его художественного мира, наделенный воплотившимися в произведении определенными идейно-художественными взглядами, во-вторых, это словесно-речевая структура, являющаяся организующим центром художественного произведения» [18, 144-145]. Автор бейнесі – жазушының толық өзін емес, оның көзқарасының күрделі иірімдерін, әлеуметтік жағдайын, талғамын, мінезі мен сыртқы ерекшеліктерін, отбасылық және басқа да қатынастарын қамтиды. Дегенмен, жазушының жеке тұлғасы белгілі бір деңгейде автор бейнесінен көрініс табады.

Көркем шығарманың мәтіні ондағы барлық элементтердің органикалық байланысты болуы себепті, көпқырлы қасиетімен, әртүрлі ендіктегі көптеген мағыналық қабаттасу, ұштасулармен ерекшеленеді. Сондықтан бір сөз не бір құрылым бір мезгілде әрі кейіпкердің (немесе бірнеше кейіпкердің), әрі оқырманның, әрі автордың көзқарасын білдіре алады. Көркем шығарманың тілі оқиға, құбылысты жалпылап беру арқылы біздің санамызда ондағы қатысқан сөздердің санынан анағұрлым көп түсінік туғызады. Көркем шығармадағы тілдің эстетикалық міндеті де осында. Ғалым Б. Шалабай көркем шығармадағы автор бейнесі туралы зерттеулердің негізінде мынадай екі басты тұжырым жасайды:

1. Көркем шығарма өз заңдылықтары бар өзіндік жеке эстетикалық құрылымға (көркем тілге) ие. Ол құрылым – тілдің құрылымымен бір емес, ерекше құрылым, алайда тілдік құрылымның қасиеттеріне негізделеді. Р. Р. Гельгардтың сөзімен айтқанда, «көркем шығарманың тілдік тексі – халық тілінің дайын материалы негізінде туындаған екінші қатардағы түзілім (натура)» болып табылады. Көркем шығарма тілі жалпы халықтың

тілі негізінде жазылғанмен, одан тілдің жалпы заңдылықтарын іздемеу керек, ол көркем шығарманың ішкі заңдылықтарына бағынады.

2. Көркем шығарманың эстетикалық құрылымы (көркем тілі) шығарманың идеясына, жазушының көзқарасына, ұстанымына қатыссыз болмайды. Көркем әдебиеттің идеялық мазмұны – өзіне күрделі идеологиялық міндеттерді жүктей алатын жаңа сападағы, «жоғары деңгейдегі» мағыналық құрылым [43, 38].

Көркем шығарма тілінде көпдауыстылық анық көрінеді, бір көркем мәтінде бірнеше дауыс үйлеседі: олар – бейнеленген шындыққа қатысты түрлі көзқарастарды, бағалауларды, сипаттаулар мен дүниетаным туралы түсініктерді қамтитын және білдіретін автордың сөзі мен кейіпкерлердің сөздері. Бұл жалпы ережеге, жекелеген лирикалық жанрлар, әсіресе, өлеңдер ғана бағынбайды. Көркем шығарманың көпдауыстылығы, оны ғылыми, ресми-іскерлік, публицистикалық сияқты басқа функционалдық стильдерден айқын ерекшелендіріп тұрады.

Ғылыми еңбектердің авторлары төл сөздерді басқа авторларға сілтеме жасағанда сөзбе-сөз жиі қолданады. Ғылыми мәтіндегі пікір таластыруларда әртүрлі көзқарастар, түрлі пайымдаулар мен бағалаулар айтылып қана қоймайды, сонымен қатар олар бір-бірімен қайшыласып та жатады. Алайда, ғылыми стильге тән жеке үрдістер мен нақтылықтарға және баяндау формасының қатаңдығына (стандарттылығы) байланысты көзқарастар арасындағы айырмашылықтар тілдік құрылымның ерекшеліктері арқылы берілмейді, сондықтан ғылыми шығармаларда төл сөз фрагменттерінің кездесетініне қарамастан, лингвистикалық тұрғыдан көпдауыстылық болмайды. Дәйексөздерде кездесуі мүмкін пікір айырмашылықтары мен авторлық жеке баяндау формасы әдетте ешқандай қосымша, ерекше сипаттамалық қызметтер атқармайды, сол себепті олардың стилистикалық мәні маңызды емес.

Публицистикалық стиль мен оның кейбір жанрларында (мәселен, сұхбаттарда) төл сөз белгілі бір деңгейде дәл беріледі, ал пікір таластыруға арналған мақалаларда сыни талқылау құралы ретінде әртүрлі көзқарастар беріліп қана қоймайды, сонымен

қатар оларды жеткізетін сөйлеу мәнерлері де қолданылады. Алайда, төл сөздердің берілуі әдетте публицистикалық шығармаларда шағын тілдік бірліктер ретінде ғана қолданылады да, тұтас мәтіннің шамалы бір бөлшегі ғана болып табылады, сондықтан публицистикалық стильде көпдауыстылық туралы айтуға еш негіз жоқ деп есептейміз.

Ресми-іскерлік стильдің мәжіліс, жиналыс хаттамалары сияқты жанрларын бір қарағанда көпдауысты деп атауға болатын сияқты, бірақ сөйлеушілердің сөздері мұндай үлгідегі құжаттарда жалпыланған, иесізденген сипатта беріледі де, барлық тілдік бояулар, соның ішінде жеке сөйлеу мәнері де ресми-іскерлік стильдің талаптарына байланысты қатаң формаға түседі.

Шығарманың мазмұнын баяндаудағы ерекше маңызды, ұйымдастырылған, жүйелі көпдауыстылық туралы тек көркем шығармаларға қатысты ғана айтуға болады. Көркем шығарманың көпдауыстылығы жазушының әлемді көркемдік модельде беру шеберлігімен тікелей байланысты, автор мәтінді және ондағы барлық қайшылықтар мен күрделілікті оқырманның әртүрлі қырынан көруіне, сезінуіне, қабылдауына күш салуы тиіс. Көркем шығармадағы әрбір дауыс кейіпкердің ішкі әлемін, оның жеке және әлеуметтік белгілерін дәл бейнелеуі арқылы сипатталады.

Көркем шығармадағы көпдауыстылықтың маңызды ерекшелігі – ол адамдардың сөйлеуіндегі нақты ерекшеліктерді тікелей көрсетпей, оны әлемнің көркемдік моделіндегі бейнесі арқылы жеткізуі. Шығармада автор сөзінен бөлек болғанына қарамастан, кейіпкерлер сөздерін (кейіпкерлердің өздерінде) автор жасайды, сондықтан кейіпкер сөзі де, автор сөзі де автордың «өнімі» болып табылады. Сондықтан кейіпкер сөзінде кейіпкермен бірге өзінің идеялық-көркемдік міндеттерімен белгілі бір шамада автордың өзі де көрінеді.

Көркем шығармаларда бірнеше «сөйлеуші тұлғалар» болуы мүмкін. Бұл, ең әуелі, автордың өзі, сосын – кейіпкер, дәлірек айтқанда, өз көзқарастары бар әртүрлі кейіпкерлер; тіпті автор енгізген, баяндау соның атынан жүргізілетін әңгімелеуші де «сөйлеуші тұлға» болуы мүмкін [18, 140]. Мұндай жіктеуді біз

қазақ тіл білімінен де кездестіреміз: «Көркем шығарма мәтіні бірнеше субъективтік тұлғалардың күрделі, өзара әрекетшіл қарым-қатынастарынан тұрады: автор, арнайы әңгімелеуші және кейіпкер» [43, 42].

Автордың әрекет ету аймағы қатаң әдеби тіл нормаларына негізделген баяндауды жасайды. Кейіпкердің әрекет ету аймағына диалог жатады. Онда әдеби емес: қарапайым, ауызекі сөйлеуге тән элементтер де қатар қолданыла береді. Ал арнайы әңгімелеушінің әрекет ету аймағы осы шектің (автор және кейіпкер) аралығын алып жатады да, ол бірде авторға, бірде кейіпкерге жақындайды, кейде тіпті екеуінің әредік немесе мүлде қосылып кетуі мүмкін. Осылардың қарым-қатынастарында қайсысының басым болуына қарай негізгі екі композициялық-стистикалық баяндау типі ажыратылады: 1) автор атынан жүргізілетін баяндау типі; 2) басқа біреудің (кейіпкер не әңгімелеуші) атынан жүргізілетін баяндау типі [43, 42]. Осыған сәйкес көркем шығармадағы баяндауды субъективтендірудің әртүрлі деңгейі анықталады.

Алғашқы баяндау типіндегі субъективтік орталардың өзара қарым-қатынасы екіншісіне қарағанда әлдеқайда күрделі және көп қырлы болады. Өйткені ондағы баяндау әдеби тіл үлгісімен жасалатындықтан, әдеби нормадан кез келген ауытқу ерекше әсерлі, айшықты болуы тиіс. Мұнда жазушы ауызекі сөйлеу тілін ғана емес, басқа да стильдің мүмкіндіктерін еркін пайдалана алады. Баяндаушы бірде объективті, бірде субъективті бағытты ұстайды, бірде суреттейді, бірде толғанысқа түседі, оқиғаларды жалпы не тұтас тұрғыда алады, қозғалыста не тұрақты қалпында бейнелейді. Қорыта айтқанда, автордың баяндалып жатқан оқиғаға, әрекетке қарым-қатынасы өте жылжымалы, өзгермелі болады.

Баяндауды субъективтендірудің екінші түрі оны кейіпкердің немесе әңгімелеушінің атынан жүргізумен байланысты. Онда субъектінің көрінуі тікелей, анық немесе жабық, жасырын түрлерде болады. Кейіпкердің анық көрінуі – «төл сөзде» (диалог, монолог) жүзеге асады. Ол стилистикалық, тілдік және графикалық белгілері жағынан ерекшеленіп тұрады.

Автор мен кейіпкер тілінің өзара әсерлесу формалары ортақ төл сөзді тудырады. «Төл сөзден» басқа, кейіпкердің көрінуі «ішкі сөз» және «ортақ төл сөз» формаларында жүзеге асады. «Ішкі сөз» кейіпкерге тән ой, сезімді білдірсе, «ортақ төл сөз» кейіпкер мен авторға ортақ ой, сезімдерді береді. Бірақ бұлар төл сөз сияқты графикалық жағынан ерекшеленбейді, әрі үшінші жақтан беріледі. Осы сипаттарына орай, «төл сөз» сияқты дараланып тұрмай, баяндаудың құрамында органикалық бір бүтін құрап тұрады. Сөйтіп, баяндаудың кейіпкер (әңгімелеуші) тарапынан субъективтенуі төл сөз, ішкі сөз, ортақ төл сөз формалары арқылы жүзеге асады [43, 43].

Автор сөзінің рөлі мен сипаты, оның кейіпкерлер сөздерімен өзара байланысы әр жазушыда, тіпті әр шығармада басқаша болады. Автор сөзі автордың шын мәніндегі бағалауыштық ұстанымын ашық көрсетпеуі де мүмкін. Бұл туралы Ф. Энгельс: «автордың көзқарасы неғұрлым жасырын болған сайын, өнер туындылары соғұрлым үздік болады», – деп жазған болатын. Көркем шығармадағы көпдауыстылық өте күрделі жүйені құрайды, оны түсініп алмай тұрып, шығарманы толық ғылыми талдау туралы айту еш қисынсыз.

## 2.5 Публицистикалық стиль

**2.5.1 Публицистикалық стильдің функционалдық сипаттамасы мен қолданылу өрісі.** Публицистикалық стиль – сөйлеудің қоғамдық-саяси, мәдени, спорт және т.б. осы сияқты әлеуметтік қатынастардың кең көлемін қамтитын функционалдық стильдердің бірі. Бұл стиль тыңдармандар мен оқырмандардың арасына кең таралымымен, бейнелілігімен, баяндаудың шешендігімен, жағымды және жағымсыз мағынадағы мәнерлілігімен сипатталады. Публицистика – «қазіргі өзекті мәселелерді қамтитын қоғамдық-саяси әдебиет» [46, 157].

Публицистика (латынша: *publikus* – көпшілік, әлеумет) қоғам өмірі үшін маңызды мәселелерді талқылау деген ұғымда жұмсалады. Публицистикалық стиль қоғамдық талапқа сай жазылған шығармалардың негізінде қалыптасады. Тілдің бас-



қа стильдері сияқты публицистикалық стиль де сан қырлы, қатпарлы болып келеді. Белгілі бір тілде публицистиканың өз алдына бөлек стиль болып қалыптасуы қоғамдық сананың өскенін, артқанын көрсетеді. Публицистикалық стиль ерекше күрделі де тармақты, есепсіз өтпелі (стиларалық) құбылыс болып табылады және қоғамдағы саяси-әлеуметтік, идеологиялық, экономикалық, құқықтық, мәдени, т.б. қатынастарды қамтиды. Ол бұқаралық ақпарат құралдары – газеттерде, радиода, теледидарда, қоғамдық-саяси және әдеби журналдарда, лекцияларда, мәслихаттарда, жиындарда және ереуілдерде сөйлеушілердің сөздерінде қолданылады. Бұлардың ішіндегі ең көп қолданылатыны – газет пен теледидар, өйткені олар бұқаралық коммуникацияның ең танымал түрлері. Публицистикалық стиль қызметі мен қолданылу мақсатына қарай төмендегідей негізгі бөліктерге бөлінеді: саяси-үгіттік (үндеу, ұрандар, прокламация – саяси мәнді үгіт листовкасы), ресми саяси-идеологиялық, публицистикалық (памфлет (ағым) – қоғамдық-саяси тақырыпта пікірталас туғызатын көлемі шағын шығарма, очерк, мақала және т.б.), газеттік. Өз кезегінде бұлардың әрқайсысы да стильдік ерекшеліктеріне қарай іштей жанрларға бөлінеді. Публицистиканың жанры әр алуан. Сол жанрлардың түріне, өзгешелігіне қарай оның тіл ерекшелігі де айқындалады. Мысалы: бас мақала, ақпараттық хабар, очерк, памфлет, халықаралық шолу, радио-теледидардан берілетін хабарлар.

Публицистика көпшіліктің қатынас құралы ретінде басқа да бөліктерге бөлінеді. Мысалы: радиопублицистика, кинопублицистика, телепублицистика. Бұлардың әрқайсысының ортақ белгілерімен қатар, дербес стилистикалық ерекшеліктері де болады. Публицистикалық стиль ауызша және жазбаша формаларда баяндалады. Ауызша формасына шешендік сөздің қоғамдық-саяси бағыттағы үлгілерін жатқызамыз. Шешендік сөздерді арнайы публицистикалық өріс ретінде қарастырады. Ол жазбаша публицистика мен ауызша публицистиканың күрделі бірлігін көрсететін ерекше публицистикалық жанр болып есептеледі. Шешендік сөздердің функционалдық-стильдік қыры әр алуан, академиялық шешендік – ғылыми стильге, сот шешендігі – рес-

ми стильге, ал саяси шешендік – публицистикалық стильге жатады. Публицистикалық стильдің ауызша формасының негізгілері – қоғамдық-саяси баяндамалар, үгіт-насихатшылардың сөздері және т.б.

Публицистикалық стильге ақпараттық және әсер ету қызметі тән. Ол әртүрлі және бәрін қамтитын ақпараттарды жеткізу үшін қолданылады. Елдің ішкі өмірі мен шетелде болып жатқан негізгі оқиғалар газет беттерінен кең де тұрақты көрініс тауып отырады. Газет қоғамның қызығушылығын тудыратын кез келген фактілер мен оқиғаларды жариялай береді. Мәтіндегі ақпараттық қызмет оның әсер етушілік қызметінен еш ажыратылмайды. Әлеуметтік маңызына қарай іріктеліп, орналастырылған ақпараттық материалдар (ең маңызды деген ақпараттар газеттің алғашқы жолдарында беріледі) оқырманның қоғамдық санасына белгілі бір деңгейде өз әсерін тигізбей қоймайды.

Публицистикалық стиль азаматтарға қазіргі заманның ең маңызды мәселелері туралы ақпарат береді, еліміздегі және шет елдердегі саясатта, идеологияда, ғылым мен техникада, экономикада, өнерде, әдебиетте, заң шығару, т.б. салаларында болып жатқан барлық оқиғаларға баға береді. Яғни, бұл стильдің басты қызметі – ақпараттық қызмет. Ақпарат азаматтарға ағарту, құбылыстың шындық мәнін түсіндіру, олардың қоғамдық-саяси танымын қалыптастыру мақсатында беріледі. Сондықтан ақпараттық қызмет белгілі дәрежеде идеологияға тәуелді болады. Бұл тәуелділік, әсіресе, Кеңес Одағы тұсында аса қатал болды.

Публицистикалық стиль саясат саласына қызмет етеді және оның функционалдық міндеті – қоғамдық пікірлерге ықпал ету, оны қалыптастыру. Публицистикалық стильдің тілдік құрылымы саяси және азаматтық идеялар мен ұстанымдарды, саяси насихаттарды, саяси партиялар мен топтар арасындағы өткір сөз қағыстарын жеткізуге, өмірдегі ағымдық оқиғаларды жариялауға, қоғамдық, саяси ұйымдардың, ресми мекемелердің қызметтерін, саясаткерлердің, журналистердің, мемлекет және мәдениет қайраткерлерінің мәлімдемелерін бағалауға бағытталған.

Публицистикалық стильдің негізгі қызметтерінің тағы бірі – әсер ету қызметі. Тілдің бұл қоғамдық қызметі (әсер ету) жа-

риялау, ақпарат беру қызметтерімен бірлесе жүргізіледі, өйткені әсер ету мен ақпарат беру қызметтерінің өзара әрекеттесуі қоғамдық пікірлерге тіл арқылы ықпал жасаумен тығыз байланысты. Ал қоғамдық пікірге тіл арқылы ықпал жасау өмірдегі – әлеуметтік, саяси, мәдени, ғылыми, рухани, экономикалық, т.б. ағымдық өзекті оқиғалар мен фактілер туралы ақпараттарды сөзбен жеткізуге негізделеді. Публицистикада әсер ету қызметі ерекше мәнге ие: егер ғылымда автор адресаттың ақылына жүгініп, белгілі бір ережелерді логикалық негіздермен немесе нақты есептермен дәлелдесе, публицист-автор оқырманға эмоционалды әсер ету жолымен ой салады, сендіреді, сондықтан ол хабарланатын оқиғаға өзінің қатынасын ашық білдіреді. Мұндай қатынастың әрдайым жеке адамның көзқарасын ғана емес, сонымен қатар белгілі бір әлеуметтік топтың, таптың, тіпті, партияның көпшілікке арналған ұстанымын да білдіретінін естен шығармау керек.

Публицистикалық стильдің әсер етушілік қызметі мәтіннің саясылығымен, оның идеологиялық бағытымен тығыз байланысты. Хабарланған оқиғаларға жасалған талдаулар оған, соның ішінде қоғамдық-саяси жағынан да түсініктемелер мен бағалау жасайды. Әсер етушілік қызмет тілдік және тілдік емес жүйелер арқылы жүзеге асырылады. Публицистикалық стильдегі шығарма болған оқиға ретінде газетте хабарды да (ақпараттық қызмет), оқырманның, тыңдарман мен көрерменнің саяси санасына ықпал ететін құралдармен жеткізілген осы фактілер туралы көзқарастарды (әсер етушілік қызметі) да қамтиды. Газеттегі, жалпы публицистикадағы ақпараттар басқа стильдерде берілген ақпараттардан үгіт-насихаттық және ұйымдастырушылық сипатымен де ерекшеленеді.

Публицистикалық мәтін өзінің тілдік құрылымында өзекті, маңызды ақпараттарды және оларды түсіндіруді қамтиды. Ол түсіндірулер жоғары мәнерлі, эмоционалды-экспрессивтік бояумен көмкеріліп, оқырманның қызығушылығын туғызатындай болуы тиіс. Журналист-автор өмірдегі адамдар, фактілер, оқиғалар, саяси күштер туралы хабарлайды. Хабарлай отырып, оқырманға (көрермен, тыңдарманға) және оның өмірлік таны-

мына, санасына, көңіл-күйіне, оның публицистикалық мәтіннің мәнін қабылдауына барынша да тиімді әсер ету үшін осылардың бәрін тікелей идеялық, саяси жағынан түсіндіреді, эмоционалды-экспрессивтік бағасын береді.

Публицистикалық мәтіннің бұл ерекшеліктері, ең әуелі, оның тілдік құрылымынан көрінеді. Мұндай мәтіндер үшін төмендегі тілдік құралдардың өзара әрекеттестігі, сiңiсуi немесе кезектесiп алмасуы тән:

– өзекті оқиғаға қатысқан мекемелердің, тұлғалардың, ұйымдардың ресми, дәл атауларына, ондай оқиғаларды объективті сипаттауға, оларды орынды, объективті бағалауға негізделеді;

– баяндалған оқиғалардың, жағдаяттардың экспрессивті боялып, ашық бағалануы;

– тілдің мәнерлегіштік құралдары.

Орыс лингвисті О. А. Крылова газеттік публицистиканың ақпараттық-мазмұндық қызметінің төмендегідей ерекшеліктерін көрсетеді: ...во-первых, информация в этой сфере общественной деятельности адресуется не узкому кругу специалистов, как, например, в сфере науки, а широком массам, всем носителям языка; во-вторых, здесь необходима быстрота передачи информации, что не являлось необходимым, например, в официально-деловом стиле: публицистика, и особенно газетная публицистика, всегда посвящена «злобе дня» [13, 110].

Ақпараттық қызмет басқа стильдерге, мәселен көркем әдебиетке де тән, алайда ондағы ақпараттың сипаты басқаша. Публицистика мен көркем шығарма болмысты әртүрлі бейнелейді және баяндайды. Көркем шығармада ол тікелей, ашық көрінбейді, керісінше жазушы оны өзінің шығармашылық фантазиясынан өткізіп барып, көркемдік-бейнелік формада береді. Ал публицистика өмірді ашық және тікелей бейнелейді, оның ақпараттары фактілер мен құжаттарға негізделеді. Бұл публицистикалық шығармаларға тек типтік формалар мен талдаулар ғана тән деген ұғымды тудырмауы тиіс. Публицистикада бейнелілік көркемдік фактілерді хабарлаудан емес, оларды түсіндіру мен баяндау формаларынан көрінеді.

Әсер ету қызметі публицистика мен көркем әдебиетті өзара жақындастырумен қатар, оларды ерекшелендіреді де. Өйткені, ол

бұл стильдерде мүлдем басқаша формаларда беріледі. Мәтіннің әсер ету қызметі көркем әдебиетте де, публицистикалық шығармада да негізінен автор ұстанымын білдіру формасына сай анықталады. Публицист-автордың ұстанымы әдетте тура, ашық көрінсе, ал жазушы-автордың ұстанымы көркем шығарманың құрылымдық композициясынан, сөйлеудің көпқырлы да күрделі қатпарынан көрінеді.

Әңгіме, повесть, роман сияқты т.б. көркем мәтіндерде баяндау көбіне 3-жақтан айтылады да, 1-жақтан сөйлеу өте сирек кездеседі және ол белгілі бір стилистикалық мақсатпен қолданылады. Алайда, көркем шығармалардағы 1-жақтан баяндаушының «мені» автордың «менімен» толық сәйкес келе бермейді немесе ол міндетті емес. Академик В.В.Виноградов Салтыков-Щедриннің әңгімелерінде жиі кездесетін 1-жақтан баяндаудың ерекше көркемдік «мен» екенін және оның кейде авторға жақын болса, кейде одан алшақ болатынын көрсетеді. Ғалым, тіпті бұл 1-жақтан баяндаудың Салтыков-Щедриннің қызметтік, әлеуметтік-саяси және әдеби өмірбаянына қатысты болғанның өзінде де, оның автордан идеялық тұрғыдан әлдеқайда алшақ тұратынын көрсетеді [47, 143-144]. Ал тарихи романдарда баяндаушы мен әңгімелеушінің «мені» автордың «меніне» сәйкес келуі тіпті мүмкін емес.

Әдетте баяндау 3-жақтан жүргізілгенде, автордың ұстанымын «жасыруға» мүмкіндік көп болады. Әңгімелерде, повестерде, әсіресе, романдарда берілген «автор сөздері» шын мәніндегі автордың идеялық көзқарасымен, дүниетанымымен үнемі үндесе бермейді, өйткені автор онда өзіне белгілі бір деңгейдегі кейіпкерлердің сөйлеу тәсілін таңдап алады. Алайда, көркем шығармаларда да автор үнінің ашық та тура берілетінін жоққа шығаруға болмайды.

Публицистикалық мәтіндерде сөйлеу (баяндау) 1-жақтан да, 3-жақтан да айтыла береді. Алайда мұндағы бұл баяндау тәсілдерінің мәні мен қызметтері мүлдем бөлек.

Публицистикада 1-жақтан сөйлеу көркем шығармаларға карағанда әлдеқайда жиі қолданылады. Репортаждар, очерктер, мақалалар сияқты басқа да публицистикалық мәтіндердегі

авторлық «мен» – стильдеу құралы немесе авторлық перде емес, ол – берілген ақпараттарға қатысты өз көзқарасын ашық та тіке білдіре алатын нағыз авторлық «мен». Оған сипатталған оқиғаның құжаттылығы, оқиғаға автордың өзінің куә болуы немесе тікелей қатысуы да өз әсерін тигізеді. Т. Мұсұлманқұлдың «Балконға кім бақылау жасайды?» деген мақаласын оқып көрелік: «Жайшылықта өзіміз балкон дейтін, біреулер қылтима деп кеткен самалдыққа қосымша құрылыс жүргізіп жатқандардың қарасы басым. Иә, интернет иіндерінде ме, әлде теледидарда ма, кезінде осы құрғұр балконыңызды тәржімалауда ғалымдардың бірі самалдық деген сөзді ұсынған болатын. Расында да, самалдап тұратын осы бір қуықтай балконды самалдық деп атасақ, несі айып?

Балкон дедік, тендер дедік, енді тарқатып айтайық. Қыс мезгілі жақындаған сайын қамданып, қымтануды мақсат еткен пәтер иелері самалдықтарын кірпішпен қосымша қоршап, ықтап жатыр. Иә, осылайша, өздеріне өздері тендер жариялап, жеңіп алған пәтер иелерінің жұмыстары жүйелі жүргізілуде. Әйткенмен...

Жылжымайтын мүлік иесіне мұның бұрыс, мұның дұрыс деп айту біздің қолдан келмес. Дегенмен, дәл осындай өзім білермендіктің салдарынан, жүргізілген «құрылыстардың» кесірінен кезінде солтүстік көршілерімізде жер сілкінген сәтте көшеде жүрген өрімдей жастың үстіне жапырыла құлапты. Төртінші қабаттан құлдилай құлаған кірпіш жаныңды қойсын ба, нәтижесінде жас ғұмыр қыршынынан қиылды, шейіт болды. Рас, тағдырдың жазуы болар дерсіз. Алайда, сол құрылысты жүргізер алдында қауіпсіздік ережелері сақталған ба? Міне, бар гәп сонда.

«Құдай-ау, кейде осыларды жау ала ма» деп те ойлайсың. Ресейді қойыңызшы, мақұл, оларда бет қаритын ақ түтек, ақ боран бар. Ал, қысы жайлы келетін біздің өңірдің тұрғындарының соншалықты қымтануына жол болсын... Бірақ, біз айтты екен деп олар тіршіліктерінің тізгінін тартып жатқан жоқ. Кірпішпен әдіптелген балконнан көз сүрінеді демей-ақ қоялық, бірақ қай көшеге көз салсаңыз да осындай келеңсіздіктер көзге ұрады.

Жалпы өзінің жеке басын ойлаған тұрғындардың осы тірлігі заңды ма? Оларға қосымша құрылыс жүргізуге кім рұқсат берді? Осы туралы облыс әкімдігі құрылыс, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының бастығы Рахманқұл Байтелиев былай дейді:

– *Негізгі тұрғын үйдің құрылыс жүргізілген кезде белгіленген, келісілген архитектуралық пасаттары болады. Ол үй қасбетінің көркемдігі, әдемілігі сақталуы керек. Оны бұзуға болады ма? Әрине, болмайды деп ойлаймын.*

Расында да, қаламыздағы көп қабатты үйлердің салынуы барысында оның жобалық құжаттарында бекітілген схемасы болады. Онда тұрғын үйдің салыну жобасы бекітіледі. Ал, ол шеңберден жеке бастың мүддесі үшін асып кету – расында да заңсыздық секілді. Бір қарағанда бұл мәселеге облыстық сәулет құрылысын бақылау басқармасы қадаға жүргізуге тиісті сияқты. Алайда, тоқтаусыз жүргізіліп жатқан тірліктерге қарап, тұрғындардың еркінсуіне қарап, аталмыш басқарма өз функцияларын дұрыс орындамай отыр ма деп те ой түйетінііз анық.

Құдай сақтасын, әлдебір апат болып, адам шығыны орын алып жүрмесін дейміз. Әйтпесе, сол құрылысты жүргізіп жүргендер тиісті нормаларын сақтап, кірпішті өлшеп қалап жүр дейсіз бе? Бұған жауапты мекемелер, сәулет құрылысын бақылау басқармасы не дер екен?» (Арай, 4.10.2012).

Автор бұл мақалада, өз пайымдаулары мен тұжырымдарын нақты фактілерге, тиісті маманның пікіріне сүйене отырып жасайды. Сөйте тұра, ол өз эмоциясын (несі айып? бар гәп сонда, сақталған ба? не дер екен? деп те ойлайсың), наразылығын (*дегенмен, айткенмен, заңды ма? кім рұқсат берді? демей-ақ қоялық*), дұдамалдылығын (*бір қарағанда, отыр ма деп те ой түйетінііз, заңсыздық секілді, тиісті сияқты*) да ашық білдірген.

Материалдарды 3-жақтан баяндау да сол оқиғаға өзі куә болған немесе оған қатысқан автордың баяндауы болып табылады. Сөзіміз дәлелді болу үшін, төмендегі үзіндіге көңіл бөліп көрелік: «...Сонымен, ең кем дегенде 420 миллион франкты құрап отырған өз капиталын Храпунов қалай жасап үлгерген?

Оның баюының басы атақты тоқсаныншы жылдарға тұспа-тұс келгендігі белгілі. Бүкіл ТМД бойынша бандиттер, рэкetter, алаяқтар мен алдаушылар сол жылдардың басты кейіпкерлері болатын. Қазақстанның ең ірі де бай қаласы Алматы қылмыскерлер үшін нағыз құтты қоныс болды. Міне, сол кезде қала басшылығы, соның ішінде әкімнің орынбасары Храпунов өзіне мүдделес және бақылауында болған коммерциялық және қылмыстық құрылымдарға арқа сүйей отырып, зауыттар мен базарларды, балалар бақшалары мен мектептерді жекешелендіруге белсенді түрде кірісті.

Міне, сол кезде жергілікті атқару органдарын қылмыс әлемінен ұластыру жөнінде күрес басталды. В. Храпунов жекешелендіру жөніндегі өз тәсілдерінен бас тарта бастады. Бұл жағдай оның саяси қайраткерлер қатарында қалуына мүмкіндік берді. Әрине, оның басқарудың неғұрлым сыбайлас жемқорлыққа негізделген шенеунік ретіндегі ұстанымы өте әлсіз болатын. Сондықтан ол өзіндік эксперимент жасап көруге бел байлады. Храпунов жариялы түрде ислам дінін қабылдады. Өз сөздерінде қазақ тіліндегі сөздерді араластырып сөйлеуге көшті. Сонымен бірге, сол кездегі төменгі қызметтегі, бірақ болашағы зор деп танылған шенеуніктердің бірі Л. Бекетоваға үйленді.

*1995 жылы Храпунов өз капиталын Қажыгелдин үкіметіндегі энергетика министрі қызметіне конверттеді. Үкіметтің бұл құрамының үлесіне Қазақстан жаңа тарихының «ең бір қызықты» сәті – мемлекеттік мүлікті жекешелендіру үдерісі тап келген еді. Қажыгелдиннің тұсында бұрынғы кеңес индустриясының барлық алыптары – болат, қорғасын, хром, алюминий шығаратын металлургиялық зауыттар, мұнай және газ кен орындары, химия өнеркәсібінің кәсіпорындары және басқа да көптеген өндіріс түрлері сатылды. Сол кездегі жемқорлық қылмыстарына байланысты қазіргі күні халықаралық іздестіруде жүрген Қажыгелдиннің өзі де Храпуновтың энергетика жөніндегі күмәнді бастамашылдығына қолдау білдірген болатын...» («ЕҚ», 14.11.2012).* Бұл баяндау ІІІ жақтан жүргізілсе де, автордың Храпуновқа деген жеке көзқарасы (сынау, айыптау, наразылық) айқын аңғарылып тұр.



Публицистикалық шығармаларда тек автор сөзі ғана қолданылады. Егер онда төл сөздер қолданылатын болса (интервьюде, репортаждарда және т.б.), онда ол автор сөзімен араластырылмай жеке беріледі. Публицистикалық шығармаларда төлеу сөздер сирек болса да кездеседі. Мысалы: «...Кәсіпорынның өндіріс қуаты айына бір миллион өнімді құрайды. Кәдімгі спирт өнімдері шөлмектерінің тығынын, қақпағын дайындайтын кәсіпорын бүгінде Қытай, Ресей сияқты елдерге өнімдерін экспорттап отыр. Мұндағы техника негізінен Италиядан сатып алыныпты. Техника тілі мейлінше автоматтандырылған болса да, бүгінде бұл кәсіпорын 32 адамды жұмыспен қамтып отыр. ЖШС жетекшісі болашақта өнім көлемін арттыра түсу үшін әлі де білікті мамандардың жетіспей отырғанын да сөз арасында айтып өтті. Бірақ соңғы кездегі техникалық мамандықтарға деген жастардың зор ынтасы бұл мәселені де ұзатпай шешер деген үміттеміз» немесе:

«Индустриялық аймақта танысқан төртінші нысан сұйық шыны шығаратын «Ferrum-Vtor» зауыты болды. Мұнда жоба бойынша жылына 3 мың силикат үйіндісі және 6 мың тонна сұйық шыны шығарылады екен. Өнімдер металлургия, химия өнеркәсібі мен құрылыс, энергетика салаларында қолданылады. Бүгіннің өзінде дайын өнімдер республика аймағымен қоса, Ресей Федерациясы және Түркіменстан рыноктарына шығарылуда. Кәдімгі өзіміздің Аралдың ақ құмынан өндірілетін сұйық шыны осылайша өзімізде ғана емес, шетелдерде де үлкен сұранысқа ие болып отыр. Мұнда өндірілетін сұйық шыны кір жуу ұнтағына да пайдаланылады. Ол ақ құмды кальцийленген ақ ұнтақпен балқытудан түзілген силикат натрийден алынады. Жобада көрсетілген қуаттылықты орындау үшін мұндағы цехты қайта жарақтап, Ресейден балқыту пешін алдырмақшымыз, дейді бізді жұмыстың барысын тәптіштеп түсіндірген осы зауыттың бас технологы Қадырбек Әбдікәрімов. Оның айтуынша, қазір кәсіпорында 50 адам еңбек етеді» («ЕҚ», 01.11.2012). Бұл мәтіндер тұтастай сұхбат берушінің сөзінің желісінде баяндалған.

Осылайша публицистикада экстралингвистикалық та, лингвистикалық та факторлар автор ұстанымын ашық та тура

жеткізуге мүмкіндік береді. Алайда, автор немесе ол өкілі болып табылатын баспа органы белгілі бір себептерге байланысты бұл мүмкіндіктерді пайдаланбауы да мүмкін, дегенмен мұндай мүмкіндіктер тек публицистикалық стильге ғана тән екені анық. Сондықтан да, әсер ету қызметі публицистикалық стильде ашық көрінетін, насихаттаушылық сипатта болады.

Публицистикалық стиль әсер етудің көптеген құралдарын қалыптастырды, олардың басым бөлігі тек ақылға ғана емес, оқырмандардың сезімдеріне де әсер етуге бағытталған. Бұл оны көркем шығармалардың мәнерлеу құралдарымен жақындастырады, алайда көркем әдебиет стилі өзінің идеологиялық бағытында әлдеқайда ашық сипатта болады.

Публицистикалық стильдің дамуы – қоғамдық-саяси жағдайлармен, әлеуметтік-тарихи өзгерістермен, экономикалық өсумен тығыз байланысты жаңа жанрлардың қалыптасуына әсер етеді. Қазақ тілінің публицистикалық стилі өз бастауын ХІХ ғасырдың ІІ жартысынан алады. Оның пайда болуы ең алдымен мерзімді баспасөздің тууымен тікелей байланысты. Қазақ баспасөзінің алғашқы қарлығыштары саналатын «Түркістан уалаятының газеті» (1970-1883 ж.), «Дала уалаятының газеті» (1888-1902 ж.), «Торғай газеті» газеттері Патша үкіметінің жергілікті әкімшіліктерінің органы болғанымен, халықтың саяси-әлеуметтік жайы, оқу-ағарту мәселелері, қазақтың ұлттық мәдениеті, тарихы, әдебиеті мен тілі, тұрмыс-салты, т.б. туралы публицистикалық сипаттағы материалдарға бірқатар орын берген.

Абайдың «Қара сөздерінің» де қазақ публицистикасын қалыптастырудағы рөлі ерекше. Ақын өзінің 3, 8, 22, 93, 41, 42-сөздерінде көпшілік қауымға арнаған ойларын публицистикалық стильде ұсынады.

Мерзімді баспасөз беттерінде туған қазақ тілінің публицистикалық стилін онда жарияланған саяси-әлеуметтік, мәдени, экономикалық мәселелерге байланысты материалдар танытады. Олар қазақ бұқарасының саяси-шаруашылық халі, аянышты тұрмысы, оқу-білім мен техника-шаруашылық түрлері жағынан артта қалуы, халық арасындағы оқу-ағарту жұмыстары,

кейбір әдет-ғұрыптардың ескіргендігі, егін егу, саудаға араласу сияқты әрекеттердің қоғам дамуы үшін пайдалы екендігі төңірегінде болды. Бұл материалдарды оқырман қауымға түсінікті, жатық тілмен ұсыну көзделді. Сондықтан лексика-фразеологиялық құрамы жағынан да, грамматикалық құрылысы жағынан да бұл стильдің негізі қазақтың өз тілі болды.

Публицистикалық стильдің пайда болуы қазақтың ұлттық жазба әдеби тілінің әрі қарай дамуына ерекше ықпал етіп, әдеби тілдің қоғамдағы қызмет ету аясын одан әрі кеңітті. Осы тұстағы қазақ жазба әдеби тілінің функционалды стильдері бір-біріне ықпал етіп, өзара бірлікте дамыды. Қазақ публицистикасының қалыптасып дамуына қазақтың ұлы тұлғалары Абай, Шәкәрім, Ахмет, Әлихан, Міржақып, Жүсіпбек, Бейімбет, Сәкен және т.б. қоғам қайраткерлері орасан зор еңбек сіңірсе, кейінгі толқын ағалар Б. Бұлқышев, С. Ерубаев, О. Бөкеев, С. Әшімбаев, Ә. Кекілбаев, А. Сүлейменов, Ш. Мұртаза, т.б. ақын-жазушылар мен журналистер қазақ публицистикасын одан әрі дамытты.

**2.5.2 Публицистикалық стильдің жанрлары.** Баспасөз жанрлары туралы сөз болғанда, ең алдымен, жанр дегеніміз не, оның міндеті қандай деген сұрақтарды анықтап алу керек. Жанр дегеніміз – белгілі бір газет, журнал материалдарының, радио, телевизия хабарының көріну, өмір сүру формасы [48, 24]. О. С. Ахманова жанрды «жағдайдың нақтылы шарттарына байланысты жұмсауды мақсат еткен қолданыс тілінің түрі» деп көрсетеді [49, 148]. Жанрды таңдау нақты бір стильдегі немесе оның шағын түріндегі сөйлеу субъектісі арқылы іске асырылады. Мәтінде қамтылатын мазмұн сол сөйлеу субъектісі арқылы таңдалатын жанр түрінің заңдары бойынша сұрыпталады. Сол себептен де әрбір функционалдық стильде жазылған мәтін белгілі бір жанрлық түрлердің қалыптасу, я болмаса қолданылу дәстүрінің тарихын көрсетеді, сонымен бірге адам қызметінің сол саладағы жағдаяттарға байланысты тілдік тұлғалардың жұмсалып, бекітілу сапасын анықтайды. Осы тұрғыдан келгенде, әрбір жанрлық түрге белгілі бір нақты құрылым, алдын ала айқындалып қойған өзіндік қасиеттер тән болып келеді [50, 14].

Стилистика ғылымында жанр ұғымымен қатар, мағыналас қолданылатын терминдердің бірі – подстиль. «Подстиль» жайлы пікірлер де әрқилы. Көптеген зерттеушілер газет стилін журналистік әрекет сферасына қызмет ететін тіл қабаты деп есептеп, оны «газеттік-публицистикалық подстиль» (газетно-публицистический подстиль) деп атап, публицистикалық стильдің құрамына кіргізеді. Ал, академик М. Серғалиев «подстиль» терминін «шағын стиль» деп аударуды ұсынған. Тілші-ғалым «функционалдық стильдердің қай-қайсысы да белгілі заңдылықтардың нәтижесінде пайда болатынын» айта келіп, олардың «шағын стильдерге» жіктелетініне тоқталады. «Шағын стиль әр стильдің құрамында және белгілі бір мәтінге ғана байланысты болады» және шағын стильді «белгілі бір мәтіндердің жиынтығы», ал «сол мәтіннің әрқайсысын шағын стильдің құрамына енетін жанр деп атаған жөн», – деген тұжырым жасайды [51, 55]. Ғалымның бұл тұжырымы өте қисынды, өйткені газет материалының шағын жанрдың қай түріне жататыны тек сол стильде жазылған мәтіннің көлемі мен композициялық құрылымына қарап қана ажыратылады.

Проф. М.Серғалиев публицистикалық стильдерді мағыналық жағынан үш шағын топқа бөледі:

- а) үгіттік публицистикалық шағын стиль;
- ә) саяси-идеологиялық публицистикалық шағын стиль;
- б) саяси бұқаралық публицистикалық шағын стильдер.

Осы топтаудың негізінде үгіттік шағын стилге – корреспонденция, репортаж жарнама, хабарландыру; саяси-идеологиялық шағын стилге – ақпараттық мақала, аналитикалық мақала, комментарий; саяси бұқаралық шағын стилге – интервью, фельетон, памфлет, очерк жанрларын жатқызады [51,125-128]. Бұның барлығы публицистикалық стильдің құрамдас бөлігі болғандықтан, оларға «шағын жанр» деген атаудың берілуі әбден орынды. Негізгі мәселе шағын жанр материалдарының тақырып ауқымының үлкен, ал көлемінің шағын болатынында.

Қазіргі қоғамдық өзгерістерге байланысты газет жанрларының қызметі мен дамуында да белгілі бір өзгерістер бар. Мұндай өзгерістер қоғамдық өмірдегі жаңалықтарға байланысты. Қазіргі

нарықтық экономика кезінде газетке материал дайындап, басып, оқырманға жеткізгенге дейінгі атқаратын қызметтің барлығы қаржы мәселесіне тікелей байланысты. Сондықтан газет ұжымы экономикалық жағдайларға байланысты газет беттерінен «жарнама», «кұттықтау», «еске алу», «пресс-релиз немесе баспасөз хабарламасы», «түйіндеме», «дайджест немесе ақпараттық шолу», «жұлдызжорамал», «сауалнама», т.б. жаңа жанрларға орын беруге мүдделі болып отыр.

Баспасөзде пайдаланылатын жанрларды проф. Т. Қожакеев негізінен үш топқа бөледі: Бірінші топ – хабарлама (информациялық) жанрлар. Бұған жататындар – заметка, есеп (отчет), сұхбат (интервью) және репортаж. Екінші топ – талдамалы (аналитикалық) жанрлар. Бұл топ корреспонденция, мақала, баспасөзге шолу, рецензиядан тұрады. Үшінші топ – көркем публицистикалық жанрлар. Мұның құрамына фельетон, памфлет, очерк, көркем публицистика енеді [48, 30-34]. Зерттеуші-ғалым Б.Момынова газеттің негізгі жанрлары ретінде хабар (информация), шетелдік корреспонденция, есеп, үгіт-насихат мақалалары, проблемалық мақала, очерк, сұхбат (интервью), репортаж, фельетон, пікірді (рецензия) атайды [52, 52].

Публицистикалық стильді жанрлық сипатына қарай төмендегідей топтастыру да кездеседі: саяси сипаттағы жиналыстардағы сөйлеу, бас мақала, саяси-теориялық мақалалар, идеологиялық кеңестер, халықаралық шолулар, репортаждар, корреспонденциялар, фелетьондар, моральдық-этикалық мақалалар, очерктер (очерктің өзін бірнеше жанрға бөлуге болады: публицистикалық очерктер, көркем очерктер, ғылыми очерктер), спорттық шолулар және т.б. Алайда, газет жанрларының осындай әртүрлілігіне қарамастан, газет тілінің функционалды тұтастығы туралы да айта аламыз. Газеттік-публицистикалық шағын жанрдың функционалдық ерекшелігін оның өзіндік лингвистикалық белгілері құрайды.

Публицистикалық стиль газет беттерінде барынша ашық және толық, өзіне тән барлық жанрларымен көріне алады. Өйткені, мемлекеттің бүкіл ішкі-сыртқы саясаты, Елбасының жарлықтары, Үкімет Үйінің барлық қаулылары мен үндеулері,

саяси-элеуметтік баяндамалар, идеологиялық бастамалар және т.б. газет беттерінен көрініс табады. Сондықтан да «газет тілі» мен «публицистикалық стиль» ұғымдарын ұқсас немесе жақын құбылыс ретінде қарастырады. Дегенмен, газет беттерінде басылғандардың барлығы дерлік публицистикалық стильге жата бермейді. Мәселен, өлеңдер мен көркем әңгімелер қайда басылғанына қарамастан көркем әдебиет стиліне жатқызылса, жарлықтар мен қаулылар тек ресми-іскерлік стильге жатқызылады. Ал газеттік ретінде төмендегі жанрларды атауға болады: бас мақала, корреспонденциялар, репортаждар, ақпараттар, фельетондар, халықаралық және спорттық шолулар, т.б. [18, 101].

Орыстың белгілі стилист-ғалымы М. Н. Кожина публицистикалық стильдің төмендегідей түрлерін көрсетеді: газеттік-публицистикалық (газет тілі), үгіт-насихаттық (үндеулер, листовкалар, ұрандар, прокламациялар және т.б.), ресми саяси-идеологиялық (партиялық қаулылар және т.б.), бұқаралық-саяси (саяси сипаттағы мәжілістерде сөйлеу), бұл ресми және ісқағаздары стиліне жақын [27, 53]. Алайда, ғылымда бұл көрсетілген шағын стильдердің ара жігі ажыратылып, ашық шекарасы қойылмаған. Бұлардың ішінде ерекше орын алатыны – газеттік-публицистикалық шағын стиль.

Ф. Жақсыбаева газеттік-публицистикалық шағын стильдің жанрларын екі топқа жіктейді: таза газеттік жанр – ақпараттық жанр және әсер ету функциясын атқаратын – аналитикалық жанрлар [53, 14].

Мәнерлегіш, эмоционалды әсер етуші сөйлеу құралдары мен нақ осы газеттік-публицистикалық шағын стильде кең қолданылатын стандарттардың өзара тығыз әрекеттесімі мен өзара сіңісуі бұл шағын стильдің маңызды лингвистикалық белгісі болып табылады. Мәнерлегіш құралдарды кеңінен қолдану, ең әуелі, бұл шағын стильдің үгіт-насихатшылық қызметімен байланысты. Газеттік публицистиканың мәнерлегіштігі көркем шығармалардың мәнерлігіштігінен ерекшеленеді. Газет тіліне тән – сан алуан, көпшілік оқырманға бағытталу, тақырыптың өлшеусіз кеңдігі мен әртүрлілігі, газеттің мерзімділігі мен

бір күнділігі, оның идеологиялық ұстанымының ашықтығы – газеттің осы сияқты ерекшеліктері шапшаң қабылданатын мәнерлегіш құралдарды қолдануды талап етеді. Ал газеттің ақпараттық қызметі тілдік құралдарды стандарттауға тырысады. Кезінде Ш. Баллидің өзі стандарттар мен штамптардың газет тілінің негізі екенін көрсетіп кеткен болатын: «Газет тілі штамптарға толып кеткен және оның басқаша болуы мүмкін де емес, өйткені мезі болған сөйлемшелерді қолданбай тез және дұрыс жазу қиын» [54, 109]. Тілдік стандарттар авторға ақпараттарды газет тілінде лезде және түсінікті жеткізуге, ал оқырмандарға оны тез қабылдауға көмектеседі.

Мәнерлегіштік және стандарттық құралдардың өзара ұштасуының нәтижесінде ғана газет тілі өзінің басты, яғни ақпараттың сенімділігін арттыру қызметін орындай алады. Стандарттық және мәнерлегіш құралдардың арақатынасы көп қырлы және жылжымалы. Белгілі бір сөйлеу жағдаятына байланысты пайда болған кейбір мәнерлегіштік құралдар басқа жағдаятта бірнеше рет қолданылып, кейде өзінің мәнерлегіштік қасиетін жояды. Мәселен, газет беттерінде 60 жылдары ақ алтын, қара алтын сөздері көтеріңкі экспрессивтік-поэтикалық мәнге ие болса, кейін бұл сөздер газет беттерінде жиі де тұрақты қайталануына байланысты өзінің стилистикалық бояуын жоғалтып, мақта мен көмір (немесе мұнай) сөздерінің тек баламасы ретінде ғана қолданылатын болды. Мәнерлегіш құралдар үнемі жаңартып тұруды қажет етеді. Алайда, мәнерлегіш құралдардың құрамы тоқтаусыз өзгеріп тұрғанмен, газет тілінің негізгі конструктивті принциптері өзгеріссіз қалады. Бұл принципті В.Г.Костомаров: «...газет тілі экспрессия мен стандарттарға бірдей бағытталған әрекеттерден құралады», – деп айқын көрсеткен [55, 57]. Бұл қарама-қайшы үрдістер газет тілінде кездесіп қана қоймайды, олар өзара бірлікте болады: «газет тілі – қарама-қайшылық принципіне негізделген, қарама-қарсы тілдік үрдістер мен құралдардың бірлігі... Газет тілі ерекше прагматика-эстетикалық жүйе ретінде осы екі үрдіске, олардың диалектикалық бірлігіне негізделеді» [55, 88-89].

Газеттік-публицистикалық шағын стильдің негізгі конструктивті принциптерінің компоненттерін жеке-жеке қарастырайық.

Стандартты құралдар деп, әдетте, белгілі бір сөйлеу жағдаятында жиі немесе белгілі бір функционалды стильде кең қолданылатын тілдік құралдарды айтамыз. Ғылыми стильде, әсіресе, ресми және ісқағаздар стилінде көптеген стандарттар қолданылады. Сондай-ақ, газеттік-публицистикалық шағын стильдің де өзіне тән стандарттары бар: саяси болжам, жағдайдың шиеленісуі, экономикалық дағдарыс, саяси көзқарас, партиялық ұстаным, т.б.

Алайда, газеттік-публицистикалық шағын стильдің конструктивті белгілерін қарастырғанда, стандарт терминін кең мағынада түсіну керек. Стандарт деп газетке тән өзіндік құралдармен қатар, стилистикалық және эмоционалдық бейтараптықты білдіретін барлық тілдік құралдарды да айтуға болады. Ақпараттық және интеллектуалдық стандарттық құралдар эмоционалды-әсер етуші экспрессивті құралдарға қарама-қарсы қойылады.

Бейтарап («стандартты») және бейнелі тілдік құралдардың үйлесімділігі кез келген стильге тән, алайда бұл үйлесімділіктің сипаты әр стильде өзінше бөлек. Ресми-іскерлік стильде стилистикалық бояулы элементтер қатаң түрде біртекті және айқын: оларда салқынқанды кітаби және «кеңселік» бояулар қолданылады. Ғылыми стиль туралы да (мұнда терминдер стилистикалық бояулы элементтер болып табылады) осыны айтуға болады, алайда ғылыми мәтіндерде басқа стилистикалық (ауызекі сөйлеу тілінің және басқалар) қосымшалар қолданыла береді, бірақ ол тек «қосымша» ретінде жекелеген жанрларда ғана (қақпайлар, ғылыми-көпшілік) кездеседі. Бейтарап және стилистикалық бояулы құралдардың үйлесімділігі газеттік-публицистикалық шағын стильде мүлдем басқаша сипатта көрінеді. Мұнда кез келген ең төменгіден ең жоғарғы стилистикалық бояуға дейін қолданылуы мүмкін. В. Г. Костомаров: «экспрессия мен стандарттардың қайшылығын газет мәтіндерінің ортақ белгісі» ретінде қарастырады [55, 95]. Газет мәтіндерінде экспрессивтік бояулы сөздер мен стандарттар бір-бірімен үйлесе қолданыла береді. Мәселен, «Егемен Қазақстанның» «Үкімет» тақырыбымен берілген «Қаратаудың



даңқы қайта орала бастады» деген ресми ақпаратта «есін жиып», еңсесін көтеру, елді елең еткізетін бір жаңалық, алтынмен аптап, күміспен қаптағандай етіп сияқты экспрессивтік бояуы бар тілдік элементтер мен Мемлекет басшысының биылғы дәстүрлі Жолдауы, нарықтық қатынастың өліара кезеңі, сметалық құжаттар, күрделі жөндеу жұмыстары сияқты стандарттарды автор өзара тығыз жымдастыра білген.

Стилистикалық үйлесімділіктің мұндай сипаты публицистика тілін көркем әдебиет тілінен ерекшелендіреді, Көркем әдебиетте әртүрлі стилистикалық бояулардың элементтері кең қолданылатыны белгілі. Дегенмен, көркем әдебиетте стилистикалық үйлесімділік көркемдік талаптармен уәжелген. Ол – түрлі сөйлеу жағдаяттарын, әлеуметтік орта мен жекелеген кейіпкерлердің бейнесін жасау. Ал газетте сөйлеудің қарама-қарсылығы – «оның мазмұнының көпқырлылығын бейнелейді, оның ең басты қызметі – оқырманға әсер ету мен оларға ақпараттар беруді жүзеге асыруға көмектеседі, аудиториямен байланыстың сенімділігін қамтамасыз етеді» [55, 95].

Стилистикалық бояудың әртүрлілігі публицистикалық мәтінде жаңа, функционалдық бағытқа ие болады. «Шатастырудың өзі норма ретінде танылады да, өзіндік парадокс туындайды: нормадан ауытқушылық норма болып табылады» [55, 96].

Публицистикалық стильдің конструктивті белгілері болып табылатын бояу мен стандарттың, эмоционалдылық пен ақпараттылықтың шиеленісті қатынасы публицистикалық жанрлардың әрқайсысында әртүрлі көрінеді. Әсіресе, экспрессивтілікті газет мәтіндерінің тақырыбынан жиі байқауға болады. Өйткені, тақырып оқырманның қызығушылығын оятып, оның мәтінге деген ынтазарлығын арттырады. Мәтіндегі ойдың жиынтығы тақырып арқылы көрінеді. Ал ондағы айтылатын ойдан хабар беруі тақырыптың номинативтік функциясы болып табылады. Көптеген оқырман мәтінді ең әуелі тақырыпқа қарап бағалайды, сондықтан да газет мәтіндерінің тақырыптары экспрессивті-эмоционалдық бояудың бар айшықтарын қамтиды. Мәселен, тақырып бірыңғай бір дыбыстан басталуы мүмкін: *«Терең білім – тәуелсіздіктің тірегі», «Өркендеген өңір,*

*өзгерген өмір», «Өзгеріс өлшемі – өндіріс» (ЕК), «Жаңа белеске жаңғырту жеткізеді», «Сағыңды сындырмайтын – сапалы материал», «Ақбұлұмның алмасы алабөтен» (Ақ жол).*

Метафора – мәтіндегі ойды жинақтап, түйіндеп беруде таптырмас құрал. Ал, оның қоғамдық-саяси лексика элементтері көп қолданылатын, ресми стилі басым деп саналатын газет тіліндегі атқарар қызметі шексіз [52, 48]. Газет тілінде бағалауыштық сипат мәтіндермен қатар тақырыптарды да қамтиды. Ол көбіне түрлі метафоралар мен теңеулерді қолдану арқылы беріледі: «Жастықтың жанартауы Ғани Мұратбаев туралы» (ЕК), «Білім саласының бағдаршамы», «Дала аруы жайқалып тұр» (жүгері туралы) (Ақ жол), «Ай аттары да – асылымыз», «Құнан қойдың құнындай», т.б. (АТ).

Газет бетіндегі көптеген тақырыптар кері бағалауыштық жағымсыз лексикадан тұрады. Мұндай тақырыптарда ауызекі сөйлеу тілінің элементтері анық байқалады: «Ақтаудағы сотсымақ соңына жетер күн таяу қалды», «Ауыл тұрғындары сумақы әкімді орнына қойды» (ДАТ). «Тыныш жүре алмайтын мұғалім» (ЕК).

Ғалым Б.Момынова тақырып атауы болып тұрған сөз немесе сөз тіркесі, сөйлемшелер бір ғана мағына беру арқылы номинативтік қызмет атқаратынын көрсетеді. Тіпті осы қызметімен баға берушілік жүгін де көтереді. Оның баға берушілік қызметі оқырманды мәтінді қабылдауға, дұрыс түсінуге даярлайды. Осы даярлық жүргізу барысында сөздің апеллятивтілігі іске қосылады. Апелляция біреуден қолдау, кеңес күту деген мағына беретіні белгілі. Әрине, бұл газет атаулының қызмет сферасының бірі әсер етуден туындайды. Яғни, әсер ету қызметінің нәтижесі қандай дәрежеде болғанын пайымдау үшін қабылдаушыдан қолдау күтеді. Тақырыптың апеллятивтік қызметі көбіне лексикалық және синтаксистік элементтер комплексінің фраза түрінде берілуімен жүзеге асады: «Шындықты жасыра алмайсың», т.б. [52, 46].

Жалпы газет материалдарды объективті баяндаумен шектеліп қана қоя алмайды. Оқырманға барынша әсер ету міндеті газеттің баяндалған оқиғаларды ашық та айқын бағалайтын, эмоцио-

налды бояулы жанрларын қалыптастырады. Оқырманға барынша әсер ету мақсатында журналист-автор тілдегі көркемдегіш құралдардың кез келгенін пайдалануға бейім. Оған көз жеткізу үшін белгілі журналист Нұртөре Жүсіптің «Айқын апта» газетінің 2012 жылдың 4 қазанындағы «Сенімсіздік синдромы» атты мақаласының үзіндісіне талдау жасап көрейік:

«Қарап отырсаңыз талайы тайып тұрыпты.

Қажыгелдинді алғашқы қашқынға қосыңыз, оған «Парасат» ордені берілген-ді, Премьер-министр орынтағынан түскен-ді... Қорқытқасын қашты ма, қорыққанынан қашты ма? Сол тұстағы Қазақстанның ішкі істер министрі Шумов та аса шуылдатпай тұрып, елден қашты. Іле-шала Талапкер Иманбаев табанын жалтыратты. Әлиевтің әлегі анау...

Қашып үлгермегендер қанша? Қашқысы кеп жүргендер қанша?.. Миллиардтар мен миллиондарды Қазақстаннан шетке алып шығу әрекеті соның белгісі емес пе?

Шет мемлекеттерден зәулім-зәулім виллалар мен коттеждерді сатып алып қою соның белгісі емес пе?

Қазақстанда қаншама жақсы оқу орындары ашылып жатса да балаларын шетелде оқыту соның нышаны емес пе?..

Оффшор арқылы опырып ақша жасау соның айғағы емес пе?...

Қаржы саласын қадағалайтын құзырлы мекемелер «жау кеткен соң, қылышын боққа шабатыны» қалай?

Қазақстаннан қашуға емес, Қазақстанның жұмысын жасауға асығатын күн туа ма? Жалпы, мына барысымызда ол мүмкін бе? Жаппай жемқорлық, қаптаған коррупция, күн сайынғы қанды қылмыстар қашан тоқтайды? Зорланған, қорланған, зарланған заман түзеле ме? Жауапкершілік орнығатын, әркім өз ісіне дербес жауап беретін күн бола ма? Қалың ел қорқынышпен ұйқыға жатады. «Ертеңіміз не болады?» деген уайыммен таңы атады. Күнде шығатын күн сәулесінің арасынан СЕНІМ нұры қашан сығалар екен?!».

Экспрессия бояуын қоюлату үшін автор фразеологизмдер мен ауызекі сөйлеу тілінің элементтерін де молынан қолданады: тайып тұрыпты, табанын жалтыратты, жау кеткен соң, қылышын

боққа шабатыны, опырып ақша жасау, әлегі анау, т.б. Сондай-ақ, риторикалық сұрауларды жиілету арқылы да мәтіннің эмоционалдылығын арттыра түскен.

Жекелеген газет жанрларының стилистикалық сипаты олардың көлемі мен мақсатына байланысты. Мысалы, хроникалық заметкалар, репортаждар, есептер, сұхбаттар, корреспонденциялар ақпараттық сипатта болатындықтан, құжаттарға ұқсас. Соған қарамастан, заметка мен ақпараттық хабардың немесе репортаждың арасында едәуір айырмашылық болады.

Көпжанрлылық пен мәтінді рәсімдеудің әртүрлілігі публицистиканың ерекше белгілері болып табылады. Газет жанрларының әртүрлілігі соншалық, ондағы стильдік және стилистикалық категориялар бір-біріне жиі қайшы келеді.

Очерк публицистиканың ең «субъективті» жанры деп есептеледі. Ондағы барлық сөз автор атынан айтылып, қолданылған бүкіл тілдік құралдар оның жеке мәнерін көрсетеді, хабарлаудың тұтас бойынан автордың эмоциясы байқалып тұрады. Очерк, фельетон, памфлет сияқты жанрлар публицистикалық стильдің де, көркем әдебиет стилінің де ерекшеліктерін қамтитын «аралас» жанр болып табылады.

Очерк өзінің танымдық және тәрбиелік мәніне қарай публицистикада ерекше маңызды орынға ие. Очерктің бейнесі мен тұлғасы өте нақты, құжатты болып келсе, оның ойы мен бүкіл логикалық аппараты – қорытылған, практикалық тұжырымдарға ұмтылған, ауқымды аудиторияға есептелген болады. Сондай-ақ, очерк тіліндегі сөздерді эстетикалық қызметте пайдалану, эмоциялық әсер беретін нәзік фразаларды, бейнелі тілдік құралдарды кең қолдану – көркем әдебиеттерден алынған тілдік ерекшеліктер.

«Очерктің объектісі – адам да, ол өзінің жанрлық міндетін адамдардың жақсы қасиетін, Отан алдындағы борышын қалай өтеп жүргендігін, мінез ерекшелігін, еңбек еткен ортасын суреттеу арқылы орындап отырады» [57,242]. Күнделікті өмірімізде ерекше ерен еңбегімен көзге түсіп жүрген қарапайым еңбек адамдары очерктің кейіпкерлері болып отырады. «Газет очеркінің басты мақсаты – өмірдің нақты фактілерімен үгіттеу, озаттардың тәжірибесі мен үлгісін көпшіліктің игілігіне айналдыру» [57,27].

Корреспонденция мен репортажға карағанда, очеркті жартылай ыстық, жартылай суық өнім деуге болады. Очерк қызу жаңалыққа жатпайды, өйткені ол туралы автор ақпарат алғаннан кейін ғана ойлана бастайды. Содан соң журналист онда қандай фактілердің, оқырмандар үшін пайдалы дәйексөздердің, қандай шындықтың жетіспей тұрғанын бағамдайды. Сонымен қатар, тәжірибелі журналистер очерктің төмендегідей ерекшеліктерін көрсетеді:

- ол фактілерді бейтарап баяндап, талдаудан алшақ;
- фактілер кезекпен түрлендіріп беріледі;
- фактілер барынша көркем, әдеби бағытта өрбиді және оларды баламалап беруге болады;
- мұнда уақыт факторы онша маңызды емес;
- бұл табиғаты аралас жанр, ол әдебиетпен, өнермен және ғылыммен тығыз байланыста болады;
- үнемі көркем және публицистикалық талдаудың жаңа әдістері жасалынып отырады;
- оқырман материалдағы басты тұлғаның адам екенін, оның желісі адам төңірегінде құрылғанын сезінеді;
- очеркті қысқарту редакторға қай кезде де қиынға соғады [70,128].

Очерк адамның ішкі дүниесін суреттеп, оның еңбексүйгіштік, адалдық, танымдық, адамгершілік-имандылық қасиеттерін жан-жақты сипаттап, аша түседі. Тілдік құралдардың қолданылу сипатына қарай, очеркті көркемдік-публицистикалық жанрлар қатарына жатқызуға болады. Оның көркемдік табиғаты – оқиға, болмысты бейнелі түрде ойлап суреттеуінде. Очеркте болмысты әдеби-көркем шығармалардағыдай образдар арқылы бейнелейді. Дегенмен, публицистикадағы образдылық әлдеқайда ықшам және олар әдетте түрлі метафора, эпитеттер мен басқа да троптарды қолдану арқылы жасалады. Очерктің тартымдылығы, эмоциялық күші, бейнелеп суреттеуіндегі бояу қанықтығы, автор ой-пікірінің дәлдігі, кейіпкер қасиеттерінің әсерлі берілуі, бәрі де тіл, стильге байланысты болады. Сондықтан очеркте бейнелі, елесті, болмысты әсерлі де дәл жеткізетін тілдік, стилдік құрылымдар пайдаланылады. Очерк еңбек адамдары мен озат

ұжымдардың жақсы іс-тәжірибесін, биік көрсеткіштерін насихаттайтын көптің ортақ игілігіне айналдыратын жанр. Ол көбінесе солардың қол жеткізген табыстары, патриоттық бастамалары, адамгершілік әрекет-қасиеттері туралы жылы лебіз білдіріп, тебірене баяндайды. Оның басты объектісі – адам. Кейде очерк өмірде болған үлкен оқиға туралы жазады. Ондағы мақсат – ең алдымен сол оқиғаның қалай жүзеге асырылатынын көрсету, оның саяси-қоғамдық, әлеуметтік, экономикалық мәнін ашу қажет.

Төменде очерктің бір үлгісін ұсынамыз:

## Алтын Арқау

...Желтоқсанның сол боранды күндерінің бірінде Киров атындағы колхоздың председателі Нариман Дауытов бастаған үш-төрт кісі қызыл іңірде озат шопан Жабай Сабаншиевтің үйіне сау ете қалды. Қылышын сүйретіп келген қыстың мына қаһары ауыл басшыларын да қатты састырған сияқты. Күні бойы отар-отарларды аралап келе жатқан жігіттердің жүздері сынық, шаршаулы. Дегенмен барлығы да тас-түйін жұмылып, қатайып алған.

Сәлемнен соң жігіттер төрге озды.

– Ойпырмай, қарлы боран есімізді шығарды ғой, – деді Нариман жайғасып отырысымен-ақ. – Қазірден мынадай, кейін қайтпек?

Осы қапсағай денелі жас жігіттің колхозға председатель болып келгеніне жарты жылдай болды. Аз уақыт ішінде тынымсыз қимылымен, орнықты мінезімен, салиқалы сөзімен көпшіліктің аузына іліге бастаған. Жаңадан келген шаруашылық басшысының аяқ алысына Жабай да іштей риза болып жүретін. Боранды күнде мамандарды аяқтарынан тік тұрғызып, малшылар қауымының жай-күйіне толғанып жүрген оған кәнігі шопан дәл қазіргі шақта мейірлене қарап отырған еді.

– Жігіттер, – деді енді бір сәтте Жабай аз-кем үнсіздіктен соң, – біз көрген қиындық бір осы деймісіңдер. Алпыс тоғызыншы жылдың қысын да абыроймен өткіздік.

– Рахмет, Жабеке, – деді председатель аяз сорып қарақошқылданған жүзі жадырап. – Қазіргідей сын шақта осы сөзіңіздің өзі жанға демей

ғой. Шіркін, малшыларымыздың бәрі де жауапкершілікті өзіңіздей сезінсе, біздің көңіліміз күпті болмас еді.

Енді председатель кейбір шопандардың соңғы күндердегі боранда тым жайбарақаттық танытып отырғандығын, жылы үйді төңіректей беретінін, жекелеген отарларда жем-шөп ысырабының барлығын, басқа да орын алып отырған бірқатар кемшіліктерді ашына айтты.

– Сондықтан да, – деп ол өз сөзін одан әрі сабақтады, – өзіңіздей тәжірибелі кісілердің көмегі ауадай қажет болып тұр. Іргелес отырған шопандарға бас-көз болып, ортақ іске бір кісідей жұмылдыра түссеніз, қиындық жүгі жеңілдер еді...

– Әб, бәрекелді, – деп Жабай пейілдене сөйледі, – бұның әбден орынды. Осы төңіректегі жеті-сегіз шопанмен әңгімелесуді мен мойныма алайын.

– Өзіңізден күткеніміз де осы сөз еді, – деді Нариман ризалығын жасыра алмай. – Жем-шөп жеткізуді мына отырған кісілер қолға мықтап алады. Қыс ұзаққа созылатындай сыңай танытып тұр. Сондықтан жем-шөп үнемдеу мәселесін басты назарда ұстаған жөн.

Шаруа жайы алаңдатқан жігіттер ұзамай-ақ жолға шығып кетті...

Колхоз председатели мен мамандарының ел игілігі жолындағы осынау ұлы істе шопандар қауымының сыйлы адамы ретінде өзіне зор сенім артатыны есіне түскенде «Абыройлы биіктен көріне алсам игі-ау» деген ойдың көңіл түкпірінде көлбендеп тұрып алары анық-ты. Бір айтса бірегей айтатын, сөзі мен ісінде алшақтық болып көрмеген байырғы шопанның әжім торлаған қарақошқыл жүзінен, тұңғиық сыр тұнып тұрған отты жанарынан көп жайды айтпай-ақ аңғарғандайсын.

Көзін малмен ашқан азаматтың өз алдына отар алып, отау тіккеніне 22 жылдан асып барады. Осы мерзім ішінде ата кәсіпті айрықша қастерлеп, әкенің ақ таяғын пір тұтқан жанның абыройлы биіктен көрінбеген жылын айта қоюдың өзі қиын. Жылжып өткен әр жылда қарапайым шопан Жабай қалдырған өзіндік қолтаңба бар. Ол ең алдымен еңбектегі тамаша табыстарына, туған жердің төсіне моншақтай төгілген теріне саяды. Осынау жылдарда оның ел игілігіне жұмсалып келе жатқан қажыр-қайраты қаншама жүрекжарды қуаныш сыйлап келе жатыр десеңізші! Осы ретте мына жайларға назар аудара кеткен артықтық етпейді. Тынбай ізденудің, қажырлы еңбектің нәтижесінде тоғызыншы бесжылдық жоспарын төрт жылда орындап шығып, аудан

шопандарының алғы шебінен көрінді. Елімізде адал еңбектің әрдайым орынды бағаланатынына шопан осы тұста айқын көз жеткізген. Қазір сол жылдарғы табысының куәсіндей оның омырауында Еңбек Қызыл Ту ордені жарқырайды. Жабекең оныншы бесжылдықта да межелі биіктен бір жыл бұрын көрінді. Соның нәтижесінде өзі секілді еңбек озаттарымен бірге СССР Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінде болып, кеудесіне көрменің қола медалін тақты. Он бірінші бесжылдықтың басынан бері де осы еңбек сарынынан таңбай келеді. Тек былтырдың өзінде қарамағындағы әр жүз саулықтан 141-ден төл өргізіп, аудан саңлағы атанды. Осы толымды табысы үшін Қазақ ССР Жоғары Советінің Құрмет грамотасымен наградталды. Ал биыл кәрі саулықтардың әр жүзінен 121-ден қозы алып, өзінің кәнігі шебер екенін айқын танытты.

Өздеріңіз көріп отырғандай, еңбегімен ел сүйсіндірген шопанға жылдар сыйлаған қуаныш, өзіміз жоғарыда айтқандай, Жабекеңнің сол жылдарда қалдырған қолтаңбасы осындай. Өз ортасына еңбегімен сыйлы жанның салауатты сөзін айналасындағы үлкен-кішілі әріптестерінің ден қоя тындап, оның ақыл-кеңестерін бұлжытпай орындауға тырысатыны баршаға белгілі ақиқат. Сондықтан да болар, басшылар мен мамандар шопан шаңырағына жиі-жиі бас сұғып, шаруа жайында салиқалы әңгіме қозғайды. Себебі олар Жабекеңнің айналасындағы бір қауым топты өз соңына ерте алатынына, оған тәжірибесі мен беделінің жететініне толық сенеді. Соңғы күндері айтулы шопанның мазасыз күй кешіп жүрген себебі де осы еді. Содан Шарбақты қыстауындағы өзіне қарайлас жеті-сегіз шопанды үйіне шақыртқан. Құлжабай Ілепбаев, Рыскелді Ибадиев бастаған жігіттер малды жайғап болған соң кешке қарай Жабекең шаңырағының табалдырығын ақ көңілмен аңқылдай аттаған. Ауызғы бөлмеде берекесі ешқашан да ортаймайтын қара қазан бұрқ-бұрқ қайнап жатыр. Шопан бәйбішесі екі иығынан дем алған сары самаурынды әлденеше рет еселеп үлгерді. Қою күрең шай қабақтарын жадыратып, денелерін бусандырған шопандар тым көңілді. Біраздан бері күнделікті таусылмайтын шаруа күйбеңімен бас қоса алмай жүрген әріптестер мәре-сәре. Көзден жас аққанша күлдіретін қисық қалжыңның, көңілге ой салатын салауатты әңгіменің, бір-біріне деген жеңіл өкпе-наздың тиегі, әй бір ағытылды дейсің. Шопан шаңырағы шаттықтан тербетіліп тұрғандай.



– Биылғы қыс қиындау болып тұр-ау, жігіттер, – деді бір тұста Жабекең отырғандарға барлай қарап. – Кеше орталықтан қайтып келе жатып, бұл төңіректі былай қойғанда Қарадаланың өзіне жауған қардың тізеден асқанын аңғардым. Оның үстіне аяз да күшіне мініп алды. Қар жауса – жердің ырысы. Дегенмен осы тұста біздер бекемдік танытпасақ болмайды.

– Жөн сөз, Жабеке, – деп оны Құлжабай қостады. – Осында жас шопандар отыр. Қазір, әсіресе солардың бірқатары абыржулы. Өзіңіз секілді көпті көрген кісінің іс-тәжірибесі қиын шақта үлкен сабақ қой.

– Ең алдымен мына жайды естен шығармағанымыз дұрыс-ау деймін, –деп сөзін сабақтады Жабекең. – Әр қыстауда шөп бар. Қыс созыла берсе, оның жетпей қалуы ықтимал. Сондықтан, жігіттер, қазір уақытты тиімді пайдаланып, малды көбіне өріске шығару керек. Анау қамыс, сексеуіл, қарабарак малға ықтасын, әрі от. «Нашар шопан өрісін бір күнде тауысадының» кері келіп жүрмесін. Өрісті тиімді пайдалану керек. Ол үшін шопан аттан түспеуі, үнемі отар соңында болуы керек.

Жемшөпті мейілінше үнемдеу, оның ысырабына жол бермеу, жайылымды тиімді пайдалану төңірегінде өрбіген әңгіме сайып келгенде ауызбірлікті күшейте түсіп, әркімнің жеке жауапкершілігін барынша арттыруға келіп тіреледі. Осы тұста шопандардың бірқатары өздерін толғандырып жүрген жайларды ортаға бүкпесіз жайып салған. Осылайша әлден уақытқа дейін әңгіме-дүкенді қыздырып отырған қарапайым еңбек иелерінің ортақ игілік төңірегіндегі ой-пікірлері бір арнада тоғысып жатты...

Шопандар түн ортасы ауа атқа қонды. Олардың саңқылдаған дауыстары аязды түнде алысқа естіледі. Аралары тиіп тұрған қыстаулардың оттары көзге шалынды. Оқта-текте шопандардың саққұлақ төбеттері үйреншікті дағдыларымен жарыса үріп, төңіректі жаңғыртады. Қалай дегенмен де сырт көзге бұйығылау көрінетін осынау қыстауларда маза-сыз тіршілік бұрқ-сарқ қайнап жатыр...

### **Жетісу газеті, 1984, желтоқсан**

*Корреспонденция* – мерзімді баспасөз беттерінде жиі кездесетін басты жанрлардың бірі. Оның қоғамдық-әлеуметтік мән-маңызы өте жоғары. Корреспонденциялар бірде өмір тіршіліктегі жаңалықтарды насихаттаса, бірде озат тәжірибелерді таратады,

енді бірде халық шаруашылығының саласындағы кемшіліктердің, жағымсыз фактілердің сырын ашады.

Тағы бірде корреспонденция бұқаралық хабар мен насихат құралдарының, саяси мемлекет қайраткерлерінің белгілі бір ішкі, сыртқы әлеуметтік мәселе жөніндегі пікіріне байланысты жазылады. Оның мұндағы мақсаты – осы пікірлерге жұрт назарын аудару, тез үн қостыру, жедел талдау жасап, мән-маңызын ашу. Корреспонденция өзі қозғамақ болған ой-пікірлерге негіз боларлық факті материал беретін объектіні тап басып тауып ала білуі керек. Бұл үшін оның авторы өмірді үнемі зерттеп, қай жерде не болып жатқанын біліп жүруге, редакцияға түскен хабарларға қанық болуға, жергілікті газеттердің не жазып жатқанын аңғарып отыруға, ондағы тілші, авторлармен үнемі тығыз байланыс сақтауға міндетті. Сондай-ақ, корреспонденция қозғалып отырған факт, оқиға, құбылысқа мемлекет тұрғысынан дұрыс талдау жасап баға беруге тиіс. Оны автор мемлекет саясатын дұрыс түсіндіріп, жүзеге асыратын бағытта, істі тиімді шешуге септігін тигізетін тұрғыда жазуға борышты. Өйткені корреспондент – дұрыс бағытқа немқұрайды қараушы емес, соны жүзеге асырушы күрескер.

Корреспонденцияда жаңалық, соны хабар-ошар болуы тиіс. Нақты бір тәжірибедегі жаңа тенденция аңғартылуы керек. Осыған орай жұрт алдында тың мәселе, міндет қойылып, оны жүзеге асырудың жолдары аңғарытылса, нұр үстіне нұр. Яғни, корреспонденция оқырмандардың аңғармай, ескермей жүргенін байқатып, оларды еті үйреніп кеткен нәрселерден арылтуға, алға қарауға, жаңалыққа жетелеуге тиіс.

Бұл жанрға мазмұнмен бірге, әдемі форма да керек. Оның үнемі жаңғыртылып, желпіндіріліп жазылуы қажет. Бірқалыптылық, бірізділік – корреспонденция жауы. Әрі оған да темірдей логика, мықты композиция жүйелі, айқын стиль, әсерлі тіл қажет. Мақал-мәтел, қанатты сөз, әдемі эпитет, табылған теңеу, риторикалық лептеу, сұрау, тіпті өмірдің кейбір көріністерін көз алдыңа елестететін сұлу суреттеулер оған жат емес. Сондай-ақ, онда

салмақты түйін, орынды қорытынды, жинақталған ой болуы шарт. Автор ұтымды да ойлы өзіндік нақты ой-пікір, ұсынысы бар қорытындылар жасай білуі тиіс.

Публицистиканың тағы бір негізгі салаларының бірі – ақпараттық публицистика жанрлары. Ақпараттық жанрлардың негізгі мақсаты – ел іші мен шет елдерде болып жатқан маңызы бар жаңалықтар мен өзгерістерді халыққа жылдам жеткізіп, көрерменді олармен тез таныстырып жедел түрде хабардар ету. Олар ауқымы жағынан шағын масштабтағы, уақыты жағынан қысқа аралықтағы жеке, нақты бір болмыс, құбылысты түйіп хабарлап, солардан шағын ғана мағлұмат беріп қана қояды. Негізінен не болды, қашан болды, қайда болды? деген сауалдарға жауап береді. [58, 188].

Теледидарлардағы жаңалықтар – ең басты жанр. Көптеген телеарналардың уақытының басым бөлігі осы жаңалықтарға бөлінеді. Телеарналар жаңалықтарды беруде бейтараптық, әділдік, шыншылдық принципін ұстануға тырысады. «Негізінде жаңалықтар беретін ақпарат агенттіктері өздерінің кәсіби қызметіне идеологиялық және саяси жағынан әділ болуы керек. Тек сондай жағдайда ғана олардың өнімдері: жаңалықтар лентасы, тақырыптық таңдау, шолу және т.б. әділдік пен шындықты қамтамасыз ете алады. Алайда тәжірибеде еш жерде және ешқашанда бұлай бола бермейді» [59, 45]. Телеарналардағы түсірілетін, хабарланатын, іріктелетін, талданатын оқиға мен ортаны таңдайтын жеке адам, журналист болғандықтан, бұл принципті үнемі сақтау мүмкін емес. Ондағы құбылыс пен оқиғаларға журналистің немесе белгілі бір әлеуметтік топтың жеке көзқарасы мен субъективті бағасы араласып жатады.

Ақпараттық публицистикалық жанрдың бірі – заметка. «Заметка жанрының негізгі функционалдық міндеті хабарда актуалды жаңалықтарды хабарлау. Заметканың өзегінде күнделікті қоғамды толғандырып отырған, оперативті, қоғамдық мәнге ие факт жатады. Оны айқындайтын белгісі – ондағы жаңалық пен қысқалық. Ал журналист үшін маңыздылығы оқиғадағы

фактіні көріп қана қою емес, ол жайлы баға әрі түсініктеме беру. Заметканың кең тараған қысқа түрі хроника және фенолдық болып табылады. Хроника – тарихи оқиғаны хронологиялық жүйелілікпен беру жайлы жазба. Сондықтан журналистикадағы хроника – бұл факті төңірегіндегі қысқаша хабарлама» [58, 189].

Қазақ ғалымдары заметканың екі түрін көрсетеді, оны проф. Т.Амандосов «біртектеc заметкалар және дербес заметка» деп атаcа [60,161], проф. Т.Қожакеев «бірқилы заметка және дербес заметка» деп бөледі [48,45]. Ал Қ.Тұрсын бейнезаметканы шартты түрде екіге бөлуге болатынын көрсетеді: «Біріншісі – оқиғаны ресми, дәстүрлі хабарлау түрі: жоғары құқықтық орган сессиясынан баспасөз конференциясына дейін. Мұндай шараларды түсіру кезінде тәжірибелі оператор журналист нұсқауын қажет етпейді. Түсіру кезінде залдың бірнеше жалпы көрінісі, сөйлеушінің ірі планы, президиумға панорама, тыңдаушылардың жазып отырған бірнеше кадрлары алынады да; залдан сұрақ қойылып – мінбеден жауап алынады. Редакцияға осындай көріністегі материал келіп түседі. Одан әрі монтаж кезінде артық кадрлар мен шулар алынып тасталады.

Екінші түрі – заметканы сценарлық әлде авторлық деп атау. Мұнда журналистің шығармашылық-өндірістік процеске қатысы айқын сезіліп, оның ақпарат сапасына әсері байқалып тұрады. Автор экранға лайықты фактіні іріктеп, алдын ала түсіру характері мен монтажды да айқындап алады. Теледидарда еңбек жолын жаңа бастаған жас журналистен сценарлық жоспар талап етіледі. Онда әңгімеге арқау болатын нысан не оқиғаның қысқаша мазмұны баяндалады (тақырып, идея, материалдағы факті), әрі бейнелеудегі шешімдер де қоса беріледі» [58,190].

Заметка мәтіні қысқа, ықшам болып, ол көрерменде туындайтын сұраққа жауап беруі тиіс, ең бастысы ондағы сөйлеу бөлімі бейнежазбадағы қатарды қайталамауы қажет. Кез келген көрермен экраннан көріп отырған көріністі қайталап түсіндіріп жату тележурналистің тәжірибесіздігінен немесе сауатсыздығынан хабардар етеді.

Сөйлеу барысында ұзақ, ұғынуға ауыр, құрмалас сөйлемдерден аулақ болған жөн. Телевизиялық лексика кеңселік, кәсібисіздік әрі таза ғылыми терминологиялық ұғымдарға көне бермейді [58,190].

Сценарийдегі негізгі ой әлде оқиға сюжетіндегі арқау «лид» түрінде берілуі де мүмкін. Көрерменнің назарын өзіне аудару үшін алдын ала хабарға дейін өзге хабарлардың арасында ол жайлы қысқаша ғана түсініктеме беріледі. Немесе хабар басындағы сөйлемнің алғашқы жолдары да мәнді рөл атқарады. Алайда, журналистерге алғашқы сөйлемді құрудың екі қиындығын атап айтуға тиіспіз: «біріншіден, оқиғадағы ең мәнді жайды хабарлау; екіншіден, алғашқы жолдардан көрермендер назарын өзіне аудару. Тележүргізуші хабардың басында актуалды проблеманы хабарлауы, не қандай да бір жоғары лауазымды тұлғаның ойын келтіруі, не оқиғаның қорытындысын констатациялауы қажет болуы әбден ықтимал. Егер лидта автор оқиға арқауын бенелеуге ұмтылыс танытса, ал хабардың бастауында қандай да бір әрекет жайлы толықтай түсінік беруге ұмтылыс танытады. Образды түрде айтқанда, лид – автордың бастау алар позициясы болса, ал бастама – алға жылжудағы бірінші қадам болып табылады. Алайда заметканың композициялық құрылымының айрықшылығы, онда қорытынды бөлімнің болмайтындығы» [58, 190].

Әдетте заметкада нақты оқиғаның немесе фактінің негізінен хаттамалық сипаттамасы беріледі, сондықтан оған баяндаудың ықшамдылығы, сөздерді тек атаулық мәнде қолданылуы, дербес авторлық стильдің болмауы сияқты ерекшеліктер тән:

### **Әңгіме өзегі – әзірлік**

*Кеше Парламент Сенатының Төрағасы, ЕурАзЭҚ Парламентаралық Ассамблеясының Төрағасы Қайрат Мәми ЕурАзЭҚ ПАА-ның Жауапты хатшысы Петр Зверевті қабылдады, деп хабарлады Парламент Сенатының баспасөз қызметі.*

*Кездесу барысында биылғы қараша айында болатын ЕуразЭҚ ПАА Бюросы мен тұрақты комиссиясының отырысын өткізуге әзірлік мәселелері талқыланды. П.Зверев Сенат Төрағасын «Еуразиялық экономикалық ықпалдастық: қалыптасу және даму» ғылыми форумына әзірлік туралы хабардар етті («ЕҚ», 04.10.2012 ж.).*

Мұндай хроникалық заметкаларда жекелеген фактілер туралы ықшам хабарламалар жазылып, оған ешқандай түсініктемелер берілмейді. Хроникалық заметкаларға қарағанда, корреспонденцияларда берілетін хабарламалардың көлемі ғана артып қоймайды, баяндау сипаты да өзгеріп, әртүрлі тілдік құралдар қолданылып, жазудың жеке авторлық мәнері пайда болады.

Есеп жанры қандай да бір аудитория қатысатын, онда маңызды мәселе талқыланатын ақпараттық хабарлама болып табылады [58, 191]. Есеп материалдары өзінің сипаты жағынан жалпы немесе тақырыптық, ал мақсаты мен баяндау тәсіліне қарай ақпараттық (сөз, оқиға, факті рет-ретімен беріледі) немесе талдамалы (оқиғаға баға немесе түсініктеме беріледі) болып бөлінеді.

Жалпы есеп жанры бұқаралық ақпарат құралдарында жиі қолданылғанмен, оның түрлері туралы пікірлер әртүрлі: тіке, ақпараттық, талдамалы, тақырыптық, проблемалық есеп [61, 42-55]; тіке, қысқа, кеңейтілген, спорт, сот есебі [60, 171]; тікелей ақпараттық, талдамалы, тақырыптық, бір адамның сөзіне құрылатын, бірнеше сұрақтарға құрылатын, проблемалық есеп [62, 214-219]; қысқа, кеңейтілген, төте, тақырыптық, проблемалық есеп [48, 47]; ресми, талдамалы, тақырыптық есеп [63, 10-11]. Қ.Тұрсын осы айтылғандарды жүйелей келе, теледидарда есеп жанрының төмендегідей түрлерінің кездесетінін көрсетеді: ресми, тіке, ақпараттық, тақырыптық, проблемалық, талдамалы [58, 191].

*Репортаж жанры* – баспасөз, радио, теледидарда қандай да бір оқиға туралы, оған қатысушы не көзімен көрген тілшінің жедел түрдегі хабарламасы. Репортажда алғашқы орынға автордың фактіні таңдау, құбылыс пен оқиғаны өзінің жеке қабылдауы шығады.

Телевизиялық репортажды зерттеушілер бұл жанрдың үш түрін ұсынады: трансляция, «тікелей» хабар және проблемалық репортаж [58,192]. С.Байменше репортаждың баспасөзде, радио мен теледидардағы көріну нысаны тұрғысынан, кейде жоғарыда аталғандардан басқа, ұжымдық репортаж, радиорепортаж, телерепортаж, толғанысты репортаж деген сияқты үлгілерінің кездесіп қалатынын көрсетеді, алайда «бұлар – репортаждың түрлері емес, көріну нысаны мен берілу арнасы ғана»,– деген тұжырым жасайды [63, 44].

Қ.Тұрсын әрбір репортаждың өзінің түріне қарамастан сегіз түрлі элементтен тұратынын көрсетеді: ресми баяндау, мысалы, театр директоры операға даярлық кезінде; дирижерден алынған, қысқа сұхбат; журналистің режиссермен әңгімесі, мұнда олардың әрбірі өз пікірлерін тең дәрежеде қорғай алады; өткенді тарихи шолатын хронология, одан көрермендер жаңа инсценировканың концепциясының қалай туғандығын біледі; портреттен, тенордың сапарынан; қысқаша түсініктемеден, онда репортер өзі байқаған жайлары туралы әңгімелейді; ескертулер, мысалы, сценаның декорациясы туралы [58, 194].

Ақпараттық және экспрессивтік тілдік құралдардың өзара қатынасы *репортаж* жанрында анық көрінеді. Мұнда түрлі шегіністер, кейіпкерлермен сұхбат, авторлық пікірлер және т.б. бірлікте беріледі. Репортаждағы осы элементтер кейіпкер мен органың хабарға қатысушылық эффектілігін туындатады. Өз көрермендерімен тікелей байланыстағы автор не жүргізуші олардың тек ақыл-ойын ғана емес, сонымен бір мезгілде көңіл-күйін де жаулап алады. Бұл жанрдың ерекшелігі туралы белгілі ғалым Г.Я.Солганик мынадай пікір білдіреді: «Наблюдения показывают, что репортаж на наших глазах совершает движение от информативности к синтетичности, становится одним из ведущих газетных жанров, сочетающим в себе, с одной стороны, строгую документальность, объективность, прототипность отображения действительности, – это сближает его с информационными жанрами, – с другой стороны, живописность, эмоциональность, сочность и яркость изображения, что связано с самым существенным качеством жанра, которое можно назвать репор-

тажностью в собственном смысле слова» [64, 4]. Репортаждың үлгісі:

*«Аядай ғана ауыл атақты Ақсу-Жабағылы қорығының дәл іргесіне орналасыпты. Бұл жерге біз кеіштіп келсек те, қарақұрым халықтың үстінен шықтық. Араларында жастары да, қарттары да бар.*

*Оқушылар Шер-аға мен қонақтарды сыртта қаз-қатар болып сапқа тұрып қарсы алды. Қазақы дәстүрге сай дәм-тұз ұсынып, жыр шашуын шашты.*

*Бұл қазақ сан құзырдан күйік шеккен,  
Қырық ру қырандарды жиып шеттен.  
Шер-аға, Сіз ғанасыз бұл қазақта  
Жерлестік, жүз дертінен биік кеткен, –*

*деп басталатын жыр толғауы толастай берген тұста мектеп директоры Гүлбибі Ешенқұлова ханым Шер-ағаға өзінің атындағы мектеп аты берілген куәлік пен гүл дестелерін ұсынып, қонақтарды ішке шақырды...». «Егемен Қазақстан», 4.12.1997ж.*

Сұхбат – публицистиканың ақпараттық жанрларының бірі. Әсіресе, ол – телеэкрандарда ерекше мәнге ие. Сұхбат жанры негізінен сұрақ-жауапқа құрылатындықтан, кейбір мамандар оны – түйіскен (контактный), адрестік, программалық және экрандық деп бөліп жүр [58, 194].

Сұхбаттың – есеп, заметка, репортаждан айырмашылығы – оның екі адамның әңгімесіне, журналист пен кейіпкердің сұрағы мен жауабына құрылатындығы. Сұхбат жүргізушілердің мамандығына, интеллектуалды-танымдық деңгейіне, алынған тақырыптың бағытына, сұхбаттың мақсаты мен көлеміне қарай оның стилистикалық сипаты әртүрлі болады. Соған байланысты сұхбаттың түрлері туралы да түрліше көзқарастарды кездестіреміз. Проф. Т.Амандосов: «әңгіме, анкета, сұрақ-жауап, «дөңгелек үстел басындағы әңгіме-сұхбат» деп, ал проф. Т.Қожакеев: «хабарлама, түсіндірмелі, мазмұндама, суреттеме, сын, ресми-сұхбат»,– деп жіктесе, тағы бір белгілі ғалым,



проф. М.Барманқұлов сұхбат берушінің сипатына қарай бұл жанрды төрт шағын топқа: сұхбат-пікір, сұхбат-ақпарат, сұхбат-эмоция, социологиялық сұхбат деп, ал сұхбат алушының сипатына қарай: тікелей журналистің өзі алатын сұхбат және оқырман, телекөрермен мен радио тыңдаушы алатын сұхбат деп екі топқа бөледі. Зерттеуші Қ.Тұрсын публицистиканың ақпараттық жанларының көрініс пен оқиғаны хабарлайтын, оған түсіндірме жасайтын, әрі қоғамдағы өзекті мәселені көтеретін, табиғаты жағынан деректі, құжатты болып келетін өзіндік сипаттарымен бірлікте талдамалық қасиеттерін негізге ала отырып, теледидардағы сұхбат жанрының төмендегідей түрлерін көрсетеді:

«Хабарлама сұхбат. Мұнда мақсат – белгілі бір мәліметтерді алу («сұхбат-пікір», «сұхбат-факт»); әңгімелесушінің жауабы ресми мәлімдеме емес, сондықтан әңгіме қарапайым тонға жақындау келеді. Ақпараттық-публицистика программа құрамына кіреді.

Сұхбат-портретте – мақсат әңгімеге қатысушы тұлғаны барлық қырынан жан-жақты ашу. Телевизиялық сұхбаттың айрықша түрі. Мұнда айрықша маңыздылық әңгімеге қатысушы бойындағы әлеуметтік-психологиялық, эмоционалдық характерге беріледі. Кейде экрандық очерктің құрамды бір бөлшегі болып шығады.

Проблемалық сұхбат (әлде пікірталас). Мәселе мұнда проблеманы шешу жолдары әлде түрлі көзқарастарды айқындау бағытында қойылады.

Сұхбат-анкета – белгілі бір сұрақ төңірегінде түрлі адамдардың ол жайлы пікірлерін білу. Қатысушының бәріне бір ғана тектес сұрақ қойылады. Сұхбат-анкета студиядан тыс жерде жүргізіледі. Сондықтан репортер адамдармен тез тіл табыса біліп, алдына қойған мақсатына қалайда жетуге тиісті.

Сұхбат-анкетада таңдалынған қоғамдық пікір объектісі үш критерийге жауап беруге тиісті: 1) пікірталас түрінде (көтерілген проблема жайлы түрлі көзқарастар тоғысады); 2) қоғамдық пікір туғызу; 3) көпшіліктің хабардарлық дәрежесінде болуы.

Сұхбат-протоколда журналист сұрағы көпшілігінде алдын ала келісілгеніменен, алайда композициялық жағынан олар бір-бірімен ешқандай байланыста болмайды. Мұнда қайталап сұрау, не нақтылау жоқ. Ресми тұлға тек ресми түрде ғана жауап қайтарады. ...сұхбат-протоколда өзінің пікірін қоса білдіру – ең үлкен қателік болып табылады» [58, 195].

### **2.5.3 Публицистикалық стильдің тілдік ерекшеліктері.**

Публицистиканың функционалдық, қоғамдық міндеті публицистикалық стильдің лексика-фразеологиялық құрамын, оның мағынасы мен экспрессивті-эмоционалдық сипатын анықтайды.

Бұл стильдің лексикасында қоғамдық-саяси мәнді сөздер мен терминдер ерекше орын алады: *демократия, партия, мемлекет, билік, билік тармақтары, жариялылық, сөз бостандығы, оппозиция, т.б.*

Қоғамдық-саяси лексиканың құрамында бір жағынан, нақты саяси ұғымдарды білдіретін, екінші жағынан экспрессивтік бояулы, бағалауыштық сипаттағы сөздер де кездеседі: патриот, фашизм, терроризм, коррупция, т.б.

Еліміздің Тәуелсіздікалуы, оның саяси, мәдени, экономикалық, идеологиялық жүйесінің түпкілікті өзгеруі саяси, идеологиялық ұғымдардың мағыналарының, олардың бағалауыштық коннотацияларының өзгеруіне соқтырды. Мысалы, лениншіл, комсомол, атеист, коммунизм, пионер, социалистік қоғам, бесжылдық сияқты көптеген сөздер қолданылу белсенділігін жоғалтса, керісінше мәжіліс, маслихат, парламент, фермер, миллионер, нарық, нарықтық қатынас, көппартиялылық, демократия, жеке сауда, жекеменшік, нарықтық экономика, ұлттық мүдде, ұлттық тәрбие, Тәуелсіздік, интернет желісі, электронды үкімет сияқты бірқатар сөздер актив қолданысқа ие болды.

Публицистикада қоғамдық-әлеуметтік өзекті мәселелер кең талқыланатындықтан, публицистикалық мәтіндерде лексиканың сан алуан тақырыптық топтары кездеседі. Мәтіннің тілдік құрылымында олар публицистикалық лексикамен де, ондағы эмоционалды бояулы және бағалауыштық сөздермен де тығыз байланыста жұмсалады.

Кейбір ғалымдар орыс әдеби тілінің өзге де функционалдық варианттары сияқты публицистикалық стильде де жалпы

әдеби (жалпылама қолданылатын немесе бейтарап-стилистикалық) лексиканың кең қолданылатынын көрсетеді: *жыл, жаңа, жұмыс, басқа, үлкен, адам, іс, уақыт, аймақ, күш, өмір, әрбір, айту, жазу*.

Сондай-ақ, олар 1990 жылдардағы орыс әдеби тілінің публицистикалық стилінде (негізінен газеттерде) төмендегі терминдер мен лексиканың белсенді қолданылатынын көрсетеді:

- нарықтық қатынасқа бағытталған экономика саласындағы;
- қаржылық-коммерциялық, кәсіпкерлік қызметтердегі;
- ғылыми-техникалық және өндірістік-техникалық салалардағы (әсіресе электронды технологиялар терминдерінің белсенділігі байқалады);

- шоу-бизнестің сөйлеу тілінде, спорт пен физикалық жаттығулардың жаңа түрлерінің аталымдары [65,120]. Бұл үрдістің қазақ әдеби тілінің публицистикалық стиліне де тән құбылыс екенін айтуға болады. Сонымен қатар, бұл кезде бұқаралық-ақпарат құралдарында (газет, радио, теледидар, интернет) шетел тілдерінен енген көптеген терминдердің белсенділігі байқалады: *приватизация, ваучер, девальвация, валюта, интервенция, биржа, брокер, бюджет, бизнес, компьютер, принтер, интернет, дисплей, модем, файл, картридж, дикета, диджей, компакт-диск, хит, шлягер, плеер, фитнес, т.б.* [65, 121].

Публицистикалық лексика оқиғаларды, құбылыстарды, ұғымдар мен жағдаяттарды бағалау мәнді сөздерді де қамтиды. Автор олардың көмегімен баяндалатын оқиғалар мен әрекеттерге өзінің (немесе өзі мүддесін қорғайтын топтың, партияның) қатынасын білдіреді. Олар: *Отанды қорғау, ерлік, тұрақтылық, рухани, жабайылық, вандализм, екіжүзділік, солшыл, оңшыл, т.б.*

Публицистикалық стильде сөздердің метафоралық қолданылуының әртүрлі тәсілдері де кездеседі. Ол сөздер, әдетте, сөз тіркестерінің құрамында қолданылып, жалпылық мағына мен эмоционалды бояуға ие болады. Мәселен, кеңестік кезеңде бауырлас қалалар, қырғи-қабақ соғыс, халықтар достығы, интерациональдық тәрбие, еңбек армиясы, бейбітшілік туы астында, еңбекке ынталандыру сияқты тұрақты тіркестер жиі қолданылса, қазіргі баспасөз беттерінен ғасыр індеті,

жұмыссыздар армиясы, тоталитарлық сана, ұлттық элита сияқты жоғары тонды, экспрессивті тіркестерді жиі байқаймыз.

Газет тілінде экспрессивтік сөйлеу құралдарымен қатар сөйлеудің стандартты құралдары да кездеседі. Мұндай тілдік құралдардың қолданылуы автор үшін де, оқырман үшін де қолайлы, өйткені дайын сөйлеу формалары жеңіл түсініліп, коммуникацияны жеңілдетеді. Сөйлеу клишелері қолданылу жиілігіне байланысты өздерінің бастапқы эмоционалды-экспрессивтік бояуы мен көркемдік бояуларын жоғалтып, газет тілінде тұрақты қайталанып тұратын штамптарға айналады. Мысалы: *ақ халатты абзал жандар, еңбек локомотиві, ұлағатты ұстаз, ақ алтын, қара алтын, көгілдір отын, т.б.*

Сондай-ақ, газет тілінде ресми-іскерлік стильде жиі қолданылатын фразалық сөйлемшелер (шара қолдану, сенім білдіру) де кездеседі. Қазіргі публицистикада оқиғалар мен фактілерді баяндауда түрлі негізгі тірек сөздер мен оралымдардың тұтас тізбегі қалыптасты. Мысалы: *еңбек (еселі еңбек, еңбек биігі, еңбек майталманы, еңбек көрігі, еңбек озаты), стандарт (білім стандарты, сапа стандарты, ұлттық стандарт, өндірістік стандарт), арена (халықаралық арена, күрес аренасы), деңгей (үкімет басшыларының деңгейінде, ұлттық деңгейде, халықаралық деңгейде), толқын (наразылық толқыны), барьер (кедендік барьер, тілдік барьер), қызмет (тұрмыстық қызмет, әлеуметтік қызмет)*. Бұл сөздер экспрессивтік бояуларға да ие болуы мүмкін, алайда ұқсас, біртепті мәтіндерде қолданылатын стандарттар болып табылады.

Дегенмен, газет тіліндегі стандарттауға ұмтылу үрдісі газеттегі экспрессивтілікті күшейтуге, басқа стильдердің, әсіресе, ауызекі сөйлеу стилінің баяндауды жандандыратын сөздері мен сөз тіркестерін пайдалануға кері әсерін тигізеді.

Публицистикалық стиль саяси-идеологиялық, қоғамдық-экономикалық, мәдени және осы сияқты т.б. қоғамдық қатынастарды жүзеге асырады. Ол басқа кітаби стильдерге қарағанда, әлдеқайда танымал, өйткені оның кең таралуына пресса, радио, теледидар, интернет сияқты бұқаралық ақпарат құралдары мол мүмкіндік береді. Сондай-ақ, ол сөздерде, пле-

нумдарда, мәжілістер мен митингілерде сөйлеушілер мен үгіт-насихатшылардың тілінде жиі кездеседі.

Публицистика оқырмандарды, көрермендер мен тыңдармандарды заманның ең өзекті де өткір мәселелерімен таныстыруды мақсат етеді. Сондай-ақ, ол сендіру арқылы азаматтардың санасына әсер етуге және белгілі бір қоғамдық пікір қалыптастыруға ұмтылады. Публицистиканың бұл екі қызметі бір-бірімен өзара тығыз байланысты және олар бірге жүзеге асырылады.

Публицистикалық материалдардың мазмұны әрдайым ақпарат беру мен бағалау қызметтерін қамтиды. Публицистикалық стильдің қоғамдағы қызметін оның негізгі белгілері айқындайды және олар публицистикалық стильдің жеке сипатын қалыптастырады. Олар: пәрменділік, жоғары эмоциональдылық, хабарланған фактіге, құбылысқа, оқиғаға ашық бағалаушытық қатынасы [2, 59].

Публицистикада мәнерлегіштік пен бейнелегіш құралдарға қажеттілік өте жоғары, алайда ол кез келген оқиғаларға шұғыл үн қатуды қажет ететін газеттің талаптарына қарама-қайшы келеді. Сол себепті, публицистикада, әсіресе, газеттік публицистикада экспрессия жасау үшін негізінен типті тәсілдер қолданылады. Мысалы, көпшілікке танымал дайын метафоралар, фразеологиялық тіркестер, т.б. Сөйлеу стандарттары, стереотиптердің болуы публицистикалық стильдің ерекшелігі болып табылады. Стандарттар – бейтарап-стилистикалық категория. Дайын сөйлеу формалары және белгілі бір жағдаяттарға тікелей қатысты тілдік бірлік ретінде, олар қатынасты едәуір жеңілдетеді, сондықтан оларды бұқаралық ақпарат құралдарында қолдану өте тиімді де ыңғайлы. Қоғамдық-саяси жағдаяттардың басым көпшілігі қайталануымен, ұзақтығымен ерекшеленеді, бұл стереотиптік оқиғаларды стереотиптік баяндаудың қажеттілігін тудырады. Журналистің жұмыс ерекшелігі ақпараттарды жедел жеткізуді, жылдам жазуды талап етеді. Ал қоғамда болып жатқан түрлі оқиғалар мен құбылыстар туралы жылдам жазу тілдік стандарттарсыз өте қиын.

Тілдік стандарттар мәтінді үйреншікті қалыпта қабылдауға мүмкіндік береді, сондықтан ол оқырманның өзіне қажетті

ақпараттарды алуын жеңілдетеді және оны жылдам меңгеріп, мағыналық бөліктерін толық түсінуге көмектеседі.

Газеттік сөйлеу стандарттары, әсіресе, ықшам, шұғыл жазылатын жанрларда жиі қолданылады. Ол ресми хабарламаларды, ақпараттарды, баспасөз шолуларын, мәжіліс пен конференция туралы есептерді және т.б. қамтиды. Ал басқа жанрларда (очерк, фельетон, памфлет, эссе, т.б.) сөйлеу стандарттары әлдеқайда аз кездесіп, керісінше мәнерлеудің түрлі құралдары барынша мол қолданылады.

Экспрессия мен стандарттың бірлігі газет тілінің конструктивті принципін құрайды [55, 73]. Сондай-ақ, ғалымның пікірінше, осы қарама-қарсы бірліктердің кезектесіп келуі мен олардың толық тепе-теңдігі газет жанрларының озық үлгілерін қалыптастырады.

Мәтінде авторлық «меннің» ашық, тура көрінуі публицистикалық стильдің басты ерекшеліктерінің бірі. Көптеген публицистикалық мәтіндерде хабарлау көбіне I жақтан, оқиғаға өзі куә болған нақты тұлғаның атынан баяндалады. Тіпті, мәтін III жақтан баяндалғанның өзінде, публицистикада автордың ойы, оқиғалар мен фактілерге бағасы көрініп тұрады. Оның үстіне публицистикалық мәтіннің авторы – жиынтық тұлға, ол – белгілі бір әлеуметтік топтың өкілі, сол топтың ұстанымын білдіреді [28, 37]. Сондықтан публицистикадағы бағалау жеке, дербес көзқарастан ауытқып, көпшілік сипат алады.

Автордың материалға тікелей «араласуы», өзі куә болған оқиғаны бағалауы мен талдауы публицистикалық стильдің әсерлілігін арттыра түседі, автордың қызығушылығы оқырманға (тыңдарман мен көрерменге) беріледі. Автор оқырманға әсер ету мақсатында, публицистикалық мәтінде оқырманға үндеу, оппоненттермен айтыстың элементтері, бұйрық беру сияқты формаларды жиі қолданады.

Мәтіннің әңгімелесушімен барынша жақындасуы оның әсер ету қызметін күшейте түседі. Сондықтан да, публицистикалық стильде авторды әңгімелесушісімен жақындастыра түсетін, яғни баяндауды «сырласу» формасына айналдыра алатын түрлі тілдік құралдар жиі қолданылады. Оларға үндеулер, қаратпа сөздер, етістіктің бұйрық райлары, біз және сіздер есімдіктері, сұраулы сөйлемдер, модаль сөздер мен демеуліктер, ауызекі-сөйлеу

тілінің лексикасы, диалог элементтерін қамтитын монологтар, т.б. жатады.

Д.Э.Розенталь газет тілінің негізгі ерекшеліктері деп төмендегі өлшемдерді көрсетеді: 1) тілдік құралдардың үнемділігі, ақпараттық молдығына байланысты баяндаудың ықшамдылығы; 2) тілдік құралдарды түсініктілігіне қарай іріктеу (газет – бұқаралық ақпараттың ең танымал түрі); 3) қоғамдық-саяси лексика мен фразеологияны қолдану, басқа стильдік лексикаларды (әсіресе, терминологиялық лексиканы) публицистика үшін қайта ұғыну; 4) осы стильге тән сөйлеу стереотиптері мен клишелерді пайдалану; 5) жанрлық әртүрлілік және соған байланысты тілдік құралдары стилистикалық қолданудың әртүрлілігі: сөздің көпмағыналылығы, сөзжасамдық (авторлық неологизмдер) ресурстар, эмоционалды-экспрессивті лексика; 6) публицистикалық стильдің белгілерінің басқа стильдің (ғылыми, ресми-іскерлік, көркем әдебиет, ауызекі сөйлеу) белгілерімен бірігуі; 7) тілдің бейнелегіш-мәнерлегіштік құралдарын, соның ішінде, стилистикалық синтаксистік құралдарды (риторикалық сұрақтар, лепті сөйлемдер, параллелизм, қайталаулар, инверсиялар және т.б.) қолдану [32, 97].

Бұл көрсетілген ерекшеліктер газет жанрларының барлығында бірдей қолданыла бермейді және олардың кейбіреулері тек публицистикалық стильге ғана емес, басқа стильдерге де тән болып келеді. Лексикалық және грамматикалық құралдардың тұрақты бір стильге ғана тән болуы – сирек кездесетін құбылыс. Дегенмен, олардың белгілі бір стильде жиі қолданылуы, сөздердің, сөз оралымдарының, сөйлем құрылымдарының белгілі бір стильге бейімделуі сол стильдің ерекшелігін құрайды.

Кейбір газеттік мақалалар ғылыми және публицистикалық стильдерге жақын жазылады. Ондай материалдардың тақырыбы, сөздерді қолданудағы дәлдігі, тілдік материалдарды ұйымдастырудағы нормативтілігі, қазіргі ғылыми мәліметтерге сүйенуі мақаланы ғылыми шығармаларға, ал проблеманы қоғамдағы орны, маңыздылығы және ортаға әсері, белгілі бір ғылыми идеялар мен нәтижелерді жүзеге асырудың әлеуметтік салдары мен психологиялық ықпалы тұрғысынан түсіндіру, оқиғаны қоғамдық-саяси лексиканы пайдалана отырып баяндау – публицистикаға жақындатады.

## **ҮШІНШІ БӨЛІМ**

### **ӘДЕБИ РЕДАКЦИЯЛАУ**

#### **3.1 Редакциялау туралы жалпы түсінік және оның міндеттері**

Әдеби редакциялау – бұл филологияның қолданбалы пәнаралық салаларының бірі. Ол стилистиканы, оның негізгі құрылымдық бөлімдерін, сондай-ақ сөйлеу мәдениетін, негізгі сипаттамалық лингвистикалық пәндерді кәсіби тұрғыда меңгеруді талап етеді. Әдеби редакциялау мәтінді, қолжазбаны басынша мақсатты, жүйелі ұйымдастыру мәселелерімен айналысады.

Әдеби редакциялау жеке пән ретінде редактордың қолжазбаны өңдеуіне қатысты өзіндік тәсілдерді қалыптастырды. Олардың бастылары:

– редакциялау – мәтінді тексеру мен өңдеуді қамтитын тұтас шығармашылық процесс.

– әрбір мәтінді әдеби тұтастық ретінде тексеру мен өңдеу [66,148].

Редактордың өңдеуінен шыққан қолжазба ғылымилық, хабарланған ақпараттың фактілік сенімділігі, баяндалған теорияның, болжамның немесе оқиға, құбылыс болжамының ақыл-ойға қонымдылығы, авторлық баяндаудың логикалық жүйелілігі сияқты талаптарға сай келуі тиіс.

Кейбір авторлар қолжазбаны редакторлық өңдеу – мәтінді стилистикалық өңдеуден тұратын әдеби рәсімдеу мен редакцияланатын мәтіннің композициялық құрылымын жасауды қамтитынын көрсетеді. Ал стилистикалық өңдеу мәтіндегі орфографиялық және пунктуациялық қателерлі түзетумен ғана шектелмейді, сонымен қатар онда төмендегідей талаптар орындалуы тиіс:

1) мағыналық дәлдік пен сөз таңдаудың стилистикалық уәжділігінен бастап жай және құрмалас сөйлемдің қолданылуына



дейінгі тілдік бірліктердің стилистикасына қатысты негізгі ережелердің сақталуы;

2) әдеби тілдің негізгі функционалды стильдерінің құрылымдық ерекшеліктеріне сай қалыптасқан стилистикалық нормалардың орындалуы:

– әдеби тілдің белгілі бір функционалды стиліне тән баяндаудың жалпы үндестігі;

– басқа стильдік элементтердің қолданылуының уәжділігі;

– сөйлемдерінің осы стиль түрінің талаптарына сай құрылуы;

– лексика мен фразеологизмдерді қолданудың тәсілдері, ол мәтіннің мақсаты мен стильдік ерекшелігіне барынша сәйкес келуі тиіс;

3) редакцияланатын мәтіннің функционалды-стильдік және жанрлық ерекшелігіне негізделген талаптардың сақталуы [65, 18-19].

Кез келген кітап редакциялау сатысынан өтеді. Редактордың мақсаты – мәтінді жетілдіру мен жақсарту, онда кездесетін барлық кемшіліктерді жою, сондықтан ол мәтінге әрдайым сын көзбен қарайды.

Авторлық түпнұсқаны редакциялау жұмысында қолжазбаның алғашқы негізінде көзделген мақсат-нысананы, идеяны, айтпақ ойды, оқырманның ой-өрісін, білім дәрежесін, мамандығының қандай екенін, болашақ туындының қандай мәселе, проблемалық тақырыпқа арналғанын, т.б. осындай жайларды мықтап ескеру шарт.

Сондай-ақ, редакциялау барысында өндіріске әзірленіп жатқан түпнұсқаның жалпы мазмұны мен идеялық-теориялық сапасының одан әрі байытылып, айқындала түсуі, мазмұнының тақырыбы шеңберіне сай заманауи ғылыми-техникалық жетістіктермен толықтырылуы, тіл-стилі жағынан ана тіліміздің қазіргі әдеби-грамматикалық, орфография-пунктуациялық ережелеріне лайық мейлінше жатық, мейлінше түсінікті болуы, екіұшты, жаттанды-таптаурын сөз тіркестерінен әбден тазартылған болуы міндетті нәрсе.

Бірақ, редакциялау кезінде автордың ой-мақсатына, жазу мәнеріне, айтып жеткізу әдісіне, тұтас алғанда, туындысының



Оның біріншісі – қолжазбаны мәтіннің өз мақсатына сәйкестігі тұрғысынан бағалау: ол қаншалықты қызықты, мазмұнды, оқырманның қызығушылығын туғыза ала ма және оның ақпараттық сұранысын қанағаттандыра ала ма, ол басқа бұқаралық ақпарат құралдарында берілген ұқсас тақырыптардан несімен өзгешеленеді, қандай жаңалық береді. Басқаша айтқанда жұмыстың бірінші кезеңінде редактор қолжазбаны ұсынылған күйінде басып шығару мүмкіндігін шешеді.

Екінші міндеті (егер қолжазба қабылданған болса) – редакциялық дайындық кезеңінде мазмұндық құндылығы мен мәтіннің кемшілігін анықтау, фактілердің дәлдігі мен сенімділігін тексеру, қажетті нақтылау мен өзгерістерді енгізу.

Үшінші міндеті – мәтіннің нағыз әдеби сапасын, яғни формасының мазмұны мен мақсатына қаншалықты сәйкестігін бағалау. Бұл логикалық, коммуникациялық, жанрлық, стилистикалық оның басқа да ерекшеліктерін қамтиды [65, 442].

Материалдың (авторлық мәтіннің) қандай түрде – кітапта, газетте, журналда немесе радио мен теледидарда жариялануына байланысты, оны редакциялау түрлі тәсілдермен жүзеге асырылады. Мысалға газет пен кітап баспасындағы редактордың жұмыстарын салыстырып көрелік. Егер кітап баспасында кітап шығару процесі едәуір ұзақ мерзімді қамтиды да, соған орай оның редакторы материалды бірнеше мәрте қайта қарап, оған қосымша өзгерістер енгізу мүмкіндігіне ие бола алса, ал газет қызметкерінің мұндай мүмкіндігі жоқ. Газеттегі оқиға мен оқырманға жақындық, оқиғаларды жедел жариялау мен жұмыс істеу техникасы редакциялауға басқаша сипат береді.

Баспа редакторы қолжазбаны кітапқа айналдырудың бүкіл күрделі процесін, заманауи полиграфиялық техникалардың негізін, кітап шығару ісінің экономикасын, баспа өнімдерін рәсімдеудің көркемдік-техникалық принциптерін білуі тиіс. Сондай-ақ редактор өз ана тілінің әдеби нормаларын жетік білетін және оның даму үрдістерін түсінетін, тілдік құралдардың бар байлығын тиімді пайдалана алатын, мүлтіксіз сауатты қызметкер болуы тиіс. Ол – авторға өз шығармасын айқын, көпшілік оқырман қауымына қолжетімді етуге көмектесуші

тұлға. Алайда, редактор мәтінге қажетсіз түзетулерді енгізуге үйір болмау керек. Редактор жұмысының сапасы авторлық қолжазбаға енгізілген түзетулер мен өзгертулердің санымен бағаланбайтынын естен шығармаған дұрыс.

Редактор автордан артық маман бола алмайды, алайда ол – материалдың мазмұнын бағалай білуге, шығармада не туралы айтылатыны туралы түсінігі мен осы тақырып бойынша негізгі анықтамалық әдебиеттермен таныстығы болуға және оларды тиімді қолдана білуге міндетті. Ол әрбір сөзді таразылай білуге және автор стилінің жетістіктері мен кемшіліктерін анықтап қана қоймай, олардың себептерін көрсете алуға тиіс. Баспа ісінде – редактор – ең күрделі, көпқырлы және қызық мамандықтардың бірі. Ол – автордың бірінші көмекшісі, бірінші оқырманы, бірінші сыншысы, кітаптың тағдырын белгілеуші. Кейде редактордың жұмысына қарап, тұтас баспаның жұмысын бағалап та жатады.

Қолжазбаны баспаға дайындауға газетте жауапты хатшы мен әдеби қызметкер, кітап немесе журнал баспасында бөлім меңгерушісі мен әдеби қызметкер қатысады да, олар бірінші кезекте баспаға кететін қолжазбаның сапасына жауап береді. Редакциялаудың соңғы мақсаты – мәтінді жетілдіру, онда кездесетін кемшіліктерді жою.

Редактордың негізгі міндеті – шығарманың мазмұны мен формасын жетілдіру. Қолжазбаның мазмұнымен жұмыс істеу – саяси немесе ғылыми редакциялау, ал оның формасымен (композициясы, тілі, стилі) жұмыс істеу – әдеби редакциялау деп аталады. Қолжазбамен жұмыс істеудің бұл екі қыры бір-бірімен тығыз байланысты. Мәтінді саяси, ғылыми және әдеби редакциялау – тұтас шығармашылық процесс.

### **3.2 Мәтінді редакторлық сараптаудан өткізудің негіздері.**

#### **Редактор мен автор: кәсіби қатынастың негіздері.**

##### **Өзін-өзі редакциялау**

Редактордың автормен жұмыс істеуі көптеген психологиялық және этикалық күрделі проблемалармен байланысты. Редактор мәтіннің сапасын бақылаушы кәсіби маман ретінде мәтіннің

авторлық нұсқасына араласып, өзгерістер енгізуге құқылы. Алайда, осы жерде «оның араласуы қалай жүзеге асырылады?» – деген алғашқы сұрақ туындайды.

Ең дұрысы – редактор мен автордың мәтін туралы ой туындағаннан бастап басылымға жіберілгенше келісе отырып жұмыс істегені. Автор мен редактор мәтіннің тұжырымдамасын: оның тақырыбы мен проблемасын, мағыналық басымдығының дәлдігін, тұжырымдары мен нәтижелерін талқылайды, оның әдеби формасын бағалайды. Редактор түзетудің нұсқаларын ұсынады, ал автор редактор ескертпелерінің негізділігіне қарай өзгерістерді өзі енгізеді. Алайда, бұқаралық коммуникация барысында редактордың өзіне мәтінді басылымға дайындауына жиі тура келеді. Бұл жағдай оған қосымша жауапкершілік жүктеп, кәсіби дайындықты талап етеді. Қандай жағдайда да автор мәтіннің түзетілген нұсқасымен оны жариялауға дейін танысып шығуға тиіс. Бұл – кәсіби этиканың міндетті талабы. Өкінішке орай, жұмыс барысында көбінесе бұл талап орындалмай қалады да, оның соңы редактор мен автор арасындағы түрлі шиеленіске, тіпті кейде сот қарауына әкеліп соқтырып жатады.

Редактор мәтінмен жұмыс істеу барысында өзін автордың орнына қойып, оның логикасын, тақырыпқа деген көзқарасын материалдық проблемаларын, стильдің даралық ерекшеліктерін түсінуге тиіс, содан кейін ғана түзету нұсқаларын ұсына алады. Авторлық түпнұсқаның мазмұнына жете мән бермеу, оның стилистикасын тиісті деңгейде түсіне білуге қабілетінің жетпеуі, дәлелсіз, субъективті ескертпелер мен түзетулер – шығарманың мағынасы мен формасын бұрмалауға жасалған алғашқы қадам және ол өзара шиеленіс үшін негізгі себеп болып табылады. Редактор ұсынған түзетулер авторлық мәтіннің мазмұнына, композициясы мен стиліне толық сәйкес келіп, оны ажарландырып, нәрлендіріп тұруы тиіс. Олай болмаған жағдайда редактор енгізген түзетулер мәнсіз болып шығады. Автор мен редактордың нұсқалары, мазмұны, стилі, құрылымы жағынан бірдей деңгейде болса, онда басымдық автор нұсқасына беріледі. Сондай-ақ, түзетудің қажеттілігін сауатты негіздей білу керек, олай болмаған жағдайда редактордың автормен тіл табысуы өте қиын болады.

Егер автордың нұсқасы баяндаудың немесе ойды жеткізудің қалыптасқан нормадан тыс формалармен берілсе, оны жалпыға белгілі үлгілерге салып түзетуге асығудың қажеті жоқ, өйткені баяндаудың дәл осы тәсілі, ойдың ішкі қатпарларын жеткізудің тиімді тәсілі болып шығуы мүмкін.

Авторды кәсіби маман ретінде түсіну, нақтылайтын сұрақтарды дәл қоя білу, бір қарағанда онай әрекеттер сияқты көрінеді. Алайда бұл – өте күрделі процесс. Кейде мәтіннің өзі оны түрліше түсінуге итермелейді (бұл, әсіресе, сөздерді дұрыс немесе дәлдікпен қолданбағанда анық көрінеді) және автор мен редактордың әртүрлі өмір тәжірибесі, өмірлік ұстанымы мен көзқарасының ерекшеліктері бір мәтінді әртүрлі мағынада түсінуге, бір жағдайды әртүрлі көруге (бағалауға) соқтырады.

*Құрметті Ректор мырза! Екінші мамандықты (сырттай болім) грант есебінде оқуға болады ма?.....*

*Құрметті Асел!*

*Екінші жоғары білімді сырттай және мемлекеттік грантта оқи алмайсыз.*

Бұл сөйлемнен біз екінші жоғары білімді сырттай оқуға болмайды деген жауап алып отырмыз, алайда бұл оқу орнында екінші жоғары білімді сырттай (қашықтан оқыту арқылы) алуға болады, мұндағы жауаптың мазмұны: екінші жоғары білімді сырттай оқуға мемлекеттік гранттың бөлінбегендігі туралы. Сөйлемнің дұрыс құрылмауына байланысты, бұл жауапты оқыған адам екінші жоғары білімді сырттай оқуға мүлдем болмайды екен деп түсінеді.

NOMAD көлікті сақтандыру компаниясының жарнамасына назар аударайық:

Полис сатып алда, қосымша сыйлық ал (Купи полис и получи подарок).

Бұл сөйлемдегі да шылауының дұрыс жазылмауына байланысты, жарнама мәтіні мүлдем басқа мағынаны білдіріп тұр. Мәтін мазмұны «полисті алдап сатып, қосымша сыйлыққа ие бол» деген екінші мағынаға итермелейді. Немесе «Әйімкүл Шоңның жанды жері – өмір бойы айнымаған асыл жары» деген себептес салалас сөйлемді талдап көрейік. Бұл салалас сөйлемнің екінші

жай сөйлемі іс-әрекеттің себебін, алдыңғысы сол себептен туған нәтиже, салдарды білдіріп тұр (сал. «Әйімкүл Шоңның жанды жері, өйткені өмір бойы айнымаған асыл жары»). «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» (-Алматы: Дайк-Пресс, 2008) «жанды жер» деген сөзге төмендегідей түсініктеме берілген: а) талма жер; ә) ар-ұятқа, намысқа тиетін, көңілге келетін сөз (454-бет). Демек, Шоңның әйелі оның ар-ұятқа, намысқа тиетін, көңілге келетін, талма тұсы болса, онда әйелінің «өмір бойы айнымаған асыл жар» болғаны күмәнді болып шығады. Соған орай, «жанды жер» тіркесі екіұшты, тіпті, комикалық мағына беріп тұр. Бірақ мақала комика тудыру мақсатында емес, Шоң бидің ұлағатты істерін көрсету үшін жазылған. Автордың осылай «жанды жер» тұрақты сөз тіркесінің мағынасын және тілдік бірліктердің өзара әсерін есепке алмағаны қосмәнділіктің туындауына негіз болған. Тағы да бір мысал: Қанат күшін көрсеткісі келгендей шіреніп қалып еді, тақымында келе жатқан көк шолақ бес атары жанды жерін ауыртып кетті (Ә.Әбішев). Мұндағы көк шолақ сөзінің бір қарағанда Қанаттың астындағы аты екені немесе бес атарының анықтауышы екені белгісіз. Сондай-ақ, «Егемен Қазақстанның» 2011 жылдың 16 ақпанындағы санында «Йеменнің астанасы Сана қаласында манифестанттардың полициямен және ел президенті Абдолла Салехтың жақтастарымен қақтығыстар қайта жалғасты. 3 мың қаралы наразылар ел астанасындағы басты алаңға келіп, президенттің отставкаға кетуін талап етті» деген ақпарат жарияланған. Осындағы «қаралы» сөзінің болжалды сан есімді немесе қайғылы деген мағынаны білдіріп тұрғаны белгісіз.

Сондай-ақ, авторлық тұжырым да, өз кезегінде, баспагер мен тапсырыс берушінің мақсаты мен саясатын, ең бастысы бұқаралық ақпарат құралдары қызметінің кәсіби нормаларын ескеруі тиіс. Заң жүзінде олар бұқаралық ақпараттар туралы, жарнама туралы, авторлық құқық туралы заңдармен, азаматтық кодекспен, өркениетті елдердің көпшілігінде қабылданған кәсіби-этикалық ережелердің жиынтығымен реттеледі. Мысалы, БАҚ мен саяси нормаларда мемлекеттік және коммерциялық құпия болып табылатын мәліметтерді басуға, жала жабуға, яғни жеке адамның ар-намысына тиетін ақпараттарды жариялауға болмай-

ды, баяндаудың қорлау тәсіліне жол берілмейді. Тұтынушының жарнамаларда тауардың сапасы туралы күмәнді мәліметтерді жариялауға, оның құндылығын арттыруға, бәсекелестердің беделін төмендетуге жол берілмейді.

Автор мен редактордың өзара қатынасында «Редактор мәтінге қаншалықты өзгеріс енгізе алады?» дейтін маңызды сұрақ туындайды. Бұған қысқаша жауап та дайын: редактор автор емес, тек оның көмекшісі, редактор мәтіннің мазмұны мен формасын, автордың стилі мен тұжырымы шегінен шықпай жетілдіреді. Автордың ойын бұрмалауға және тек өзіндік әуестігі негізінде стильді өзгертуге болмайды. Яғни, редактордың ескертпелері мен түзетулері автордың ұстанымын ескерген және объективті болуы тиіс.

Автор белгілі тақырыпты жазуды жоспарлаған кезде редактордың оған өз идеясын, өз пайымын, талабын, тұжырымын жүктеп, қысым жасауы жөн емес. Бұл арада редактордың жәрдемші, кеңесші ролін атқарғаны жөн. Жазу тәжірибесі аз жас автор редактордың ықпалынан шыға алмай, жалтақтап, ойлағанын толық жүзеге асыра алмайды. Сөйтіп, сайып келгенде, қолжазба бәрібір сапасыз болып шығады.

Редактордың авторға дәйекті көмек көрсеткісі келсе, онда сол автордың шығармасымен мұқият танысып, оның иесіне өз идеясын өрістете түсуге және соны мазмұнды, жүйелі, құнды етіп жеткізуге көмек беруі тиіс. Ол үшін, ең алдымен, редактордың өзі саяси-идеялық сауатты, жан-жақты танымдық білімді маман қаламгер болуы шарт. Оның ғылым мен техниканың, халық шаруашылығының, мәдениеттің, мемлекеттік саясаттың даму бағыттарымен толық хабардар болғаны жөн. Редактор – өмірдегі жаңа құбылыстарды, жаңалықтарды, өзгерістерді көріп-біліп, қадағалап жүретін адам болуы тиіс.

Мәтінді кәсіби талдай білу дағдысы өзін-өзі редакциялау барысында да (мәтінін жетілдіру) өте пайдалы. Мұнда да нұсқаларды бағалаудың төмендегідей өлшемдері қолданылады: әдеби формасының материалдың тақырыбына, мақсаты мен адресатына сәйкес келуі.

Автор үшін ең күрделісі – мәтіннің тақырыбына қатысты өзіне белгілі барлық мәліметтерді мүлдем назарға алмау. Шын



мәнінде, ол жазғанынан көп біледі және жағдайдың нақтылығын мәтінде көрсетілгеннен басқаша көреді. Автордың тақырыппен дәл осы таныстығы оған материалдың мазмұнындағы проблемаларды байқауға, оқырманға негізсіз немесе қатыссыз болып табылатын мәліметтерді көре білуге кедергі жасайды.

Өзін-өзі редакциялауға кіріспес бұрын мәтінді белгілі бір уақытқа дейін тығып тастау керек, оны редакторлардың тілінде «суытып алу» (дать отлежаться) деп атайды. Автор мәтіннен біраз уақыт шеттеп, өз мәтінін редактор мен оқырман көзқарасымен қабылдау қасиетіне ие болу мүмкіндігін алады.

Шеттеудің бірнеше деңгейлері бар: біріншісі – шеттеудің ең төменгі деңгейі. Соның өзінде автор «суытылған» қолжазбаны қайта қолға алғанда, оған басқаша қарайтын болады. Өзін-өзі редакциялау осы кезеңде жүзеге асырылады. Мұнда автордың материалдан қашықтауы тым шартты түрде ғана болғандықтан, жұмыстың сәттілігі мәтінді бағалау мен түзетудің кәсіби шеберлігіне тікелей байланысты болады.

Шеттеудің екінші деңгейі – қолжазбамен редактормен бірлесе жұмыс жасау және ең жоғарғысы – оны жариялау. Бұл кезеңде автор да мәтінді мүлдем басқаша көзбен көреді, алайда, өкінішке орай, оған ешқандай өзгеріс енгізе алмайды. Сондықтан, өкініп қалмау үшін, автор дайындық кезеңнің өзінде мәтіннің формасы мен мазмұнының түпкі ой мен ойдағы мұратқа барынша сәйкес келуіне ерекше тырысуы керек. Бұл мақсатқа қол жеткізудің жолы біреу ғана: мәтінді кәсіби шеберлікпен талдап, түзете білу дағдысын үнемі дамыту.

Редактор – баспасөз орындарына авторлар қауымынан түсетін қолжазбаны қабылдап, редакциялап шығаратын, оны жариялауды басқаратын жетекші. Газет пен журналда оны жауапты редактор немесе бас редактор деп атайды. Кітап баспасында редактордың атқаратын жұмысы сәл басқарақ ұйымдастырылады. Мұнда қолжазбаны автордан тікелей қабылдап, танысып көріп, онымен нақты редакциялық жұмысты жүргізуші – жетекші редактор. Әр шығарманың өзінің жеке редакторы, ұйымдастырушысы болады. Оның қолынан өтіп, редакцияланған, компьютерде теріліп, өндіріске ұсынылған түпнұсқаны редакция меңгерушісі

оқып бекітуге тиіс, ал онан соң бұл шығарманың сол нұсқасы баспаның бас редакциясында, қажет делінген жағдайда – Редакторлық кеңесте қаралып талқыланады. Жауапты делінген кейбір қолжазбаны баспаның директоры да оқып көруі ықтимал.

Редактор – баспа мен газеттегі негізгі тұлға, шығармашылық күш. Ол – автор мен оқырман қауым арасындағы байланыс, қатынасқа дәнекерші. Мұны ол қоғамдық міндеті – баспасөз майданындағы қызметі арқылы жүзеге асырып отырады.

Редактор авторға қолжазбасын жарыққа шығаруға шығармашылық көмек көрсеткенде соңғыға шығарма жазып беруге міндетті емес. Сондай-ақ, оның баспаға, редакцияға қабылданған жұмысты автормен келіспей, өзінше қайта жазуға да қақысы жоқ. Ол тек қолтуманың идеялық-саяси, ғылыми, ұйымдастырушылық, үйлестірушілік мазмұнды тәрбиелік сапасын, тіл-стильдік мәнін, жұмыстың құрылымын және басқа да қырларын жетілдіруші, қырнап ұстаралаушы, ретке келтіруші.

Бастапқы қолжазба туындыны сапаландыра түсудің қалыптасқан бір әдісі – оған рецензия жасату. Баспаға түскен қолжазбаның бәріне бірдей рецензия жасала бермейді. Авторлық түпнұсқаны рецензия жасауға берудегі басты мақсат – баспа үшін нақ осы жұмыс жөнінде тұжырымды, дұрыс, толық түсінік алу, автордың қолтумасының мазмұн-сапасын жақсартуға айтарлықтай көмек көрсету, сол арқылы түпнұсқаны іске асырудың жолын табу.

Қолжазбаны – авторлық түпнұсқаны өндіріске жіберуге даярлаудың бастапқы ең шешуші кезеңі – редакциялық жұмыс процесі. Бұл жұмыс процесінде қолжазба негізінен мынадай үш сатылы жұмыс процесінен өтеді:

- 1) саяси тұрғыдан редакциялау;
- 2) ғылыми-техникалық прогресс тұрғысынан редакциялау;
- 3) әдеби-стистикалық тұрғыдан редакциялау.

Қолжазбаны саяси тұрғыдан редакциялау дегеніміз – жарық көретін шығарманың саяси-идеялық мазмұн сапасын көтеруге байланысты жүргізілетін өңдеу-түзету, жетілдіру жұмыстары.

Қолжазбаның шығармашылық мазмұндық сапасын көтеретін екінші шешуші шарт – оны ғылыми-техникалық тұрғысынан ре-

дакциялау. Автордың өзі шығарма жазып отырған саладағы ғылым мен техниканың соңғы жетістіктерін білмеуі, аңғармауы мүмкін емес. Алайда, еңбегін асығыс, үстіртін дайындаудың салдарынан немесе салақтықтан кейде қолтумаға ескіріп кеткен материалдар мен фактілердің, ойлардың, түйіндердің, т.б. келтірілуі мүмкін. Біздің заманымызда ғылыми-техникалық прогрестің қарыштап алға басып отырғандығы сондай, кейде оларды дер кезінде толық қамту да қиын. Дегенмен, шығарылатын басылымда ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерін кезінде қамтып көрсетуге өте ыждаһатты болу керек. Жарық көрмекші жаңа туындының бұл қырын редакциялаудың барысында күшейте түсу үшін редакциялау ісіне арнайы ғалымдардың, түрлі мамандардың нақты көмегі керек болады. Ғылыми-техникалық прогресс тұрғысынан редакциялау барысында кәсіби мамандармен тереңірек кеңесу, ақылдасу міндет.

Жарық көретін туындыны өндіріске сапалы етіп дайындаудың үшінші басты шарты – сол қолтуманы әдеби-стистикалық өңдеуден өткізіп, мұқият редакциялап шығару жұмысы. Редакциялық жұмыстың ең ауыр, ең жауапты, ең көлемді түрі – осы процесс. Қолжазбаның тілін, стилін түзету, жақсарту, редакциялау ісі редактордың ана тілі мен оның стилистикалық, грамматикалық, дыбыстық, орфографиялық, пунктуациялық заңдылықтарын жетік білуін талап етеді. Қолтуманың тілін, стилін грамматикалық, орфография-пунктуациялық ережелерге сай келтіру, сөйлемнің, сөз тіркесінің халыққа, оқырманға неғұрлым түсінікті, ұғымды, анық болуын қамтамасыз ету, тіл мен стильде ұзақ, шұбалаңқы, түсініксіз, т.т. тіркестер болдырмау, олардың оралымды, мейлінше жатық, майда, әсерлі болу жағын қарастыру, әдетте, редактордан, автордан тіл мен стильге шығармашылық зейін салуды талап етеді. Азат жолдан бастай білу, тыныс белгілерінің орнын таба білу – өнер, оған үлкен білім мен шеберлік керек.

Ескертетін жай, саяси, ғылыми-техникалық және әдеби-стистикалық редакциялау жұмыстары бірімен-бірі өзара байланысып, қабысып жатқан біртұтас шығармашылық процесс екендігі.

Мұндай күрделі істі атқарған шақта оларды бір-бірінен жіктеп алып оқшаулата қарамау керек. Олар тұтасқан, біте қайнасқан шығармашылық еңбектің жемісті игілігі және сондай тұтас шығармашылық еңбек бірлігі, басқа сөзбен айтқанда, ғылыми-техникалық редакциялау жұмысы қайта қолтуманың ғылыми-техникалық мазмұнын анықтай түсетін, күшейтетін әдеби-стилистикалық өңдеу ісімен ұштастырыла жүргізілуі шарт. Әдеби-стилистикалық өңдеу жұмысы шығарманың ғылыми-саяси құндылығын арттыра түсуі тиіс.

### **3.3 Редактор мен оқырман: аудиторияның мәтінді қабылдауын болжау**

Коммуникация процесінде редактор оқырмандарымен тікелей байланыспайды, алайда ол оқырманның ақпараттық қажеттілігін, мүддесін, білім деңгейін, мәтінді қабылдауының психологиялық ерекшеліктерін көре білуі тиіс. Олай болмаған жағдайда олардың мәтінді қалай түсінетінін, қалай қабылдайтынын, мәтіннің аудиторияның назарын өзіне қаншалықты аударып, оны қаншалықты ұстап тұра алатынын болжау мүмкін емес.

Редактор – материалдың алғашқы оқырманы. Тәжірибелі редакторлар мәтінді өз қабылдауының негізінде-ақ мәтінді бір оқығаннан-ақ түсінуге болатынын немесе оның мәнін түсіну үшін қаншалықты еңбектену керектігін, яғни қайта оқу барысында мәтінді толық оқу керек пе, әлде оның кейбір бөліктеріне ғана көз жүгірту керек пе – деген мәселелерді алдын ала тұжырымдай алады. Алайда, қарапайым оқырманға қарағанда, редактор оқырманның сөз шығармашылығына реакциясын болжай отырып, ол жазбаша немесе ауызша хабарламаның ең маңызды психологиялық ерекшеліктерін және ақпараттың шығу көзінің сенімділігін саналы түрде көре білуі тиіс.

БАҚ, жарнамалар мен паблик рилейшнз мәтіндері үшін мәтінді алғашқы қабылдау факторы аса маңызды болып табылады. Сондай-ақ, онда материалдарды тұтас қабылдау мен оның жекелеген фрагменттерін қабылдау да ерекше маңызды (оның ең

кіші бөлшегі мағыналық және стилистикалық элемент ретінде қолданылатын сөз болып табылады).

Тілімізде белгілі бір ұғымның бірнеше сөзбен аталатын орайлары бар: жазушы – қаламгер, суреткер, егінші – диқан; мұғалім, оқытушы – ұстаз, т.б. Бұл – әдеби тілдің стильдік айырым жігін даралай түсетін белгілер. Олай дейтініміз – сөздердің қолданылу аясы, жұмсалыу орны осындай мәндес сөздер арқылы саралана түседі. Жазушы, мұғалім, оқытушы сөздері әдеби тілдің барлық тармақтарына (стильдеріне) тән бейтарап сөздер болса, қаламгер, суреткер, ұстаз публицистика, көркем әдебиет стиліне тән мазмұны көтеріңкі қолданыстар. Мысалы, ресми стильде Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі деп айтуға болатыны белгілі де, осы ұғымды Қазақстан Қаламгерлер одағының мүшесі деп қолдану лайықсыз болар еді [67, 28].

Бұқаралық ақпарат құралдары тәжірибелі редакторларының айтуынша: «егер мәтін алғашқы оқығаннан ең болмаса бір адамға түсініксіз болса, онда ол көптеген оқырманға түсініксіз болады». Мұндай «бір» адам көбінесе оны жариялауға дайындайтын редактор болып шығады, сондықтан оның кәсіби міндеті – мәтіннің түсініксіз болу себебін анықтау. Ал себептер әртүрлі болуы мүмкін: мағыналық, яғни тақырыптың анықсыздығы, автор ойының шатасуы, стилистикалық, яғни баяндау тәсілі автордың ойына кіріп-шықпаған ассоциацияларды ұсынып, оның тұжырымдарын басқаша түсінуге итермелейді. Мысалы, Тыныш жүре алмайтын мұғалім – деген тақырыпты оқығанда сізде қандай ассоциация пайда болады? Осы сұрақ қойылған студенттердің басымы көпшілігі «арызқой, әр нәрсеге ұрынып жүретін жағымсыз мұғалім» деп жауап берді. Ал мақала, шынында, Қаскелең ауданындағы бір мектептің тыным таппайтын ізденгіш, тәрбие сағаттарын өткізу үшін Халық Қаһарманы С.Нұрмағамбетовты, т.б. көрнекті қоғам, мемлекет қайраткерлерін оқушылармен кездесуге шақырып жүретін жағымды мұғалімі туралы жазылған.

Тақырыптың анықсыздығына қатысты «Егемен Қазақстанның» 2010 жылдың 13 шілдесіндегі нөмірінде жарияланған «Бәрекелді, Бейбіт!» деген шағын мақалаға назар аударайық:

## БӘРЕКЕЛДІ, БЕЙБІТ!

«Халқымызда «Ала қойды бөле қырыққан жүнге жарымайды» деген мәтел бар. Оның мазмұны бүгінгі қозғап отырған әңгімемізге деп келгендей. «Егеменнің» Батыс Қазақстан облысындағы меншікті тілшісі Темір Құсайын «Ешкі сүтіне де елеп қарайық» деген тақырыппен көкейде жүрген ділгір мәселені қозғап отыр. Мал шаруашылығымен етене араласып өскен ауыл баласымыз. Халқымыз ешкі малын қойдан бөле-жара қарамаған. Қазақ ұғымында қой мен ешкі қатар айтылып, әспеттеліп келген. Керек десеңіз, кедей болсаң ешкі бақ деп нақтылай ескертіп те өтеді. Қазірде ауылда еңбек ететін шаруаның ешкі малын елемей келе жатқанын көзіміз көріп жүр. Біз балалық шағын көрмеген кешегі алапат соғыс кезінің ұрпағымыз. Иә, сол сұрапыл жылдарда менің шешем тауда колхоз малын бақты. Ал мен өзім болсам ауылда Сұлухан деген апаның қолында өстім. Үйде жесір әйелдің жалғыз қызы Айман, жағал ешкі және мен, үшеуіміз ғанамыз. Таңдайға басар түйір жоқ, талғажау ететін тамақ жоқ. Бір күні жаңағы жағал ешкі лақтады. Жалғыз емес, егіз лақ. Айман екеуіміз қуанып қалдық, аузымыз аққа тиді. Сұлухан ана ешкінің сүтіне талқан шылап, көже жасап беретін болды. Қуанышта шек жоқ. Көктемде мал жаппай төлдеді де, аузымыз аққа тиді. Сол жағал ешкінің тәтті сүтінің дәмі әлі күнге дейін ауыздан кетпейді. Кейінірек шаруашылықтарда ангор ешкісін өсіру көбейді. Өте өсімтал мал. Жібек жүні, түбіті қолғап, байпақ тоқуға қандай әдемі, жып-жылы. Тіпті, сол ешкінің жүнін сатып алмақ болып бір қиырдағы Кавказдан келген тұтынушыларды да көргеніміз бар. Кейінірек, неге екені белгісіз, сол ангор ешкінің тұқымы азайып кетті.

Телехабардан Францияда ешкі малы көптеп өсірілетінін көргенім бар. Тіпті ешкі сүтінен ірімшіктің 70 түрі өндіріледі. Сыртқа тауар ретінде де саудалайды екен. Демек, пайдалы болғаны ғой. Ал бізде ше? Неге ұмыттық? Осы шаруаны қолға алып отырған кәсіпкер, атомшы Берік бауырыма жол болсын деймін. Шаруаны дөңгелентіп, пайдалы кәсіпке айналдыратынына сенімдімін. Ауылдағы ағайындар біз де ойланайық».

Көріп отырғанымыздай мұнда Бейбіт деген есім мүлде жоқ. Олай болса, бұл мақаланың неге бұлай аталғаны түсініксіз. Бұл жердегі

Бейбіт пен Берікті ауыстырып алған автор болуы да мүмкін, алайда, редактор осындай сәйкессіздіктерге ерекше назар аударуы тиіс еді. Тіпті мақаланы «Бәрекелді, Бейбіт» деп атағанның өзінде де, біздің ойымызша, ол мақала мазмұнына толық сәйкес келмейді. Осындай сәйкессіздікті «Жас Алаш» газетінде жарияланған «Бізге Серізбаев сияқты арлы кадрлар керек!» деген мақаладан (22 шілде 2008) да көреміз. Мұнда да дәл осы жағдай қайталанған:

### **Бізге Серізбаев сияқты арлы кадрлар керек!**

Еңбек ардагері мен Ұлы Отан соғысының ардагері екеуміз бірігіп жазып отырмыз бұл хатты.

ҚР Мәжіліс депутаты Сәт Тоқпақбаевтың ҚР Бас прокуроры Р.Түсіпбековтің, ҚР Ішкі істер министрі Б.Мұхамеджановтың, ҚР Экономикалық қылмыс және сыбайлас жемқорлықпен күрес агенттігінің төрағасы С.Қалмырзаевтың атына жолдаған депутаттық сауалын оқып шығып (Әлімбек Серғазиев. «Тұз сасыса не себеміз?» «Жас Алаш» газеті, 11 шілде, 2008 жыл), дәл қазіргі күні осы мәселеге ерекше назар аудару керек деп шештік.

Құқық қорғайтын органдарының қызметкерлері бұрындары қылмыс дүниесінің өкілдерімен байланыс жасауға бара алмайтын. Бармақ тұрмақ, бұл жөнінде ойланбайтын да. Ал енді бүгінгі күні құқық қорғау органдарының кейбір қызметкерлерінің қылмыскерлермен байланыс жасауы, олармен ымы-жымы бір екені жаныңды түршіктіреді. Қойды қасқырға бақтыруға бола ма? Болмайды, әрине. Бұл да дәл сол сияқты шаруа ғой. «Тигрохауд» ЖШС-ының атқарушы директоры Саят Есімхановтың жанына інісін ертіп, бұларға тағы үш бұзакыны қосып алып, осы фирманың қауіпсіздік қызметінің бастығы А.Шәуеновтың көзін жою үшін оған 6 жерден пышақ сұғады. Ғажайыптан тайып әуіріммен аман қалған А.Шәуенов бұларды сотқа береді. Өзіне пышақ кімнің сұққанын түгел дәлелдеп, нақты деректермен айғақтап айтып береді. Бірақ, құқық қорғау орындары ешбір шара қолданбайды. Өйткені, Саят Есімханов құқық қорғау органдарының кейбір қызметкерлерімен жақсы таныс.

Бұл оқиға қай жылы болған дейсіз ғой? 2006 жылы. Міне, содан бермен қарай Саят Есімханов та, оның жанына ерген бұзақылар да емін-еркін бостандықта жүр. Бұл қалай?

Өзінің депутаттық сауалында Сәт Тоқпақбаев: «Саят Есімхановты ұстау және оны жазаға тарту жөнінде әлі тиісті шара қолға алынған жоқ» депті. Шынында да, неге қолға алынбайды? Депутаттың сауалынан кейін де мұның қолға алынбауы мүмкін бе? Мүмкін сияқты. Өйткені, Саят Есімхановты екі жылдан бері қорғап, қолдап жүргендер оны қолдамасына, қорғамасына кім кепіл?

Егер біздің тірлігіміз осы бетімен кете беретін болса, онда қоғамымыз мүлде былығады, былғанады. «Ештен кеш жақсы» деген, кеш те болса жазаға лайық адамдарды жазалауымыз керек. Жазаға тартуымыз керек.

Біз милиция полковнигі Ж.Сегізбаев дегенді білуші едік. 1972 жылы өз баласына ара түспеді ғой. Баласы қоғамдық орында төбелес шығарып, бір жігіттің басын жарған ғой. «Егер мен өз балама ара түсетін болсам, онда мені ешкім де сыйламайтын болады. Қолымен істеді ме, мойнымен көтерсін!» деді ғой Ж.Сегізбаев. Сол Сегізбаевтың баласы екі жылға сотталып кете барды...

Міне, құқық қорғау саласында осы Сегізбаев сияқты принципшіл, таза, арлы адамдарды көбейтуіміз керек.

Бұл мақаланың да тақырыбы оның мазмұнын толық аша алмай тұр.

Бұқаралық коммуникация жағдайында аудиторияның сөз шығармашылығын психологиялық қабылдауының тағы бір коммуникативтік ерекшелігі – оның мәтінмен таныстығының міндеттелмеуі. Сондықтан да көпшілік БАҚ материалдарымен көбінесе іс арасында, яғни – жұмыстан қайтып келе жатқан жолда, тамақтану үстінде, теледидар қарай отырып газет беттеріне көз жүгірту арқылы және т.б. үстірт жағдайларда танысады да, өзіне қажет емес артық, қызықсыз мәліметтерді бірден лақтырып тастайды, ал қызық жерлерін көз жүгіртіп қана оқиды. Сондықтан да редактор мәтінді талдау барысында әлеуетті оқырман ретінде осы жағдайларды ескеруі тиіс. Нақтырақ айтқанда редактор мәтіннің мағыналық қырларының дұрыс қойылуына, оқырман назарын аудара алуына, баяндау тәсілінің оқырмандардың қызығушылығын арттырып, эмоциясына әсер етуіне, баяндалған оқиғаларға олардың қатысуы мен жанашырлық сезімін оятуына ерекше көңіл бөлуге тиіс. Бұған редактордың тілдік стилистикалық қорын терең білуі зор мүмкіндік береді.



Бұқаралық коммуникация мен тіл білімі мамандарының жұмысы барысында БАҚ мәтіндерін этика тұрғысынан бағалау жиі ұшырасады. Кез келген автор өз аудиториясын сыйлауы тиіс, ашық жария (публичный) қатынас барысында ғасырлар бойы қалыптасып, ұлт менталитетінен көрініс тапқан этикалық нормаларды сақтауы тиіс. Тақырып пен оларды беруде, тілдік құралдарды таңдауда адамгершілік талаптарын ешуақытта естен шығармау керек. Алайда, бұл талаптар жиі бұзылады. Бұл БАҚ тілінің саналы түрде дөрекіленуінен (сондықтан да кейбір зерттеушілер тілдің жабайылануының (варварлануының) кезекті толқыны жүріп жатқаны туралы айтып жүр), мәдени жетістіктер мен тарихи деректердің төмендетілуі мен кемсітілуінен, рухани құндылықтардың қадірін кетіруден, шындықты саналы, жүйелі, еш қымсынбай бұрмалауынан көрінеді.

Мысалы abai.kz ақпараттық порталынан алынған мына мәтінді оқып көрейік:

*Әбдікәрім ба, әлде Әбдікірім ба? Кешіріңіз, менде Сізге деген ешқандай бөтен ой жоқ. Өз атыңызды екі түрлі атап Сізге не болды? Мейлі, қазақы дәстүрмен Әбеке дейін. Әбеке, діннен хабарыңыз бар адамсыз ғой, таласым жоқ. Бірақ мәселе дін туралы болып отырмағасын мен оны қозғамаймын. Сөз тарих туралы болған соң тарихқа ауысайық, Сіздің одан да хабарыңыз бар ғой!*

*1. Рысқұловтың жазбасында бірнеше кісіге мінездеме берілген және оларға ондай мінездемені берген тек Тұрар ғана емес, Тұрарға дейін де, Тұрардан кейін де талайлар берген, тарихтан хабары бар болған соң Сізге ол туралы анықтама беріп жатпаймын, оқып аларсыз. Айтыңызшы, Рысқұловтың хатында халыққа қарсы сөз бар ма? Әлде аты аталған кісілерге қатысты айтылған сөз халыққа қарсы айтылған сөз ба?*

*2. Сіз айтасыз: «Т.Рысқұловтың Түркістан республикасы тартылып, оның облыстары бөліске түсіп жатқанда Ташкентке таласып, жиналыстың тап ортасында өзбектің ұлтшыл-жадитшілерінің көсемі Файзолла Ходжаевқа, қасындағы Ақмал Акрамовқа қарсы ровелверімен оқ атқанын да білемін. Қазақ*

үшін бұл ерлік көрінері анық. Бірақ мінезінің мұндай шатағы қазаққа жеңіс емес, жеңіліс әкелді. Ол жұлқынып жүргенде Файзолла Ходжаев пен Акмал Акрамов болса Мәскеуден «комисся» келемін дегенше 5 күннің ішінде Жызақ, Самарқан жағындағы өзбектерді әкеліп, әр екі адамға бір-бір қамыс күрке жасатып, ташкенді қоршай отырғызып қойды». Әбеке, былай деп шарттасайық: архивтің дерегін нақты көрсетіп, осы сөзіңізді дәлелдеп бересіз, не өзіңіз білмейтін мәселеге араласуды қоясыз.

3. Сіз айтқан Акрамов деген кім? Төрт-бес жерде осылай жазғаныңызға қарағанда біз білмейтін Акрамов деген шынымен де болған-ау деймін!? Икрамов дегенді білуші едік. Біздің біліміміз Сізден таяз екен...

4. Айтыңызшы Әбеке, Ташкентті өзбек пен қазақтың бөлісуі қай жылы, қай айларда, қай күндері болған? Ол күндері Рысқұлов қайда еді, Қожанов қайда еді, Файзулла Қожаев қайда еді, сіздің сүйіктіңіз – Акрамов қайда еді?

Пікір жазбас бұрын құрығанда Қойшыбаевтың жазбаларын оқып шығу керек еді, әлде Сіздің төпеп жаза беретін әдетіңіз бар ма? Тұрар Түркістанды бөліске салардың алдында өзің түрліше топтардың аярлықпен Ташкенттен кетіргені туралы жазып отырған жоқ па!

Әбеке, дін жолында жүрсіз, бірақ пікірталаста неге қасиетті аяттарды айтып тістене сөйлейсіз. Мен Сіздің атыңызға әдепсіз сөз айтқам жоқ, айтпаймын да, оған иманым да, тәрбием де жібермейді. Иман менің жүрегімде, тілімде емес. Сұрақтарыма нақты дерекпен жауап береңіз. Нақты дерегіңіз жоқ болса, ұзын-сонар сөзбен Абай сайтына қайта кірмей-ақ қоярсыз.

Немесе, Айтабер! Танымдық блогтұғырынан алынған мына материалға қарайық:

**Исатай туралы! Кенесарының басы мен денесі қосылса не болады?!**

Бірінші Исатайдан бастасам оны орыстар өлтіргенін білеміз! Өлмес бұрын ол түрмеде жүргенде бір қырғызға жолығады! Ол өзінің өлетінін білген болар әлгі қырғызға мен

*бір күні өлемін, сен мені өзің білетін бір жерге көм, бірақ менің қай жерде жатқанымды біреуге айтар болсаң мен сенің үрім-бұтағыңның соңынан қалмайм депті! Исатай бір соғыста қайтыс болады, әлгі қырғыз қорыққан болу керек Исатайдың денесін тауып алып өзі тұратын таудың қасына жерлейді! Ол қырғыз өлерінің алдында баласына Исатайдың қайда жатқанын айтып, оны қазақтарға айтуын өтінеді! Енді Кенесарыға келер болсақ оның басы Ресейде екен! Ресей көріпкелдері ол басты қазақтарға беруге болмайды, себебі бас пен дене бірікпесе қазақтар рухы көтеріледі, соңы жаман болады дейді! Ол бастың өзі қаншама миллион-доллар екені белгісіз! Бірақ ол басты алуға ақшамыз жетеді, бірақ үкіметтен қолдау керек!*

Мұндай кәсіби деңгейі төмен авторлардың бұл әрекеті аудиторияны сыйламау ретінде бағаланады. Бұл, әсіресе, тікелей телеэфир кезінде анық байқалады, онда көбінесе кейбір жүргізушілер өз қонағынан да нашар, дөрекі сөйлеп жатады.

Редакторға аудиторияның мәтінді қабылдауы мен бағалауын болжау барысында өз ұстанымын ғана негізге алуына болмайды. Ол әлеуетті оқырмандар туралы жалпылама негіздерге сүйенуі тис. Ол негіздер жалпы немесе арнайы басылым, аудитория ерекшеліктері, оның жасы, жынысы, білімі мен қызығушылық деңгейі, т.б. – осы сияқты өлшемдерден құрылады. Арнайы мамандандырылмаған бұқаралық ақпарат құралдары орташа оқырмандарға арналады. Бұл – орта білімі бар, негізгі пәндерді мектеп бағдарламасы бойынша толық меңгерген адам. Арнайы мамандандырылған басылымдарда тиісті мамандықтың ерекшеліктері ескеріледі.

Әрине, редактордың өз оқырманы, оны ненің қызықтыратыны туралы түсінігі ешуақытта нақ өмірдегі жағдаймен сәйкес келе бермейді. Алайда редактордың міндеті – өзінің жалпыланған түсініктерін өмір шындығына барынша жақындата отырып жинақтау. Бұл үшін редакция мен баспа жұмыстарында сұрақ-жауаптар, сауалнамалар жүргізу, оқырман хаттарын талдау, маркетингтік зерттеулер жасау белсенді түрде қолданылады.

### **3.4 Мәтін – редактор жұмысының негізгі нысаны. Мәтіннің негізгі белгілері**

**3.4.1 Редактор мен мәтін: сөз шығармашылығын талдау өлшемдері.** Редактордың негізгі міндеттерінің бірі – сөз шығармашылығының сапасын бақылау. Оны жүзеге асыру үшін және редактор әрекетінің жүйелілігін сақтау үшін ол редактор еңбегінің психологиялық заңдылықтарын ескеруі қажет.

Редактордың мәтінмен жұмыс істеуінің жалпы схемасы төмендегідей: бірінші кезеңде шығармамен танысу мен редакциялаудың міндеттерін айқындау жүреді. Бұл кезеңде редактор материалдың алдын ала белгіленген өлшемдерінің қаншалықты сақталғандығын да талдайды: көлемі, жанры, тақырыбының талапқа сәйкестігін, қолжазбаның кемшілігі мен жетістігін анықтайды, ұсынылған мәтінді негізге ала отырып, оның болашақта қандай болуы тиіс екенін жоспарлайды. Содан кейін ол материалда көрсетілген ескертпелер мен ұсыныстарды өңдеу үшін авторға қайтарады немесе оны түзету үшін өзіне қалдырады да қандай деңгейде түзету керек екенін белгілейді. Редакциялау процесі, бұл жұмыстың соңғы кезеңі әдетте ұзаққа созылады. Кез келген мәтінді редактордың белгілі бір көлемде қарап шыққаны дұрыс. Ал оның түзетулері автор материалының мазмұны мен стилімен қаншалықты сапалы жұмыс істегеніне байланысты.

Редактор еңбегі – шығармашылық еңбек, бұл шығармашылық өзінше бөлек, ол – мәтінді талдау барысында да, өңдеу барысында да көрінеді. Егер автор сөз шығармашылығын дайындау барысында шындықты бейнелеуге ұмтылса, ал редактор жұмыстың негізі ретінде дайын мәтінді пайдаланады және де бұл мәтін өмірдің барлық қырларын тек жанама түрде ғана көрсетеді. Нақты фактілерді іріктеу мен бағалауда, олардың өзара байланысын анықтауда, талдау мен қорытындылауда автордың субъективті көзқарасы белгілі бір деңгейде едәуір немесе болар-болмас көрініс табады. Автордың көзқарасы, ұстанымы мен мақсаты сөз шығармашылығы мен өңдеу барысында негізгі өлшемдер болып табылғанымен, редакторға мәтінді талдау үстінде олар-

мен шектеліп қалуға мүлдем болмайды. Ол мәтінді коммуникация жүйесінің элементі ретінде тұтас алып, оның мазмұнына, өз тұжырымдарына, біліміне, өмірлік және кәсіби тәжірибесіне сәйкес, сондай-ақ осы жағдай бойынша басқа дерек көздерінің мәліметтері бойынша да талдайды.

Әдеби редакциялау – әдеби және кәсіби эрудицияны, жоғары интеллекті жалпы мәдениет пен кәсіби мәртебесінің негізі ретінде ғана емес, оларды ең қажетті технологиялық талап ретінде қамтитын қызмет саласы. Редактор неғұрлым көп білген сайын өз білімін мәтінді талдау барысында кеңінен қолданады, жұмысының сәттілігі де арта түседі. Әрине, редактор білімі жағынан нақты кәсіби маманмен тең түсе алмайды, алайда ол мәтіннің пәні бойынша көп білуге тырысу керек, сонда оған тұжырымдар мен қорытындылардың дәлдігі мен тереңдігін бағалау, авторға сұрақтар қою, пән бойынша қосымша ақпарат көздерін табу және қажет болған жағдайда сарапшыларды тарту жеңілдейді.

Шығарманың әдеби формасын талдау редактордан – әдебиеттану, жанр теориясы, стилистика, оқырман қабылдауының психологиясы сияқты ғылым салаларында арнайы терең білімінің, сондай-ақ сезім мен талғамының болуын талап етеді. Оның міндеті – автор стилін сақтай отырып, қалыптасқан дәстүр мен нормалардан ауытқымау, егер ауытқыған жағдайда автордың да, аудиторияның да ар-намысына тимей, жөнімен ауытқу. Енгізілген түзетулер аққа түскен қара дақ, жамау сияқты болмай, мәтінмен жымдасып тұруы керек. Егер түзетудің сапасы төмен болса, оны автор ғана емес, оқырмандар да байқайды. Мұндай түзетулер басылымның беделіне нұқсан келтіреді.

Мәтінді бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға редакциялық дайындау көбінесе уақыт жағынан шектеулі болады. Ондай жағдайда шешім қабылдауды да, жұмыс істеуді де жылдамдату керек. Мәтінмен жұмыс істеудің негізгі принциптерін білу, редакторға қажетті кәсіби дағдысын қалыптастыруға көмектеседі. Тәжірибелі редакторлар төмендегідей негізгі принциптерді ұсынады:

– әуелі мәтінмен толық танысып шығыңыз, оның мазмұны, мақсаты, тұжырымдамасы, композициясы туралы анық көрініс жасаңыз;

– мәтінді аяғына дейін оқып шықпай, түзетуді бастамаңыз;

– мәтіннің кез келген бөлігінде фактілердің бұрмалануы, ақпараттың сенімсіздігі, сөйлеу қателері болуы мүмкін екенін естен шығармаңыз. Мұндай түсінік – мәтінге деген кәсіби сыни қатынастың негізі. Редакциялау теориясында бұл «болуы мүмкін қателерден сақтандыру» деп аталады;

– мәтіннің кемшілігі неде, оны қалай жоюға болатынын түсінгеннен кейін ғана түзетіңіз;

– нақты қателерді түзеу барысында, мәтіннің сіз түзетіп отырған бөлігі – тұтастың элементі, бүтіннің бөлшегі екенін естен шығармаңыз;

– қолжазбаның қиын жерлерін түзетуде ұзақ тұрып қалмаңыз. Оған түзетуді тұтас аяқтап шыққан соң, қайта ораласыз, бұл сізге тұтастықты сақтай отырып ең тиімді нұсқаны таңдай білуге көмектеседі;

– ең қажетті түзетулермен шектеліңіз;

– түзете отырып, өзіңіздің нұсқаңызды автор нұсқасымен салыстырып үздігін таңдаңыз;

– автор нұсқасына ғана емес, өз нұсқаңызға да сыни көзбен қараңыз. Сіз де мінсіз емессіз. Мұны ұмытпаңыз [68, 306-318].

Мәтіннің мағыналық және тілдік сапасын дұрыс бағалап, оны түзету үшін оның ең басты белгілерін жақсы білу керек. Редактор үшін автордың мәтінімен жұмыс істеу – оның даралығын көрсететін әдеби еңбектің негізгі кезеңі. Редакторлардың бүгінгі мерзімді басылымдарда қабылданған кең көлемдегі міндеттерінде мәтінді талдау, бағалау мен түзету әлі де басты талап ретінде қалып отыр. Редакциялаудың ғылыми негіздерін жасау мәтін және оның теориясы туралы іргелі білімге негізделеді. Редакциялау теориясында «мәтін» термині ұзақ уақыт бойы өзінің толық мағынасында қолданылған жоқ. Оған «авторлық қолжазба» немесе «мәтіндік түпнұсқа» деген атаулар теңгеріліп келді. Редакциялық үдерістің ерекшелігіне қарай автордың баспаға ұсынған кез келген мақаласы мен кітабының қолжазбасы,

қолжазбаның редактор жұмыс істеп жатқан дайын бөлігі, тіпті оның жеке фразасы немесе абзацы мәтін ретінде аталып келді. Мұндай анықтама мәтіннің күрделі табиғи даралығын көрсете алмады және ол өзіне ондай талап та қоймады. Сондықтан да, ол практикалық тапсырмаларды шешуде ғылыми негіз қызметін атқара алмады.

Редакциялау мәтін теориясының бүгінгі талаптарын шешуге тікелей мүдделі. Оның ең маңыздылары: 1) мәтіннің туындауы мен оны қабылдау, түсіну процесіндегі мағыналық қырларын зерттеу; 2) мәтінді коммуникациялық бірлік ретінде бақылау; 3) мәтіннің ақпараттық проблемаларын үйрену, мәтіндегі ақпараттарды кодтау (тұтастандыру) мен декодтау (даралау) әдістемесін құру.

Редакциялау үшін мәтіннің негізгі сипаттарының ішінде – тұтастық, байланыстылық пен белгілі таңбалық жүйеде бекітілуі бірінші дәрежелі маңызға ие болады. Бұл сипаттардың мәнін түсіну редакторға теориялық жағынан ғана емес, практикалық тұрғыдан да аса маңызды. Оны елемеу редактордың практикалық жұмыстарынан көрініс табады, яғни мәтінді тұтас бағалаудың орнына автор жіберген жекелеген кемшіліктерді ғана көру сияқты редакторлық соқырлыққа соқтырады.

**3.4.2 Мәтіннің ақпараттылығы және ақпарат түрлері.** Ақпараттылық – мәтіннің аяқталған мәлімдемелерді тарата алатын, ақпаратты жеткізетін қабілеті. Ақпараттылық мәтіннің маңызды белгісі ретінде онда қамтылған ақпараттың көлемін, оның маңыздылығы мен жаңалығын сипаттайды.

Мәтіннің ақпараттылығын бағалау барысында екі маңызды аспектіні ескеру қажет. Бірінші – мәтіндегі ақпараттың аудиторияның білімі мен оның ақпараттық қызығушылығына қатысы. Мәтін неғұрлым жаңа, қызық та түсінікті мәліметтерді қамтыған сайын, соғұрлым ақпаратты болып табылады. Редактор мәтін мазмұнының бұл қырын алғашқы, таныса оқу барысында бағалайды. Екіншісі – баяндаудың семантикалық және синтаксистік ерекшеліктері. Ол бірдей тілдік белгілердің көмегімен саны мен сапасы жағынан әртүрлі ақпараттарды жеткізуге мүмкіндік береді.

Тәжірибелі редакторлар мен зерттеушілер ақпараттың бір-неше түрін көрсетеді.

Фактілі ақпарат (фактуальная информация) барлық мәтінге тән және ол нақты құбылыстар (оқиғалар) мен олардың өзара қатынасын бейнелейді. Бұл – автордың тілдік құралдармен жеткізген реальді немесе қиялындағы (оймен көз алдына елестеткен) әлемі.

Фактілі ақпарат көбінесе өздерінің сөздіктегі тура мағыналарында қолданылған сөздердің көмегімен беріледі. Ол мәтіннің пәндік-логикалық негізін құрайды. Редакциялау процесінде фактілі ақпарат факт ұғымымен тығыз байланыста қарастырылады.

Концептуалды ақпарат тақырыптың, құбылыстың авторлық бағалануын, түсіндірілуін қамтиды. Бағалау кейде жасырын тұруы да мүмкін, ол мәнмәтіннен (контекстен) көрінеді және бағалау ондағы бейнеленген фактілердің мағыналары мен олардың арақатынасына негізделеді. Концептуалды ақпараттың ерекше белгісі – автордың өзі, сипатталған жағдайдағы оның ұстанымы туралы ақпаратты қамтуы.

Ақпараттар фактілі және концептуалды деп кейде шартты түрде ғана бөлінеді, өйткені кез келген айтылым авторлық ұстанымды бейнелейді. Тіпті, нақты шындық әрекет туралы барынша бейтарап және құрғақ айтылымның өзі жағдайды автордың бағалауымен көрсетуге қабілетті.

Мәтіндегі фактілерді үйлестіру (жинақтау) мен оларды іріктеудің өзі – концептуалды ақпаратты берудегі негізгі белгілер.

Мәтінішілік ақпарат – ашық айтылмаған, жасырын ақпарат, ол фактілердің негізінде мәтіннің ассоциативті мағына бере алу қабілетінің арқасында көрінеді. Мысалы, мәтінішілік ақпараттар негізінде көбіне ирония мен емеуріндер арқылы беріледі. Бұл ақпараттың БАҚ мәтінінде сирек кездесетін ең күрделі түрі [65,451-152].

Сондай-ақ, тәжірибелі редакторлар мен журналистер бұларға қосымша ретінде жанама ақпараттың болатынын көрсетеді. Бұл хабарлаудың мақсатына кірмейтін мәліметтер, алайда олар негізгі мазмұнынан жанама түрде алынады. Мысалы, біз «Свисс-банк»



деген маңдайшаны оқыған кезде, қайда келгеніңізді білумен бірге (бұл хабарламаның мақсаты), атаудың жағымсыз екені туралы да тұжырым (бұл мекеменің атындағы жанама ақпарат болып табылады) жасаймыз.

Тақырып пен мағыналық және синтаксистік құрылымдағы орнының маңыздылық деңгейіне қарай ақпараттарды төмендегідей жіктеуге болады:

Негізгі (ключевая) ақпарат – тақырып бойынша аса маңызды ерекше, мән-мәтін (контекст) арқылы берілетін мәлімет.

Қосымша айқындаушы ақпарат – негізгі ақпаратты дамытып, нақтылайды және соған негізделеді.

Қайталама ақпарат – мәтінде берілген ақпаратты (реалий) екінші рет немесе тағы да қайталау. Сонымен қатар, мәтіннің кейбір бөліктері ешқандай ақпаратты қамтымайды.

Кез келген мәтінде бұл ақпараттар кезектесіп ұшыраса береді.

### **Арзан сөз абырой әпермейді**

*Шынын айтсақ, жергілікті басылымдардың «сүйікті» тақырыбына айналып отырған бал аралары «дауына» байланысты мақала жазу ойымызда жоқ еді. Қолымызға қалам алуға «Әби-Жер» ЖШС құрылтайшыларының тілшілер қосынына арнайы хабарласуы қозғау салды.*

*– Өркениетті елдерде кез келген түйткілді мәселеде сотқа жүгіну үрдісі қалыптасқан. Біз, өкінішке қарай, ондай мәдениетті дағдыға әлі үйрене қойған жоқпыз. Кей қалам иелері істің байыбына барып, ақ-қарасын ажыратып жазудың орнына алаулатып-жалаулатуға, арзан сөзге, жалған беделге әуес. Соның салдарынан қоғамдық пікірді қолдан жасап, оқырмандарды адастырып жатады. Осындай күйді басымыздан кешіп отырғаннан кейін болған оқиғаны боямасыз жеткізуді жөн санадық, – дейді бізге жолыққан серіктестік басшылары.*

*Аталмыш шаруашылық Қызылжар ауданы Асанов ауылдық округы аумағында егіншілікпен айналысады. Соңғы жылдары майлы дақылдар өсіруге ден қойған. Биыл 2400 гектар жерге рапс егін, өнім бітік шыққан. «Даудың басы Дайрабайдың көк сиыры» демекші, қызылкеңірдек кикілжіңнің тұтануына бал араларының қырылып қалуы себеп болған. 7 тамыз күні рапс*

алқаптарынан 145 омартаға ұя салған бал араларының өлі денелері табылған. Егістік «Аби Жер» ЖШС-не тиесілі екенін білісімен омарташылар іске бірден журналистерді араластырып, ұлардай шулатып қоя берген. Олар болған жайттың себеп-салдарына терең үңілудің орнына жерден жеті қоян тапқандай ұшқары мақалалар жариялаған, сұхбаттар ұйымдастырған.

– Жапа шегушілер заңға жүгініп, тиісті органдар арқылы қудаланса, ренішіміз болмас еді. «Тентек шоқпарын бұрын жұмсайдының» әрекетімен бізді ә дегеннен жерден алып, жерге салған қылықтары ашындырады. Бұл не сонда: ең күшті қорғаныс – шабуыл дегенді аңғарта ма әлде «ұра берсе, сайтан да өледінің» кері ме? Тіпті, кей газет беттерінде қасақана жасалған арандатушылыққа балайтын пікірлер де кездеседі. Сот төрелігіне дейінгі «кінәсіздік презумпциясы» қайда сонда? Біржақты қаралау серіктестіктің де, біздің де абыройымызға нұқсан келтіріп, беделімізді түсіріп отыр,– деді, күйіне сөйлеген фирма құрылтайшыларының бірі Игорь Грищанов.

– «Мал ашуы – жан ашуы» деген сөз бар. 22 миллионға жуық бал араларының қырылып қалуы нәпақасын айырып отырған омарташыларға оңай тимегені анық. Бәлкім, егістік зиянкестеріне қарсы химиялық өңдеу кезінде серіктестік тарапынан кемшіліктер орын алған болар?

– Ара өсірушілердің серіктестік химиялық өңдеу жұмыстарын өз беттерінше жүргізді деген айыптаулары ешқандай шындықпен үйлеспейді. Алдымен олар мына қарапайым жайтты түсініп алғандары жөн. Атап айтқанда, арамшөптерге және түрлі зиянкестерге қарсы атқарылатын шараларды облыстық аумақтық басқармасының филиалындағы өсімдік қорғау инспекциясы белгілеп, қадағалауымен жүргізіледі. Оны орындау – біз үшін міндет.

Шағым иесі зәбір көрушілердің химиялық өңдеу алдын ала ескертілмеген деген сөздерін де бекерге шығарды. Олар «Ара шаруашылығы туралы» Заңды көлденең тартып, күні бұрын құлақтандырылмады дегенді жселеу етеді. Біздің тарапымыздан бұл талаптардың толығымен сақталғанын дәйектейтін айғақтар жеткілікті. Мәселен, А.Шинкоренко, Ю.Пиликушко,

*Е.Рожко, С.Васитов, Г.Гавриков, А.Зинько, С.Попов, Р.Розанов, т.б. омарташылардың бал аралары дін-аман. Өйткені, бұл азаматтар жыл сайын шаруашылықпен келісімшарт жасасып, омарталарын рапс танаптарына орналастырып жүр. Химиялық өндеудің алдын ала ескертілгенін растап отыр.*

*Жер иесінің айтуына қарағанда, бір топ омарташы шаруашылықтың келісімін алмастан омарталарын рапс танаптарына өз беттерініше қойған. Ол жөнінде хабардар етпеген. Тиісті ауылдық округте тіркелуді де, серіктестікпен келісімшартқа отыруды да қажет санамаған. БИ-58 препаратымен рапсты өндеуге мүлдем болмайды деген адвокаттың ойлары қисынсыз. Сертификатталған өнімді әлемнің көптеген елдері қолданып жатса, біз неге бас тартуға тиіспіз? – деген оның сөзі иланымды көрінді. Орасан шығын шеккен омарташылар бал араларының неден өлгенін анықтайтын сараптама қорытындысын күтпестен келтірілген шығынды өндіріп алғаниша әлек. Шығын мөлшерін кім анықтады – тағы белгісіз.*

*– Қазір іс қалай өрбіп отыр? – деп сұрадық одан.*

*– Қарсы тараптың шағымдарына байланысты тергеу алды жұмыстарымен Қызылжар аудандық ішкі істер бөлімі айналысып, қылмыстық іс қозғаудан бас тарту жөнінде қаулы шығарған болатын. Одан арғысынан хабарым жоқ. Журналистердің құқық қорғау органдарының ішкі жұмысына да негізсіз араласып отырғаны таңырқатпай қоймайды.*

*Ширек ғасырға жуық бал арасын өсірумен шұғылданып келе жатқан Геннадий Гончар жоғарыдағыдай жағдайдың өріс алуына омарташылардың өздері кінәлі екенін кесіп айтты. Тиісті салық-төлемдерден жалтарудың ақыры осындай орны толмас шығынға ұшыратуы басқаларға сабақ болуы тиіс. Мен жетекшілік ететін бригадада 80-ге жуық омарта бар. Химиялық өндеу жайлы күнібұрын құлақтандырылғандықтан сақтық шараларын қамтамасыз еттік. Қазір бал өндіру ісін жалғастырудамыз, деді ол.*

*Қызылжар ауданының прокуроры Уәлихан Кәрімов кей жайттарды нақтылау мақсатымен іс материалдары қайта тергеуге жіберілгенін, жуырда аудандық ішкі істер бөлімінен*

серіктестіктің әрекетінде қылмыстық сипат жоқ деген жауап келгенін, соған орай ұйғарым әзірленіп жатқанын жеткізді.

Өңір жұртышылығын елең еткізген бал аралары дауы қай тараптың пайдасына шешілетінін тиісті органдар анықтай жатар деген үміттеміз. Ал, арзан сөз, жалған бедел құған басылымдардың әрекеті абырой әкелмесі анық («Егемен Қазақстан»).

Бұл мәтіннен ақпараттың бірнеше түрлерінің кездестіруге болады. «7 тамыз күні рапс алқаптарынан 145 омартаға ұя салған бал араларының өлі денелері табылған... Біздің тарапымыздан бұл талаптардың толығымен сақталғанын дәйектейтін айғақтар жеткілікті. Мәселен, А.Шинкоренко, Ю.Пиликушко, Е.Рожко, С.Васитов, Г.Гавриков, А.Зинько, С.Попов, Р.Розанов, т.б. омарташылардың бал аралары дін-аман. Өйткені, бұл азаматтар жыл сайын шаруашылықпен келісімишарт жасасып, омарталарын рапс танаптарына орналастырып жүр» деген сөйлемдердің бойында фактілі ақпарат болса, «Егістік «Аби Жер» ЖШС-не тиесілі екенін білісімен омарташылар іске бірден журналистерді араластырып, ұлардай шулатып қоя берген. Олар болған жайттың себеп-салдарына терең үңілудің орнына жерден жеті қоян тапқандай ұшқары мақалалар жариялаған, сұхбаттар ұйымдастырған... Жер иесінің айтуына қарағанда, бір топ омарташы шаруашылықтың келісімін алмастан омарталарын рапс танаптарына өз беттерініше қойған. Ол жөнінде хабардар етпеген. Тиісті ауылдық округте тіркелуді де, серіктестікпен келісімишартқа отыруды да қажет санамаған. БИ-58 препаратымен рапсты өндеуге мүлдем болмайды деген адвокаттың ойлары қисынсыз» деген жолдардан автордың бағалауын, түсіндіруін көреміз. Ал «желеу етеді; ақ-қарасын ажыратып жазудың орнына алаулатып-жсалаулатуға, арзан сөзге, жалған беделге әуес; күйіне сөйлеген; араларының неден өлгенін анықтайтын сараптама қорытындысын күтпестен келтірілген шығынды өндіріп алғанша әлек; тиісті органдар анықтай жатар деген үміттеміз» деген сөздер мен сөз тіркестерінің бойынан мақала авторының жасырын емеуріндерін байқауға болады.

**3.4.3 Мағыналық тұтастық** – мәтіннің идеясы мен оның мағыналық аяқталуына бағынатын тақырыптық, мазмұндық бірлік. Сапалы шығармаларда әрдайым тақырыпты әртүрлі қырынан ашып, толықтырып тұратын негізгі мағыналық желі байқалып тұрады. Редактордың бірінші міндеті – бейнелі айтқанда, осы желінің үзілмеуін, оның басқа қырына ауып кетпеуін және авторлық тұжырымға сәйкестігін қадағалау.

Мәтіннің мағыналық тұтастығын бағалау екі бағыт бойынша жүргізіледі: оны негізі тұтас бірлік ретінде талдау және оны құрайтын элементердің толықтығы мен дәлдігі. Тәжірибелі редакторлар бұл міндетті: «тұтастыққа ұмтыла отырып, бөлшектерді ешқашан ұмытпа, бөлшектермен жұмыс істей отырып – әрдайым тұтас бірлікті көре біл»,– деп белгілейді [69, 12].

Мәтінді талдау әдістемесі жүйе ретінде оның бөлшектерін талдау әдістемесіне ұқсамайды. Мәтіннің тұтастығы әдеби бірлік ретінде лингвистикалық бірліктермен тікелей байланыспайды және оның өзіндік психолингвистикалық құрылымы болады. Оған ойдың бірлігі мен мәтін құрастырудың дәлдігімен, материалдың образдық ұғынылуымен, ойды өрістетудің логикалық анықтығымен, мәтіннің стилистикалық тұтастығымен қол жеткізіледі. Редактор мәтіннің компоненттерін талдай отырып, пәнді терең және жан-жақты білетінін және ауқымды лингвистикалық білімін көрсетуі тиіс. Мәтінді редакциялық түзету барысында оның бөліктерінің арасындағы мағыналық үйлесімділіктің үзілмеуін үнемі назарда ұстау керек.

Мәтінге тұтас әдеби бірлік ретінде қарау – қазіргі редакциялау саласындағы көптеген зерттеушілердің негізгі тұжырымдамасы. Бұл қағидаттың негізі К.И.Былинскийдің: «обязанность литературного правщика – «проверка и исправление текста как литературного целого»,– деген пікірінде жатыр. Ол: «Тұтас мәтін туралы түсінігі болғанда ғана оның әрбір фразасымен жұмыс істеу идеясын» – редактордың өмірлік ұстанымы ретінде ұсынады. Ішкі сезімге сеніп өзгерту мүмкіндіктеріне шектеу қояды [66]. Редактор, әсіресе, бір қарағанда жатық, мінсіз болып көрінетін фразаларға ерекше назар аударуы тиіс. Өзгертпес бұрын тұтас мәтіннің мағынасын түсініп, оның кемшіліктерін анықтап алу керек.

Мәтін, әсіресе ақпараттық мәтін бір рет оқығаннан кез келген оқырманға түсінікті болуы тиіс, егер ол бір оқырманға түсініксіз болып, оны қайта оқуға тура келсе, онда ол – сәтсіз құрылған мәтін. Төмендегі мәтінді оқып көрейік:

*«Тегі түрік Анахарсистің анасы грек қызы болған: өз тілімен қатар грек тілін жете меңгерген ол елінен терезесі тең адам таппай Грекияға, Солон атты философты іздеп барып: «Мен саған дос болайын деп келдім», – дейді. Бұл мәтінді бір оқып шыққан оқырманның Грекияға барып, дос іздеп жүрген адам Анахарсистің өзі емес, анасы екен деп түсініп қалуы мүмкін.*

Енді мына мәтінге назар аударсақ: *«Мемлекеттік білім стандарты жоғары білімді мамандар даярлауға құрылған оқу орындары келешек инженерлер өз саласында тілдік қолданысты игеру, негізгі кәсіби грамматикалық сөздікке, ресми-іскерлік, ғылыми стильге құрылған тілін игеріп жатырған елдің мәдениеті мен дәстүрін білуге бағдар жасайды».* Бұл мәтінде, біріншіден, автордың ойы түсініксіз, екіншіден, бірнеше сөз қайталаулар (құрылған, игеру) мен грамматикалық, стильдік қателер кездеседі.

Мәтіннің мазмұны мағынасы мен грамматикалық сөйлемдері арқылы байланысқан сызықтық-тізбекпен өрістейді, алайда ол иерархиялы (төменнен жоғары қарай бағынады), яғни оның негізгі және қосалқы элементтерді қамтитын мағыналық құрылымы болады. Әрдайым, ондағы басты ой – тақырып: тақырыптың мазмұнын әртүрлі қырынан ашып тұратын ойлар – бірнеше тақырыпшалар; тақырыпшаларды нақтылайтын ойлар – субтақырыпшалар. Мағыналық құрылымның күрделілігі тақырыптың, стильдің, жанрдың, мәтін көлемінің ерекшелігіне байланысты болады.

**3.4.4 Мәтіннің синтаксистік байланыстылығы** – оның тұтастығының шарты. «Текст» (мәтін) терминінің өзі латын тілінен аударғанда байланыс деген ұғымды білдіреді. Мәтінді түсіну үшін оқшауланған фразалардың мәнін анықтау жеткіліксіз: әрбір фразаның бойында алдыңғы сөздің мағынасы қамтылады. Мәтінге кез келген, тіпті ең елеусіз түзету енгізу үшін, алдымен оның сыртқы мазмұнынан ішкі мәніне үңіліп, мағынасын түсіну мен анықтауға талдау жасалынуы тиіс.

Мәтінді өзі құрамдас бөлігі болып табылатын коммуникациялық жүйеден тыс қарастыру оны түсініксіз үзінділерге алып келеді. Оның мазмұнында сөз мағыналарының түрлі қырлары жатады, оқырман ол қырларды мәтінді қабылдау барысында ашып, түсіне білуі тиіс. Мәтінді дұрыс түсіну үшін не оқырманның соған қажетті білімі болуы қажет, не алдыңғы баяндаулар оған қажетті бағыт-бағдар беріп, сөз мағынасының дұрыс ашылуына көмегін тигізуі қажет. Егер бұл шарттар орындалмаса, онда автор мен оқырмандардың арасында түсіністік болмайды. Сондықтан да, мәтінді редакциялау барысында бұл ерекшелікке аса мән берілуі тиіс.

Байланыс – мәтіннің синтаксистік қасиеті, оның көмегімен мағыналық тұтастық қамтамасыз етіледі. Байланыстың болуы мәтіннің тұтастығына кепілдік бермейді, алайда оның болмауы тұтастықтың да болмауына ұрындырады.

Кез келген сөз шығармашылығының мазмұны жүйелі, өзара байланысты сөйлемдердің тізбегімен беріледі. Олардың әрқайсысы тиісті мағынаның бір бөлшегін ғана бере алуы және тұтас шығарманың ішінде ғана толық түсінілуі мүмкін. Сондықтан тілде сөйлеудің логикалық саласына қатысты мәтінішілік байланыстырушы көптеген түрлі құралдар пайдаланылады: шылаулар, демеуліктер, қыстырмалар. Мәтіннің синтаксистік байланысын қамтамасыз ететін басқа – лексикалық, грамматикалық және композициялық құралдар да бар. Олар мәтіндегі сөйлемдерді, тақырыптарды бір-бірімен байланыстырып тұрады. Бұл тілдік құралдардың дұрыс қолданылмауы мәтіннің ішкі байланысын қиындатып, оның логикалық жүйелілігін бұзады. Мәселен төмендегі жарнама мәтініне назар аударайық:

<i>Қазақша мәтіні</i>	<i>Орысша мәтіні</i>
<i>Төрт жасқа толған балаларға арналған гепе-реңдік витаминдер жиынтығы сағыз құрайтын хайуанаттар түріндегі опыншақ дәрілер</i>	<i>Жевательные таблетки в виде фигурок животных содержащие сбалансированный комплекс витаминов для детей с 4 лет</i>

Бұл жарнаманың қазақша мәтінінен бірнеше қатені көреміз: біріншіден, сөйлемнің құрылымдық жүйесі дұрыс емес; екіншіден, мағынасы түсініксіз сөздер (ғеппе-рендік); үшіншіден, терминдерді дұрыс қолданбаған (опыншақ дәрілер). Осыдан келіп, бұл мәтіннің қазақша нұсқасы ешқандай мағынасыз, жай сөздер тізбегі болып шыққан.

Ресми материалдар мен дипломатиялық құжаттарда мағыналық байланыс көбіне анық логикалық байланыс арқылы беріледі. Көркем және публицистикалық шығармаларда мәтін элементтерінің арасындағы байланыс оның образдық жүйесімен беріледі де, көбіне ассоциативті болады.

Газет беттеріндегі аз сөзбен көп ақпарат беруді көздейтін, ал әрбір сөйлемі жеке хабарлама бола алатын қысқа ақпараттық хабарламалардағы сөйлемдер арасындағы байланыс олардың орын тәртібі арқылы жүзеге асырылады. Сондай-ақ, ақпараттық материалдарда мәтіннің элементтерін байланыстырудың кең тараған тәсілдерінің бірі – қайталау. Ол оқырмандарға мәтін мазмұнының желісін сақтап отыруға көмектеседі. Бұл қайталаулар стилистикалық қатеге жатпайды, онда негізгі мағына беретін, басқа синоним сөзбен ауыстырса мағыналық дәлдігін жоғалтатын, жетекші сөз, терминдер ғана қайталанады. Мысалы: *Грамматикалық форма белгілі бір парадигмалық жүйенің бір көрінісі болып табылады. Ал грамматикалық форманың грамматикалық мағынамен сәйкестігі категориялық грамматикалық мағынаның белгілі бір грамматикалық формалар арқылы берілу сипатында айқындалады. Бірақ бұл сәйкестік аталған грамматикалық ұғымдардың сөз құрамында әрдайым бірдей деңгейде көрінуімен анықталмайды. Бір грамматикалық форманың сөзге бірнеше грамматикалық мағына үстейтін жағдайлары да кездеседі. Мәселен, досым, досың сөздерінің құрамындағы -ым, -ың формалары сөз түбіріне, біріншіден, тәуелдік мағына, екіншіден жақтық (1,2-жақ) мағына үстеп, бір грамматикалық форма арқылы екі түрлі грамматикалық мағына беріліп тұр. Грамматикалық форманың грамматикалық мағынамен тығыз байланысты, грамматикалық формасыз грамматикалық мағынаның және грамматикалық мағынасыз грамматикалық форманың болмауы грамматикалық форманың*



грамматикалық мағынаның бір түрі, атап айтқанда, тек категориялық грамматикалық мағынамен байланысы тұрғысынан айқындалады (Сыздықова Г. Қазіргі қазақ тілі морфологиясы. – Алматы, 2012. -15-16 б.). Мұндағы грамматикалық мағына, грамматикалық форма деген сөздердің шағын мәтінде бірнеше мәрте қайталануы мәтінді түсінуге едәуір қиындық туғызып тұр, соған қарамастан автор бұл сөздерді ешбір синониммен алмастыра алмайды. Өйткені осы сөздерді басқа сөздермен немесе сөз тіркестерімен алмастыру бұл терминдердің мәнін жойып, мәтінді түсінуді одан да қиындатып жіберер еді. Енді салыстырмалы ретте қайталаулардың көркем әдебиеттегі қолданылуына назар аударып көрейік:

*«Қазақтың қазақ екенін білгің келсе, халық екенін білгің келсе, мамыр өте Мәртөбеге кел дейтін сөз де содан қалған-ды. Мамыр өте Мәртөбеге келсең – сөйлеген сөзі сай сүйегіңді сырқырататын қазақтан өткен ділмар халық жоқ па деп қаласың.*

*Мамыр өте Мәртөбеге келсең – жетім қозының жұмырындай ғана қара шанақ, екі шек, он алты пернеге жер-жаһандағы үн біткенді түгел сиғызған қазақтан өткен күйші халық жоқ па деп қаласың.*

*Мамыр өте Мәртөбеге келсең – дауысы төрт кереге, тал шаңырақты ғана емес, аспан астын түгел әлдилеп, ұшқан құсты, жортқан аңды талмауратқан қазақтан өткен әнші жоқ па деп қаласың.*

*Мамыр өте Мәртөбеге келсең – биі сөйлесе дүние жаратылғаннан бері ықылым заманның жай-жапсарын түгел жадында сақтап, келешегін бәрін көрмей біліп отырған қазақтан асқан сұңғыла халық жоқ па деп қаласың.*

*Мамыр өте Мәртөбеге келсең – көпті көрген көнесінің иегіндегі сақалдың тұқылына, көпті білген кемел ақыл айтқан сөздің ұтырына бас шұлғи тоқтайтын қазақтан асқан пәтуалы халық жоқ па деп қаласың.*

*Мамыр өте Мәртөбеге келсең – дастарханы жиылмас, сабасы сарқылмас қазақтың жомарттығын көресің.*

*Мамыр өте Мәртөбеге келсең – алқалы жиындағы азаматы түгіл кермедегі атына дейін бірінің жалына бірі басын тығып*

*шұрқырасып жатқан қазақтан өткен бауырмал халық жоқ па деп қаласың.*

*Мамыр өте Мәртөбеге келсең – жігіттің астындағы атына қарап, қызының иініндегі киіміне қарап қазақ жұртының ырзығы мен дәулетін, сәні мен салтанатын көресің» (Ә.К., «Үркер»).*

Жазушы қазақ даласының береке-байлығын, сән-салтанатын, әдет-ғұрпын, ойын-тойын, дода-думанын анафоралы тоғыз абзацқа сыйғызып береді. Бұл микромәтіндердегі «Мамыр өте Мәртөбеге келсең» қайталамасы оларды бір-бірімен байланыстырып, автордың айтайын деген ойын сабақтастыру қызметін атқарып, мәтінге ерекше экспрессивтік, көркемдік сипат беріп тұр.

Мәтіннің өзара мағыналық байланысы бар екі элементі бір-бірінен тым алшақ тұрса, біздің есте сақтау қабілетіміздің шектеулі көлемі бұл байланысты түсінуге қиындық тудырады. Мәтіннің өзара мағыналық байланысы бар фрагменттерінің мәтін ішінде қатар тұрғаны дұрыс. Сондықтан да редактор егер мәтіндегі сөз нақтылауды қажет етіп тұрса, оның екі жақты мағына туғызуына жол бермей бірден түзету керек. Теледидарда жаңалық жүргізушісі: *«Атышулы директордың орынбасары әлі де өз орнында отыр. Оны орнынан түсіруге он алты мектептің мұғалімдері қол қойған»*, – деген ақпар беріп тұр. Бұл мәтіннен біз «атышулы директор» мен «он алты мектептің мұғалімдері» туралы ақпаратты көріп отырмыз. Алайда толық мәтін мен сюжетке қарасақ, ақпараттың мектеп директорының «атышулы орынбасары» мен оның жұмыстан кетуін талап етіп арыз жазған «бір» мектептің он алты мұғалімі туралы екенін ажыратымыз. Тағы бір мысалға көңіл бөлейік: Кезінде қаймана қазақтың намысын жыртқан, ұлтына ұпай әперген алтын асықтай ұлдарын іздеп, редакциямызға қоңырау шалушылар көп (Жас Алаш). Бір қарағанда бәрі дұрыс сияқты. Алайда, мұндағы қаймана сөзіне «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» (-Алматы: Дайк-Пресс, 2008) «танымайтын, бөтен, бөгде» деген түсінік (454-бет) берілген. Олай болса, бұл сөздің осы мәтінде қолданылуы еш қисынсыз. Өйткені, бөтен, танымайтын біреудің намысын жыртқан адамдарды кім іздейді. Бұны да

редактордың өз жұмысына салғырт қарағанының нәтижесі деп бағалауға болады.

Әртүрлі функционалды стильдер мен жанрларда мәтіндік байланыстың түрлі құралдары қолданылады. Мысалы, талдау мәтіндерінде (аналитикалық) логикалық және композициялық байланыс жетекші рөл атқарса, ақпараттық және сипаттамалы мәтіндерде – лексикалық, грамматикалық, композициялық байланыстар жетекші мәнге ие.

**3.4.5 Мәтіннің әдеби өңделгендігі мен бекітілуі** – бұқаралық ақпарат құралдары мәтіндерінің мақсатына, стилі мен жанрына қатысты міндетті сапа. Бұл қажеттілік қатынастың жанамалылығынан, яғни коммуниканттардың тікелей байланысқа түспеуінен туындайды. Бұқаралық коммуникациядағы кез келген мәтін, тіпті ол дайындықсыз ауызша сөйлеу болса да, әрдайым әдеби өңделуі тиіс.

Егер бұқаралық ақпарат құралдарында өңделмеген мәтін кездейсоқ шығып кетсе, ол бірден көзге түседі және ол коммуникация ережелеріне сәйкес келмейтін элемент ретінде бағаланады.

Бекітілу – жазба тілдің ауызекі сөйлеудің алдында ерекше басымдықтар беретін маңызды белгісі. Сөйлеудің ауызша және жазбаша екі формасы адресаттың ойды түсінуі үшін әртүрлі құралдарды пайдаланады. Қалай айтылса, солай жазылмайтыны немесе қалай жазылса, солай айтылмайтыны белгілі. Жазба тіл ешқашан автордың дене қимылдары мен мимикасын бере алмайды. Оқырман оның интонациясын естімейді, кідірісін көрмейді, сөйлеу барысындағы әлеуметтік-психологиялық құбылуларын салыстыра алмайды. Алайда, тыңдау барысында, біз сөз мағынасын айтылу өлшеміне қарай аңғарамыз, ал оқу барысында мәтінді немесе оның көлемді бөлігін тұтас қабылдай аламыз, көз алдымызға елестете аламыз. Оқыған мәтінімізді бір шетке қоя тұрып, ол туралы ойланып, сосын қайтадан жалғастыра аламыз, ал ауызша сөйлеуде айтылған ойға қайта оралу үшін оны тағы да қайта айтып шығуға тура келеді. Жазбаша тіл құрылымы жағынан әлдеқайда күрделі болады, ол таңбалық жүйенің түрлі элементтерін камтиды (сандар, формулалар, суреттер, сызулар, т.б.) және ауызша сөйлеуге қарағанда автордан дара және аналитикалық ойлауды талап етеді.

### 3.5 Мәтінді талдау мен түзетудің негізгі әдістемелік рәсімдері

Мәтінді дайындау процесі мәні бойынша бар болғаны екі операциядан тұрады – қолжазбаны кәсіби оқу және оны түзету. Соңғысы редактор ұсынған өзгертулерді авторлық нұсқамен, шығармамен танысу барысында таңдалған редакторлық ұстаныммен үнемі салыстырып отыруды қажет етеді. Материалды редакциялық дайындаудың тиісті кезеңіне сәйкес оқу мен түзетудің бірнеше түрі бар. Олар: таныса оқу, тереңдетіп, талдап оқу, өңдеп оқу [65, 464-468].

Мәтінмен жұмыс істеудің алғашқы кезеңі – танысу. Оны таныса оқу деп айтады. Мұнда шығарманың мазмұнына назар аударылады. Оқып болған соң редакторда тұтас мәтін, автордың мәнері мен стилі туралы жалпы түсінік болуы тиіс. Редактор мәтінді тұтас тілдік бірлік ретінде, яғни мазмұнының алға қойылған мақсатқа сәйкестігі, онда оқырман мен әлеуетті клиенттер үшін жаңа да қызық ақпараттың болуы, мәтін формасының (тұрақты) оның мазмұны мен бағытына сәйкестігі туралы қорытынды жасау үшін оқып шығуға міндетті.

Таныса оқу – жылдам жүргізілетін процесс. Тұрақты түрде жаттығулар жасау оның техникасын меңгеріп, оқу жылдамдығын арттыруға көмектеседі. Мұндай жаттығулар аз ғана дайындықтан кейін-ақ әріпті, сөзді емес, жолдар мен абзацтарды оқу арқылы минутына 400-600 сөз оқуға мүмкіндік береді. Алайда, редактор жылдам оқу техникасын меңгере отырып, мәтіннің әрбір деталін назардан тыс қалдырмай, оны толық қамтуды да үйренуі қажет. Сондықтан жаттығуды оқытушының жетекшілігімен, арнайы дайындалған жүйе арқылы жасағаны дұрыс.

Қолжазбаны бірінші оқу барысында, әдетте, ешқандай түзетулер енгізілмейді, тек қарындашпен лексикалық, грамматикалық, стилистикалық, логикалық және басқа да дөрекі қателерге қатысты жекелеген белгілер қойылады, мәтінмен жұмыс істеу барысында қолданылатын түзетулердің түрлері анықталады.

Таныса оқу техникасы бойынша таңертеңгілік газеттерге көз жүгіртіп шығудан еш ерекшеленбейді. Бір қарағаннан же-

келеген сөздерді ғана емес, сондай-ақ тұтас жолдарды, тіпті абзацтарды (шалымды) қамтуға болады. Оқу барысында жалпы мағынасын, бөлімдерінің арақатынасын сақтап отырып, және назарды жекелеген фактілерге, детальдар мен есімдерге шашыратпай оқып, мәтін мен оның шеттеріндегі бос орынға қарындашпен алдағы жұмыс барысында көмектесетін белгілерді қойып (мысалы: түсінуге қиындық тудыратын қиын немесе түсініксіз фрагменттерді белгілеу, сұрақтар қою) отыру керек. Бұл редактордың кейінгі жұмыстарын жеңілдетеді.

Редактордың шығармамен танысудағы негізгі нәтижесі – жұмыстың стратегиясын жасау, яғни мәтінді толықтыру үшін авторға қайтару немесе басылымға қабылдау туралы шешімге келу. Мәтінді басылымға қабылдаған жағдайда редактор материалды жетілдіру туралы жобасын жасап, өз әрекетінің жоспарын белгілеп, мәтінге қаншалықты өзгеріс енгізуге болатынын анықтайды, түзету тәсілдерін тандайды.

Таныса оқуды редактордың міндетті жұмыс кезеңі ретінде барлық редакция басшылары мойындай бермейді. Кейбір редакторлар қолға қарындашты алып, мәтінді бірден асықпай, назар қойып, оған бірден түзету белгілерін қоюды ұсынады. Белгілі бір тәжірибесі бар және көлемі шағын мәтіндерді редакциялау барысында, осылай жұмыс істеуге де болады. Алайда көптеген тәжірибелі редакторлар таныса оқу кезеңінің міндетті екеніне екі себепті дәлел келтіреді: біріншіден, оған көп уақыт кетпейді, сондықтан ол уақытты да үнемдейді, екіншіден, көз жүгірте отырып, редактор онымен оқырман сияқты танысып шығады, сондықтан да мәтінге ненің қажет екенін болжау мүмкіндігіне ие бола алады.

Таныса оқуға қарағанда тереңдетіп, талдап (*аналитикалық*) оқу редактордан арнайы дағдысының болуын талап етеді. Ондай дағдыға төмендегі әрекеттерді жатқызуға болады: оқылатын мәтінге ерекше мән бере білу, оны мағыналық бөліктерге (жіктей) бөле білу, оларды өзара салыстыра алу. Редактор тереңдетіп, талдап оқу процесінде барынша мұқият болып, әрбір сөздің, әрбір тыныс белгісінің дұрыс қолданылуын көре білуді үйренуі тиіс. Тереңдетіп, талдап оқу барысында редактор мәтіннің композициясына түзетулер енгізеді, баяндаудағы жүйесіздік пен логикалық қателерді жояды, сосын барып мәтінге әдеби өңдеу жұмыстарын жүргізеді. Сонымен қатар редактор мәтіннің

тақырыбына да назар аударып, оның мақаланың мазмұнымен сәйкестігін қадағалайды.

Мәтінді формасы мен бөлімдерге бөлуді (сөз – сөйлем – фразалық бірліктер – мәтін) талдаудан бастай отырып, редактор оның мазмұнына, бөлімдерінің өзара байланысына тереңірек еніп, парақтың ашық шеттеріне сұрақтар мен ескертпелерді қояды, қателерді, мағыналық түсініксіздікті, баяндаудың екіұштылығын анықтайды. Мәтінде ешқандай белгісіздік (түсініксіздік) қалдырмауға тырысу керек. Редактор нақ осы тереңдетіп оқу барысында мәтінді әртүрлі: пәндік-логикалық, композициялық, стилистикалық – қырларынан талдайды. Талдаудың осы аспектілерінің әрқайсысында өзіне тиісті жұмыс тәсілі болады. Енді төмендегі екі мәтінді салыстырып көрейік:

Түзетуге дейінгі мәтін	Түзетуден кейінгі мәтін
<p>Кіріспе бөлімінде ғылыми-техникалық немесе техникалық мәсленің қазіргі жағдайда өзектілігінің бағасының болуы, ғылыми және инновациялық тұрғыда болуы, жоспарланған тақырыптың негізі және шығуы туралы мәлімет берілген ғылыми-зерттеушілік жұмыстың өтілуінің маңызын, қажеттілігін негіздеу, әдіснамалық нұсқаудың ғылыми-техникалық деңгейі туралы мәлімет, техникалық деңгейінің жоспарлануы туралы мәлімет, патенттік зерттеулер және қорытындысы туралы диссертацияның метрологиялық жағынан қамтамасыз етілуі.</p> <p>Кіріспе бөлімінде қорғауға ұсынған зерттеу тақырыбының өзектілігі мен жаңалығы, жұмыстың басқа да ғылыми-зерттеушілік, экспериментті-зерттеушілік жұмыспен байланысы және мақсатының көрсетілуі, зерттеудің міндеті, нысаны және пәні, олардың жалпы ғылыми-зерттеушілік жұмыста орындалуы, әдіснамалық бағаның көрінуі, ережесінің болуы тиіс.</p>	<p>Кіріспе ғылыми, ғылыми-техникалық немесе технологиялық проблемалардың қазіргі жағдайдағы өзектілігінің бағасын, оның ғылыми немесе инновациялық сипатын, тақырыпты жете зерттеуге арналған негіздеме мен бастапқы деректерді, осы ғылыми-зерттеу (экспериментті-зерттеу) жұмыстарын жүргізудің қажеттілік негіздемелерін, зерттеудің жоспарланған ғылыми-техникалық деңгейі туралы, патенттік зерттеулер мен олардың тұжырымдары туралы мәліметтерді, диссертацияның методологиялық қамтамасыз етілуі туралы мәліметтерді қамтуы тиіс.</p> <p>Кіріспеде тақырыптың өзектілігі мен жаңалығы, осы жұмыстың басқа ғылыми-зерттеу/эксперименталды-зерттеу жұмыстарымен байланысы көрсетілуі тиіс, сондай-ақ зерттеудің мақсаты, нысаны, пәні, міндеттері, олардың ғылыми-зерттеу (эксперименталды-зерттеу) жұмысын орындаудағы орны келтіріліп, қорғауға ұсынылатын методологиялық база мен ережелер берілуі тиіс.</p>

Бірінші мәтіндегі ой жүйесіздігі мен түсініксіздігі, сөйлем құрылымындағы қайшылықтар екінші мәтінде жойылып, ондағы сөйлем құрылымы жөнге келтіріліп мәтін түсінікті тілге келтірілген.

Редактор мәтінді оқу барысында оның кез келген бөлігінде дәлсіздік пен қателіктің ұшырауы мүмкін екенін естен шығармау тиіс. Мысалы: *Оралкүлдің тобасы менің Анамдікі сияқты аузында емес, жүрегінде. Обал-сауап десе, қамқорлық десе, елпілдеп тұрады. Қандай да бір қайырымды шаруада қабағын шытып, қарсы келмейді (А.Майлыбаев)*. Бұл жерде автордың айтпақ ойы – Оралкүлдің де, анасының да тобасының ұқсастығында, яғни олардың тобасының жүрегінде екені туралы. Алайда, мәтін анасының тобасының аузында екенін көрсетіп тұр. Өйткені сөйлемнің құрылымдық жүйесі соған итермелеп тұр. Бұл жерде редактор мен автор қырағылық танытпаған, егер олар сияқты сөзінен кейін үтір қойса, онда сөйлемнің мәні мүлдем өзгеріп, автордың ойын дәл берер еді. Тағы бір мысал: «Біздің университеттерде білім алу үшін поляк тілін білу міндетті емес. Ағылшын тілінде оқытатын мамандықтар да бар. Студенттермен алмасу екі жаққа да тиімді болмақ», – деді *Қазақ гуманитарлық заң университетінің ректоры Сергей Ударцевпен кездесу барысында «Перспектива» білім беру қорының президенті Вальдемар Сивински (ЕК)*. Бұл сөйлемдегі төл сөздің кімге тиесілі екенін бір оқығаннан ажырату қиын. Сондықтан редактор сөйлем құрылымына дұрыс көңіл бөлуі тиіс.

Тереңдетіп оқығаннан кейін түзету енгізіледі, содан кейін редактор мәтінді тағы да бір рет оқып шығады. Алайда бұл түзетілген нұсқаны бақылап, өңдеп оқу болып табылады. Оның негізгі мақсаты – түзетудің қаншалықты терең де негізді екенін, редактордың міндеттерін қаншалықты орындай алғандығын, яғни мәтінді барынша тиімді түзету мен автор жіберген кемшіліктерді жою деңгейін және түзетудің автор нұсқасынан артықшылығын бағалау.

Дайындаудың бұл кезеңінде редактор өз жұмысын талдайды: нақты мәліметтерді салыстырады, барлық атаулар мен да-таларды, цифрлар, фамилиялар мен аты-жөндерінің біркелкі

жазылуын тексереді. Өндеп оқу барысында редактор мәтінді көз жүгіртіп қана оқиды да, негізгі зейінін түзетудің ең қиын жерлеріне аударады.

Өндеп оқудың қиындығы – редактордың да автор сияқты мәтінге көзінің үйреніп қалуында, сондықтан кемшіліктерді байқамай қалуы әбден мүмкін.

Біз редактордың ерекше таланты туралы, оның мәтінді көру мен сезіну шеберлігі туралы, редактордың кәсіби қырағылығы туралы жиі естиміз. Бұл пікірлер негізінен дұрыс та. Шынында да, редактор мәтінді көре білуге міндетті, алайда ондай кәсіби шеберлік туа сала немесе механикалық жолмен қалыптаспайды. Оған жеткізетін – редактордың тынымсыз ізденімпаздығы, тұрақты дағдылары мен кәсіби біліктілігі.

### **3.6 Түзету – редактор әрекетінің негізі. Түзету принциптері**

Түзету – бұл мәтінді формасы мен мазмұнын жетілдіру мақсатында өзгерту. Түзетуді редактордың ескертпелерін ескере отырып автордың өзі (бұл өте тиімді, алайда әрдайым орындала бермейтін әдіс) немесе редактор жүргізе алады. Түзетудің түрін орындау ең әуелі мәтіннің сапасына, сондай-ақ оны қайда және қалай жариялайтынына байланысты.

Редактор мәтінді тереңдетіп, талдап оқу барысында оны толық бағалап, сосын ғана түзетуге кіріседі, өйткені оған көркем шығармалар редакторларының тәжірибелеріне негізделген редакциялау әдістемесі осы тәсілді ұсынады. Редакциялаудың бұл дәстүрлі әдістемесі редакторға материал туралы өз қорытындысын таныса оқудан кейін бірден жасауға, түзетулерді тереңдетіп, талдап оқу барысында енгізуге, сосын, басуға берер алдында тұтас мәтінді тағы бір рет оқып шығуға кеңес береді.

Мәтінді түзету әрбір түзету бойынша дәлелдеуді талап ететін қажеттілік, ол – біріншіден, авторлық өңдеуден кейін қалып кеткен қателерді жою үшін, екіншіден, тұжырымдардың анықтығы мен дәлдігіне қол жеткізу үшін, үшіншіден, материалдың нақтылығын тексеріп, қолжазбаны дәлсіздіктен арылту үшін,



төртіншіден, мәтіндегі тілдік және стильдік кемшіліктерді жою үшін, бесіншіден, мәтінді техникалық өңдеу үшін қажет.

Редактордың жұмысы трафаретке сыймайды. Түзетудің кез келген мәтінге бірдей қолданыла беретін формасы болмайды. Редактор түзету тәсілін өзі таңдауға құқылы, алайда ол тәсілдер анық, дәл, негізді болуы және шеберлікпен қолданылуы тиіс. Әдеби процесс пен автор психологиясының күрделілігі редакторды қажетсіз түзетулер енгізуден сақтандыруы тиіс. Редактор жұмысының сапасы қолжазбадағы түзетулер мен өзгертулердің санымен бағаланбайды. Газет редакцияларында түзетемін деп автордың қолжазбасын толық қайта жазып шығатын қызметкерлер де кездеседі және олар бұл әрекетінің мәтін үшін пайдалы, қажеттілік екеніне өте сенімді болады. Өкінішке орай, мұндай түзетулерден кейін автор мәтіні солғындап, көп жетістігін жоғалтып жатады.

Редактор мәтінді түзету барысында оған автордың көзімен қарап, оның ойын, логикасын, тақырыптағы идеясын жете түсінуі тиіс. Редактор – автор емес, ол автордың сауатты мәтінді құраудағы кәсіби көмекшісі ғана. Мәтіннің редакторлық нұсқасы авторлық нұсқадан артық болғанда және оны дәлелдей алғанда ғана қолданылады. Өкінішке орай, іс жүзінде үнемі олай бола бермейді. Автордың үздік нұсқасы редактордың нашар нұсқасымен ауыстырылып жататын кездер де болады.

Редактордың мәтінге араласу деңгейі мен өзгертулер сипатына қарай түзетуді төрт түрге бөлуге болады: оқып түзету, қысқартып түзету, өңдеп түзету, қайта түзету [65, 469]. Енді олардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталып көрелік:

Оқып түзету – жұмыстың соңғы кезеңі, ол тікелей материалды жариялаудың алдында орындалады. Оның екі түрі бар: корректорлық және редакторлық.

Корректорлық түзету барысында мәтіннің екі нұсқасы пайдаланылады: бірі – түзетуді енгізетін жұмысшы нұсқасы, екіншісі – түзетуді салыстыратын түпнұсқа. Мұндай оқудың мақсаты – түпнұсқа мен жұмысшы нұсқасының әрбір әрпін салыстыру, қайталанған немесе біртүрлі фактілердің бірдей берілуін тексеру. Бұдан басқа тақырыптарды, иллюстрациялар мен оларға

берілген жазбалардың сәйкестігін және бұлардың (тақырыптар мен иллюстрациялардың) негізгі мәтінге қатыстылығы да тексеріледі.

Редакторлық оқып түзету барысында редакцияның тәжірибелі қызметкері материалды өткір көзбен өте мұқият оқып шығады. Ол оның барлық – мағыналық және стилистикалық кемшіліктерін көре білуі және оларды жетеші редактор мен жауапты шығарушыға көрсетуі тиіс. Ол да корректор тәрізді мәтінді рәсімдеудің барлық талаптарын білуге міндетті.

Мәтін ішіндегі біртиптес мәліметтер бірдей формада берілуі тиіс, оны үйлестіру ережесі деп атайды. Рәсімдеудің бірнеше нұсқасы болса да, оның біреуі ғана таңдалады, әдетте адам туралы жазылған кезде оның аты мен тегін немесе атын, әкесінің атын, тегін және әлеуметтік мәртебесі мен әлеуметтік рөлін көрсетеді. Мысалы: ҚР Білім және ғылым министрі Бақытжан Тұрсынұлы Жұмағұлов. Бұл есімдер қайта қолданылғанда оның бірнеше нұсқасы болуы мүмкін (*Б.Т.Жұмағұлов, Б.Жұмағұлов, Жұмағұлов*), алайда бүкіл мәтін ішінде, бұл есім тек бір ғана нұсқада, яғни не тек тегі ғана, не инициалдарымен беріледі. Сондай-ақ цифрлар, даталар, өлшем бірліктері сияқты кез келген бір типтес бірліктер де осылай жазылады.

Мәтіннің сауаттылығы, рәсімдеудің әдептілігі сөйлеу мәдениетіне ғана емес, ол сондай-ақ психологиялық қабылдау заңына да қатысты талап: бірдей бірліктерді рәсімдеудегі алақұлалық оқырман назарын мәтіннің мәнінен басқа жаққа аударып, оны жалықтырады (кейітеді) да, оқырман мәтіннің мазмұнының объективті құндылығына қарамастан, оны сапалы түрде кері бағалауға көшеді. Егер бұл оқырман сіздің материалыңыз жарияланғалы тұрған бұқаралық ақпарат құралдарының редакторы болып шықса, онда мұндай ұқыпсыздық мәтіннің мүлдем жарияланбауына соқтыруы мүмкін.

Мұндай келеңсіздіктерді болдырмау үшін оқудың бірнеше ережесін есте сақтаған жөн. Мәтінде қайталанатын жалқы есімдерді, әсіресе, ол өте ұзақ болса, оны ашық жерге немесе жеке параққа жазып алған дұрыс және сосын оны материалдың барлық элементтерінде: негізгі мәтінде, тақырыпта, сілтемелерде,

иллюстрациядағы жазуларда қолданылуын салыстырып отыруы қажет. Мәселен, «Арай» газетінде бір атаудың бір нөмірде үш түрлі жазылғанын көреміз: 1. *Облыстық Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес департаменті (қаржы полициясы) істің тергелуін аяқтап, айыптыға жаза белгіленді;* 2. *Облыстық ЭСЖҚД-ның (қаржы полициясының) мәліметі бойынша жуырда Мойынқұм ауданы әкімдігі білім беру, дене шынықтыру және спорт бөлімінің С.Сейфулин атындағы орта мектеп мемлекеттік мекемесінің директоры Т.Тәткеевтің үстінен қылмыстық іс қозғады;* 3. Бір қызығы, экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы департаменттің бастығы С.Өтембаев мырзаның қазақшасы қатынас хаттың алғашқы бетіне жетіпті де, әрі қарай таусылып қалыпты.

Бұдан басқа қабылдаудың оқу процесіне байланысты қателердің жіберілуіне жетелейтін кейбір автоматты тәсілдері де бар. Мысалы, даталарды оқығанда, біз соңғы екі санға назар аударамыз, өйткені ақпаратты көбіне солар береді, инициалдарды оқымаймыз, сөз мағыналарын болжай саламыз, жалғауларды толық оқымаймыз, сөйлемнің, абзацтың (шалымның), жолдың соңына ден қоймаймыз. Қатар келген дыбыстардың орналасуына (дәрмен-дәмрен), түсіп қалған әріптер (жолдатық) мен буынға мән бермейміз, жазылуы ұқсас әріптер мен сандарды шатастырамыз, жақша мен тырнақшаны жабуды ұмытып кетіп жатамыз. Сондықтан оқып-түзету барысында саналы түрде осы элементтерге ерекше көңіл бөлетін қабілетті қалыптастырып алу керек.

Оқып-түзету барысында бұдан басқа өзгертулер енгізілмейді. Оқып-түзетуші мәтіннің мағыналық және стилистикалық кемшіліктеріне ғана назар аударады да, қателерді анықтап, парақтың ашық шетіне тиісті белгілер қояды, алайда түзету туралы мәселені материалды шығаруға жауапты тұлға ғана шешеді.

Қысқартып түзету мәтінге терең де күрделі араласуды талап етеді. Атынан көрініп тұрғандай, оның мақсаты – мәтіннің көлемін азайту. Мұндай қажеттілік әртүрлі себептерден болады. Мәселен, мәтін қатаң түрде белгіленген көлемнен артық болып кетсе, оны қысқартуға тура келеді. Мұндай қатаң көлем, әсіресе, барлық материалды бір бетке сыйғызуды талап ететін пресс-

релиздерде жиі ұшырасады. Бұдан басқа мәтін мазмұнындағы оқырман назарын ұстап тұра алмайтын болбырлық пен жүйесіздік те көп жағдайда қысқартылу арқылы түзетіледі. Сондай-ақ, кейбір авторлар өз шығармасын тақырыпқа тікелей қатысы жоқ ақпараттарды баяндаудан бастаса, кейде жалпыға белгілі мәліметтерді қайталауға жол береді, мұндай ақпараттарды бірден қысқартуға болады. Алайда автор мұндай қайталауларды кейде өз ойын күшейту, оған ерекше назар аударту үшін стилистикалық тәсіл ретінде қолданады. Егер редактор бұл қайталауды алып тастаса, мәтіннің экспрессивтілігі төмендеп, кедейленуі мүмкін. Төмендегі мәтіндерде қайталанған сөздерге назар аударайық:

1.«...Шырайлы Шымкентіңізге шүйлетіндер шыли шектен шыққанда ше? Шырыл қағамыз. Шымкентіңізге шадырайып, шәлкем-шалыс сөз айтып, шәт-шәлекей еткісі келетін кежірлеріңіз көп әлі. Елдің бәрі баяғы .. Шымкентіңізге шадырлана шәлкестенетіндер шажылдай берсін. Кекетсін. Мұқатсын. Бәрібір, алтын құрсақаймағы-ңызғасоқпайтұрмас. Ындын-ықыласыңызға, пейіл-пигылыңызға, шай-пайыңызға құрсаң болар. Қайран қалар. Былай шыға ... бажылдай берсін. Шыдайды Шымкент. Шаптықпайды Шымкент. Көтереді. Күледі. Бәрбәрін біледі. Қандай қағытпа, қай қалжыңға да Шымкентіңізді қоспаса, сәні мен мәні келмес. Қандай қойылымыңызға да осы Оңтүстігіңізді, Шымкентіңізді қыстырмаса дәмі кірмес. Дөп жүріппіз. Шымкент қой бұл.

2. «...сонан қашан жазғы таң сары белден ағарып атқанша ақсүйек ойнап, алтыбақан теуіп, ән шырқап ұлы дүрсіл салар еді... Сонан сары шілденің әне бір аспан айналып жерге түскендей ыстығы шындап күшке мінгенше ауыл іргесіндегі сай, жыраларда қар суы кенерінен асып күркіреп жатар еді... Сонан қашан сауын мал суалып болғанша бұған тыным жоқ, тек сонан бір кезде көз байланып, ымырт үйіріліп апсап болғанда ғана ошақта от жанып, үй-іші кешкі аста бас қосып, дастархан басына жиналар еді; ол өмірдің несін айтасың! ..Сонан бері бұнда маза жоқ. Күнұзын теңізде боп, сонан кеш түскесін, бірде ерте, бірде кеш үйге келгенде табалдырықтан аттай бере сырт киімін шешпестен бұрын Ақбаланың ажарына қарайды» (Нүрпейісов Ә. «Қан мен тер», 1-том, 8-9 б.).

3. Олай болса, Мәскеу түбіндегі тарихи ұрысты бір кітапқа арқау ету мүмкін емес. Ол бірнеше кітапқа арқау болар тарихи уақиға. Олай болса, «Москва үшін шайқас» – Момышұлы мен оның төңірегіндегілердің соғыста өткізген хикаялары.

<p>...Қазағыңыздың қаймағы бұзылмаған қара шаңырағы – Оңтүстік. Қазақ елі қалаларының әуелгі үштігіне үйлесіп, үлгерген де Шымкент. Шырайлы Шымкент. Шапақ шашқан Шымкент. Шүленді Шымкент. Шаруажай Шымкент. Шыдамды Шымкент (М.Байғұт, «Оңтүстік таңы»).</p>	<p>Олай болса, бұл тарихи уақиғаның барлығын бір автордың жазып шығуы тағы да мүмкін емес («Арпалыс» романының авторы кім? 91-б).</p>
--	---

Бірінші мәтіндегі «Шымкент» сөзінің қайталануы мен оның ш дыбысынан басталған сөздермен тіркесуі бұл мәтінге экспрессивтік бояу беріп, «Шымкент» сөзіне ерекше екпін түсіріп арнайы стилистикалық мақсатта қолданылып тұрса, екінші мәтіндегі сонан сөзі мен үшінші мәтіндегі олай болса, арқау болар, тарихи сөздерінің шағын мәтінде бірнеше рет қайталануы мәтінге еш көркемдік сипат беріп тұрған жоқ. Керісінше, мәтінді тым шұбалаңқыландырып жіберген.

Кейде редакторға мәтінді қатаң белгіленген парақ, жол, белгі көлемінде баяндауға тура келеді. Ондай материалдар көбінесе энциклопедияларда, анықтамалықтарда, күнтізбелерде, мерзімді басылымдарда жарияланады. Оларда мақала көлемі алдын ала белгіленген, одан еш ауытқуға болмайды. Ондай жағдайда редактор оларды барынша қысқартып, ең негізгі ақпараттарды қалдыруы керек. Берілген көлемді (парақты) тиімді пайдалану үшін кейде түрлі анықтамалықтарда абзацтар мен сөйлемдерді ғана емес, сонымен қатар жиі қолданылатын жеке сөздерді де қысқартады. Мысалы: Тараз қаласы – Тараз қ., жыл – ж., мемлекеттік – мем-тік, солтүстік – солт., т.б.

Қысқарту техникасы екі негізгі тәсілді қолданады. Бірінші – бөліктермен қысқарту. Мұнда мәтіндегі мағыналық тұтастықты білдіретін біршама жинақы фрагменттер қысқартылады. Бұл мәтінді терең түсінуге қатысы жоқ, тақырыптың белгілі бір аспектілерін қамтитын абзац, керексіз нақтылық, біртүпес мәліметтердің ұзақ қатарлары – сияқты мәтін бөлшектерін қамтиды. Екінші – мәтіншілік қысқарту. Бұл да синтаксистік құрылымдарды қайта құру, мәні төмен сипаттамаларды, детальдерді, артық сөздерді алып тастау арқылы мәтіннің сөйлемі

азайтылады, ал ақпарат толық немесе толыққа жуық сақталады. Мәтінді қысқартуды бөліктермен қысқартудан бастап, мәтіншілік қысқартумен аяқтау керек. Мұндай жүйелілік редакциялаудың – әуелі мәтіннің құрылым негізін, тұтастығын жетілдіру, сосын барып бөліктерін түзету сияқты жалпы принциптеріне сәйкес келеді.

Егер газет редакциясына түскен материалдарды белгілі себептерге байланысты қысқарту керек болса, онда ол қысқартылады. Төмендегі толық мәтін мен оның редакцияланып, қысқартылған нұсқасын салыстырайық:

<b>Өңделгенге дейінгі мәтін</b>	<b>Өңделгеннен кейінгі мәтін</b>
<p>Жаратқан Алла Тағала адамзатты нәсіліне, ұлтқа бөліп жаратқаннан кейін әр ұлт салт- санасын, діні-тілін ұстанып, ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрпын сақталуына ерекше көңіл бөлуі шарт. Қазақ халқы үлкен мен кішінің, ұл мен қыздың киім-киісі мен жүріс-тұрысында да зор мән берген, ұяттық қадір-қасиетін сақтай отырып, ислам дінін ұлықтай білген. Бұл бұрын еді. Қазіргі таңда жағдайымыз қандай? Оған алысқа бармай-ақ күнделікті өмірде, өзім куә болған уақиғадан аңғаруға болады. Жуырда өзіміздің қалалық жолаушылар тасымалдайтын көліктердің біріне мінген едім. Менімен бәрге хиджап киген әдемі қазақтың қызы енді. Жұрттың бәрі әлгі қызға қарап, бір-бірімен «вахабистка», «талибанка» деп басы жоқ, аяғы жоқ келекелеп күле бастады. Келесі аялдамадан қарнын жарқыратып, кіндігіне персинг ілген, жанбасына татуировка ұрған жартылай жалаңаш өзін-өзі «жарнама» жасаған «сайтан» кірді, себебі қыз деуге дәтім бармайды.</p>	<p>Кімге айналып барамыз?          Алла Тағала адамзатты нәсілге, ұлтқа бөліп жаратқаннан кейін әр ұлт салт-дәстүрін, діні мен тілін ұстанып, өздерінің әу бастан қалыптасқан әдет-ғұрыпта-рымен ерекшеленіп тұрса қандай ғанибет. Қазақ халқы сондай құндылықтарын сақтай отырып үлкен мен кішінің, ұл мен қыздың киім киісі мен жүріс-тұрысына да зор мән берген. Ал осы орайдағы жағдайымыз қандай?          алалық жолаушылар тасымалдайтын көліктердің біріне менімен бірге хиджап киген қазақтың қызы мінді. Отырған автобустағы бірер әйел-еркектер әлгі қызға қарап, бір-біріне жыбы-жыбыр етіп, «вахабистка», «талибанка» деп сыбырлай бастады. Тура осыны күтіп тұрғандай, келесі аялдамадан қарнын жарқыратып, кіндігіне персинг ілген, иық-жанбасына татуировка ұрған жартылай жалаңаш бір қыз мінгені.</p>

Әлгі сыбырлап отырғандардың аузына құм құйылды. Жұрт қараса ұялудың орнына, қараған үстіне қарай берсе екен дегендей жасанды сызыла түседі. «Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді» дегені рас-ау. Ұятты жерлерді жабық ұстау Ислам дінінде міндет етілген, ал бұған дейін көшпенді архимет дүниетанымында «Арлы адам, әрлі адам» деген түсінік халық арасында мыңнан асқаны мәлім.

Бүгінгі қазақ қыздары өздерінің кейбір әдемі жүздерін бояумен жасырып, есесіне денелерін әшкерелеп тастайды.

Өкінішті-ақ. Қайран қазақ апаларым-ай! Бүрмелі көйлек, үкілі кәмшат бөрік киген жеңгелерім-ай! Ия, бүгінде хиджап киіп араб елдерінің менталитетін насихаттаған бойжеткендер мен денесін мәшһүрлеген құрбыларымынның әрекетіне налимын.

Жер бетіндегі демократияның деңгейі берік орнаған елдердің өзінде діни бірлестіктер саны көп емес көрінеді және дәл біздегідей оларды «босағадан бас сұқпай жатып, төр менікі» дегізбейді. Заң талаптарымен үнемі тізгіндеп отырады. Осы кезде ағылшын саясаткері У.Черчилль «Дүниеде демократиядан сараң ешнәрсе жоқ, бірақ адамзат күні бүгінге дейін бұдан артық ешнәрсе ойлап жатқан жоқ» - деген сөзі есіме оралды.

Дін сияқты санаға, ұлт бірлігіне тікелей қатысты мәселеде есік-тереземізді әлемге ашып тастап, жалпақшешейлік жасадық.

Әлгі сыбырлап отырғандарға ол еш әсер еткен жоқ. Тура бір қалыпты жағдай сияқты, тіпті елең қылған да жоқ. Ұятты жерлерді жабық ұстау Ислам дінінде міндет етілген, ал оған дейінгі көшпенділер дүниетанымында ше? Олар не үшін «Арлы адам, әрлі адам» деді екен.

Бүгінгі қазақ қыздары өздерінің кейбір әдемі жүздерін бояумен баттастырып, ұятты жерлерін «жарнамалап» жүргені. Өкінішті-ақ, қайран бүрмелі көйлек, үкілі, кәмшат бөрік киген қазақ қыздары-ай!

Қазір хиджап киіп араб елдерінің ұлттық киімін, дәстүр-салтын насихаттаған бойжеткендер мен дене мүшесін жарқыратып «жарнама» жасап жүрген құрбыларымынның әрекетіне налимын. Жер бетіндегі демократияның деңгейі берік орнаған елдердің өзінде діни бірлестіктердің саны көп емес. Олар қандай да бір дінді насихаттайтын секта-сенімдерге «есіктен кірмей жатып, төр менікі» дегізбейді. Заң талаптарымен тізгіндеп тастайды.

Дін сияқты санаға, ұлт бірлігіне тікелей қатысты мәселеде есік-тереземізді айқара ашып тастап, жалпақшешейлік жасадық. Адамды ата-анасынан, қоғамнан, мемлекетінен бездіретін эззіл экстремистік пиғылдағы діни секталардың бұйдасын сыпырып, халық арасына тайраңдатып жібердік. Ес жинау керек, оған үзілді-кесілді тосқауыл қою керек.

Адамды ата-анасынан, қоғамнан, мемлекетінен бездіретін эззіл экстремистік пиғылдағы діни сектолардың бұйдасын сыпырып, халық арасына тайраңдатып жібердік. Бұл кесел тым асқындымай тұрғанда ес жинау керек. Ел аралап тайраңдап кеткен сектоларға ұлт рухын ойсыратып кетпей тұрғанда тосқауыл қойған қажет. Келімсек сектолар мен ағымдарға төзіп келе жатырмыз.

Биыл ислам конференциясына төрағалық етеміз, олар одан бетер тайрандай түсе ме? – деген үрей де бар. Мұсылман болып бір беті, Кәпір болып бір беті. Өзгеріп кетті бүгінде, қазағымның келбеті – деп ақын жырлағандай, дінге немқұрайлы қарайтын құрбыларыма замандас болғаннан соң қынжылмасқа шарам жоқ.

Мұсылман болып бір беті,  
Кәпір болып бір беті.  
Өзгеріп кетті бүгінде,  
Қазағымның келбеті –  
деп ақын жырлағандай, дінге де, басқаға да түсініп алып, барып қарамасақ, бұдан былайғы ұрпақ өзінің ұлттық бейнесінен адасып шөре-шөре болмай ма?

*Жамбыл-Тараз газеті.*

Түзетудің ең кең таралған және түзету жағынан әртүрлі болып есептелетін түрі – өңдеп түзету. Ол авторлық нұсқа формасы мен мазмұны жағынан жарамды болып, алайда әртүрлі сипаттағы өзгертулерді қажет еткен жағдайда қолданылады. Бұл түзетуден өткен қолжазбаны баспаның жариялауға дайын түпнұсқасы ретінде бағалауға болады. Өңдеп түзету барысында тұтас кешенді операциялар қолданылады: фактілер айқындалады, мәтіннің логикалық қайшылықтары жойылып, композициялық кемшіліктері түзетіліп, шығарманың тілдік қыры жетілдіріледі (барлық лексикалық және стилистикалық кемшіліктері жойылады) және сол арқылы автордың түпкі ойы нақтыланады. Редактордың мәтінге енгізген барлық маңызды өзгертулері міндетті түрде автормен келісілуі керек. Олай болмаған жағдайда редактор мен автордың арасында келеңсіз жағдайлар болуы мүмкін. Оған Совет баспасөзінде болған мына мысалды келтіруге болады:



1937 жылы А.С.Пушкиннің 100 жылдығы өтіп жатқанда, Қызыл Армияның бас хирургі академик Николай Нилович Бурденко баяндама жасайды. Оның жарияланған баяндамасының стеннограммасына журналист А.Гудимов өз тарапынан «дәрігерлердің Пушкинді аман алып қалуы мүмкін еді, алайда олар оны істегісі келмеді» - деген сөйлем қосады. Ал, шын мәнінде, Бурденко баяндамада Пушкинді сол кездің ең үздік дәрігері Арондтың емдегені және Пушкинді аман алып қалудың мүмкін болмағаны туралы айтқан болатын. Тіпті Бурденко жазушы Андрей Соболевке сілтеме жасаған. Ол 1927 жылы Пушкиннің ескерткішінің жанында өзінің Пушкин жараланған жерін атып, операциядан кейін Пушкин сияқты екі күн емес, үш сағат қана өмір сүрген болатын. Міне, журналистің осы қателігінің салдарынан жазумен айналысатындардың барлығы Пушкиннің өлімі сол кездің дәрігерлерінің құрсақ қуысынан жараланғандарды дұрыс емдей алмауынан болды деп есептейді. Алайда бұл шындықпен жанаспайды. Міне, ақынға деген сүйіспеншіліктен туындаған қателіктің салдары қайда соқтырады.

Алайда газет қызметкеріне енгізген өзгерістерін автормен келісуге кейде мүмкіндік бола бермейді. Ондай жағдайда ол материалды автордың стилін сақтай отырып, тілдік нормаларға қайшы элементтер немесе ойды түсінуді қиындататын жерлерді ғана өзі дербес өңдейді.

«Түркістан» газетінің 3 шілде күнгі санында «Алматының Астанаға тартуы» деген шағын ақпарат жарияланған:

– Астанадағы Республика даңғылы мен Сейфуллин көшесінде саябақтың ашылу салтанаты болды. Салтанатты рәсімді Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев пен Алматы қаласының әкімі Ахметжан Есімов ашты.

«Бүгін Ұлыстың ұлы күні. Бүгін Елбасының арманы орындалып, үлкен жеңіске жеткен күн. Елбасының жеңісі ол – елдің жеңісі, халықтың жеңісі. Бұл бәріміздің жеңісіміз. Сондықтан құрметті халайық Елбасына қажымас қайрат, зор денсаулық тілейік. Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы, бүгінгі мерейтой күні өзіміздің Алматыдан мынау алаң, мынау фонтандар Астанаға Алматының сыйы. Қабыл алыңыз», – деді ашылу рәсінде Ахметжан Есімов.

Алматы қаласының сыйын қабылдай отырып, Елбасы Астана қаласының мерекесінің барша қазақстандықтардың мерекесі болғандықтан, барлық облыстарға Астанаға сый ретінде бір-бір ескерткіштен орнатуларына тапсырма бергендігі турасында да айта кетті. Алаң мен субұрқақтар Алматының Астанаға тартуы.

«Біз Алматыны ұмытпаймыз, қастерлейміз. Оның өсіп, көркеюін өте қалаймыз. Көп рахмет. Бүкіл алматылықтарға, қала басшыларына, әкімдігіне және Алматы қаласының әкімі Ахметжан Есімовке үлкен рахметімізді айтамыз», – деді Елбасы.

Тәжірибелі журналист Жұлдыз Әбілда бұл мақаланың төмендегідей кемшіліктерін көрсетеді:

Біріншіден, грамматикалық қате көп. Тыныс белгілері дұрыс қойылмаған.

Екіншіден, қайталау көп.

Үшіншіден, тым шұбалаңқы.

Төртіншіден, ой байланыспайтын, сөйлемдер қабыспайтын тұстар көп.

Бесіншіден, ауызекі айтылған әңгіме ешбір өңделместан, жөнделместен, басы артық тұстары алынып тасталмастан, тасқа басылып кеткен.

Ж.Әбілда ойын «осы ақпаратты сағызша созбай, бес-алты сөйлемге сыйдыруға болар еді», – деп қорытындылап, оны берудің өз нұсқасын ұсынады:

*– Астанадағы Республика даңғылы мен Сейфуллин көшесінің қиылысында жаңа саябақтың ашылу салтанаты болды. Оған елбасы Нұрсұлтан Назарбаев пен Алматы қаласының әкімі Ахметжан Есімов қатысты. Астананың мерейтойы қарсаңында мемлекет басшысы барлық облыс және қала әкімдеріне той тартуы ретінде бір-бір ескерткіш орнатуға тапсырма берген еді. Жаңа саябақ пен оның ішіндегі субұрқақ – Алматы қаласының Астана тойына тартуы. «Елбасының жеңісі – елдің жеңісі» екенін алға тартқан Ахметжан Есімов Нұрсұлтан Әбішұлына қажымас қайрат, зор денсаулық тіледі. Елбасы болса, сыйсияпатқа ризашылығын білдіріп, алғыс айтты [70, 64-66].*

Қайта түзету барысында мәтіннің мазмұнын сақтап, оны нақтылау үшін, оның формасы түрлі өзгерістерге ұшырауы

мүмкін. Әсіресе, ол мәтін өте қызық мәліметтерді қамтып, алайда әдеби тілге мүлдем сәйкес келмегенде жүргізіледі. Мысалы: тар шеңберлі таза ғылыми мәтін бұқаралық басылымға дайындалған кезде оның стилі мен жанрын өзгертуге тура келеді. Сондай-ақ, қайта түзету, әсіресе, редакцияның хаттар бөлімінде жиі қолданылады. Өйткені оқырмандардан келіп түскен хаттарды түрлі себептерге байланысты сол күйінде басылымға жіберуге болмайды. Кейде, тіпті, оны мазмұнын сақтай отырып, қайта жазып шығуға да тура келеді. Сондықтан қайта түзетуді баспа немесе редакция жан-жақты білімі мен кәсіби дағдысы бар тәжірибелі қызметкерге жүктейді. Төменде берілген бір хаттың екі нұсқасын салыстырып көріңіздер:

Түзетуге дейінгі мәтін	Түзетуден кейінгі мәтін
<p style="text-align: center;"><b>Ұрпаққа хат</b></p> <p>Мен атамын. Бірнеше немерелерім де бар көптің бірімін. Бірақ мәселе: Келешекте ұрпақ қандай болар екен? Қандай зат болмасын жаратылыс табиғатта уақыт жағдайдың әсерімен өзгеріске ұшырайды, ненің болса да бір жағы «жақсы» бір жағы «жаман» болады, қайшылықтан құралады. Жақсысы адамзаты адамгершілікті сақтап қалуы, жаманы – сақтай алмай жоғалтуы. Санамен саралайтын тек адам, басқалары сезу қабілетіне қарай әрекет етеді.</p> <p>Ой-тұжырым көп болса – мән қалмайды,          Жол айрығы көп болса – дәл қалмайды.</p> <p>Адамзаттың адамдығы – адамгершілігін сақтауында.          Адамгершіліктің өзегі – бауырмалдық, жоғалса адамзаты жоғалады.</p>	<p style="text-align: center;"><b>Ұрпаққа хат</b></p> <p>Мен атамын. Иә, бірнеше немерелері бар көп қарттың бірімін. Мені алаңдататын мәселе бар. Келешек ұрпақ қандай болар екен? Қандай зат болмасын уақыт өте келе өзгеріске ұшырайды, ненің болса да бір жағы «жақсы», бір жағы «жаман» болады, демек өмір қайшылықтан тұрады. Сонда екеуінің ара айырмасы не? Жақсысы – адамзаты адамгершілікті сақтап қалуы, жаманы – сақтай алмай жоғалтуы.</p> <p>Ой-тұжырым көп болса – мән қалмайды,          Жол айрығы көп болса – дәл қалмайды.</p> <p>Адамзаттың адамдығы ар сақтауда.          Туысын жақынын ойламайтын адамның, Отанын, Елін құрметтейді деп ойлау қиын.</p>

<p>Мысалы: Мен немерелеріме туған атамды ал олар маған мұражай экспонатына қарағандай сәлемдеседі де кете береді, бауырмалдық жоқ, ортақ мақсат ой, тұжырым ортақ істер жоқ. Туысын ойламайтын жандар Отаным – Елін жетістіреді деп ойлау қыйын. Бұл – космополит жасанды адам «шет ел мәдениеттері» әсері мәнсіз-мағынасыз адамгершілікке жатпайтын түсірілімдер, санасын улайтын компьютерлік автоматтандыру нәтижесінде өзер де өзімшіл эгоист, басты адамдық сезімдерден жұрдай таза дені сау емес кемтар ұрпақ (робот). Жасандылық – өтірік (жалған) әрін, нәрін, бәрін жояды жаратылыс табиғатын. Көріп тұрып осыны неге ес кете ұмтыламыз отына шын дозақтың. Түсінбеймін.</p>	<p>Демек, бұл – космополит жасанды адам, «Шет ел мәдениеттері» әсері, мәнсіз-мағынасыз адамгершілікке жатпайтын түсірілімдер балаларымыздың санасын улайтын компьютерлік ойындарының нәтижесінде өзімшіл-эгоист, дені сау емес, кемтар ұрпақ (робот) тәрбиеленетіні сөзсіз. Осыны көріп тұрып неге ес кете ұмтыламыз отына шын дозақтың? Түсінбеймін... («Арай» газеті).</p>
---	--

Түзетуді бұлайша төрт түрге бөлу едәуір деңгейде шартты түрде болады да, ал іс жүзінде редактор түрлі түзету тәсілдерді байланыстарады. Оның міндеті – мәтінді жетілдіру барысында әрбір нақты жағдайларға байланысты ең тиімді әдісті табу.

Тәжірибелі журналист Жұлдыз Әбілда қазіргі қазақ баспа-сөзінде кездесетін төмендегідей кемшіліктерді көрсетеді:

– өкінішке қарай, журналистер қауымына әбжілдік жетіспейді. Шапшаң, нақты бол!

– айтылатын әңгімені бірден бастап кетпей алыстан ора-ғытып, алты қырды айналып келетін әріптестеріміз әлі де көп. Оқырманға мәселенің өзегін бірден ұсына біл.

– грамматикалық және стилистикалық қателерді былай қойғанда, қазақ басылымдарынан қазақы ұғымға жат сөйлемдерді де көптеп кездестіретін болдық. Неғұрлым қарапайым және түсінікті жаз!

– тұрақты сөз тіркестері мен мақал-мәтелдерді қалағанынша өзгертіп пайдалана беретіндер көбейді. Орынды қолдана біл!

– тыныс белгілеріне пысықырып қарамайтындар да баршылық. Тыныс белгілеріне мұқият бол!

– нақтылы мәліметтер, мамандардың сараптамасы жетпей жатады. Ақпаратты тексер, мамандардың ой-пікірін пайдалан! [70,65].

### **3.7 Редакциялаудың психологиялық және логикалық алғышарттары**

#### **3.7.1 Редакциялаудың психологиялық алғышарттары.**

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында физиология мен жаратылыстану ғылымдарының мәліметтеріне сүйенген психологиялық бағыттағы лингвистер мен әдебиетшілер көркем шығармашылық пен оқырмандардың әдеби шығармаларды қабылдау процесінде осы ғылымдардың әдістерін белсенді түрде қолдана бастады. Бұл шығармашылық психологиясы туралы түсінікті тереңдете түсті, автор мен оқырман арасындағы жаңа түсіністік қатынасын енгізді.

Редактор жұмысының психологиясы әзірге арнайы ғылыми-зерттеу жұмыстарының пәніне айнала қойған жоқ, сондықтан біз редакциялаудың психологиялық алғышарттарын қарастырғанда психологтардың адам әрекетінің күрделі формаларын зерттеу нәтижесінде қалыптастырған жалпы ережелерге сүйенеміз. Редакциялауды осындай формалардың біріне жатқызуға толық негіз бар және редактор жұмысының жалпы схемасы төмендегідей болуы мүмкін:

- 1) ақпараттарды алу;
- 2) міндеттерді анықтау;
- 3) жүріс моделі мен күтілетін нәтижелер схемасын жасау;
- 4) әрекеттер мен осы әрекеттерге сәйкес нәтижелер [69, 22].

Редакциялық жұмыс барысында бұл схема нақты толықтыруларға ұшырайды. Оның бірінші компоненті – редактордың автордың шығармасымен танысуы. Екіншісі – редакциялау міндеттерін анықтау. Оны анықтауға сыртқы жағдайлар да,

материалдың өзінің сапасы да әсер етуі мүмкін. Көлемі, жанры, ағымдағы оқиғалармен байланысын атап көрсету қажеттілігі, оқырманмен байланыс формасы алдын ала жоспарлануы мүмкін, түзету түрінің көрсетілуі де ықтимал. Сосын, редактор қалай жұмыс істеу керек екенін шешеді. Осылайша схеманың үшінші компоненті анықталады. Ол материалды түзетуге қайтаруы мүмкін, жеке өзі немесе автормен бірігіп мәтінмен жұмыс істеуі мүмкін және оның ойынша, жұмыс істеуге осы жағдайдағы ең тиімді әдісті таңдайды. Редактордың мәтінді түзету процесі, бұл процестің соңғы кезеңі.

Редакторлық жұмыстың психологиясы өте күрделі. Бұл оның объектісінің – адамның күрделі әрекетінің нәтижесін, автор, редактор мен оқырманның арасында туындайтын өзгеше коммуникативтік байланысты, шығармашылық бастауы аналитикалықпен үйлесетін редактор еңбегінің ерекшелігін көрсететін мәтіннің күрделілігімен байланысты. Редакциялаудың психологиялық алғышарттары осы ерекшеліктер бойынша қарастырылуы тиіс.

Редактор мәтінді кәсіби қабылдаудың психологиялық алғышарттарын білуі тиіс. Психология ғылымына сүйенсек, редактор үшін келесі қадам – мәтінді, автор еңбегі мен өз әрекетін түсінуге саналы қатынас орнату. «Сөзге, түрлі тілдік элементтердің мағыналарына саналы қатынас стильді жақсы дұрыс қабылдаудың алғышарты, – деп жазған Л.В.Щерба. – Егер әрбір сөз өз орнында тұрса ғана, адамның айтқысы келген ой дұрыс түсініледі, оның мағынасын оңға, солға тарта алмайсың. Бұл сөзге деген саналы қатынастың, түрлі реңктерді саналы түсінудің нәтижесінде пайда болатын – нақты нәтиже, нақты стиль».

Бақылау – редактордың мәтінмен жұмыс істеу барысындағы маңызды міндеті болып табылады. Редактор үшін мәтінді «сырт көзбен» көре біліп, оның кемшіліктерін нақты анықтау өте маңызды. Бұл қасиетті жаттықтырып, қалыптастыру керек. Редактор автор мәтінінің алғашқы оқырманы ретінде осы бақылауды жүзеге асыруға көмектеседі. «Сырт көзбен қарау» – автордың мәтінмен жұмыс істеуінің қажетті шарты және редактордың әдеби шығарма жасауға қатысуының қажетті психологиялық алғышарты.

Автор үшін редактор – қолжазбаны басқалардан қырағы оқитын және онымен бірге мәтінмен жұмыс істейтін оқырман. Оқырман үшін редактор – оның мүддесін қорғайтын, мәтінді оқи отырып, оның қалай түсінілуі мен бағалануы керек екенін болжай білетін өкіл.

Редактор мәтінмен жұмыс істеу барысында басынан аяғына дейін белсенділік көрсетіп, мәтінді өзінің қабылдауын бақылауы және автор шешімдерінің ерекшеліктерін бағалай білуі тиіс. Тәжірибелі редакторлар редакциялау барысында ең күрделісі – мәтінге өзгертулерді енгізгенде оның «бөтенсініп», орамсыз жамау болып тұрмауы деп есептейді. Редактордың әрбір ескертпесі қолжазбаның кемшілігін көрсетіп қана қоймай, нақты ұсыныстарды қамтуы тиіс. Мәтінді қабылдаудағы белсенділік, байымдаудың нақтылығы – редакциялаудың маңызды психологиялық алғышарттары және редактордың жұмысы мен әрекетіндегі психологиялық модельдердің қажетті белгілері.

Мәтіннің мазмұнында бірнеше мағынаның болуы, өкінішке орай, жиі кездесетін құбылыс. Ол көбінесе кейбір сөздерді немесе тілдік құралдарды дұрыс қолданбаудан туындайды. Психология мұндай қателерді «сөйлеу механизміндегі түрлі жағдайлардың әсерінен болатын «жыртық» ретінде бағалайды» [69,27]. Мұндай жағдайда автор өзінің дұрыстығына еш күмән келтірмейді, ал мәтін болса екіұштылыққа жол береді де, түзетуді қажет етеді. Мәселен, «Сіздің досыңыз, Артықбай аға, қазір ғана аулада жүр еді» деген сөйлемде Артықбай аға деген қаратпа сөз бе немесе айқындауыш мүше ме белгісіз. Егер бұл қаратпа сөз болса, сөйлемді «Артықбай аға! Сіздің досыңыз қазір ғана аулада жүр еді» деп жазған дұрыс болар еді де, егер анықтауыш мүше болса, «Сіздің Артықбай деген досыңыз қазір ғана аулада жүр еді» болып құрылар еді. Ауызша сөйлеу формасында осы типтес сөйлемдердің мағыналары интонация арқылы немесе сөйлесу процесі өтіп жатқан жағдаяттың көмегімен нақтыланады. Жазу кезінде мұндай сөйлемдер контекст арқылы бір мағыналы болып айқындалмаған жағдайда сөйлемдерді қайта құру, басқаша тыныс белгілерін қою, синоним сөздерді пайдалану арқылы қажетті мағыналарын айқындайды.

Қалыпты, заңды, нормаланған жүйеден ауытқушылық әртүрлі мәтінде, стильде тұрақты қолданыла бастаса, түптің түбінде ол нормаға айналып кетуі мүмкін. Осыған байланысты тіліміздегі бір алуан сөздердің жұмсалуды дау туғызады: кейбіріміз оны дұрыс десек, енді біріміз қате деп есептейміз. Сондай сөздердің бірі – құлағына алтын сырға. Бұл сөздің мағынасы қазіргі сөздіктерде әртүрлі беріліп жүр. Мәселен, «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» (Алматы, «Дайк-Пресс» 2008 ж.) «естіп, ұғып ал» деген мағынада (537-бет), ал «Қазақша-орысша сөздікте» екі мағынада: а) пусть не обращает внимание, пусть не слушает (букв. Золотые серьги в уши); б) принимать к сведению; мотать (наматывать себе) на ус (563-бет) деп берілген. Ал 1999 ж. «Дайк-Пресс» баспасынан шыққан «Қазақ тілінің сөздігінде»: Құлағына алтын сырға – «естімей-ақ қой» деген мағынада деп жазылса, Г.Смағұлованың «Мағыналас фразеологиялық сөздігінің» (Алматы, «Сөздік-Словарь», 2002 ж.) «Естімеу» деген тармақшасына: 1. Құлағына тимеу; 2. Құлағына алтын сырға; 3. Естісем құлағым керек болсын! (қарғану) деп көрсетілген. Яғни, мұнда да «естімей-ақ қой» деген мәнді білдіріп тұр. І.Кеңесбаевтың 1977 ж. «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» де «Құлағына алтын сырға – «сен тыңдамай-ақ қой, есітпей-ақ қой» деп көрсеткен. Дегенмен, бұл сөздікте: «бұл фраза әзіл ретінде керісінше мағынада да қолданыла береді» деп (Келіннің құлағына алтын сырға, берер шайын тезірек берсін) көрсетілген. Сонымен бұл сөздің фразеологиялық сөздіктегі мағынасы: Сен тыңдамай-ақ қой, есітпей-ақ қой. Алайда қазіргі тілдік қолданысымызда бұл сөздің кері мағынада «сол естісін, соның құлағына жетсін» деген мағынада жиі қолданылады. Мысалы: Шетелдіктерге қызығып, таңдай қағып жүрген қазақстандықтардың құлағына алтын сырға. Дәл осындай оталарды отандық дәрігерлер де әлдеқашан игеріп алған (7 арна). Кәсіпкерлердің құлағына алтын сырға. Жаңа жылдан бастап еліміздегі шағын дүңгіршектерге дейін карточкалық терминал орнатылады (7 арна), Осындай алтынды кешіп жүріп, бір грамм алтынға ие болмай кеткен қарапайым геологтың отбасына бір акцияның да бұйырмағаны өкінішті-ақ. «Алтыналмастың» құлағына алтын сырға (ЕК). **Денсаулық**



**сақтау министрі Салидат Қайырбекованың құлағына алтын сырға.** Салидат ханым, Қазалы ауданындағы 2000-ға жуық тұрғыны бар Түктібаев ауылында дәрігер жоқ екенін білесіз бе? (Жас Алаш).

Осындай сөздердің тағы бірі – паш ету. Осы сөздің мағынасы кейбіріміздің түсінігімізше мүлде бұрмаланған: «Парсыдан кірген «паш» деген сөз де көп жағдайда бұрмаланып алынып жүр. «Паш ету» деген – әшкерелеу, қылмысының, не айыбының бетін ашу деген мағынада... Ал бізде кейбір жолдастар оны «дәріптеу» деген мағынада қолданады» (газеттен). Алайда, проф. Н.Уәли бұл сөзге байланысты өз уәжін келтіреді: «...автор паш сөзінің парсы тілінен енгендігін дұрыс айтқан. Бірақ осы сөздің қазақ тіліндегі мағынасын дәл көрсетіп, дұрыс түсінбеген. Паш ету – «әшкерелеу, қылмысын, айыбын ашу» емес, тіркестің мағынасы – «жария ету», «әйгілеу», «білдіру». Көркем сөздің көрнекті зергерлері бұл сөзді осы мағынада қолданған...

Паш ету сөзінің «жариялау, әйгілеу, жұртқа жаю» деген мағынасы – денотациялық мағына. Ал бірсыпыра сөзде осы мағынаға қоса коннотациялық мағына да болады...

Әуелден паш ету сөзінің қазақ тіліндегі мағынасы «жария ету», «әйгілеу», «жұртқа білдіру». Осы сөздің бастапқыда бейтарап реңде болғандығын «Абай жолы» эпопеясынан алынған мысалдан-ақ аңғаруға болады. Тіл жұмсау дағдымызда бұл сөз мына тәрізді контекстерде жиі қолданыла келіп, бейтарап реңнен жағымды реңге көшті:

Октябрь күнінің

Он екінші тойында

Паш етейін бір істі

Көптен жүрген ойымда (С.Сейфуллин).

Жарқ етті күн шұғыласы шам жанғандай,

Қас дұшпан қайғыланды қам қылғандай.

Әлемге паш етілді бір зор есім,

Тамаша айдай әлем таң қалғандай... (Н.Ахметбеков).

Паш етті сөзінің осындай ұнамды контексте жиі жұмсалыуын, жағымды реңге көшуін қазақ әдеби тілінің үлкен бір арнасы – публицистика стилі жеделдете түсті» [67, 33-36].

Автордың төмен тілдік мәдениеті – жазудағы тілдік қателердің ең негізгі себептерінің бірі. Редактор тілдік-орфографиялық ережелерді білумен ғана шектелмеу керек, оның кең лингвистикалық эрудициясы, танымдық жан-жақтылығы, білімдарлығы, әдеби талғамы тілдегі қателерді дұрыс ажырата білуге көп көмектеседі. Тілдік бірліктердің материалдың тұтас мағынасымен, оның жанрларымен, авторлық баяндаудың нәтижелерімен үйлесімділігі редакторға нақты міндеттерді шешуге септігін тигізеді.

Жазбаша мәтіндердің шығу тегі мен құрылымы авторлардың тілдік құралдарды саналы меңгеруін қажет етеді, алайда редактор мәтінмен жұмыс істеу барысында тек лингвистикалық міндеттерді шешумен шектелмейді. Редакциялаудың психологиялық алғышарттарын кең сипатта қараған дұрыс, өйткені оның зерттеу нысанына сөйлеудің шығуы мен қабылдану процесі ғана емес, сонымен қатар, оқырманның психологиясы, әдеби шығармашылықтың психологиясы да кіреді.

**3.7.2 Редакциялаудың логикалық алғышарттары.** Логикалылық, яғни дұрыс ойлау заңдылығын сақтау қалыпты адам санасына тән құбылыс және бұл заңды бұзбай ойлау үшін логика курсына үйрену міндет емес. Алайда, әдебиетші-кәсіпкер, журналист, редактор үшін логикалық тұрғыдан дұрыс ойлау жеткіліксіз. Ол үшін логика нәзік те жетілдірілген құрал болуы және оны өте шебер меңгеруі де тиіс.

Мәтінді логикалық тұрғыдан кәсіби бағалау қабілетін қалыптастыру әрбір журналист үшін аса маңызды. Олардың барлығы бірдей логиканың маңызды белгілерін анықтай алмайды, оларды категорияларға жіктей білмейді және күрделі ойлау операцияларын орындай алмайды. Дегенмен, бұны үйрену әрбір журналист үшін ең басты қажеттілік. Оған мәтіндегі логикалық байланыстың ролін анық тану, логикалық талдаулардың тәсілдері мен әдістерін меңгеру аса маңызды. Оның бойында логикалық нормалардың бұзылуына шартты рефлекс қалыптасуы керек. Алайда мұндай деңгейге жету үшін логиканың заңдары мен ережелерін біліп, оларды сөз шығармашылығында сақтаумен шектелу жеткіліксіз. Әдеби мәтін – күрделі құбылыс және

ондағы логикалық байланыс гносеологиялық сипаттағы терең де маңызды себептерге негізделген. Әрбір журналист үшін ойлау логикасы және оқиғалар мен фактілер логикасы ажырамас тұтастық ретінде қабылдануы тиіс. Бүгінде осы іргелі ғылым мәтінді зерттеушілердің белсенді назарын өзіне аударып отыр. Бұл проблеманы шешудің дәстүрлі жолы – мәтінде берілген әртүрлі ойлау операцияларына қатысты логика ережелерінің бұзылуын анықтау. Информатика мәтіннің логикалық қателерін ақпараттық кедергінің бір түрі ретінде қарастырса, лингвист-ғалымдар мәтіннің синтаксистік байланысындағы логикалық заңдылықтардың сақталуын қадағалайды. Мәтінді бағалаудың логикалық және синтаксистік өлшемдерінің жақындасуының нәтижесінде «логика-стилистикалық қателер» деген ұғым қалыптасты. Сондай-ақ, бүгінде ғылыми және практикалық пән болып саналатын редакциялау теориясында «логикалық мәдениет» ұғымы да жиі қолданылады [69, 42]. Ол редакторлардың логиканың негізгі теориялық ережелерін білуін, осы ғылымның ғылыми терминологиясын меңгеруін, дұрыс ойлау дағдыларын саналы, мақсатты қалыптастыруын, мәтінді қабылдау мен оны логикалық қырынан бағалаудағы кәсіби дағдыларын, баяндаудың логикалық құрылымына негізделген ерекше тәсілдерін меңгеруін қамтиды.

Мәтінді логикалық талдау әдеби шығармамен жұмыс жасаудың барлық кезеңіне қажет, сондай-ақ, ол авторға, сыншыға, редакторға да қажет. Әдетте, логикалық тұрғыдан дұрыс құрылған сөйлемді түсіну оңай, ал логикалық талап сақталмаған жағдайда мәтін мағынасын түсіну едәуір қиындық тудырады. Мәтінге логикалық талдау жасау да басқа талдаулар сияқты екі операцияға негізделген: оны ойдағы бөліктерге бөлуге және мәтіннің осы бөліктердің, мағыналық бірліктерінің арасындағы байланысты зерттеуге [69, 43].

Жалпы қазіргі тілдік қолданыста кездесетін логикалық қателерді төмендегіше топтастыруға болады:

1. Баяндау тәсілін шатастырып алу. Мәселен, бір стильде екінші бір стильдің элементтерін орынсыз қолдану.

2. Өзара қайшы келетін түсініктерді мақұлдау. Мысалы: Өкеңмен тумалас Қоңырбай деген нағашың бар (газеттен).

Мұндағы әкеңмен тумалас деген сөз бен нағашың деген сөз бір-біріне қарама-қайшы ұғымдар.

3. Логикалық әркелкі ұғымдарды салыстыру (қарама-қарсы қою). Мысалы: Кең, жарық залға қаз қатар орнатылған тігін машиналарының біркелкі сырылдаған үні еңбек маршы іспетті (газеттен). Бір отар ақтылы қойға ие болғанына жылдан асты (газеттен). Шаңқай түсте ауылға қарай бір топ атты-жаяулы қара құрымдай қаптап келеді (журналдан).

Ағады өзен күркіреп,

Ақ моншақ шашып тулайды.

Құяды жаңбыр сіркіреп,

Тыңдайсың одан сан күйді (кітаптан).

Проф. Н.Уәли осы мысалдардағы сырылдаған үн мен еңбек маршының үні, бір отар қой мен ақтылы қой, бір топ аттылы-жаяу мен қара құрымдай қаптап, құю мен сіркіреу деген сөздер мазмұны жағынан бірін-бірі теріске шығаратын қолданыстар деп есептейді. Өйткені сырылдаған үн мен еңбек маршының үні оқушы үшін мүлдем екі басқа. Ал ақтылы қойдың (фразеологизмнің толық түрі: алалы жылқы, ақтылы қой) мағынасы «мыңғыраған, есепсіз көп қой» дегенді білдіреді, қара құрымдай сөзі де осы тәрізді, санын көрсетуге, есебін алуға болмайтын көптікті аңғартады. Ал жаңбырдың сіркіресе құймайтыны, құйса сіркіремейтіні өз-өзінен белгілі [67, 80-81].

4. Байланыстырушы жалғаулықтарды дұрыс қолданбау. Мысалы: Барған жерім де бейнеткеш адамдар екен, оның үстіне күйеуім араққұмар болып шықты (Жас Алаш). Менің айтқанымның бәрі ешкімге де әсер етпей, бірақ өзімді-өзім қинадым (Қаз.әйел.).

Мәтіннің негізгі түйінін анықтау үшін, онымен алғашқы танысқанда-ақ, бөліктердің бір-бірімен қалай байланысқанына назар аударған пайдалы. Немесе, сондықтан, сондықтан да, бірақ, соған сәйкес, т.б. шылауларды дұрыс қолданбау – логикалық ойлаудың бұзылуының бірден-бір себебі. Төмендегі мысалдарға назар салып көрейік: Менің айтқандарымның бәрі ешкімге де әсер етпей, бірақ өзімді-өзім қинадым (Қаз.әйел.). Еліміздің намысын қорғап жүрген «Астана» вело клубы әзірше

жақсы нәтижелерімен қуанта алмай отыр. Алайда, белгілі велошабандоз Л.Армостронг екінші турда 45-орыннан көрінді. Бұл қазақстандықтардың ішіндегі ең үздік көрсеткіш. Мұндағы бірақ, алайда қарсылықты шылауларының қолданылуының ешбір логикаға келмейтіні анық көрініп тұр. Мәселен бірінші сөйлемде мағыналық тұтастық, сөйлемнің мәні бойынша сондықтан, сол себептен шылауы қолданылуы тиіс болса, екінші және үшінші сөйлемдерді байланыстырушы қызметін атқарып тұрған алайда шылауы Л.Армостронгтің 45-ші орнын жоғары нәтиже ретінде түсінуге итермелейді.

Классикалық логика дұрыс ойлаудың төрт негізгі заңын қалыптастырған. Біз сол заңдарды сақтай отырып, ойлаудың анықтығына, қайшылықсыздығына, жүйелілігі мен негізділігіне қол жеткіземіз. Логикалық ойлаудың негізгі заңдылықтарын сақтау – мәтінді редакциялаудың міндетті кезеңі. Публицистикалық шығарманың әсер ету тиімділігі аргументтерінің сенімділігінен, сөйлемдерінің дәлелділігінен көрінеді. Редактор логиканың негізгі заңдарын біліп қана қоймай, ол логикалық қателердің пайда болуының механизмдерін де, бұл қателердің қарым-қатынастың тиімділігіне тигізетін әсерін де көре білуі тиіс және әдеби шығарманы редакциялау барысында бұл мәселеге ерекше назар аударғаны дұрыс.

Логикалық ойлаудың бірінші заңы – (тождество) үйлесімділік заңы. Оның мәні: ойша байымдауда берілген әрбір ой қайталану барысында бір ғана анықтаманы, тұрақты мазмұнды білдіру керек. Пікір айту барысында ойдың үйлесімділігін сақтау дұрыс ойлау үшін қажет. Біздің пікір алмасуымыздың объектісі оны түсіну барысында өз бетінше өзгеріп – бір-бірімен ауыстырылып және араласып кетпеуі тиіс. Бұл заңның бұзылуы сөйлесім барысында түсініктердің ауысып кетуіне жол береді, терминологияның дәл қолданылмауы пікір алысуға бұлыңғұр, жалпылама сипат беруі мүмкін.

Сөзді дәл таңдау – ойды жеткізудің анықтығының кепілі. Автор немесе редактор сөздерді таңдау барысында белгілі бір эффекттеге қол жеткізу үшін саналы түрде логикалық үйлесімділіктен ауытқуы мүмкін. Бұл жағдайда ол өз ойын бұл

«ауытқушылықтың» астарында не жатқанын оқырман байқап, түсіне алатындай тәсілдерді құруы тиіс. Мұндай тәсілдер ретінде мағыналары жақын, синонимдес сөздер қолданылуы мүмкін.

Логикалық ойлаудың екінші заңы – қайшылық: бір зат туралы қарама-қарсы пікірлер бір уақытта, бірдей қатынаста екеуі бірдей шындық бола алмайды. Бұл заң Аристотель заманынан белгілі: қарама-қарсы пайымдаулардың барлығы шындық болуы мүмкін емес. Ойлаудың тәртіпсіздігі, жаңылысушылығы, жеткіліксіз хабардарлығы, сондай-ақ, автордың түрлі субъективті себептері мен ниеті қайшылықтың туу себептері болуы мүмкін. Қайшылық заңы білім мен практиканың барлық саласында кездеседі. Оны бұзу оқырмандардың тікелей және шұғыл реакцияларын туғызады. Жартылай қайшылықтың өзі редактордың көзінен тыс қалмауы керек. Ол мәтіндегі болар-болмас логикалық ауытқушылықты да байқауы тиіс. Редактор мәтіндегі қайшылықтарды анықтау үшін ұқыпты талдау жасайды. Редакторға қайшылық заңын білу бөгде біреудің материалын бағалау үшін ғана қажет емес. Ол автордан пайымдауларының қайшылықсыз болуын талап ете отырып, өзі де осы заңды қатаң басшылық алып, кез келген талдаудың логикалық қайшылыққа жол бермейтінін есте ұстауы тиіс.

Логикалық ойлаудың үшінші заңы – үшіншіні бодырмау заңы: екі қайшы пікірдің бір уақытта, бір қатынаста біреуінің ғана шындық екені анық. Үшіншісі болуы мүмкін емес. Аристотель төмендегідей тұжырымдайды: екі қарама-қайшы байымдаудың арасында ортасын білдіретін ештеңе болуы мүмкін емес. Үшінші заң ойдың байланыстылығы мен қайшылықсыздығын қамтамасыз етіп, шындық байымдауды таңдау үшін негіз бола алады.

Қарама-қайшы пікірлердің дұрысын таңдау дәлдігі, олардың құрылымының нақтылығы, мәтіннің құрылу анықтығы бұл заңның сақталғандығын көрсетеді, баяндаудың логикалық тұрақтылығына, ойды рет-ретімен жеткізуге мүмкіндік береді. Логикалық ойлаудың бұл заңы редактор үшін мәтінді кәсіби бағалауда аса қажетті құрал: мәтіннің бір нұсқасын ысырып, екіншісін қабылдау барысында редактор осы заңға сүйенеді.

Логикалық ойлаудың төртінші заңдылығы – негіздің жеткілікті болу заңы – кез келген шындық пікірдің шындығы дәлелденген басқа пікірлермен негізделуін талап етеді. Бұл заңды сақтау арқылы ойлаудың негізділігіне, дұрыс ойлаудың міндетті шарттарына қол жеткізуге болады.

Біздің ойымыздағы кез келген пайымдаулар бір-бірімен іштей байланысты, бір-бірінен туындайтын, бір-біріне негізделген болуы тиіс. Пайымдаудың шындығы сенімді дәлелдермен бекітілуі тиіс. Логикалық негізділік – әрбір журналистің қажетті сапасы.

### **3.8 Корректурa және корректор, редактор**

Корректурa (латын сөзі – correctura – түзету, жақсарту) – баспа теріміндегі әріптік, сандық, белгілік, таңбалық, емлелік, полиграфиялық-техникалық қателерді тексеріп, түзету, жөндеу жұмысы процестерінің жиынтығы. Ол баспалық туындыны қатесіз сапалы шығаруда шешуші роль атқарады. Корректурaға – белгілі мәтіндік терімді машинкада басылған түпнұсқасымен салыстыра оқып, қателерден арылту; мәтіндердегі кейбір тілдік, стильдік түсініксіз ұғымдарға назар аудару; терминдерді, атауларды, қысқарған сөздерді бірыңғай жүйеге келтіру; тақырып, бөлім, тарау, басқа да ішкі бөліктердің суреттерге берілген түсініктеме мәтіндердің өз орындарына орналасуын қадағалау; баспасөз басылымдарының полиграфиялық-техникалық жағынан сауатты шығуына және дұрыс безендірілуіне көмектесу жұмыстары жатады.

Корректор – түзетуші, корректураны оқитын маман, шығармашылық еңбек қызметкері. Ол – автордың, редактордың оң көзі, сенімді жәрдемшісі, ақылшысы, қаламгердің қызметтес тірегі. Баспасөз материалдарының қатесіз сапалы жарық көруі көбіне корректорларға байланысты. Сондықтан, корректор ең алдымен саяси сауатты, білімді, өз мамандығын жетік білетін адам болу керек. Арнаулы баспада корректордың сол салалық нақты білімі, ғылыми дәрежесі болу жағы ескеріледі. Ғылыми баспада ол ғылыми корректор деп аталады. Оның арнаулы білімі болғаны өте жақсы. Өзі оқитын саладағы әдебиетті жетік білу –

корректордың борышы. Ол тек сонда ғана авторға, редакторға нақты көмек көрсетіп, түпнұсқаның тақырыпты игерудегі олқылығын дұрыс таба алады. Баспаханалық техникалармен жақсы таныс болуы да корректор жұмысының сапасын арттыра түседі.

Корректурға қатысты редактордың міндеті – корректураны ыждағатты оқу, мазмұнына шолу жасау, онда қойылған күрделі сұрақтарды шешу. Автордың, құрастырушының, аудармашы мен редактордың пікірлерін тыңдап, түзеткендерін қарап, олардың қажеттілігін айқындау.

Түпнұсқаны өндіріске жіберер алдында тағы бір рет қайта оқып эзірлеу ісі – баспалық-редакциялық жұмыс процесінің жалғасы, болашақ туындының мазмұнын соңғы тексеріп шығудың өте елеулі сатысы. Оның көздейтін басты мақсаты – мүмкіндігінше болашақ басылымның олқылығын, кем-кетігін жоюға, оның дұрыс безендірілуіне көмегін тигізуге, терушінің, корректордың өнімді еңбек етуіне жәрдемшілік жасауға, сайып келгенде, сапалы шығарма беруге көмектесу. Қайта оқу барысында редактор төмендегідей мәселелерге ерекше көңіл бөлуі тиіс:

1. Емле және тыныс белгілерінің ережелерін бұлжытпай сақтап, түпнұсқада байқалған қате-кемшілікті жөндеу. Ондағы сөйлем, сөз тіркесі құрылыстарындағы, стильдегі олқылықтарды оңдау. Байқалған сондай кемшіліктердің астын түртіп, жай қарындашпен сұрақ қойып, не оларды бөлек қағазға тізіп, авторға, бас редакторға білдіру. Терминдердің, басқа да сөздердің жазылуын бір ізге түсіру. Ретсіз қысқартылып жазылған терминдер мен сөздерді орфография сөздігінің талабына сәйкес келтіру. Та-сымал (-) және сызықша (–) белгілерін қолдану ережесін сақтау.

2. Болашақ басылымның ішкі құрылысына – бөлім, та-рау, параграф, пункт, тағы сондайлардың мазмұнға лайық бір-біріне бағындырылу жайына, орналасуына зер салу. Бұлардың нөмірлену, рет санына, түрлі әріптік қосалқыға бөліну, полиг-рафиялық мағынада айтқанда литерлеу тәртібін жөнге келтіру.

3. Түпнұсқадағы мәтіннің абзац-абзацқа бөліну мағынасын байқау. Әрбір абзац қысқа пікірді, шағын ойды, бір ғана жайт-



ты баяндаумен аяқталғаны оңды. Абзацтың ішінде бірнеше пікірді қосақтап баяндаушылық та кездесіп қалады. Соларға жол берілмесін. Сондай-ақ, абзацтың шамадан тыс ұзақ болуы да жарамсыз нәрсе. Бұлай болу оқырманды жалықтырады. Сол себепті шұбалаңқы абзацты ұғымына нұқсан келтірмей шағын абзацтарға бөлген дұрыс. Мұның өзі оқуды, түсінікті жеңілдетеді.

Дегенмен, абзацты жөнсіз жиілете берудің де қолайсыз екенін естен шығармау қажет. Өйткені, кейде олай жасау да ойды бөлгіштеп, түсінікті нашарлатады. Ендеше, ретті жерінде тым шолық абзацтардың мән-мағынасына орай тұтас бір абзац жасалғаны орынды.

4. Түпнұсқада адам аттарының, жер-су, ел-жұрт атауларының ала-құла (мысалы, Есжан – Ешан, Маңқыстау – Маңғыстау, Жапония – Япония, т.б.) жазылуын болдырмау, оларды бір ізге түсіру.

5. Түпнұсқадағы дәйексөздерді алынған басылымның түпкі нұсқасымен салыстырып, дұрыстығына көзін жеткізу. Нақты цифрлар мен документ материалдың анықтығына көз жеткізу. Олардың қайталанбауына, бір-біріне қайшы келмеуіне назар аудару.

6. Термин сөздердің, математикалық, химиялық, т.с. формулалар мен шартты белгілердің түпнұсқаның әр тарауында әртүрлі жазылмауын қадағалау.

7. Түпнұсқада кестенің екі түрі колданылуы ықтимал: біреуі – сызықты, екіншісі – сызықсыз. Олардың рет санына (1-кесте, 2-кесте) мәтін ішіндегі сілтемелердің дұрыс берілгендігіне назар салу.

8. Мәтін ішіндегі суреттердің тиісті өз орнына қойылуын, олардың асты-үстіне, қатарына берілген жазулардың дұрыстығын, рет нөмірін (1-сурет, 2-сурет) түгел қарап тексеру, оларға қатысты сілтеулерді сәйкес келтіру...

Үстінен қайта оқылып шығып, ондағы дұдамал сұрақтар айқындалып, келісіліп, өзгерістері толық жасалғаннан кейін түпнұсқаның әрбір бетінің қарсы жағына оқыған күні, айы, жылы жазылып, оқыған адамның (мысалы, «Оқыған Н.Алмасов») қолы қойылады. Мұның өзі, біріншіден, түпнұсқаны үстінен оқыған

кісінің жауапкершілігін арттырады, екіншіден, түпнұсқаның әрбір бетінің оқылған-оқылмағандығына көзді жеткізеді [71,25-26].

1936 жылдың 1 тамызынан қолданылып келе жатқан Бүкілодақтық ГОСТ-8900 корректуралық белгілер стандарты орнына СССР Министрлер Советі жанындағы Мемлекеттік стандарт комитеті 1976 жылы 20 шілдеде 1977 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданыла бастаған корректуралық белгілердің ГОСТ 16347-76 стандартын бекітті. Бұл стандарт бойынша корректуралық белгілер өздерінің қолданылу мәністеріне қарай бес топқа бөлінген. Қазіргі тілдік қолданыста жүрген негізгі корректуралық белгілер төмендегілер:



### КОРРЕКТУРАЛЫҚ БЕЛГІЛЕР

P/c	Корректуралық белгі	Белгінің мағынасы	Қолданылу үлгісі
I. Алмастыру, алып тастау және қосу белгілері			
1		Әріпті, цифрды, белгіні қосу қажет	Редкциялу
2		Қалып кеткен сөзді немесе жолды енгізу	Құжатта жоқ
3		Кіші әріпті бас әріппен немесе бас әріпті кіші әріппен алмастыру	«қазақ Әдебиеті» газеті
4		Артық әріпті, сөзді, жолды, баспа элементін алып тастау	Хаттарды хаттарды қабылдау
5		Мәтіннің екі, одан да көп жолдарын алып тастау	Хатшының жұмысы диктофондарды, магнитофондарды, өздігінен жауап бергіштерді және басқа да ұйымдастыру техникасын пайдалануды жеңілдетеді







6		Кестені қосу Суретті қосу Формула белгісі Сілтеме белгісі	Бұл белгілер корректура мәтінінде өзіндік сілтемелік беттік орындарға қойылады
7	X XX XXX	Жіңішке сызықпен алмастыру белгісі Қалың сызықпен алмастыру белгісі Қара сызықпен алмастыру белгісі	Алмастырылатын сызықтар тұсына белгілердің қажет деп табылғаны соғылады
8		Басқа ұзын сызық қою немесе сызықты алып тастау белгісі	Мәтіндегі алып тастайтын сызық үстіне x белгісі қойылып, тыста қойылуы тиіс сызықтың суреті салынады
II. Басылатын элементтердің орындарын ауыстыру			
1		Қатар әріптердің, сөздердің, сөздер тобының басқа да басылатын элементтердің орындарын ауыстыру	Сөздердің ауыстыру орнын Ауыстыру
2	1 3 2 5 	Сөздерді, басқа да элементтерді қажетті ретпен қою белгілері	Қатар сөздердің басылған ауыстыру орындарын
3		Интервалды ұлғайту немесе  кішірейту белгілері	№ 44 КТУ директорының орынбасары Қ.Н.Еркебұланов мырзаға Тақырыптан кейін автордың аты-жөнін бір интервал қалдырып басу керек
4		Сөзді немесе сөз тіркесін бір жолдан екінші жолға ауыстыру белгілері	Сөзді жолдан екінші жолға бір ауыстыру








5		<p>Бір жолды немесе бірнеше қатар жолды өзара ауыстыру белгілері</p>	<p>Көрсетілген белгі мәтін ішінде емес, тыста ауыстырылатын жолдар тұсына қойылады. Сызықты стрелкалар жолдарды қай орынға ауыстыру бағытын көрсетеді</p>
6		<p>Басылатын элементті көрсетілген шекке дейін жеткізу</p>	<p>Күрделі корректура жүргізуде, сондай-ақ математикалық және химиялық формулалар қателерін шығарғанда терімді дұрыс орналастырудың осы белгілері қайталанып, тыста да көрсетіліп, қастарына дұрыс нұсқалары, дұрыс формулалары жазылады</p>

### III. Бөлектеу материалдарын өзгерту белгілері

1		<p>Сөз арасындағы ақтандақты жою</p>	<p>Әр түрлі мәселелер қозғалды</p>
2		<p>Жолдар арасындағы ақтандақты жою</p>	<p>Жауапты адамдарға тапсырмалар берілді</p>
3		<p>Бірігіп басылып кеткен сөздерді бөлу</p>	<p>Жауапты адамдарға тапсырмалар берілді</p>

### IV. Азат жолына шегініс, тұйық жолдар, қаріптік ерекшелеу және өзгерту белгілері

1		Мәтінді азат жолдан бастау керек	Белгі абзацтық шегініс жасалатын орынға қойылады. Абзацтық шегініс мөлшерін кеңейтіп, азайтқанда ол белгі мәтін сыртында, жол тұсында қайталанады да, қасына шегіністік мөлшер қандай болу керектігі көрсетіледі
2		Топтастыра теру белгісі	Бұл белгі алдыңғы жолдың соңы мен келесі жолдың басын жалғастырады. Белгі мәтін шетіндегі бос орынға қойылмайды
3		Жолды беттік көлемнің нақ ортасына тұйықтау	Белгілер тұйықталатын жолдардың екі шетіне қойылады. Бұл белгілер қойылған жолдар екі жағында тепе-тең ашық орындар қалдырып, беттің қақ ортасына теріліп басылады
4		Сөзді іштей немесе сөздер тобын сирексіту белгісі	Белгілер тұйықталатын жолдардың екі шетіне қойылады
5		Сиретуді жою	Т ұ й ы қ т а л а т ы н жолдардың екі шетіне қойылады
6		Әріптің, сөздің, жолдың басқа кескін, басқа кегльмен берілу белгісі	Басқа кескін, басқа кегльмен қайта терілуге тиісті сөздер, жолдар мәтін ішінде не жанынан осы белгілермен бөлінеді де ашық тұсында белгілері енді қай кескінмен, қай кегльмен берілетіні көрсетіледі

7		Курсивтік әріппен беру Жартылай майлы әріппен теру Қара майлы әріппен теру	Белгілер көрсетіледі
<b>Ү. Терімнің және көшірме басып алудың техникалық міндерін жөндеу белгілерінің тобына</b>			
1		аударылып түскен әріпті немесе басқа да баспа элементін дұрыс қою белгісі	
2		терімнің шеттерін тігінен теңестіру; терімнің, жолдың қисықтығын көлденең бағытта теңестіру белгісі	
3		«марашканы» жою	
4		«коридорды» жою	
5		басқа қаріптің жүйелі қайталануын немесе техникалық жақтан дұрыс терілмеген жол мінін жою	
6		түпнұсқадағы немесе корректуралық көшірмедегі айқын емес тұстарға назар аудару белгісі	
<p><b>Қорытынды сөз</b></p> <p>Корректурала жүргізуде көзделетін басты мақсат, оған қойылатын талап – баспасөз өнімін қатесіз, сауатты шығару. Сол үшін редактор мен корректорға белгілі баспа өнімдерінің жарық көретін түпнұсқаларын оқып-түзету ісінде орфографиялық, пунктуациялық ережелерді қалтқысыз басшылыққа алып, жүзеге асыру шарты қойылады.</p>			

## Стилистика және редакциялау пәнінен тест тапсырмалары

1. Мәтінді коммуникацияның мақсатына, автордың ойына, оқырманның қабылдауына сәйкес талдау, бағалау және жетілдіру – ...

- A. Редактордың міндеті
- B. Автордың міндеті
- C. Корректордың міндеті
- D. Жазушының міндеті
- E. Оқырманның міндеті

2. Редактордың үшінші міндеті – мәтіннің жеке әдеби сапасын, оның формасының мазмұны мен мақсатына қаншалықты сәйкес келетінін бағалау. Бұл міндет қандай әрекеттерді қамтиды?

A. Логикалық, композициялық, жанрлық және стилистикалық ерекшеліктерін

B. Мәтіннің кемшілігін, фактілердің нақтылығы мен анықтығын тексеру, сөз тіркесін

C. Оқырманға психологиялық, эстетикалық, эмоционалды-экспрессивтік әсерін

D. Сөйлем құрылымын, мазмұн мен баяндау тәсілінің ерекшеліктерін

E. Сөйлемдегі грамматикалық формалар мен амалдардың қолданылуын

3. Автордың түзетілген мәтінмен оны жариялануға дейін танысып шығуы...

- A. міндетті
- B. мүмкін
- C. міндетті емес
- D. дұрыс емес
- E. дұрыс

4. Қолжазбаның түпнұсқасы мен түзетілген нұсқасының деңгейі бірдей болғанда, басымдық оның қай нұсқасына беріледі?

- A. Автордың
- B. Редактордың
- C. 3-нұсқасы жасалады

D. Қайта түзетіледі

E. Ешкімге

5. Редактордың ескертулері мен түзетулері ...

A. Объективті болуы және автордың позициясын ескеруі тиіс

B. Субъективті болуы және автордың позициясын ескеруі тиіс

C. Тәуелсіз болуы және автордың позициясын ескермеуі тиіс

D. Объективті болуы және басылымның позициясын ескеруі тиіс

E. Субъективті болуы және оқырманның позициясын ескеруі тиіс

6. Редактор мәтінмен жұмыс барысында кімнің ақпараттық қажеттілігін, қызығушылығын, білім деңгейін, білуі және ескеруі тиіс.

A. Оқырманның

B. Автордың

C. Редактордың

D. Студенттің

E. Оқушының

7. БАҚ тәжірибелі редакторларының пайымдауынша егер, мәтінді тіпті, бір ғана адам алғаш оқығаннан түсінбесе, демек, ол –

A. көпшілігіне түсініксіз болады

B. ешкімге түсініксіз болады

C. авторға қайта қайтарылады

D. ешқандай басылымға жіберілмейді

E. редактор толық өзгеруі тиіс

8. Мәтіннің аяқталған оқиғаны қамту, ақпаратты беру қабілеті –

A. ақпараттылық

B. мағыналық

C. бекітушілік

D. мағыналық тұтастық

E. синтаксистік байланыстылық

9. Мәтіннің ақпараттылығын бағалау барысындағы негізгі аспектіні көрсетіңіз.

A. Мәтін ақпаратының оқырманның білімі мен ақпараттық қызығушылығына қатынасы



В. Мәтін ақпаратының автордың білімі мен ақпараттық қызығушылығына қатынасы

С. Мәтін ақпаратының редактордың білімі мен ақпараттық қызығушылығына қатынасы

Д. Мәтін ақпаратының жекелеген адамдардың ақпараттық қызығушылығына қатынасы

Е. Мәтін ақпаратының белгілі топ пен олардың ақпараттық қызығушылығына қатынасы

**10.** Мәтіннің ақпараттылығын бағалау барысындағы негізгі аспектіні көрсетіңіз.

А. Семантикалық және синтаксистік ерекшеліктері

В. Лексикалық және морфологиялық ерекшеліктері

С. Стилистикалық және фонологиялық ерекшеліктері

Д. Құрылымдық және мазмұндық ерекшеліктері

Е. Сабақтастық және құрылымдық ерекшеліктері

**11.** Авторлық бағалауды, тақырыптың, құбылыстың интерпретациясын қамтитын ақпарат түрі –

А. Концептуалды

В. Фактуалды

С. Мәтін ішіндегі

Д. Жанама

Е. Қосымша

**12.** Кез келген мәтінге тән және шындық құбылыс пен олардың өзара қатынасын бейнелейтін ақпарат түрі –

А. Фактуалды

В. Концептуалды

С. Жанама

Д. Мәтін ішіндегі

Е. Негізгі

**13.** Фактуалды ақпарат негізінде көрінетін, ашық берілмеген жасырын ақпарат түрі –

А. Мәтін ішіндегі

В. Форма ішіндегі

С. Ашық түрдегі

Д. Концептуалды

Е. Фактуалды

**14.** Мәтіннің негізгі мазмұнынан қосымша көрінетін, алайда оны жеткізу хабарлаудың мақсатына кірмейтін ақпарат түрі –

- A. Жанама
- B. Негізгі
- C. Фактуалды
- D. Концептуалды
- E. Тірек

**15.** Ақпарат тақырыбы мен мағыналық және синтаксистік құрылымындағы орны үшін маңыздылық дәрежесіне қарай үш түрге бөлінеді:

- A. Негізгі, қосымша, қайталама
- B. Басты, екі дәрежелі, үш дәрежелі
- C. Негізгі, нақтылық, деректік
- D. Негізгі, негізгі емес, қосалқы
- E. Негізгі, тарихи, әлеуметтік

**16.** Мәтіннің мазмұны мен мағынасы грамматикалық сөйлемдер арқылы байланысқан желілі ұласпалы болады, алайда оның иерархиялық, яғни негізгі және қосымша элементтерді қамтитын мағыналық құрылымы болады. Ондағы ең басты элемент –

- A. тақырып
- B. құрылым
- C. абзац
- D. сөйлем
- E. бөлім

**17.** Мәтіннің мағыналық тұтастығын қамтамасыз ететін синтаксистік бірлік:

- A. синтаксистік қисындылық
- B. синтаксистік синонимділік
- C. грамматикалық байланыс
- D. синтаксистік қатынас
- E. морфологиялық байланыс

**18.** Мәтінмен жұмыс істеудің алғашқы кезеңі –

- A. танысу
- B. түзету
- C. редакциялау

D. жариялау

E. үйрету

**19.** Редактор мәтінмен танысып шыққан соң, болашақ стратегиялық әрекетін анықтап алуы тиіс:

A. қолжазбаны авторға қайтару немесе басылымға қабылдау

B. қолжазбаны редакциялауға ұсыну немесе басылымға қабылдау

C. қолжазбаны толық түзету немесе басылымға қабылдау

D. қолжазбаны авторға қайтармау немесе басылымға қабылдамау

E. қолжазбаны оқырманға, авторға және сарапшыларға ұсыну

**20.** Редактор шығарманы басылымға қабылдаған болса, онда:

A. осы айтылғандардың барлығын іске асырады

B. материалды жетілдіру туралы жоба жасайды

C. өз әрекетінің жоспарын жасайды

D. мәтінге енгізілетін түзетулер деңгейін анықтайды

E. түзету тәсілдерін белгілейді

**21.** Мәтінді оқудың түрлерін атаңыз

A. Таныса оқу, аналитикалық оқу, өңдеп оқу

B. Жүгірте оқу, мәлімдей оқу, дауыстап оқу

C. Қайтара оқу, ақпараттық оқу, ежіктеп оқу

D. Мәнерлеп оқу, дауыстап оқу, тез оқу

E. Аналитикалық оқу, бақылай оқу, қадағалап оқу

**22.** Өңдеп оқудың негізгі мақсаты –

A. түзетудің қаншалықты тереңдігі мен негізділігін бағалау

B. түзетудің қажетті көлемі мен негізгі формасын анықтау

C. түзетудің міндеті мен құрылымдық ерекшеліктерін белгілеу

D. түзетудің тиімді тәсілдері мен негізгі мөлшерін анықтау

E. түзетудің негізгі формалары мен нәтижелерін бағалау

**23.** Мәтіннің формасы мен мазмұнын жетілдіру мақсатында жүргізілетін өзгертулер, бұл –

A. түзету

B. бағалау

C. анықтау

D. өңдеу

E. айқындау

**24.** Түзетулерді енгізе алатын тұлғаларды атаңыз.

- A. Автор немесе редактор
- B. Оқырман немесе редактор
- C. Автор немесе оқырман
- D. Көрермен немесе оқырман
- E. Оқырман немесе журналист

**25.** Редактор автор емес, ол бар болғаны автордың сауатты мәтін құраудағы ...

- A. кәсіби көмекшісі
- B. кәсіби тыңдаушысы
- C. кәсіби жетекшісі
- D. кәсіби оқырманы
- E. кәсіби бақылаушысы

**26.** Мәтіннің редакторлық нұқасын қай кезде басылымға жіберуге болады?

- A. Авторлық нұсқадан озық болғанда
- B. Авторлық нұсқамен тең болғанда
- C. Авторлық нұсқадан төмен болғанда
- D. Авторлық нұсқамен сәйкес келгенде
- E. Авторлық нұсқаға қарсы келгенде

**27.** Редактордың мәтінге араласу деңгейі мен өзгертулердің сипатына қарай түзету төртке бөлінеді. Төмендегі берілген қатарлардың қайсысы артық?

- A. Түргіп түзету
- B. Оқып түзету
- C. Қысқартып түзету
- D. Өңдеп түзету
- E. Қайыра түзету

**28.** Оқып түзетудің түрлерін табыңыз:

- A. Корректорлық және редакторлық
- B. Стилистикалық және грамматикалық
- C. Корректорлық және орфографиялық
- D. Редакторлық және орфографиялық
- E. Авторлық және оқырмандық

**29.** Корректорлық түзетуде мәтіннің қандай нұсқалары пайдаланылады?

- A. Жұмысшы нұсқасы мен түпнұсқасы
- B. Алғашқы нұсқасы мен кейінгі нұсқасы
- C. Авторлық нұсқасы мен соңғы нұсқасы
- D. Түпнұсқа мен авторлық нұсқа
- E. Редакторлық нұсқа мен соңғы нұсқа

**30.** Мәтіннің түпнұсқасы мен жұмысшы нұсқасының әрбір белгісін салыстыру, байқалмаған қателерді (опечатки) түзету, даталарды, тақырыптарды, атауларды салыстыру, қайталанатын немесе біртүпес фактілердің берілуінің бірізділігін тексеру. Бұлар түзетудің қай түрі?

- A. Корректорлық түзету
- B. Авторлық түзету
- C. Оқырмандық түзету
- D. Стилистикалық түзету
- E. Ғылыми түзету

**31.** Оқып түзетуде редактордың міндетін көрсетіңіз.

A. Мағыналық және стилистикалық кемшіліктерді байқау және оларды жетекші редактор мен басылымға жауаптыға көрсету

B. Мәтіннің мағыналық, стилистикалық, орфографиялық қателерін табу және оларды түзету немесе қолжазбаны авторға қайтару

C. Мәтіннің түпнұсқасы мен жұмысшы нұсқасының әрбір белгісін салыстыру, байқалмаған қателерді анықтау және оларды түзету

D. Мәтіндегі даталардың, тақырыптардың, атаулардың берілу жүйесін анықтау, қайталанатын фактілердің бірізділігін нақтылау

E. Редактор мәтінді оқу барысында оның кез келген бөлігінде тілдік нормадан ауытқушылық пен қателердің болуы мүмкін екенін естен шығармау керек

**32.** Қысқартып түзетудің мақсаты –

- A. Мәтін көлемін азайту
- B. Мәтіннің қателерін табу
- C. Мәтінді бөліктерге бөлу
- D. Мәтіннің тақырыбын нақтылау
- E. Мәтіннің жанрын анықтау

**33.** Қысқарту техникасында екі негізгі тәсілді қолданады:

- А. Бөліктермен қысқарту және мәтіншілік қысқарту
- В. Тақырыптарын қысқарту және сөздерді қысқарту
- С. Сөйлемдерді қысқарту және мәтіншілік қысқарту
- Д. Стилистикалық қысқарту және сөйлемдерді қысқарту
- Е. Дыбыстық қысқарту және сөйлемдерді қысқарту

**34.** Автордың өзіне бағытталып, әлі жарияланбаған шығарманы сынау, ескерту сыны, бұл –

- А. Редакторлық талдау
- В. Оқырман талдауы
- С. Редакторлық түзету
- Д. Әдеби саяси сын
- Е. Шығармашылық сын

**35.** Баспасөз орындарында авторлар қауымынан түсетін қолжазбаны қабылдап, редакциялап шығатын, оны жарыққа шығаруды басқаратын жетекші, басшы, шығармашылық қаламгер:

- А. Жауапты немесе бас редактор
- В. Корректор немесе журналист
- С. Жауапты немесе ғылыми ізденуші
- Д. Негізгі немесе ғылыми редактор
- Е. Қосымша немесе жетекші редактор

**36.** Латын тіліндегі «Correktura» сөзінің мағынасы?

- А. Түзету, жақсарту
- В. Өңдеу, жинақтау
- С. Теру, үйлестіру
- Д. Басу, жетілдіру
- Е. Жинақтау, дұрыстау

**37.** Баспа теріміндегі әріптік, сандық, белгілік, таңбалық, емлелік, полиграфиялық, техникалық қателерді тексеріп, түзету, жөндеу жұмыстарының жиынтығы –

- А. корректорлық
- В. редакциялау
- С. тираждау
- Д. құрастыру
- Е. аудару





**38.** «Полиграфия» сөзі грек тілінен аударғанда қандай мағынаны білдіреді?

- A. Көбейтіп жазып басу
- B. Беттеп құрастырып шығу
- C. Баспалық редакциялық процесс
- D. Редакциялаудың жүргізілуі
- E. Корректураның жүргізілуі






**39.** Корректуралық белгілердің ГОСТ 16347-76 стандарты қай жылдан бастап қолданылды?

- A. 1977
- B. 1976
- C. 1978
- D. 1988
- E. 1992






**40.** Қалып кеткен сөзді немесе жолды енгізу белгісін табыңыз.

- A. √ √ √
- B. 
- C. 
- D. 
- E. 




**41.** Артық әріпті алып тастау белгісін табыңыз.

- A. 
- B. 
- C. 
- D. 
- E. 

**42.** Мәтіннің екі не одан да көп жолдарын алып тастау.

- A. 
- B. 
- C. 
- D. 
- E. 

**43.** Кестені қосу белгісін көрсетіңіз.

- A. 
- B. 
- C. 


D. 

E. 


44. Суретті қосу белгісін көрсетіңіз.

A. 


B. 


C. 

D. 


E. 


45. Формуланы қосу белгісін көрсетіңіз.

A. 

B. 

C. 

D. 


E. 

46. Интервалды ұлғайту немесе кішірейту белгілері:

A. 


B. 


C. 

D. 

E. 

47. Кіші әріпті бас әріппен немесе бас әріпті кіші әріппен алмастыру.

A. 

B. 


C. 


D. 


E. 

48. Сөзді немесе сөз тіркестерін бір жолдан екінші жолға ауыстыру белгілері

A. 

B. 






C. 

D. 






E. 








49. Бір жолды немесе бірнеше қатар жолды өзара ауыстыру белгілері:

- A. 
- B. 
- C. 
- D. 
- E. 






50. Сөздің ішіндегі ақтаңдақты жою белгісі:

- A. 
- B. 
- C. 
- D. 
- E. 






51. Жолдар арасындағы ақтаңдақты жою белгісі:

- A. 
- B. 
- C. 
- D. 
- E. 





52. Бірігіп басылып кеткен сөздерді бөлу белгісі:

- A. 
- B. 
- C. 
- D. 
- E. 

53. Азат жолдан бастау белгісін көрсетіңіз.


- A. 
- B. 
- C. 
- D. 
- E. 

54. Жолды беттік көлемнің нақ ортасына тұйықтау белгісі:

- A. 
- B. 
- C. 
- D. 


E. 


55. Сөзді іштей немесе сөздер тобын сирету белгісі:

A. 

B. 

C. 


D. 

E. 

56. Сөздерді немесе сөздер тобын сиретуді жою белгісі:

A. 

B. 

C. 


D. 

E. 


57. Курсивтік әріппен беру белгісі:

A. 

B. 

C. 

D. 

E. 

58. Қара майлы әріппен беру белгісі

A. 

B. 

C. 

D. 

E. 

59. Сөздерді, басқа да элементтерді қажетті ретпен қою белгілері:

A. 


B. 1 2 3 4


C. 

D. 

E. x x x x

60. Басылатын элементті көрсетілген шекке дейін жеткізу белгілері:

A. 

B. 

- C. -----
- D. ~~~~~
- E. → ←

61. Жасалған түзетулерді жою белгісі.

- A. ....
- B. ~~~~~
- C. ↔
- D. →
- E. ←

62. Топтастыра теру белгісі:

- A. ]
- B. →
- C. ↔
- D. ~~~~~
- E. ←

63. Алмастыру, алып тастау және қосу белгілері:

- A. ⌘ ∨ ⊞
- B. ⊞ ⊞
- C. ⊞ ⊞
- D. → ⊞
- E. → ←

64. Басылатын элементтердің орындарын ауыстыру белгісі:

- A. ⊞ ⊞
- B. ⊞ ⊞
- C. × × × ×
- D. ⊞ ⊞
- E. ↔

65. Бөлектеу материалдарын өзгерту белгілері:

- A. ↔
- B. Z
- C. ←
- D. ~~~~~
- E. ———

66. Стилистика нені зерттейді?

A. Сөйлеу коммуникация процесіндегі тілді пайдаланудың заңдылықтарын зерттейді

В. Сөйлеу коммуникация процесіндегі грамматикалық амалдарды пайдаланудың заңдылықтарын зерттейді

С. Сөйлеу коммуникация процесіндегі дыбыстарды пайдаланудың заңдылықтарын зерттейді

Д. Сөйлеу коммуникация процесіндегі сөз тіркесін пайдаланудың заңдылықтарын зерттейді

Е. Сөйлеу коммуникация сөйлем мүшелерін пайдаланудың заңдылықтарын зерттейді

**67.** Стилистикалық норманың түрлерін көрсетіңіз.

А. Экспрессивті-стилистикалық, функционалды стилистикалық

В. Бағалауыштық-стилистикалық, жалпы стилистикалық

С. Грамматикалық-стилистикалық, дыбыстық-стилистикалық

Д. Лексикалық-стилистикалық, грамматикалық-стилистикалық

Е. Тілдік-стилистикалық, синонимдік-стилистикалық

**68.** Қазақ тілінің қанша функционалды стилі бар?

А. 5

В. 7

С. 4

Д. 3

Е. 6

**69.** Ауызекі сөйлеу тілінде ерекше реңк атқаратын сөйлеудің ... жағы.

А. дыбыстық

В. морфологиялық

С. синтаксистік

Д. лексикалық

Е. құрылымдық

**70.** Ресми-іскерлік стилге жататын қатарды табыңыз.

А. Заңдар, жарғылар, қаулылар

В. Терминдер, тіркестер, сөздер

С. Мақала, резюме, монография

Д. Повесть, роман, әңгіме

Е. Очерк, бас мақала, памфлет

**71.** XIX ғасырдың екінші жартысындағы ресми-іскерлік стильдің негізгі белгісін көрсетіңіз.

- A. Шағатайлық жазба тіл элементтерін кеңінен пайдалану
- B. Ауызекі сөйлеу тілінің элементтерін кеңінен пайдалану
- C. Таза қазақ әдеби тілінің нормаларын пайдалану
- D. Құрмалас сөйлемдерді кеңінен пайдалану
- E. Архаизм мен историзмдерді кеңінен пайдалану

**72.** Қазақ ССР Министрлер кеңесі қай жылы қазақ тілінде іс жүргізу туралы қаулы қабылады?

- A. 1957 жылы
- B. 1963 жылы
- C. 1951 жылы
- D. 1975 жылы
- E. 1994 жылы

**73.** Ресми-іскерлік стильдің басты ерекшелігі – ...

- A. Шаблон мен стандартты қолдану
- B. Шығармашылық еркіндік
- C. Ғылыми және саяси терминдер
- D. Синонимдер мен паронимдерді қолдану
- E. Эмоционалды-экспрессивті сөздерді қолдану

**74.** Құжаттардың атқаратын жалпы қызметіне жатпайтын қатарды табыңыз.

- A. Эстетикалық
- B. Ақпараттық
- C. Әлеуметтік
- D. Коммуникативтік
- E. Мәдени

**75.** Құжаттардың атқаратын арнайы қызметіне жатпайтын қатарды табыңыз.

- A. Мәдени-ағартушылық
- B. Басқару
- C. Құқықтық
- D. Басқару, құқықтық
- E. Тарихи-дерекнамалық

**76.** Ғылымның белгілі бір саласына қатысты арнаулы терминдер мен атаулардың кең қолданылатын стилі...

- A. Ғылыми стиль
- B. Публицистикалық стиль
- C. Ресми-іскерлік стиль
- D. Көркем әдебиет стилі
- E. Сөйлеу стилі

**77.** Неологизмдердің пайда болу, өмір сүру ортасы болып табылатын стильді көрсетіңіз.

- A. Ғылыми стиль
- B. Публицистикалық стиль
- C. Ресми-іскерлік стиль
- D. Көркем әдебиет стилі
- E. Сөйлеу стилі

**78.** Ырықсыз етіс формалары жиі қолданылатын стиль түрлерін көрсетіңіз.

- A. Ғылыми және ресми-іскерлік стиль
- B. Публицистикалық және сөйлеу стилі
- C. Ресми-іскерлік және көркем әдебиет стилі
- D. Ғылыми және сөйлеу стилі
- E. Көркем әдебиет және сөйлеу стилі

**79.** Publikus сөзі қазақша қандай ұғымды білдіреді?

- A. Көпшілік, әлеумет
- B. Қатынас, сөйлеу
- C. Шешендік, саясат
- D. Саясат, мәртебе
- E. Халық, оқырман

**80.** Кәсіптік сипаттағы фразеологизмдерді табыңыз.

- A. Ашық сабақ, құлап қалу
- B. Ит жанды, мойнына су кету
- C. Ашық аспан, биіктен құлау
- D. Төбе шашы тік тұру, ашық күн
- E. Бой қағу, биіктен құлап қалу

**81.** Саяси публицистикалық лексика мен әкімшілік терминдердің қолданылуы басым стильді табыңыз.

- A. Ресми-іскерлік стиль
- B. Ғылыми стиль
- C. Көркем әдебиет стилі

- D. Сөйлеу стилі
- E. Публицистикалық стиль

**82.** Ресми-іскерлік стильдегі үлгілердің барлығына ортақ жалпы сипатты табыңыз.

A. Белгілі бір қалыптасқан үлгіде баяндау тәсілімен жазылды

B. Жергілікті ерекшелік сипатындағы тұрақты тіркестер жиі қолданылады

C. Тілдің эмоционалды-экспрессивтік элементтерін кең қолдану

D. Фактілерді толық және логикалық жүйелі баяндау тәсілі арқылы

E. Ой күрделі баяндалып, анықтама, дәлелдемелерге негізделеді

**83.** Ресми-іскерлік стильді атқаратын қызметі мен мазмұнына қарай топтастыру.

A. Заңнамалық, дипломатиялық, әкімшілік-кеңселік

B. Публицистикалық, сыртқы байланыс, көпшілік

C. Газеттік, мемлекетаралық, әдеби-көркемдік

D. Эстетикалық, құқықтық, ресми-шығармашылық

E. Бағалаушытық, басқарушылық, ресми-қатынастық

**84.** Әкімшілік-кеңселік шағын стиль үлгілеріне жататын қатарды табыңыз.

A. Түрлі мекемелерде жүргізілетін құжат үлгілері

B. Мемлекеттер арасында қолданылатын құжат үлгілері

C. Қылмыстық және азаматтық іс жүргізу актілері

D. Белгілі бір ғылым саласындағы арнайы шығармалар

E. Қоғамдық-саяси бағыттағы саяси публицистикалық

**85.** Публицистиканың ауызша түрі ...

A. Шешендік сөз

B. Арнау өлеңдері

C. Саяси лирика

D. Ресми құжаттар

E. Мәнерлі сөз

**86.** Сөйлеу тілінің қатарына жатпайтын қатарды табыңыз.

A. Термин сөздер

- В. Қарапайым сөздер
- С. Табу, эффемизм
- Д. Диалект сөздер
- Е. Кәсіби сөздер

**87.** Түрлі діни наным-сенімдерге, әдет-ғұрыптарға байланысты болған жағдайды, хабарды тура айтпай, тұспалдап жеткізетін сөздер қалай аталады?

- А. Табу (эффемизм)
- В. Кәсіби сөздер
- С. Діни сөздер
- Д. Метафора (метонимия)
- Е. Тұрмыстық сөздер

**88.** Терминдік сипаттағы тұрақты тіркестерді табыңыз.

- А. Соқыр ішек, көгілдір отын
- В. Соқырға таяқ ұстатқандай
- С. Қыпша бел, сүмбіл шаш
- Д. Бел жазбау, тізе бүкпеу
- Е. Көз ілмеу, кірпік қақпау

**89.** Өзгертіліп, авторлық өңдеумен қолданылған тұрақты тіркесті табыңыз.

- А. Көңілді көтермесе, кір басады
- В. Қаз орғанына семіреді
- С. Жаны мұрнының ұшына келді
- Д. Жүрегі су ете қалды
- Е. Зәрем зәр түбіне кетіп, қатты қорықтым

**90.** Зат есімді ауыспалы мағынаға ие қылып, жансыз затты жандыға айналдырып тұрған көптік жалғауын табыңыз.

А. Күн көзінің алтын кірпіктері аласа үйлерден асып...

В. Тұмарбай, Садырбай, Мұңсызбайлар боп Майбасарға мықтап дүре соқты.

С. Қазіргі жастар шеттерінен білімді екені даусыз

Д. Кейбір үйлерде құрмет көрсетіп өзінен жоғары отырғызады

Е. Ұлберген шаруадан қалмаған, жасы қырық бестердегі кісі

**91.** Директорлар кеңесінің мәжілісі ... екі рет шақырылады. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз.

- А. жылына



- В. жылында
- С. жыл сайын
- Д. жыл бойы
- Е. жылға

**92.** Морфологиялық құрамы жағынан бір-біріне жақын стильдерді табыңыз

- А. Ресми-іскерлік стиль мен ғылыми стиль
- В. Ресми-іскерлік стиль мен көркем әдебиет стилі
- С. Ғылыми стиль мен публицистикалық стиль
- Д. Ауызекі сөйлеу стилі мен көркем әдебиет стилі
- Е. Ресми-іскерлік стиль мен публицистикалық стиль

**93.** Тілдегі экспрессивті әдіс-тәсілдерді оқып үйрететін стилистикалық бағытты көрсетіңіз.

- А. Безендіруші стилистика
- В. Функционалды стилистика
- С. Грамматикалық стилистика
- Д. Синтаксистік синонимдер
- Е. Когнитивті лингвистика

**94.** Қазақ тілінің стилистикасына елеулі еңбек сіңірген ғалымдар қатарын табыңыз.

- А. А.Байтұрсынов, М.Балақаев
- В. А.Аманжолов, Т.Қордабаев
- С. Н.Сауранбаев, А.Ысқақов
- Д. Қ.Жұбанов, Ш.Сарыбаев
- Е. Х.Досмұхамбетұлы, Т.Сайрамбаев

**95.** Стилистикалық категориялардың қатарына жатпайтын категорияны табыңыз.

- А. Салт-сабақтылық категория
- В. «Автор бейнесі» категориясы
- С. Мәтін категориясы
- Д. Диалогтік категория
- Е. Бағалау категориясы

**96.** Бағалау категориясы ғылыми стильдің қай жанрында жан-жақты көрінеді?

- А. Рецензияда
- В. Диссертацияда

- С. Мақалада
- Д. Аннотацияда
- Е. Рефератта

**97.** Тарихи тұрғыдан қалыптасқан, сонымен қатар даму заңдылықтарымен жалпы қабылданған тілдегі стилистикалық мүмкіндіктерді тарату жиынтығы қалай аталады?

- А. Стилистикалық норма
- В. Стилистикалық бояу
- С. Стилистикалық әсер
- Д. Стилистикалық тапсырма
- Е. Стилистикалық мағына

**98.** Ғылыми стильге ғана тән сөзді байланыстырушы, дәнекерлік қызмет атқаратын сөз оралымдарын табыңыз.

- А. Назар аударайық, қорыта айтқанда
- В. Отбасы жағдайына байланысты
- С. Тағайындалсын, қаулы қабылдансын
- Д. Өгей өмір, соқтықпалы өмір
- Е. Қабылдауыңызды сұраймын, акт бойынша

**99.** Ресми-іскерлік стильдің жанрына жатпайтын қатарды табыңыз.

- А. Публицистикалық
- В. Заңнамалық
- С. Құқықтық
- Д. Әкімшілік
- Е. Дипломатиялық

**100.** Публицистикалық стильдің басты қызметі –

- А. Ақпараттық қызмет
- В. Тергеу қызметі
- С. Әкімшілік қызмет
- Д. Дипломатиялық қызмет
- Е. Эстетикалық қызмет

**101.** Публицистиканың барлық жанрлары анықталған ... (мәтінге сәйкес келмейтін қатарды табыңыз).

- А. Тарихи деректерге негізделеді
- В. Дәлелдерге негізделеді
- С. Құжаттық материалдарды пайдаланады

- D. Өмірдегі құбылыстарды талдайды
- E. Оқиғаларды түсіндіреді

**102.** Алғашқы қазақ газетін табыңыз.

- A. «Түркістан уалаятының газеті»
- B. «Дала уалаятының газеті»
- C. «Торғай» газеті
- D. «Қазақ» газеті
- E. «Серке» газеті

**103.** Қазақ тілінің публицистикалық стилі өз бастауын ... алады.

- A. XIX ғ. II жартысынан
- B. XIX ғ. I жартысынан
- C. XX ғ. басынан
- D. 1920 ж. бастап
- E. XVIII ғ. II жартысынан

**104.** Қимыл атауларының баяндауыштық қызметке жатыс септік формасында қолданылуы қай стильде жиі қолданылады?

- A. Публицистикалық стиль
- B. Көркем әдебиет стилі
- C. Ресми-іскерлік стиль
- D. Ғылыми стиль
- E. Ауызекі сөйлеу стилі

**105.** Лексика-фразеологиялық канцеляризмге жататын сөз тіркесін көрсетіңіз.

- A. Төменде қол қоюшылар
- B. Сәрсенбінің сәтінде
- C. Көгілдір отын, ақ алтын
- D. Жұмыс қызу жүріп жатыр
- E. Зерттеу нысаны бола алады

**106.** Заң тілінде кездесетін стандартты бірліктерді табыңыз.

- A. Бас бостандығынан айыру
- B. Құнды еңбек болып саналады
- C. Жағдай көтермейді
- D. Көгілдір отын, ақ алтын
- E. Осы қызметке тағайындалсын

**107.** Ғылыми стильге тән стандартты бірліктерді табыңыз.

- A. Құнды еңбек болып табылады

- В. Бас бостандығынан айыру
- С. Көгілдір отын, ақ алтын
- Д. Осы қызметке тағайындалсын
- Е. Жағдай көтермейді

**108.** Дыбыстардың стилистикалық ерекшеліктерін зерттейтін стилистика.

- А. Фоностилистика
- В. Лингвостилистика
- С. Функционалды стилистика
- Д. Грамматикалық стилистика
- Е. Лексикалық стилистика

**109.** «Стиль» сөзінің мәні.

- А. Жазу құралы, жазу мәнері
- В. Көркемдегіш құралдар
- С. Сөзге сендіру, нандыру тәсілдері
- Д. Экспрессивті-эмоционалды сөздер
- Е. Мәнерлеп сөйлеу құралдары

**110.** Кітаби стильдің өзіндік ерекшеліктері.

- А. Жазба тіл нормаларына сүйенеді
- В. Ауызша сөйлеу нормаларына сүйенеді
- С. Фольклорлық шығармаларға сүйенеді
- Д. Баспасөз тіліне сүйенеді
- Е. Көркем шығармаларға сүйенеді

**111.** Бейтарап мағына дегеніміз:

- А. Зат, құбылыс, сапа мен іс-әрекеттің жалпылама мағынасы
- В. Терминдік мағынаның контекстегі қолданысы
- С. Көркем әдебиетте қолданылатын сөздердің мағынасы
- Д. Сөз бойындағы экспрессивті-эмоционалды мағынасы
- Е. Синтаксистік шартты мағына

**112.** Бейнелі мағына дегеніміз:

А. Экспрессивті-эмоционалды не стилистикалық бояма мағына

- В. Терминдік мағынаның контекстегі қолдану ерекшелігі
- С. Зат, құбылыс, сапа мен іс-әрекеттің жалпылама мағынасы
- Д. Көркем әдебиетте диалекті сөздердің қолданылу ерекшелігі
- Е. Сөздің тілімізде әбден қалыптасқан үйреншікті мағынасы

**113.** Етістік синонимдердің ішінен іс-қағаздары стилі ыңғайында жұмсалатындары.

- A. Қорытындылау, бекіту, талқылау
- B. Қызығу, әуестену, құмарту
- C. Ұшырасу, дидактасу, табысу
- D. Шығару, кетіру, босату, куу
- E. Қыдыру, сенделу, шарлау, жүру

**114.** Экспрессивті-эмоционалды сөздердің қатары:

- A. Батырсымақ, адамсып, сымпи
- B. Адамгершілік, әуестік, көзді
- C. Бейімділік, бұрыштама, септік
- D. Қалалы, ұшқыш, өсімдік
- E. Білімді, ақылды, мейірімді

**115.** Топонимдер мен антропонимдердің мекеме атауларының, ұйымдардың қолданысы қай стильге жатады?

- A. Ресми ісқағаздар стилі
- B. Ғылыми көпшілік стиль
- C. Ауызекі сөйлеу стилі
- D. Көркем әдебиет стилі
- E. Ғылыми стиль

**116.** Кітаптың қысқаша мазмұны мен маңыздылығы кімге арналғандығы туралы қай жанрда айтылады?

- A. Аннотация
- B. Өтініш
- C. Тезис
- D. Реферат
- E. Мақала

**117.** Оқырманға әсер ету мақсатында құрылатын функционалды стиль:

- A. Публицистикалық стиль
- B. Ауызекі сөйлеу стилі
- C. Ғылыми-көпшілік стиль
- D. Ғылыми стиль
- E. Ресми іс-қағаздар стилі

**118.** Ғылыми стильдің өзіне тән белгісі.

- A. Ғылыми терминдердің қолданысы

- В. Жергілікті диалектілердің қолданысы
- С. Эмоционалды сөздердің қолданысы
- Д. Әсер ету функциялары
- Е. Кәсіби сөздердің қолданысы

**119.** Үгіттеуді, насихаттауды мақсат ететін стильдің түрі.

- А. Публицистикалық стиль
- В. Көркем әдебиет стилі
- С. Ғылыми көпшілік стилі
- Д. Ауызекі сөйлеу стилі
- Е. Ресми іс қағаздар стилі

**120.** Тұрмыстық қатынасты қамтитын стильдің түрі.

- А. Ауызекі сөйлеу стилі
- В. Ғылыми көпшілік стилі
- С. Ғылыми ақпараттық стиль
- Д. Публицистикалық стиль
- Е. Ресми іс қағаздар стилі

**121.** Заң тілі қандай қызметтерді атқарады?

- А. Міндеттеу, мәжбүрлеу
- В. Түсіндіру, насихаттау
- С. Баяндау, нақтылау
- Д. Анықтау, салыстыру
- Е. Эстетикалық көркемдік

**122.** Құжатты жүргізуші тұлғаның субъективті пікірін білдіруіне ешқандай жол бермейтін мәтін түрін табыңыз.

- А. Заң мәтіндері
- В. Ғылыми мәтіндер
- С. Очерк мәтіні
- Д. Әңгіме мәтіні
- Е. Көркем шығармалар

**123.** Халықаралық маңызы бар айрықша мәселе жөніндегі ресми мәлімдеме:

- А. Коммюнике
- В. Меморандум
- С. Нота
- Д. Халықаралық шарттар
- Е. Мемлекеттік бағдарламалар

**124.** Әкімшілік кеңселік құжат үлгілеріне жататын қатарды табыңыз.

- A. Есеп, хаттама, мінездеме
- B. Очерк, мақала, репортаж
- C. Заңдар, әскери жарғылар
- D. Халықаралық шарттар, ноталар
- E. Реферат, диссертация, резюме

**125.** Баяндама мен дидактика талаптарына сай нақты оқу пәнінің мазмұнын ғылыми негізде жүйелеп, баяндайтын оқу кітабы –

- A. Оқулық
- B. Монография
- C. Диссертация
- D. Ғылыми зерттеу
- E. Жаттығулар жинағы

**126.** Мақала, баяндама және т.б. ғылыми шығармалар мазмұнының қысқаша желісі, айтылғандардың қорытынды түйіні

- A. Резюме
- B. Пікір
- C. Рецензия
- D. Мақала
- E. Қорытынды

**127.** Ғылыми шығарманың құрылымындағы болуы міндетті емес бөлімді табыңыз.

- A. Қосымша
- B. Кіріспе
- C. Негізгі бөлім
- D. Қорытынды
- E. Библиография

**128.** Ғылыми стильдің жанларын атаңыз.

- A. Лекция, реферат
- B. Хаттама, жарлық
- C. Нота, коммюнике
- D. Очерк, фельетон
- E. Лирика, драма

**129.** Ой күрделі баяндалып, анықтама, дәлелдеме мен формулаларға негізделетін стиль –

- A. Ғылыми стиль
- B. Ресми стиль
- C. Публицистикалық стиль
- D. Ауызекі сөйлеу стилі
- E. Көркем әдебиет стилі

**130.** Ғылыми стильге тән тілдік қолданысты табыңыз.

- A. Біздің ойымызша, біздің есебіміз бойынша
- B. Отбасы жағдайыма байланысты, өйткені
- C. Осы жағдайларды ескере отырып, шешім етіңіз
- D. Қаулы қабылданып, тез жүзеге асырылсын
- E. Заңгер кеңес береді, сот залынан

**131.** Барлық жанрлары анықталған дәлелдерге негізделетін, құжаттық материалдарды пайдаланатын, өмірдегі құбылыстар мен оқиғаларды талдайтын, түсіндіретін стиль түрі

- A. Публицистикалық стиль
- B. Көркем әдебиет стилі
- C. Ресми іс қағаздар стилі
- D. Ғылыми көпшілік стилі
- E. Ауызекі сөйлеу стилі

**132.** Әкімшілік кеңселік құжат үлгілерін қызметіне қарай топтастырыңыз.

- A. Жалпы және арнайы
- B. Негізгі және қосымша
- C. Ресми және бейресми
- D. Заңды және заңсыз
- E. Әлеуметтік және ресми

**133.** Газет тілінің аналитикалық жанр түрі.

- A. Мақала, репортаж
- B. Рецензия, мақала
- C. Фельетон, сұхбат
- D. Очерк, новелла
- E. Әңгіме, монолог

**134.** Нақты хабарды жеткізуге құрылған публицистикалық стильдің жанры.



- A. Мақала
- B. Фелеетон
- C. Очерк
- D. Новелла
- E. Хат

**135.** Тақырыбы мен идеясы айқын беріліп тұрған мәтін тақырыбы

- A. «Жас домбырашылардың сайысы өтті»
- B. «Қазақстанда алғаш рет...»
- C. «Білімі мен білігі сай»
- D. «Ел болашағы хақында министр не дейді?»
- E. Тыныш жүре алмайтын мұғалім

**136.** Ауызекі сөйлеу стиліне тән сөздер қатары.

- A. Диалекті, кәсіби сөздер
- B. Термин, неологизм сөздер
- C. Архаизм, историзм сөздер
- D. Көнерген сөздер, неологизмдер
- E. Бейнелі сөздер, терминдер

**137.** Ғылыми стильдің жанрлары:

- A. Аннотация, рецензия
- B. Коммюнике, резюме
- C. Хаттама, репортаж
- D. Новелла, реализм
- E. Диссертация, новелла

**138.** Экспрессивті, бағалауыштық қызметі күшті тілдік құралдар жиі қолданылатын стильдің түрі:

- A. Көркем әдеби стиль
- B. Ресми және іс қағаздар стилі
- C. Ғылыми-көпшілік стиль
- D. Публицистикалық стиль
- E. Дипломатиялық стиль

**139.** Ауызекі сөйлеу тіліне тән қатарды табыңыз.

- A. Нетіп, құрғыр, бәлі
- B. Техника, оқулық, оқу
- C. Куәгер, сезікті, жауап
- D. Айбынды, құрметті, белгілі

Е. Құрымтай қайнау, ақ алтын

**140.** Публицистикалық стиль қызметі мен қолдану мақсатына қарай төмендегідей негізгі бөліктерге бөлінеді.

А. Саяси үгіттік, ресми идеологиялық, публицистикалық, газеттік

В. Саяси ағартушылық, ресми мемлекеттік, газеттік, тұрмыстық

С. Саяси шығармашылық, ресми қатынастық, публицистік, әлеуметтік

Д. Саяси әлеуметтік, ресми ақпараттық, мемлекеттік, мемлекеттік емес

Е. Саяси әлеуметтік, ресми көпшілік, мемлекеттік, газеттік

**141.** Публицистикалық стиль жанрларын көрсетіңіз.

А. Ақпараттық хабар, очерк, памфлет

В. Ақпараттық келісім, новелла, поэзия

С. Халықаралық шолу, коммюнике, ноте

Д. Танымдық хабар, проза, романтизм

Е. Ғылыми көпшілік мақала, коммюнике

**142.** Ғылыми стиль мен ресми стильде аса сирек, кейде тіпті мүлдем кездеспейтін морфологиялық тұлғаны табыңыз.

А. Шырай категориясы

В. Рай категориясы

С. Шақ категориясы

Д. Жақ категориясы

Е. Септік категориясы

**143.** Ауызекі сөйлеу тілінде ғана қолданылатын есімдікті табыңыз.

А. Біреу-міреу

В. Бірқатар, осы

С. Қайсыбір, қай

Д. Барлық, барша

Е. Бірнеше, біреу

**144.** Экспрессивті мағынаны білдіріп тұрған баяндауышты табыңыз.

А. Өлеңім – оқ, ол алдымда мен де жаудан шегінбен

В. Мен шындықты ғана айтамын

- C. Ауыл шауып, жылқыға тиіп, тұрысатын жерін айтсын
- D. Жолдастар, жауынгерлер мен командирлер
- E. Астына мініп ақ атты, қолына алды болатты

**145.** Өзгеше бір күй кең даланы күнірене шайқай береді, шайқай береді. Экспрессивтілік тудырып тұрған тәсіл.

- A. Баяндауыштың қайталануы
- B. Бастауыштың қайталануы
- C. Бірыңғай мүшенің қайталануы
- D. Толықтауыштың қайталануы
- E. Есімшенің қайталануы.

**146.** Баяндама мен дидактика талаптарына сай нақты оқу пәнінің мазмұнын ғылыми негізде жүйелеп, баяндайтын оқу кітабы –

- A. Оқулық
- B. Монография
- C. Диссертация
- D. Ғылыми зерттеу
- E. Жаттығулар жинағы

**147.** Мақала, баяндама және т.б. ғылыми шығармалар мазмұнының қысқаша желісі, айтылғандардың қорытынды түйіні

- A. Резюме
- B. Пікір
- C. Рецензия
- D. Мақала
- E. Қорытынды

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Будагов Р.А.* Литературные языки и языковые стили. – М., 1967.
2. *Стилистика русского языка.* Под ред. Н. М. Шанского. – Л.: Просвещение, 1989. -223 с.
3. *Панфилов А.К.* Лекции по стилистике русского языка. – М., 1972.
4. *Виноградов В.В.* Русская речь, ее изучение и вопросы культуры речи. – ВЯ, 1961. №4.
5. *Долинин К.А.* Стилистика французского языка. – Л., 1978.
6. *Виноградов В.В.* Стилистика: Теория поэтической речи. Поэтика. – М., 1963.
7. *Виноградов В.В., Костомаров В.Г.* Теория советского языкознания и обучение русскому языку иностранцев. – ВЯ, 1967. №2.
8. *Қазақ тілі. Энциклопедия.* – Алматы: «ІДК-ТІРО» редакциялық-баспа орталығы, 1998. - 508 б.
9. *Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М., Манасбаев Б.* Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы: Мектеп, 1974. – 192 б.
10. *Тіл білімі сөздігі.* – Алматы: Ғылым, 1999. – 544 б.
11. *Разинкина Н.М.* О разграничении понятий «эмоциональное значение» и «эмоциональная окраска» // *Иностранные языки в школе.* – М., 1968. № 1.
12. *Гальперин И.Р.* Очерки по стилистике английского языка. –М., 1958.
13. *Кожин А.Н., Крылова О.А., Одинцов В.В.* Функциональные типы русской речи. – М., 1982.
14. *Шалабай Б.* Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы, 2006. -304 б.
15. *Әлкебаева Д.* Қазақ тілінің прагмастилистикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 258 б.
16. *Топорков В.* О слове // «Советское искусство», 1952, 30 января.
17. *Костомаров В.Г.* Насущные задачи учения о культуре речи // «Русский язык в школе», 1965. №4. С.5-8.
18. *Барлас Л.Г.* Русский язык. Стилистика. – М.:Просвещение, 1978.-256с.
19. *Аванесов Р.И.* Русское литературное произношение. – М., 1972.
20. *Бүркітов О.* Қазақ тіліндегі қайталамалардың лингвостилистикалық жүйесі. ДДА. – Алматы, 2002. 58 б.
21. *Нұрғалиева М.Б.* Тарихи романдардағы лексикалық синонимдер. Ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Астана, 2004.
22. *Ефимов А.И.* Стилистика художественной речи. – М., 1961.
23. *Болғанбаев Ә.* Қазақ тіліндегі синонимдер. – Алматы, 1970.

24. Синонимдер сөздігі. Жауапты ред. Ә.Болғанбайұлы, С.Бизақов. – Алматы, 2001.
25. *Сыздық Р.* Абайдың сөз өрнегі. – Алматы, 2004.
26. *Александрова З.В.* Словарь синонимов русского языка // Под ред. *Л.А.Чешко.* – М., 1968.
27. *Кожина М.Н.* Стилистика русского языка. – М.: Просвещение, 1983.
28. *Васильева А.Н.* Курс лекций по стилистике русского языка. – М., 1976.
29. *Мұсабекова Ф.* Қазақ тілінің практикалық стилистикасы. – Алматы, 1982.
30. *Жапбаров А.* Қазақ тілі стилистикасын оқыту методикасының негіздері. – Алматы, 1991.
31. *Виноградов В.В.* Проблемы русской стилистики. – М., 1981.
32. *Розенталь Д.Э.* Практическая стилистика русского языка. – М., 1977.
33. *Сыздықова Р.Ф.* Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1993.
34. *Сейдімханова Т.* Іс қағаздарын оқыту. – Алматы: Қазақ университеті, 1999.
35. Екі тілде іс жүргізу. Сөздік-анықтамалық. – Алматы: Атамұра, 1994.
36. *Әлісжанов С.* Ғылыми прозаның синтаксисі. – Алматы: Арыс, 2007.
37. *Сыздық Р.* Сөз құдыреті. – Алматы: Санат, 1997.
38. *Аликаев Р.С.* Язык науки как объект лингвистического описания. – Нальчик: Каб.-Бал.уни-т, 1998.
39. *Троянская Е.С.* Обучение чтению научной литературы. В помощь преподавателю иностранных языков. – М.: Наука, 1989.
40. *Васильев Ю.А.* Семантика-синтаксическая характеристика речевого жанра научной статьи. АҚД. – М., 1979.
41. *Гиздатов Г.Г.* Культура письменной речи юриста. – Алматы: ЦДК «ГЛОБУС», 1999.
42. *Головин Б.Н.* Язык художественной литературы в системе языковых стилей современного русского литературного языка // Вопросы стилистики. – Саратов, 1978. вып.14. С.113-121
43. *Шалабай Б.* Көркем әдебиет стилистикасы. – Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 1999. -197 бет.
44. *Томашевский Б.В.* Стих и язык. – М.-Л., 1959.
45. *Лихачев Д.С.* Внутренний мир художественного произведения // Вопросы литературы. 1968. №8.
46. Словарь русского языка. – М., 1959. т.3.

47. Виноградов В.В. О языке художественной литературы. – М., 1959.
48. Қожаскеев Т. Жас тілшілер серігі. – Алматы: Рауан, 1991. – 223 б.
49. Ахманова О. Словарь лингвистических терминов. – М.: Ком-Книга, 2005. – 576 с.
50. Әлісжанов С. Ғылыми тіл синтаксисінің құрылымдық композициялық негіздері // Филол. ғыл. д-ры ... дисс. автореф. – Алматы, 2007. – 46 б.
51. Серғалиев М. Стилистика негіздері: Оқулық. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2006. – 273 б.
52. Момынова Б. Лазет лексикасы: жүйесі мен құрылымы. –Алматы: Арыс, 1999.
53. Жақсыбаева Ф. Газет мәтінінің прагматикалық функциясы // Филол. ғыл. канд. дисс. Автореф. – Алматы, 2000. – 31 б.
54. Балли Ш. Французская стилистика. – М., 1961.
55. Костомаров В.Г. Русский язык на газетной полосе. – М., 1971.
56. Антонов С. От первого лица. – М., 1973.
57. Ыдырысов Т. Очерк туралы ойлар. – Алматы: Қазақстан, 1969.
58. Тұрсын Қ. Ақпараттық публицистика жанрлары // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. 2004, № 2. – 188-197 б.
59. Дзялошинский И.М. Российские СМИ в избирательной компании: уроки эффективности. – М., 1996.
60. Амандосов Т. Совет журналистикасының теориясы мен практикасы. – Алматы: Мектеп, 1984.
61. Жанры советской газеты. – М.: ВШ, 1972.
62. Теория и практика советской периодической печати. – М.: ВШ, 1980.
63. Байменше С. Баспасөздегі жанрлар жүйесі. – Алматы, 1997.
64. Солганик Г.Я. Стиль репортажа. – М., 1970.
65. Стилистика и литературное редактирование. – М.: Гардарики, 2004. – 651 с.
66. Былинский К.И. Литературное редактирование газеты. – М., 1953.
67. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. – Алматы: Мектеп, 1984. 120 б.
68. Мильгин А.Э. Методика редактирования текста – М., 1980, С.306-318.
69. Накорякова К.М. Литературное редактирование. – М.: Из-во МГУ, 1994
70. Қазақстан журналистерінің тәжірибесінен. – Алматы, 2008. 65-бет
71. Бектемісов Ә., Ыдырысов Қ. Редактор мен корректорға көмекші құрал. – Алматы: Мектеп, 1978.

## СОДЕРЖАНИЕ

АЛҒЫ СӨЗ.....	3
<b>БІРІНШІ БӨЛІМ</b>	
<b>СТИЛИСТИКА ПӘНІ ЖӘНЕ ТІЛДІК ҚҰРАЛДАРДЫҢ</b>	
<b>СТИЛИСТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ</b>	
1.1 Стилистика пәнінің зерттеу нысаны мен бағыттары .....	5
1.2 Стилистиканың негізгі ұғымдары мен категориялары.....	10
1.3 Фонетиканың стилистикалық қызметі .....	19
1.4 Лексикалық синонимдердің стилистикалық сипаты.....	24
<b>ЕКІНШІ БӨЛІМ</b>	
<b>ФУНКЦИОНАЛДЫ СТИЛИСТИКА</b>	
2.1 Функционалды стилистиканың жалпы мазмұны .....	32
2.2 Ресми-іскерлік стиль .....	39
2.3 Ғылыми стиль .....	58
2.4 Көркем әдебиет стилі .....	83
2.5 Публицистикалық стиль .....	96
<b>ҮШІНШІ БӨЛІМ</b>	
<b>ӘДЕБИ РЕДАКЦИЯЛАУ</b>	
3.1 Редакциялау туралы жалпы түсінік және оның міндеттері .....	136
3.2 Мәтінді редакторлық сараптаудан өткізудің негіздері. Редактор мен автор: кәсіби қатынастың негіздері. Өзін-өзі редакциялау .....	140
3.3 Редактор мен оқырман: аудиторияның мәтінді қабылдауын болжау.....	148
3.4 Мәтін – редактор жұмысының негізгі нысаны. Мәтіннің негізгі белгілері .....	156
Арзан сөз абырой әпермейді .....	161
3.5 Мәтінді талдау мен түзетудің негізгі әдістемелік рәсімдері.....	172
3.6 Түзету – редактор әрекетінің негізі. Түзету принциптері.....	176
3.7 Редакциялаудың психологиялық және логикалық алғышарттары .....	189
3.8 Корректурa және корректор, редактор.....	199
<b>Стилистика және редакциялау пәнінен тест тапсырмалары.....</b>	<b>207</b>
<b>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі: .....</b>	<b>236</b>

**Ә. О. Ыбырайым**

**СТИЛИСТИКА ЖӘНЕ РЕДАКЦИЯЛАУ**

***Оқулық***

Басуға 05.06.14. қол қойылды. Қағазы офсеттік.  
Қаріп түрі “Таймс” Пішімі 60х90/16. Баспа табағы 15.  
Таралымы: Мемлекеттік тапсырыспен - 950 дана.  
Тапсырыс 581.

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,  
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.  
E-mail: rpik-dauir81@mail.ru, zakaz@dauir.kz